

## ТІЛ БІЛІМІ ЛИНГВИСТИКА

ӘОЖ 316.74:81(574):303.4

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР: ІЗДЕНІСТЕР МЕН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР, ПРОБЛЕМАЛАР

*А. Абасилов – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің  
қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.*

*С.А. Асанбаева - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,  
көптілді білім беруді дамыту орталығының директоры, профессор м.а., ф.ғ.к.*

Мақалада тіл біліміндегі іргелі бағыттардың бірі әлеуметтік лингвистиканың зерттеу нысаны, оның қол жеткен табыстары нәтижелері сөз болады. Авторлар Қазақстандағы әлеуметтік лингвистиканың бұрынғы КСРО-дағы әлеуметтік лингвистикалық бағыттың негізінде қалыптасқанын, еліміздің тәуелсіздік алғанынан бергі жылдарда республикадағы тілдік жағдаят, тіл саясаты, оның өзіндік бағыттары арнайы зерттелгенін, республиканың өзіндік тілдік құрылысы және онымен байланысты мәселелер ғылыми шешімін таба бастағанын қарастырады. Бұл бағытта аға буын ғалымдардың, сондай-ақ кейінгі жас ғалымдардың да еңбектеріне шолулар жасайды. Қазақстандағы тілдік құрылыс пен тілдік ахуалды зерттеуші ғалымдардың еңбектеріндегі әлеуметтік лингвистиканың ең өзекті деген проблемалары талданады. Солардың ішінде әсіресе, мемлекеттік тілдің қолданылуы, қоғамдық мәні мен қызметі, орыс тілінің және өзге тілдердің әлеуметтік коммуникативтік жүйедегі орны, қостілділік, көптілділік, тіл дамытуды саналы басқару мен реттеу, тіл саясаты т.б. проблемалар жан-жақты қаралып, ғылыми айналымға түскенін көрсетеді.

Авторлардың мақаласында әлеуметтік лингвистиканың нысанасы - қолданыстағы тіл, ал тіл қоғамда белгілі бір әлеуметтік құрылымдарға ие бола отырып, қаншалықты қызмет етсе, тілді әлеуметтік контексте зерттейтін әлеуметтік лингвистика ғылымы туралы да соншалықты айтуға болады деген тұжырым жасайды.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік лингвистика, тілдік жағдаят, тіл саясаты, әлеуметтік коммуникативтік жүйе, Қазақстандағы тілдік ахуал, мемлекеттік тіл.

Тіл маманын даярлауда, олардың лингвистикалық дүниетанымын кеңейту мен тереңдетуде «Тіл біліміне кіріспе», «Жалпы тіл білімі» атты жалпылингвистикалық пәндерге үлкен мән беріледі. Бұлар тіл, оның табиғаты, тарихы мен даму заңдылықтары, лингвистикалық талдау, зерттеу әдіс-тәсілдері, тіл білімінің салалары, олардың өзіндік бағыттары бойынша барынша толық теориялық мәліметтер береді. Тіл біліміндегі осындай іргелі бағыттардың бірі қазіргі тіл ғылымында өзіндік зерттеу нысаны мен әдіс-тәсілдері қалыптасқан саласы әлеуметтік лингвистика болып табылады. Оның бүгінгі таңдағы қол жеткен табыстары мен нәтижелері де ұлан-ғайыр. Алайда еліміздегі жоғары оқу орындарында жоғарыда аталған жалпылингвистикалық пәндер оқулықтарында әлеуметтік лингвистика қазіргі тіл білімінің бір бағыты ретінде жалпылама ғана қарастырады. Оның өзіндік зерттеу проблемалары ұғымдық-терминалологиялық аппараты ашылып көрсетілмейді. Ал кейбір негізгі мамандық топтамасындағы оқулықтарда тілдік материалды әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан қарау, талдау жағы мүлдем жоқ. Бұларда тілді оқыту мен меңгерудің дәстүрлі әдістері сөздіктер мен грамматикаға негізделіп, ол тілдің ішкі жүйесіне, сөзді дұрыс пайдалану мен синтаксистік құрылысқа ғана байланыстырылады. Шындығында тілді пайдалану мен қолдану сөйлеушілердің әлеуметтік сипаттамасына және сөйлеу жағдаятына байланысты болатыны белгілі. Демек, тілді оқытудың барынша тиімділігі сол – оны оқыту әдістемелерінде, оқу құралдарында тек дәстүрлі лингвистикалық ережегер мен ұсыныстар ғана қамтылмай, әртүрлі мәндегі «сыртқы» факторлар да ескерілуі керек. Ал мұндай сыртқы факторлармен, яғни тілдің қоғамдық мәні, дамуы мен қызмет етуі, қоғамның тілге, тілдің қоғамға әсер ету мәселелерімен айналысатын бірден-бір пән - әлеуметтік лингвистика.

Қандай бір ғылымның объективті шындықты сипаттайтын өзіндік ұғымдар жиынтығы болады, бұл оның пәні деп аталады. Мысалы, тіл білімі тілдің дыбыстық жүйесін, сөздік қоры мен

грамматикалық құрылысын қарастырады. Тілдің осы жүйелерін фонетика, лексикология және грамматика салаларында қарастырылып, өз ішінде алуан түрлі ұғым-түсініктермен, оларға қатысты терминдермен түсіндірілетіні мектеп қабырғасынан белгілі. Ал әлеуметтік лингвистиканың пәні не, ол тілді қалай зерттейді?

Қарапайым тілмен айтқанда, адамның тіліне, оның күнделікті сөйлеу дағдысына әлеуметтік ортаның көптеген әсерлері болады. Міне, осыны әлеуметтік лингвистика қарастырады. Егер мұны бізге жете таныс «дәстүрлі» лингвистикамен салыстыратын болсақ, ол тілдік таңбаны (дыбыс, сөз, морфема, аффикс, сөз тіркесі, сөйлем) айтылым, жазылым түрлеріне, мағынасына, бір-бірімен қатынасына, олардың уақыт бойында өзгеруіне талдау жасаса, әлеуметтік лингвистика сол тілдік таңбаларды адамдар жасына, жынысына, әлеуметтік жағдайына, ортасына, білім деңгейіне, мәдени ұстанымсына т.с.с. байланысты қалай пайдаланады: бәрі бірдей ме, әлде әр түрлі қолдана ма дегенге баса назар аударады.

Адамның сөйлеу ерекшелігі көбінесе қарым-қатынас жағдаятына тәуелді болады. Өрбір жағдаятта адам әр түрлі сөйлейді: әңгімелесушімен тең жағдайда немесе одан өзін жоғары, басым ұстауы (кейде оған тәуелді болуы) мүмкін. Жалпы адамдар қоғамда бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда әр алуан рөлдерді: әке-бала, күйеу-әйел, бастық-бағынышты-қызметкер, жұмысшы, сатушы-сатып алушы, дәрігер-емделуші, мұғалім-оқытушы, оқытушы-студент т.б. орындайды. Осындай рөл түрлері сөйлеу мен сөз саптау дағдысының ерекшелігін танытады. Айталық, бала әкесімен құрдасындай сөйлеспейді. Сондай-ақ студент пен оқытушының, дәрігер мен емделушінің, бастық пен бағыныштының сөз саптаулары қалалық көліктегі таныс не таныс емес адамдардың сөйлесулеріндегідей болмайды. Осы айтылғандардан көріп отырғанымыздай әлеуметтік лингвистика өз назарын тілге, тілдің ішкі құрылысына емес, оның қоғамда қалай қолданылатынына аударады. Осыған байланысты оған әсер ететін факторлар, сөйлеушілердің әр алуан сиптамаларынан бастап (жасы, жынысы, білім, кәсібі т.б.), нақтылы сөйлеу ерекшелігіне дейін есепке алынады.

Әлеуметтік лингвистика тілді дұрыстап сөйлеп, дұрыс қолданушылармен емес, өз сөйлеулерінде қоғамда, тілдік ортада қалыптасқан тілдік норманы бұзатын, қателесетін, бірнеше тілдік стильдерді немесе бірнеше тілдің элементтерін араластыратын нақтылы адамдарды нысана етеді. Тілді қолданудағы осындай барлық ерекшеліктерді білу, оларды талдап түсіндіру, болу себептерін анықтау тілді дамыту жұмыстары үшін маңызды мәселе болып табылады. Зерттеу нысаны тілдің қоғамдағы қызмет етуі болып табылатынын әлеуметтік лингвистика тілдің ішкі құрылымын жалпы мәлімет ретінде қабылдағанымен оны арнайы қарастырмайды.

Дүниеде бір тіл емес, екі тіл немесе одан да көп тілдер қолданылатын қоғамдар (мемлекет, ел, аймақ т.б.) бар. Міне, осындай екі, үш одан да көп тіл қызмет ететін қоғамдағы әлеуметтік лингвистиканың нысанасы қандай? Мұндай жағдайда әлеуметтік лингвистика бірнеше тілдердің өзара қарым-қатынаста қызмет ету тетігін зерттейді. Олар әлеуметтік өмірдің қандай салаларында қолданылады? Қандай тіл «басымдылық» танытады, яғни қай тіл негізгі қатынастағы мемлекеттік немесе ресми тіл болып табылады? Оның мәнісі неде? Отбасылық не тұрмыстық тілдерге «қанағаттанушылық» қажеттігі қандай? Адамдар бір тілден екінші тілге неге көшеді, ана тілін ауыстыру себебі неде? Қандай жағдайда және қандай формада қостілділік, көптілділік түрлері дамыған? Міне, қарап отырсақ, осындай мәселелермен дәстүрлі лингвистика да, әлеуметтану да емес, тек әлеуметтік лингвистика айналысады.

Әлеуметтік лингвистика деген атынан көрініп тұрғандай бұл ғылыми пән бірнеше ғылымдардың (тіл білімі, әлеуметтану, психология, тарих, этнография, демография, экономика, саясаттану т.б.) тоғысқан жерінен пайда болған. Әлеуметтік лингвистиканың осындай пәнаралық сипатын көптеген ғалымдар мойындайды, бірақ бұл мойындаушылық оның қай ғылымға көбірек жақын екендігіне жауап бола алмайды. Осыдан бұл ғылымды зерттеумен кім айналысады деген сұрақ туады. Мұндай сұраққа қазіргі әлеуметтік лингвистика - бұл тіл білімінің бір саласы деп нақты жауап береді. Өйткені, оның қай ғылымға жататындығы, өзіндік мәртебесі туралы даудың күні өтті. Ол - әлеуметтік лингвистиканың пайда болу, қалыптасу кезеңіндегі мәселе. Бүгін, ХХІ ғасыр басында әлеуметтік лингвистика өзінің нысанасын, мақсаты мен міндеттерін гана анықтап қойған жоқ, сонымен қатар тіл білімі ғылымына тән нақтылы нәтижелерін де берін үлгірді.

Әлеуметтік лингвистиканың ғылым ретінде негізін Праиж стуктизімі және Женева мектебінің өкілдері (А.Сеше, Ш.Балли, А.Мартине, С.Д.Каңевский, Р.Р.Едаль т.б.), кеңестік диалектографистері

(Г.Розенкронц, Т.Фрингс, Р.Горссе т.б.), кеңестік әлеуметтік бағытты ұстанушылар (Е.Д.Поливанов, Р.Д.Шор, В.М.Жирмунский т.б.) қалады.

Қазақстандағы әлеуметтік лингвистика бұрынғы КСРО-дағы әлеуметтік лингвистикалық бағыттың негізінде қалыптасты. Еліміздің тәуелсіздік алғанынан бергі жылдарда республикадағы тілдік жағдаят, тіл саясаты, оның өзіндік бағыттары арнайы зерттелді. Еліміздің өзіндік тілдік құрылысы және онымен байланысты мәселелер ғылыми шешімін таба бастады. Бұл бағытта Б.Хасанұлы, М.М. Копыленко, А.Е. Карлинский, М.К.Исаев, Э.Д.Сүлейменова, З.К.Ахметжанова, С.Т.Сайна, Н.Ж.Шаймерденова т.б. аға буын ғалымдармен қатар, К.М.Байбосынова, А.М.Құмарова, А.Абасилов, Г.С.Суюнова, С.А.Асанбаева, Д.Ж. Қасымова, Г.Д.Алдабергенова, Г.М.Әлімжанова, т.б. жас ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Қазақстандағы тілдік құрылыс пен тілдік ахуалды зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде әлеуметтік лингвистиканың жоғарыда аталған ең өзекті деген проблемалары жан-жақты талданады. Қолда бар материалдарды сараптай отырып, солардың бірқатарына қысқаша шолулар жасап өтейік.

Б.Хасанұлы 1976 жылы жарық көрген «Языки народов Казахстана и их взаимодействие» атты еңбегінде Қазақстандағы тілдік жағдаятқа кең түрде мінездеме береді. Қазақстан халықтары тілдерінің өзара қарым-қатынасын, олардың тұтынушыларын, тіл меңгеру деңгейлерін, өмір салаларында қолданылуын, қоғамдық қызметтерін нақтылы статистикалық мәліметтермен талдап көрсетеді. Негізгі проблемаларына ғылыми сипаттамалар береді [1].

1982 жылы М.М.Копыленко мен С.Т.Саинаның «Функционирование русского языка в различных слоях казахского языка», 1984 жылы М.М.Копыленко мен З.К.Ахметжанованың «Фонетическая интерференция в русской речи казахов», 1987 жылы осы еңбектің екінші бөлімі «Лексическая и морфологическая интерференция в русской речи казахов» деген атпен басылып шықты. Бұл еңбектерде қазақтардың орыс тілін қолданудағы фонетикалық, лексикалық және морфологиялық кәтеліктері зерттелді. Интерференциялық құбылыстарды әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан зерттеу әдістері мынадай бағытта қарастырылды:

1) қазақ және орыс тілдерін зерттеу кезеңіндегі интерференциялық құбылыстардың қысқаша салыстырмалы талдау;

2) потенциалды интерференцияның аумағын айқындау;

3) информанттарды экспедициялық бақылау;

4) нақты интерференцияны лингвистикалық тұрғыдан сипаттау, талдау;

5)тест және сауалнама сұрақтары арқылы интерференциялық құбылыстарды зерттеу, талдаулар жүргізу;

6) интерференциялық құбылысқа әлеуметтік лингвистикалық талдаулар жасау [2].

Б.Хасанұлының 1987 жылы «Казахско-русское двуязычие (социолингвистический аспект)», 1989 жылы «Национальные языки: поиски и перспективы» атты еңбектері жарық көрді. Осы еңбектерде қазақ-орыс қостілділігінің пайда болу жолдары, қазақтардың екі тілді меңгеру ерекшелігі нақты сөз болады. Сондай-ақ Қазақстандағы этностардың тіл меңгеру деңгейлері мен тәжірибелері нақты статистикалық зерттеулерге сүйене отырып талданды. Мұнда біртілділік, қостілділік, үштілділік, төрттілділік ұғымдарына анықтамалар беріліп, олардың әлеуметтік лингвистикалық сипаттамалары көрсетілді. Қазақстандық тәжірибеде қостілді, үштілді және төрттілді этнос өкілдерін нақты мысалдармен дәлелдеп берді.

1990 жылдары қазақстандық әлеуметтік лингвистиканың біршама кең түрде қарастырған проблемасы – қостілділік, көптілділік және диглоссия мәселелерін жан-жақты талдаған тағы да басқа зерттеу еңбектері жарық көре бастады. Олардың қатарына төмендегі еңбектерді жатқызуға болады.

1990 жылы жарық көрген А.Е.Карлинскийдің «Основы теории взаимодействия языков» деген еңбегінде тілдердің бір-біріне әсер ету мәселесі, қостілділік, оның пайда болуы және қоғамдағы орны, табиғи және жасанды билингвизм, тілдік ұжым, интерференция, оның типтері, интеркаляция типологиясы т.б. мәселелер қамтылған.

Қазақстандағы тіл саясаты мәселесіне қатысты 1990 жылы «Языковая политика в Казахстане и пути ее реализации» атты жинақ жарық көрсе, 1991 жылы қостілділік мәселесін талдаған М.М.Копыленко мен З.К.Ахметжанованың «Психолингвистический аспект двуязычия. Проблемы национально-русского двуязычия» деген зерттеулері қостілділік теориясына қосылған қомақты еңбек болды.

1992 жылы Б.Хасанұлы «Ана тілі – ата мұра» атты еңбегінде алғаш рет ана тілі категориясын әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты талдап көрсетті. Мұнда автор ана тілінің лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық психологиялық, педагогикалық, тарихи-этникалық сипаттамаларын, сондай-ақ ана тілі және заң, ана тілі және экономика, ана тілін білу мен меңгерудің айырым белгілері, қостілділіктің әлеуметтік лингвистикалық мәні, еліміздің әлеуметтік-коммуникативтік жүйесі, оны құрайтын тілдер, олардың қызметтік жүктемелері, типологиясы, мемлекеттік тіл мәселелері, қазақ тілін білудің қажеттілік талаптары дүниежүзілік тіл дамыту тәжірибесі тұрғысынан зерттелу қажеттігі, мемлекеттік тілді дамыту тетіктері т.б. көптеген әлеуметтік лингвистикалық проблемалар арнайы зерттелді. Б.Хасанұлы осы еңбегінде ана тіліне мынадай анықтама береді: «Ана тілі дегеніміз күллі тіл атаулыдан ішкі құрылыс ерекшелігімен дараланатын, белгілі бір халықпен нақты кеңістікте тарихи бірге жасап, оның төл мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ұластырушы, сол халық адамдарына (жас, жыныс, сенім, кәсіп, әлеуметтік жағдай айырмасына қарамай) түгелдей және жан-жақты қызмет ететін ұлтшілік қатынас құралы [3, 25.]. Автор сондай-ақ қостілділіктің табиғатына талдау жасай келін: «Қостілділік – белгілі бір территория көлеміндегі ұлтаралық (этносаралық) қарым-қатынасқа түсетін белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдеріне, бүкіл қоғамның (социумның) әр түрлі жағдайда екі тілді (әдетте, ана тілі мен екінші бір тілді) алма кезек немесе қатар қолдануы», - деген анықтама береді [3,132.]. Соның негізінде елімізде кеңінен тарап отырған қазақ-орыс қостілділігін былайша сипаттайды: «Қазақ-орыс қостілділігі дегеніміз – қазақтардың көпұлтты қоғамда ана тілімен қабат орыс тілін ұлтшілік және ұлтаралық қатынаста қатар не алма кезек қолдануы, екі тілдің әрқайсысын әр түрлі жағдайда керегінше пайдалану» [3, 133.].

Б.Хасанұлы осы еңбегінде бүгінгі таңда күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне сай қызмет етуі мен дамуын, қоғамдық өмір салаларында қолданылу жағдайларын сөз ете келе, мемлекеттік тілді дамытудың мынадай принциптерін атап көрсетеді:

Бірінші принцип – мемлекеттік тілді жоспарлы түрде, барлық жағдайды тугыза отырып, кезең-кезеңімен барлық мекеме, ұйым, кәсіпорындардың қызмет бабындағы қарым-қатынас құралына айналдыру.

Екінші принцип – мемлекеттік тілді жоспарлы түрде, барлық жағдайды тугыза отырып, кезеңімен барлық мекемелерде, ұйымдар мен кәсіпорындарда іс қағаздарын жүргізуге пайдалану.

Үшінші принцип – мемлекеттік тілді қаржыландыру мәселесін түбегейлі шешу.

Төртінші принцип – мемлекеттік тілді оқыту ісін кадрмен, оқу құралдарымен толық қамтамасыз ету.

Бесінші принцип – мемлекеттік тілді бір ғана қазақ тілінде емес, орыс және басқа тілдерде де насихаттаудың іс-шаралар жүйесін қалыптастыру.

Алтыншы принцип – Тіл заңының іске асуы мен мемлекеттік тілді өмірге енгізу жөнінде жоғары орындар мен көпшілік қауым алдында жыл сайын есеп берін отыруды дағдыға айналдыру [ 3, 219-220.].

1996 жылы Э.Д.Сүлейменованың «Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики» атты еңбегі, 1999 жылы А.Е.Карлинскийдің «Международные отношения: теория – практика – поиск» деген зерттеуі, 2001 жылы «Двуязычие и межэтническая коммуникация. Актуальные проблемы межкультурной коммуникации и перевода» атты еңбектері жарық көрді.

Э.Д.Сүлейменова мен Н.Ж.Шаймерденованың 2002 жылы шыққан «Словарь социолингвистических терминов» атты сөздігінде әлеуметтік лингвистиканың теориялық мәселелеріне, зерттеу бағыттарына, әдіс-тәсілдеріне т.б. қатысты 400-дей терминге түсінік берілген [4]. Бұл біздіңше, қазақстандық әлеуметтік лингвистика тарихындағы соны және құнды еңбек болып табылады.

Б.Хасанұлының 2006 жылы жарық көрген «Тілдік қатынас негіздері» еңбегі Қазақстандағы қазақ, орыс және ағылшын тілдері серіктестігінен тұратын үштілділік мәселесін, халықаралық қатынастар тілінің пайда болу себептерін, тілдік қатынастың теориялық мәселелерін, адам қарым-қатынасында тілдің қолданылуын, тілдің әлеуметтік мәнін, саралануын, атқаратын қызметін т.б. кең көлемдегі мәселелерді қамтыған оқу құралы ретінде танылды.

Қазақстандық әлеуметтік лингвистиканың қарастырған мәселелеріне қатысты жоғарыда аталған және аталмаған іргелі зерттеулермен қатар көптеген ғылыми мақалалар да жарияланды. Солардың

бірі М.Аренов пен С.Калмыковтың «Современная языковая ситуация в Республике Казахстан» атты мақаласында Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдаятты әлеуметтік лингвистиканың әдіс-тәсілдерімен ғылыми тұрғыдан біршама толықтай сипаттап береді. Сол авторлардың «Ана тілін қашанғы өгейсіте береміз» деген мақаласында қазақ тілінің ана тілі ретіндегі мәртебесі, қоғамдағы орны, қолданылу аясы нақтылы статистикалық мәліметтермен көрсетіледі.

Б.Хасанұлы «Әлеуметтік қажеттілік болмай ...» деген мақаласында қазақ тілін жан-жақты дамыту мәселелеріне тоқталады. Автор мемлекеттік тілді дамыту жолында тіл саясатының менеджмент қағидаттарын пайдалануды ұсынады. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің іске аспауының басты себебі ретінде тіл дамуын біліксіз басқаруды айтады.

А.Абасилов «Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінде дамыту –Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заңның негізгі қағидасы» деген мақаласында тіл туралы заңның жүзеге асу тетіктеріне тоқталса, «Солтүстік аймақтың әлеуметтік лингвистикалық ақуалы» атты мақаласында Қазақстанның солтүстік аймағындағы облыстардағы тілдік жағдаятты, ондағы қостілділік, көптілділік мәселелерін, аймақтағы мемлекеттік тілдің және өзге этнос тілдерінің қоғамдық қызметтеріне талдау жасайды. Ал «Мемлекеттік тілді аймақтық тұрғыдан дамыту – Қазақстан үшін тиімді жол» деген мақаласында тіл дамытудың аймақтық қағидаттарын ұсынады.

А.С.Асанбаева «Қазақша жарнаманың тілі, стилі, қазіргі жағдайы», «Қазақ тіліндегі жарнаманы жақсарту мәселелері» атты мақалаларында жарнама мәтініндегі тілдік ерекшеліктер, мемлекеттік тілдің жарнама саласындағы қоғамдық қызметіне, оны жақсартудың алғы шарттарына талдау жасайды, қоғамдық өмір салаларының ішінде жарнаманың тіл дамытудағы орнына арнайы тоқталады.

Қазақстандағы қазақ, орыс және өзге тілдердің қоғамдық қызметі мен оларды дамытудың әр алуан қыр-сырларына арналған бұлардан да басқа көптеген жарық көрген ғылыми мақалалар түрлі қоғамдық пікірлер тугызып, тіл дамыту ісін саналы түрде басқарудың қазақстандық үлгілерін танытты. Солардың қатарына М.М.Копыленконың «Государственный язык и официальный язык (опыт разграничения понятий)», «Общее языкознание, социолингвистика, психолингвистика в Республике Казахстан: тенденции и перспективы развития специальности»; Э.Д.Сүлейменованың «Языковая ситуация в Казахстане: к оценке, эффективности языкового планирование»; Ө.Жолдасбеков пен Н.Қалидың «Тіл заңы – түсінік тірегі»; Б.Хасанұлының «Тіл саясатының тарихы тереңде», Лингвистическое формулировки проекта новой Конституции: Противоречие и пути преодоления»; Е.Шаймерденовтің «Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтудің өзекті мәселелері»; Б.Әбдіғалиевтің «Этнолингвистическая ситуация в Казахстане»; А.Абасиловтың «Мемлекеттік тіл – көптілділік жағдайында әлеуметтік қажеттілік»; Г.А.Досмұхамбетованың «Роль языка обучения в развитии двуязычия», «Определение доминирующего языка в студенческой среде» т.б. атауға болады.

XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап қазақстандық социолингвист-ғалымдар әлеуметтік лингвистиканың өзекті мәселелеріне қатысты докторлық, кандидаттық диссертация жұмыстарын жазып, қорғай бастады.

Б.Хасанұлының «Социально-лингвистические проблемы функционирования казахского языка в Республике Казахстан» (1992) тақырыбындағы докторлық диссертациясында қазақ тілінің Қазақстандағы қызметінің әлеуметтік лингвистикалық мәселелері, тілдік жағдаят, тіл мен қоғамның байланысы, көпұлтты мемлекеттердегі тілдердің қарым-қатынасы мен дамуының жалпы теориясы, Қазақстандағы қостілділік, көптілділік мәселелері қаралды. Сол сияқты Д.Ж.Қасымова «Функционирование уйгурского языка и формы его существования (социолингвистическое исследование районов компактного проживания уйгуров в Казахстане)» (1995), Г.С.Суюнова «Речевое поведение казахов-блингов» (1995), А.М.Құмарова «Социально-лингвистические проблемы формирования казахской языковой среды в Республике Казахстан» (1996), А.Абасилов «Мемлекеттік тілдің Қазақстан Республикасының солтүстік аймағындағы қызметі: социолингвистикалық проблемалары, оларды шешу жолдары» (1998), Г.Д.Алдабергенова «Исследование влияния билингвизма на развитие детей» (1999), С.А.Асанбаева «Жарнама саласында мемлекеттік тілді қолданудың социолингвистикалық өзекті мәселелері», (1999), Г.М.Алимжанова «Структура речевого этикета казахского и русского языков» (1999), С.Ю.Сон «Социолингвистический анализ функционирования коре мар и русского языка в корейской диаспоре

Казахстана» (1999), Б.Ж.Құрманова «Социально-лингвистические проблемы функционирования государственного языка а западном регионе Республики Казахстан», Г.А.Досмұхамбетова «Функционирования казахского и русского языков в микросоциальной общности» т.б. ғылыми-зерттеу жұмыстары жазылып, қорғалды.

Жұмыстардың барлығында да қазақстандық әлеуметтік лингвистиканың ең өзекті деген мәселелері сөз болады. Әсіресе, мемлекеттік тілдің қолданылуы, қоғамдық мәні мен қызметі, орыс тілінің және өзге тілдердің әлеуметтік коммуникативтік жүйедегі орны, қостілділік, көптілділік, тіл дамытуды саналы басқару мен реттеу, тіл саясаты т.б. проблемалар жан-жақты қаралып, ғылыми айналымға түсті.

Қазақстан ғылымында осы басталған жұмыстар одан әрі жалғаса түсуде. Олардың өміршеңдігі күнделікті тілдік жағдаятты тұрақтандыру, реттеу мен жоспарлауда, тілдерді дамытудың әлеуметтік лингвистикалық тетігін айқындауда көрініп, қоғам сұранысына ие болуда. Осы бағытта Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша жыл сайын «Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты (әлеуметтік зерттеу нәтижелері)», «Қазақстанмен шекаралас орналасқан өңірлердегі және репатрианттар (оралмандар) ортасындағы тілдік ахуал (ілеуметтік зерттеу нәтижелері)», «Қазақстанмен шекаралас және шағын этникалық топтар орналасқан өңірлердегі тілдік ахуал (әлеуметтік зерттеу нәтижелері) атты арнайы зерттеулер жасалып, талданып отырады. Бұл зерттеулерде Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдаят халыққа сауалнама жүргізу арқылы талданады. Онда: республика халқының мемлекеттік тілді, орыс және ана тілдерін меңгеруі; қазақстандық қоғамның әлеуметтік-коммуникативтік жүйесінде мемлекеттік тілдің, орыс және басқа тілдердің рөлі; мемлекеттік тіл мәртебесін жүзеге асыру бойынша ісшараларға қазақстандық қоғамның баға беруі; әртүрлі салаларда тілді пайдаланудың әлеуметтік басымдылыққа қатысты деңгейі мен сипаттамасы; ересек тұрғындар арасындағы әлеуметтік-тілдік қажеттілік сипаттамасы; ана тілін қолдану, қарым-қатынас тілі ретінде еркін таңдау жасау, білім алу және шығармашылықпен айналысу мақсатында Қазақстан азаматтарының конституциялық құқығын жүзеге асыруы; Қазақстан тұрғындары көші-қон негізінде тіл мәселесінің алатын орны т.б. мәселелер қаралып, мониторинг жасалады.

Сонымен әлеуметтік лингвистиканың нысанасы - қолданыстағы тіл. Тіл қоғамда белгілі бір әлеуметтік құрылымдарға ие бола отырып, қаншалықты қызмет етсе, тілді әлеуметтік контексте зерттейтін әлеуметтік лингвистика ғылымы туралы да соншалықты айтуға болады. Демек, студент-филологтың (әсіресе, қазақ тілді аудиторияда) әлеуметтік лингвистикалық танымы мен дайындығын арттырудың бірден-бір жолы оларға осы жас ғылым саласы бойынша, оның өзіндік проблемалары мен зерттеу әдіс-тәсілдері жайында арнайы пән ретінде енгізу. Мұндай арнайы пәнді оқыту студенттердің әлемдік тіл білімінің қазіргі өзекті де перспективалық бағыттарының бірі - әлеуметтік лингвистика бойынша білімдерін өз ана тілінде алуына мүмкіндік береді. Мұнда олар жас мемлекетіміздің одан әрі нығаюы мен тілдік құрылысының қалыпты қызмет етуіне, этносаралық, тілдерлік қатынастардың тең әрі тұрақты дамуына ықпал ететін демократиялық бағыттағы тіл саясатымен, этнолингвистикалық, тілдік жағдаятымен танысады. Әлеуметтік лингвистиканың пәндік және теориялық ұғымдарынан, қазіргі проблемаларынан, сондай-ақ оның өзіндік зерттеу әдістері мен тәсілдерінен хабардар болады.

1. Хасанов Б. Языки народов Казахстана и их взаимодействие. - Алма-Ата: Наука, 1976. - 216 с.

2. Лексическая и морфологическая интерференция в русской речи казахов. - Алма-Ата: Наука, 1987. -120 с.

3. Хасанұлы Б. Ана тілі – ата мұра (Қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны). – Алматы: Жазушы, 1992. -272 б.

4. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж. Словарь социоллингвистических терминов. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 170 с.

**ИССЛЕДОВАНИЯ ПО СОЦИАЛЬНОЙ ЛИНГВИСТИКЕ В КАЗАХСТАНЕ:  
ПОИСКИ И ПЕРСПЕКТИВЫ, НОВЫЕ ПРОБЛЕМЫ**

**А. Абасилов** – *ассоциированный профессор Кызылординского государственного университета им. Коркыт Ата, к.ф.н.*

**С.А. Асанбаева** – *Казахский государственный женский педагогический университет, директор центра развития полиязычного образования, и.о. профессора, к.ф.н.*

**Резюме**

В статье рассматриваются объект, достижения и результаты одного из основного направления лингвистики – социальной лингвистики. Авторы отмечают, что социальная лингвистика в Казахстане сформировалась на основе социальной лингвистики бывшего СССР, а языковая ситуация, языковая политика и ее аспекты стали специально изучаться в период независимости страны, и особая языковая структура республики и связанные с ней проблемы стали находить свое решение. В статье делается обзор трудов ученых старшего поколения, а также молодых исследователей. Авторы анализируют наиболее важные и актуальные проблемы социальной лингвистики, затронутые в работах ученых, исследовавших строение и состояние языка в Казахстане. Всесторонне изучены и вошли в научный оборот проблемы применения, общественной роли и функции государственного языка, определения места русского и других языков в социальной коммуникативной системе, вопросы двуязычия, полиязычия, сознательного управления и упорядочения процесса развития языка, языковой политики и др.

Автор данной статьи приходит к выводу о том, что объект социальной лингвистики – функционирующий язык, а язык в обществе приобретает определенные социальные структуры и выполняет важные функции, следовательно, социальная лингвистика как наука занимается исследованием языка в социальном контексте.

**Ключевые слова:** социальная лингвистика, языковая ситуация, языковая политика, социальная коммуникативная система, состояние языка в Казахстане, государственный язык

**RESEARCH ON SOCIAL LINGUISTICS IN KAZAKHSTAN: SEARCHES,  
PROSPECTS AND NEW PROBLEMS**

**A. Abasilov** – *Associate Professor of Kyzylorda State University named after Korkyt Ata, Ph.D*

**S. Asanbaeva** – *Kazakh State female Pedagogical University, Director of the Centre for Development of multilingual education, acting Professor, PhD*

**Summary**

In this article the author considers the object, the goals and the results of one of the basic branches of linguistics – social linguistics. The author marked that social linguistics in Kazakhstan was formed on the basis of the former USSR social linguistics. And the language situation, the politics and its aspects had been started to be specially studied in the period the country got its sovereignty, so the state specific language structure and the problems related were started to be solved. A review of the older generation scientists works and that of young researches is given in the article. The author analyzes the most essential and actual problems of the state language application, its social role and functions, the definition of the place of Russian and other languages in a social communication system, bilingualism and polylingualism issues, and the problems of conscience governing and regulating the process of language evolution, language politics and etc.

The author comes to a conclusion that the object of social linguistics is a functioning language, and in a society language acquires specific social structures and performs extremely important functions, hence social linguistics as a science deals with the language investigations in a social context.

**Key words:** social linguistics, language situation, language politics, social communication system, language status in Kazakhstan, state language.

УДК 81-115

## КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ МЕТАФОРА КАК КОМПОНЕНТ СОДЕРЖАНИЯ ВО ФРАЗЕОЛОГИЗМАХ-ЗООНИМАХ (НА МАТЕРИАЛЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА)

**А.Б. Абишева** – магистрант КазНПУ имени Абая

**М.К. Абаева** – к.ф.н., доцент КазНПУ имени Абая

**Аннотация.** В настоящем исследовании была сделана попытка в виде концептуальных моделей выделить концептуальную метафору как компонент во фразеологизмах-зоонимах. Так, нами были выделены шесть концептуальных моделей, которые реализуются в различных кодах культуры:

- 1) концептуальная модель, реализованная в соматическом коде культуры.
- 2) концептуальная модель, реализованная в числовом коде культуры.
- 3) концептуальная модель, реализованная во временном коде культуры.
- 4) концептуальная модель, реализованная в предметном коде культуры.
- 5) концептуальная модель, реализованная в цветовом коде культуры.
- 6) концептуальная модель, реализованная в биоморфном коде культуры.

К ведущим фреймам зооморфного кода относятся следующие: «Царство животных» и его составляющие слоты (Млекопитаемые животные, Птицы, Насекомые, Земноводные и пресмыкающиеся), «Характеристика человека» и его слоты.

Когнитивная часть парадигмы отражает метафоричность человеческого мышления при вербализации его фразеологизмами и базируется на понятии концептуальной метафоры.

Современная когнитивная лингвистика считает метафору формой мышления, а метафорическую модель средством познания и объяснения действительности. По мнению Дж. Лакоффа и М. Джонсона, метафора пронизывает нашу повседневную жизнь, причем не только язык, но и мышление и деятельность. Наша обыденная понятийная система, в рамках которой мы думаем и действуем, по сути своей метафорична» [1, с.25]. Концепт метафорически структурирован, деятельность метафорически структурирована и, следовательно, язык метафорически структурирован. Ученые утверждают, что процессы человеческого мышления во многом метафоричны, т.е. концептуальная система человека структурирована и определена с помощью метафоры.

Метафоры как выражения естественного языка возможны именно потому, что они соотносятся с метафорами концептуальной системы человека [1, с.27].

Таким образом, в основе теории концептуальной метафоры лежит представление о метафоре как о языковом явлении, отражающем процесс познания мира. Метафорические модели заложены в понятийной системе человека, это своего рода схемы, по которым человек мыслит и действует.

Выявляя метафорическую составляющую фразеологической семантики, определим свои позиции. Итак, концептуальная метафора – это способ думать об одной области действительности через призму другой области, перенося из области-источника в область-мишень те когнитивные структуры (фреймы, слоты, схемы и т.д.), в терминах которых структурировался опыт, относящийся к области-источнику. Область-источник – это та основа, признаки и значимые характеристики которой переносятся на другую область описания (область-мишень).

Суть метафоры – это понимание и переживание сущности одного вида в терминах сущности другого вида [1, с.27].

Для того, чтобы обозначить что-либо, человек пользуется теми ресурсами, которые есть в языке. Мир животных издревле неразрывно связан с миром людей. Отсюда и частота номинаций окружающего мира, имеющих в своем составе зоонимы. Определим свое понимание в отношении фразеологизмов с компонентом-зоонимом. К фразеологизмам с компонентом-зоонимом мы относим не только собственно зоонимы (названия животных), но и имеющие в своем составе названия птиц, насекомых, земноводных, рептилий и других существ живой природы. К данной категории также относятся наименования частей тела животных как «перо, шкура, хвост» и т.д.

Известно, что метафора выступает как важный механизм, при помощи которого мы осмысливаем абстрактные понятия и рассуждаем о них. Следовательно, чтобы обозначить фразеологизмы-зоонимы человек использует языковые знаки, в которых закреплен уже существующий опыт.

Наш физический и культурный опыт предоставляет множество различных оснований для концептуальных метафор. По мнению Дж. Лакоффа и М. Джонсона, «материальное основание неотделимо от культурного, так как выбор материального основания из множества возможностей регулируется культурными факторами» [1, с.43]. Эту мысль подтверждает и В.А. Маслова, которая рассматривает структуру концепта в виде круга, в центре которого лежит основное понятие – ядро концепта, а на периферии находится все то, что привнесено культурой, традициями, народным и личным опытом [2, с.55].

Вышеизложенное свидетельствует об утверждении в науке понимания метафоры как кода культуры.

Код культуры, по мнению В.В. Красных, «сетка», которую культура «набрасывает» на окружающий мир, членит, категоризирует, структурирует и оценивает его. По мнению ученого, коды культуры как феномен универсальны по природе своей, свойственны человеку как *homo sapiens*. Однако их проявления, удельный вес каждого из них в определенной культуре, а также **метафоры, в которых они реализуются**, всегда национально детерминированы и обуславливаются конкретной культурой [3, с.232].

Вслед за В.В. Красных мы выделяем следующие коды культуры:

- 1) соматический (телесный); 2) пространственный; 3) временной;
- 4) предметный; 5) биоморфный; 6) духовный.

Концепты зоонимов соотносятся с концептами мира физического на основе сравнения первых со вторым. Такое соответствие квалифицируется как признак концепта. Признак концепта представляется общим основанием, по которому соотносятся некоторые несхожие явления. Выявление всех возможных признаков, которые могут быть объединены по общей для них видовой или родовой ассоциативной характеристике, помогает реконструировать структуру концепта.

Известно, что одной из характерных черт фразеологии является ее антропологическая ориентированность, заключающаяся в том, что референцией фразеологии является главным образом человек, его качества, действия, деятельность, межличностные отношения, социальные, психологические, умственные, физические и т.д. особенности.

Нас интересуют фразеологизмы с компонентом зоонимом.

Итак, опираясь на коды культуры, выделенные В.В. Красных, рассмотрим основные модели концептуальной метафоры, представленные во фразеологизмах с компонентом зоонимом.

**I. Концептуальная модель, реализованная в соматическом коде культуры:** Выше мы дали определение фразеологизмам-зоонимам, к которым отнесли не только собственно зоонимы (названия животных), но и имеющие в своем составе названия птиц, насекомых, земноводных, рептилий и других существ живой природы. К данной категории также относятся наименования частей тела животных как «перо, шкура, хвост»: *don't sell a bear's skin before you've caught him* – не дели шкуру неубитого медведя; *there is more than one way to skin a cat* – существует не один способ содрать шкуру с кота; *what can you have of a cat but her skin* – ни на что другое не годится, что с него возьмешь.

Вторая модель концептуальной метафоры представлена числовым кодом. **II. Концептуальная модель, реализованная в числовом коде культуры.**

К данной модели относятся следующие фразеологизмы:

*a cat has nine lives* – кошки живучи; *a cat o' nine tails* – «кошка-девятихвостка» (плеть для наказания из девяти ремней); *cat with nine lives* – живучий человек, живуч как кошка; *have as many lives as a cat (have nine lives like a cat/have more lives than a cat* – быть живучим как кошка; *An ass with two panniers* – «осел с двумя корзинами», мужчина, идущий под руку с двумя женщинами.

Перейдем к рассмотрению третьей модели концептуальной метафоры, представленной временным кодом культуры.

**III. Концептуальная модель, реализованная во временном коде культуры.** Временной код культуры фиксирует членение временной оси и проявляется в отношении человека ко времени.

К данному коду относится фразеологизм *Donkeys years – a very long time* (очень долго).

**IV. Концептуальная модель, реализованная в предметном коде культуры.**

Предметный код культуры – соотносится в первую очередь с миром Действительность и связан с предметами, заполняющими пространство и принадлежащими окружающему миру [3, с.244]. К нему относится такой фразеологизм как *when candles are out all cats are grey* – ночью все кошки серы.

## V. Концептуальная модель, реализованная в цветовом коде культуры.

Фразеологизмы, соотносящиеся с цветовым кодом культуры:

*be like a red rag to a bull* – как красная тряпка для быка; *the golden calf* – золотой телец, власть денег, богатства; *worship the golden calf* – поклоняться золотому тельцу; *all cats are grey in the dark/in the night* – ночью все кошки серы; *when candles are out all cats are grey* – ночью все кошки серы; *a red dog* – покер, где игрокам сдают семь карт; *yellow dog* – подлый трусливый человек, презренное существо; *a white elephant* – обременительное или разорительное имущество, подарок от которого не знаешь как избавиться; *the fox may grow grey, but never good* – горбатого могила исправит; *a dark horse* – темная лошадка, тот, о ком ничего не известно; *a good horse can't be a bad colour* – хорошая лошадь не может быть плохой масти; отдельные недостатки не умаляют достоинств; *that's a horse of a different colour* – это из другой оперы; *a black sheep* – паршивая овца, позор семьи, негодяй; *it is a small flock that has not a black sheep* – в семье не без урода.

## VI. Концептуальная модель, реализованная в биоморфном коде культуры.

Биоморфный код связан с живыми существами, населяющими окружающий мир. Данный код культуры отражает представления человека о мире животных, о растительном мире [3, с.247].

Живую природу представляют растения, живые существа (люди, животные, птицы, насекомые).

Биоморфные признаки членятся на два вида – относящиеся ко всем живым существам и относящиеся к человеку. Первый вид формируют зооморфные признаки, второй – антропоморфные. Большинство витальных признаков актуализируют характеристики живых существ.

Признаки животных, птиц и насекомых составляют зооморфный код, что является объектом нашего исследования.

Рассмотрим ведущие фреймы зооморфного кода.

**Фрейм «Царство животных»** включает в себя следующие слоты:

### Слот 1.1. Млекопитающие животные:

**Dog:** *(as) tied as a dog* – устать как собака; *to wake a sleeping dog* – «разбудить спящего пса», озлобить опасного человека.

**Cat:** *a cat has nine lives* – кошки живучи»; *Kilkenny cats* – смертельные враги; *cat burglar* – «кошачий вор» (так англичане прозвали грабителей, которые попадают в квартиры, забираясь по стенам); *look like something the cat dragged in* – выглядит, как что-то затасканное котом; *let the cat out of the bag* – выпустить кота из мешка; *look like the cat that swallowed the canary* – иметь вид кота, проглотившего канарейку.

**Horse:** *a good horse can't be a bad colour* – «хорошая лошадь не может быть плохой масти»; *play horse* – валять дурака/дурачить кого-либо, обращаться грубо, бесцеремонно.

**Pig:** *as greedy as a pig* – очень жадный; *what do you expect from a pig but a grunt* – «от свиньи ничего кроме хрюканья не дождешься».

**Bat:** *as blind as a bat* – с очень плохим зрением, почти слепой; *slang the bat* – общаться с местным населением, объясняться на языке местных жителей.

**Wolf:** *keep the wolf from the door* – предотвратить голод, бороться с нищетой; *one must howl with the wolves (he who keeps company with the wolf will learn to howl)* – с волками жить – по волчьему выть.

**Ass:** *act/play the ass* – валять дурака, глупо себя вести; *Never bray at an ass* – не связывайся с дураком.

**Cow:** *a cursed cow has short horns* – бодливой корове бог рога не дает; *you can't sell the cow and drink its milk* – невозможно продать корову и пить ее молоко, невозможно делать две взаимоисключающие вещи.

**Sheep:** *a lost sheep* – заблудшая овца, человек, сбившийся с пути истинного; *one scabbed sheep infects the whole flock* – паршивая овца все стадо портит.

**Fox:** *a fox is not taken twice in the same snare* – старую лису дважды не проведешь; *when the fox preaches, then beware your geese* – начнет лиса зубы заговаривать – с гусей глаз не спускай.

**Bull:** *be like a red rag to a bull* – как красная тряпка для быка; *shoot/sling/throw the bull* – болтать, трепать языком, хвастать.

**Bear:** *catch the bear before you sell his skin* – не продавай шкуру неубитого медведя; *as cross as a bear* – злой как пес.

**Hare:** *cook one's hare before it is caught (before one has caught it)* – «жарить непойманого зайца», – делить шкуру неубитого медведя; *start a/another hare* – поднять, выдвинуть новый вопрос, переменить тему разговора, отвлечь внимание говорящего от темы разговора.

**Lion:** *a great lion* – известный популярный человек, знаменитость; *the lion is not so fierce as he is painted* – не так страшен черт, как его малюют.

**Monkey:** *(as) agile as a monkey* – ловкий, проворный, как обезьяна; *put smb's monkey up* – разозлить, взбесить к-л, вывести из себя, довести до белого каления.

**Mouse:** *(as) quite/silent/still as a mouse* – тихий как мышь, затаившись, как мышь; *it's a poor mouse that has only one hole* – плоха та мышь, которая одну лазейку знает.

**Elephant:** *when elephants fight, the grass suffers* – паны дерутся, а у холопов чубы трещат; *have a memory like an elephant* – иметь прекрасную память; *see the elephant* – приобрести жизненный опыт.

**Lamb:** *(as) quiet as a lamb* – тише воды, ниже травы; *go to bad with a lamb and rise with a lark* – ложись спать с ягненком, а вставай с жаворонком.

**Rat:** *like a drowned rat* – как мокрая крыса, промокший до костей; *the rat's race* – яростная безумная борьба с целью быть лучше других.

**Donkey:** *if a donkey bray at you, don't bray at him* – не связывайся с дураком; *do the donkey's work* – исполнять самую скучную, неважную и рутинную часть работы.

**Calf:** *worship the golden calf* – поклоняться золотому тельцу; *the fatted calf* – обильные угощения, яства.

**Rabbit:** *(as) scared as a rabbit* – перепуганный до смерти; *produce/pull the rabbit out of the hat* – вытащить кролика из шляпы, произвести неожиданный эффект.

**Camel:** *he stains at a gnat and swallows a camel* – в чужом глазу и соринку видно, а в своем и бревна не видать; *the camel going to seek horns lost his ears* – за чужим добром погонишься – свое потеряешь.

**Ox:** *as an ox goes to the slaughter* – как вол на убой, покорно, безропотно; *you can't flay the same ox twice* – с одного вола двух шкур не сдерешь.

**Hyena:** *laugh like a hyena* – пронзительно, визгливо хохотать.

**Leopard:** *can the leopard change his spots?* – может ли человек изменить свою природу?

**Mule:** *as stubborn as a mule* – упрям как осел.

**Swine:** *cast pearls before swines* – метать бисер перед свиньями.

**Tiger:** *buck/fight the tiger* – идти ва-банк, играть в азартную игру.

**Слот 1.2. Птицы** (*as free as a bird* – свободный как птица; *kill two birds with one stone* – убить двух зайцев; *a knowing old bird* – стрелянный воробей; *light as a feather* – легкий как перышко; *hawks will not pick hawks' eyes out* – ворон ворону глаз не выклюет; *don't count your chicken before they are hatched* – цыплят по осени считают; *catch old birds with chaff* – провести старого воробья на мякине; *a hungry fox dreams about chicken* – голодной лисе все куры снятся).

**Слот 1.3. Насекомые** (*as busy as a bee* – трудолюбивый как пчелка; *like a tired butterfly* – как сонная муха; *as flies to sugar* – как мухи на мед; *to have butterflies in one's stomach* – нервничать от страха).

**Слот 1.4. Земноводные и пресмыкающиеся** (*drink like a fish* – пить запоем; *dumb as a fish* – нем как рыба; *crocodile tears* – крокодиловы слезы; *fish in troubled waters* – ловить рыбу в мутной воде; *crawl along like a turtle* – ползти как черепаха; *to have a frog in one's throat* – охрипнуть).

Наиболее часто встречается такой тип метафорического переноса, как использование названий животных для характеристики человека, обозначения тех или иных его качеств, черт внешности, характера, умственных способностей. Зоонимы часто становятся символами моральных и интеллектуальных качеств человека. Отсюда мы выделяем следующий фрейм: **Фрейм «Характеристика человека»** включает в себя следующие слоты:

**Слот 1.1. Упрямство и глупость** (с частотным компонентом-зоонимом *Ass, Donkey*)

**Слот 1.2. Решительность и агрессивность** (с компонентом-зоонимом *Bull*)

**Слот 1.3. Неуклюжесть** (с компонентом-зоонимом *Elephant*)

**Слот 1.4. Хитрость** (с компонентом-зоонимом *Fox*)

**Слот 1.5. Трусливость** (с компонентом-зоонимом *Hare*)

**Слот 1.6. Трудолюбие и упорство** (с компонентом-зоонимом *Horse*)

**Слот 1.7.** Кроткость и безропотность (с компонентом-зоонимом *Lamb*)

**Слот 1.8.** Бесстрашие и авторитарность (с компонентом-зоонимом *Lion*)

**Слот 1.9.** Проказливость и проворство (с компонентом-зоонимом *Monkey*)

**Слот 1.10.** Неприметность и бедность (с компонентом-зоонимом *Mouse*).

Данная характеристика в виде метафорического переноса в большинстве своем универсальна, так как универсален для всех людей характер и повадки животных, отсюда и близко сходство характеристик. Также обращает на себя внимание и то, что в составе таких фразеологизмов присутствует сравнительный оборот в виде *AS* и *LIKE A*:

*as cross as a bear* – злой как пес; *cross/sulky/savage as a bear (with a sore head)/like a bear with a sore head* – не на шутку рассерженный, смотреть зверем, злой как черт; *be like a red rag to a bull* – как красная тряпка для быка; *bellow/roar like a bull* – реветь как бык; *like a bull in a china shop* – слон в посудной лавке, неуклюжий человек; *(as) nervous as a cat* – очень нервный; *(as) weak as a cat* – совершенно обессилевший; *have as many lives as a cat* – быть живучим как кошка; *like a cat in a strange garret* – не в своей тарелке; *like a cat on hot bricks* – как кошка на раскаленных кирпичках; не по себе, не в своей тарелке, как на иголках; *(as) tied as dog* – устать как собака; *as stupid as a donkey* – глуп как осел; *dance like an elephant* – танцевать как слон, с медвежьей грацией; *have a memory like an elephant* – иметь прекрасную память; *(as) cunning/sly/smart as a fox* – хитрый как лиса; *(as) timid as a hare* – трусливый как заяц; *as gentle as a lamb* – мягкий, кроткий как ягненок; *as innocent as a lamb* – невинен, как ягненок; *like a lamb* – как овечка, безропотно, покорно; *(as) bold/brave as a lion* – храбрый как лев; *(as) agile as a monkey* – ловкий, проворный, как обезьяна; *(as) tricky as a monkey* – проказливый, хитрый, злобный; *(as) quite/silent/still as a mouse* – тихий как мышь, затаившись, как мышь; *as poor as a church mouse* – беден как церковная мышь (гол как сокол); *as timid as a mouse* – тише воды, ниже травы; *as stubborn as a mule* – упрям как осел; *mutton dressed (up) as lamb* – молодящаяся старушка; *as an ox goes to the slaughter* – как вол на убой, покорно, безропотно; *as greedy as a pig* – очень жадный; *bleed like a (stuck) pig* – обливаться кровью, истекать кровью, кровоточить; *eat like a pig* – есть как свинья, есть с жадностью, чавкая; *(as) scared as a rabbit* – перепуганный до смерти; *like a drowned rat* – как мокрая крыса, промокший до костей; *like a rat in a trap* – как мышь в мышеловке; *eat like a wolf* – уплетать за обе щеки, иметь отменный аппетит; *drink like a fish* – пить запоем.

Рассмотрим следующие фразеологизмы, имеющие фрейм «Имя собственное»:

**Слот 1.1** Имена людей:

*Balaam's ass* – «валаамова ослица», молчаливый, покорный человек, который вдруг заговорил, запротестовал (антропоним).

*Teddy bear* – плюшевый мишка, медвежонок (по имени президента Рузвельта, любившего охоту на медведей).

**Слот 1.2** Географические названия:

*bull of Bashan* – «васанский бык», здоровый, сильный человек с громким голосом; труба иерихонская; *grin like a Cheshire cat* – ухмыляться, улыбаться во весь рот; *Kilkenny cats* – смертельные враги (*fight like* – бороться до взаимного уничтожения); *an Irish bull* – очевидный абсурд, явная нелепость; *like a bull in a china shop* – слон в посудной лавке, неуклюжий человек; *the British Lion* – «Британский лев», Великобритания, Англия (эмблема).

Языковым единицам, в том числе и фразеологизмам-зоонимам, свойственно выражение в языке через признаки внешнего мира, которые разделяются на живую и неживую природу. Живая природа характеризуется признаками растений и живых существ, неживая природа – предметом, веществом и стихией.

Системное познание мира, где каждый элемент системы обозначает определенный участок человеческого опыта, осознанный и сохраненный в виде устойчивых компонентов сознания, которые, закрепляясь за соответствующими языковыми знаками, переносят эту часть опыта в другие области познаваемого.

Таким образом, проанализированный нами материал выявил присущие фразеологизмам-зоонимам концептуальные модели.

1. Лакофф, Джордж, Джонсон, Марк. *Метафоры, которыми мы живем.* – М.: Едиториал УРС, 2004. – 256 с.
2. Маслова, Валентина Авраамовна. *Введение в когнитивную лингвистику.* – М.: Наука, 2004. – 296 с.
Сондай-ақ, ұлттық менталдылық мәселесі лингвомәдениеттанымдық еңбектерде, мысалы, болгар мәдениеттанушысы Г.Гачевтың «Национальные образы мира» (1988), орыстың белгілі әдебиет және мәдениеттанушысы Д. С. Лихачевтың «Заметки о русском» (1987) зерттеуінде көрініс тапты.

Антропоэекті ғылыми парадигма когнитивті лингвистика, этнопсихоллингвистика, этногерменевтика, этнориторика, «этноконнотация», т.б. ғылыми бағыттардың пайда болуына жол ашты. Қазіргі таңда осы этникалық ұқсастық, этностың өзін өзі тану мәселесіне көптеген еңбектер арналды.

Орыс тіл білімінде тілдік менталитет диахрондық тұрғыдан жіті зерттелуде. Айталық, В.В.Колесовтың бірнеше еңбектері «орыс менталдылығының негізгі табиғаты: шындық критеріі тәжірибе емес, сенім мен тұлғаға негізделген бағыт, символизм, синтетизм, руханилылық» мәселелеріне арналған. Диахронды аспектіде мәскеу лингвомәдениеттанушылық мектептерінің рөлі зор. Мәселен, Ю.С. Степановтың константтарды тарихи тұрғыдан түрлі кезеңдердегі материалдардың негізінде сипаттауы (лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің дамуында өзіндік арна құрайтын «Константы. Словарь русской культуры» (1997) атты еңбегі лингвомәдениеттанымдық және лингвокогнитивтік зерттеулердің сенімді ғылыми қорына айналады. Түрлі тілдердің материалдары негізінде түрлі тарихи кезеңдердегі әмбебап терминдерді, мәдениеттің

метатілін қарастырған *Н.Д.Арутюнованың мектебі*, фразеологиялық семантиканы лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеген, яғни идиомалардың ұлттық-мәдени құрылымын тіл мен мәдениетті тұтынушы тұлға арқылы талдау әдісін енгізген *В.Н.Телияның мектебі*, МХДУ-дегі В.В.Воробьев, В.М.Шаклеиннің, Е.М.Верещагин мен В.Г.Костомаровтың эквивалентсіз тілдік бірліктердің мәселесін қарастырған мектептері дәлел бола алады.

Мәскеу лингвомәдениеттанушылық мектептері туралы В.А.Маслованың (2001) еңбегінде жан-жақты талданады.

Қазіргі таңда тілді синхронды зерттеу мәселесі белсенді түрде жүзеге асырылуда. Бұл ретте Ю.Д.Апресян негізін қалаған Мәскеу семантикалық мектебінің «Интегральное описание языка и системная лексикография» (1995) және «Языковая картина мира и системная лексикография» (2006) атты іргелі еңбектерінің мәні зор. Ю.Д.Апресянның семантикалық метатіл элементтері, «кварктың» кездесуіне байланысты айтқан пікірі назар аудартады. Ғалымның түсінігі бойынша, «кварк» - сол тілде ешқашан «вербалданбайтын», сол тілдің әлемнің қарабайыр бейнесін сипаттауға қажетті кезекті мағыналар. Оларды жеткізуге арналған ешқандай тілдік бірлік жоқ болғанмен, көптеген тілдік сөздердің семантикасының құрамына кіреді. Бұл идея семантиканың жаңа саласы – лексикалық типологияда жүзеге асырылады. Ғалымның «тілді интегралды сипаттауда» сөздік пен грамматиканың бірлігінде қарастыруға байланысты ой-пікірі бірлік немесе бірліктер тобының сөздік қасиеттерінен туындаған грамматикалық ережелерді шектеуді ескере отырып құрастыруға бағытталса, лексикографиялық сипаттау әдісінде аталған сөз, нақты қатыса алатын грамматикалық ережелер түрінде көрсетіледі. Аталмыш идея «Ұғым – Мәтін» теориясынан туындап, лексика-семантикалық компонент пен сөздік ақпаратта үлкен рөл атқарады.

Жоғарыда санамаланып көрсетілген қазіргі лингвистикадағы жаңа бағыттар тілдік жүйе аясынан шығып, адамға тілдік қабілетті, ұлттық тілді, мәдениет және менталитетті физикалық және психикалық тұрғыдан ерекше иеленетін тұлға ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұлар тілдің негізгі сапасы мен болмысының неге негізделгенін, адам мен әлемнің, тілдердің байланысы мен дүниені танудағы тілдің рөлін пайымдауды ескеруді қажет етеді.

Менталитет/ментальділік терминдерін қалыптастыру ісінің бастау көзінде әйгілі тарихшы А.Я.Гуревич тұрады. Оның пайымдауына, бір мәдениетке жататын кез-келген қоғам өкілдерінің белгілі дәрежеде «ақыл-ой құрылғылары» (адамның дүниетанымын қалыптастыратын, ақиқатты қабылдау әдістері, ұжымдық психологиялық ұстанымдар) мен «психологиялық дайындығының» (әркімнің табиғи және әлеуметтік қоршаған ортасын, өзін-өзі танып-білуге мүмкіндік беретін) болуымен айқындалады [5].

«Менталитет» ұғымын анықтау мәселесі оның ауқымы мен мазмұнының тұтаса, біркелкі ғылыми дефиницияларға бағынбайтындығынан туындайды. Менталитет ұғымын қарастырған лингвистикалық әдебиеттерде де бұл ұғым түрлі тілдер мен мәдениетті тұтынушы тұлғаның сыртқы әлеммен жалпы байланысын көрсетеді. В.А. Пищальникова менталитетке терминологияда түрліше анықтама берілуі, оның «когнитивті» және «менталдылық» ұғымдарын тоғыстыруы себеп дейді. Оның пікірінше, «Менталитет ұғымының мәні тұтастай когнитивтік ғылым аясында айқындалады. Тіл – білімнің әртүрлі деңгейдегі сатысын сақтаудың, қалыптастыру мен ұсынудың әмбебап құралы ретінде менталитетті зерттеу барысында нысан қызметін атқарады, өйткені психикалық білім мазмұнын анықтаудың басқа тәсілі бізде жоқ». [6, б. 189].

Осыған байланысты А.А.Залевская В.А. Пищальникованың жоғарыдағы пікірін әлемнің ұлттық бейнесін лингвистикалық тұрғыдан қарастыратын зерттеулерге қажет деп есептейді. Бұл білімді репрезенттаушы жүйе түрлі ғылымдарды дәйектеуші әдістер мен формалар (үлгілі түрлерін), ал адамға түрлі канал арқылы жететін ақпарат тек тіл арқылы беріледі» дегенді білдіреді.

А.А.Залевскаяның пікірінше, В.А.Пищальникова қолданған «ең алдымен» деген анықтама «менталитет мазмұнының білімге қосымша өзге де құбылыстардың әсерінен кеңеюін болжауға мүмкіндік тугызады. Біздіңше, көп жағдайда орын алатын адамның психикалық өмірінің нақты жоспарланған, логикалық тұрғыда түзілген білімге ұласуы – адамзат баласының перцептивті-когнитивті-аффективті тамырына балта шабатын логикалық-рационалистік дәстүрдің салдары» [7, б. 45].

Т.Б.Рабдиль, менталитет сөзінің семантикасын орыс тілінің этимологиялық және түсіндірме сөздіктерімен және қазіргі батыс тілдерімен салыстыра қарастырып, онда өзгеше инвариантты

семантикалық белгілердің бар екендігін, «жалпы мәдени қорға тиесілі бұл сөзге – ақылдың қоймасы, ақылды бағыттау, образды ойлау» белгілерін жатқызады. Ғалым бірқатар үндіеуропалық тілдерде кездесетін инвариантты семантикалық белгілерге сүйене отырып, ұлттық менталитет өзінше «ортақ идеологияға бағынатын, адамдардың кез-келген қоғамдық тобын индивидуумның менталитетіне» жатқызуға болатындығын атап өткен. Сонда да бұл қолданыс ең алдымен халықтың этникалық тұтастығының табиғатына негізделеді [1, б. 50]. Зерттеушінің «менталитет» ұғымына жақын келетін пікірлерінен *халықтың рухы және ұлттық рух* (В. Фон Гумбольдт), *халық психологиясы* (Г.Штейнталь), *этникалық психология* (Г.Г.Шпет), *этнопсихологияға* (А.Вежбицкая) берген анықтамаларын көрсетуіге болады.

Ғылыми әдебиеттерде «менталдылық» және «менталитет» ұғымдарының дифференциалды қолданыстары жиі кездеседі, бұл олардың жеткілікті зерттелмегендігінің белгісі. А.Я.Гуревич бағытын ұстанған Л.А.Микешина бұл екі ұғымды синоним ретінде қарастырады: «менталдылық» және «менталитет» - бұл сезілмейтін ұғымдар, сенім, құндылық, дәстүр, қоғамдағы этникалық және әлеуметтік топтардың, класстардың әрекеті мен мінез- құлқының теориялық және идеологиялық жүйесі». [8, б. 431].

Т.Б.Рабдиль «менталитет» танымның белгілі бір категориясы ұғымына жақын екендігін, ал «менталдылық» «менталитет» ұғымының іске асу мүмкіндігі, таным категориясы сапасының жиынтығы дегенді білдіреді дейді. Алайда, біздің пайымдауымызша, қазіргі тілдік тәжірибеде (Орыс тілінің ұлттық корпусы бойынша) «менталдылық» және «менталитет» ұғымдары семантикалық және стилистикалық тұрғыдан аражігі мүлде ажыратылмай синонимдес қолданылып жүр. [1, б. 53]

Менталитет және тілдік менталитет ұғымдарының арақатынасына келетін болсақ, бұлар В.В.Колесов, А.Вежбицкая, В.А. Морковкин және А.В.Морковкина, Т.Б.Рабдиль, т.б. еңбектерінде абсолютті синонимдер ретінде қолданылып, менталитеттің мәні тек тілдік менталитетте ғана айқын көрінуі мүмкін деп көрсетіледі.

Дәлел ретінде бірнеше анықтамалар келтірейік. «Менталдылық» ана тілдің категориялары мен формалары арқылы дүниені тану, таным үдерісінде ұлттық болмысты танытудағы тұлғаның интеллектуалды, рухани қасиеттерінің нақты көрініс табуы» дейді. [9, б. 81].

В.В. Морковкин және А.В. Морковкина: «Тіл өзіне белгіленгенді жүзеге асыра отырып, уақыт пен кеңістіктегі (яғни этникалық кеңістіктің өзге нүктесінде өмір сүретіндермен бірге осы жерде өмір сүретіндер) индивидпен бірігіп ортаға қызмет етеді және адам санасын толықтырып, этникалық тұрғыдан ерекше бейнені құрылымдайды, оны ұлттық рухани бастауына тиесілі етеді. Шынында, адам өзін жалпыға белгілі өзіндік жеке бейнесінен тыс, басқалар үшін түсінікті болатындай бейнеде көрсете алмайды. Бұл, біріншіден, тілмен «байланған» ойлау формалары, ал екіншіден, тіл өзінің материалдық нақтылығында көрінеді». [10, б. 41] ; А. Вежбицкая: «Тілдік менталитет – бұл біздің өмір сүру, ойлау және сөйлеу тәсіліміз» [11, б. 41]; Т.Б. Рабдиль: «тілдік менталитет – әлем туралы білімге тән таңбалық көріністің ерекше ұлттық тәсілі, құндылықтар жүйесі мен ұлттық тілдің семантикалық жүйесіне қаныққан әрекеттер моделі» [1, б. 66]. Ойлаудың ерекше ұлттық құрылымы мен мазмұны туралы мәселе әлі де дау тудырып келеді.

И.А. Стернин мен Г.В. Быков «ойлаудың ұлттық ерекшелігі тілден емес, керісінше ақиқат шындықтан жасалады, тіл оны тек өз семантикасында көрсете отырып, белгілі бір жағдайларда адамдар арасындағы релевантты қарым-қатынастағы айырмашылықтарды» атайды. Бұл семантикалық кеңістіктің ұйымдастырылуы тілдің формалды параметрлеріне тәуелді деген тұжырым жасауға мүмкіндік беретін У.М.Трофимованың жүргізген эксперименттерінің нәтижелерімен қарама-қайшы келеді. Бұған байланысты А.А. Залевская: «Қандай да бір үрдістің (байланыс, заңдылық түрлері және т.б.) әмбебаптылығына қатысты, сондай-ақ жекелеген этникалық қауымдастықтардан алынған материалдардағы тілдік, коннептуалды және басқа да өрістерді талдаудың нәтижесі бойынша алға тартып отырған теориялық ережелердің абсолюттілігі турасында, оның үстіне негізгі зерттеу әдісі тілдік жүйені талдау болып отырғанда қорытынды жасауға асығудың қажеті жоқ» дейді. [7, б. 47].

Антропоэлекті ғылыми парадигмадағы әрбір жаңа зерттеулер (лингвокогнитология, тілдік менталитет, әлемнің тілдік бейнесі, лингвомәдениеттаным, этнолингвистика, т.б.) адамның әлем мен өзін тек тіл арқылы ғана тани алатындығын, тілдің ойлау мен шынайы болмысты қабылдаудағы әмбебап және бірегей табиғи құрал екендігін тағы бір дәлелдей түседі.

- 1 Рабдиль Т.Б. Основы изучения языкового менталитета. – М.: Флинта, 2010 – 326 б.
- 2 Корнилов 2003: Языковые картины мира как производные национального менталитета. 2 изд. – М.:, 2003. – 348 б.
- 3 Бодуэн де Куртенэ И.А. Человеческие языки// Избранные труды по общему языкознанию. Тт. 1-2. -М., 1963. – 1т. – 384б.; 2 т. – 391 б.
- 4 Роль человеческого языка в языке. Язык и картина мира/ Под ред. Б.А.Серебрянникова – М.: Наука, 1988. – 216 б.
- 5 Гуревич А.Я Проблемы средневековой народной культуры. – М., 1981
- 6 Пищальникова В.А. Национальная специфика картины мира и ее репрезентация в языке // Языковое сознание: содержание и функционирование. XIII междунар. симпозиум по психолингвистике и теории коммуникации: Тез.докл. М., 2000. - Б.189-190.
- 7 Залевская А.А. Национально-культурная специфика картины мира и различные подходы к её исследованию//Языковое сознание и образ мира. Сборник статей. – М., 2000 – 320 б.
- 8 Микешина Л.А. Философия науки: Современная эпистемология. Научное знание в динамике культуры. Методология научного исследования: Учеб. пособие. – М.: Прогресс-Традиция; МПСИ; Флинта, 2005.- 464 б.
- 9 Колесов В.В. Жизнь происходит от слова... - СПб.: Златоуст, 1999 – 368 б.
- 10 Морковкин В.В., Морковкина А.В. Русские агнонимы агнонимы (слова, которых мы не знаем). – М.: ИРЯ им. А.С.Пушкина, 1997 - 414 б.
- 11 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М.: Русские словари, 1997 – 416 б.

#### **РОЛЬ ЯЗЫКА В ИЗУЧЕНИИ НАЦИОНАЛЬНОГО МЕНТАЛИТЕТА**

**М.Ш. Мусатаева**– *Казахский национальный педагогический университет имени Абая*  
*Доктор филологических наук, профессор*

**А.О. Тымболова**– *Казахский национальный педагогический университет имени Абая*  
*Доктор филологических наук, доцент*

#### **Резюме**

«Мир человеческого духа» потерпел бы крушение с исчезновением хотя бы одного из главных составляющих сферы человеческого сознания – познавательного, нравственного и эстетического компонентов. Каждая из сфер сознания в настоящее время располагает особой специализированной отраслью духовного производства: в познавательной сфере такой отраслью является наука, в нравственной - мораль и право, в эстетической – искусство. В соответствии с антропоцентрической научной парадигмой в центре теоретических построений в разных науках, так или иначе связанных с изучением человека, находится культура. Свойственный тому или иному национальному языку способ концептуализации действительности частично универсален, частично национально специфичен и отражает этнические особенности. В данной статье рассматривается роль языка в изучении национального менталитета.

**Ключевые слова:** национальный менталитет, язык, культура, способ концептуализации

#### **THE ROLE OF LANGUAGE IN THE STUDY OF NATIONAL MENTALITY**

**Mussatayeva M.Sh.** – *Kazakh National Pedagogical University by Abay*  
*Doctor of Filology, professor*

**Tymbolova A.O.** – *Kazakh National Pedagogical University by Abay*  
*Doctor of Filology, docent*

#### **Summary**

"The world of human spirit" would be wrecked with disappearance of at least one of the main components of the sphere of human consciousness - cognitive, moral or aesthetic. Each of the spheres of consciousness now has special branches of spiritual production: in the informative sphere such branch is the science, in moral - morality and law, in aesthetic - art. According to the anthropocentric scientific paradigm in the center of theoretical constructions in the different sciences, anyway connected with human studying, there is a culture. The way of conceptualization peculiar to this or that national language is partially universal, partially national specific and reflects ethnic features. This article examines the role of language in the study of national mentality.

**Key words:** national mentality, language, culture, way of conceptualizing

ӘОЖ 16.21.33

**САЯСИ ҚАЙРАТКЕРЛЕР ТІЛІНДЕГІ  
САЯСИ МЕТАФОРЛАРДЫҢ КОНЦЕПТУАЛДАНЫУЫ**

**С.Ә. Садуақасова** – *І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті  
педагогика ғылымдарының магистрі, PhD докторант*

**Түйіндеме.** Бұл мақалада саяси дискурста оқырман не тыңдарманның белгілі оқиғаға қатысты он немесе теріс көзқарасын қалыптастырып, бағалауыштық және экспрессивті-эмоционалды сипаттағы көркемдік құрал болып табылатын саяси метафораның Қазақстан Республикасы саяси қайраткерлерінің сөйлеу тілінде қолданылу ерекшеліктері қарастырылған. Ә. Лассанның тұжырымына сәйкес, әлеуметтік сипатпен қатар жүретін саяси метафоралардың өміршеңдігінің үш сатысы: практикалық қызметінің құрылымдық сатысы; концептуалдық метафораның дискурстық сатысы; айқын емес (күнгірт) метафоралар арқылы іске асырылатын концептуалдық метафора өміршеңдігінің тілдік сатысы бойынша контекстерге жүргізілген лингво-когнитивті талдау «Қазақстан халықтарының бірлігі» идеясы метафорикалық модельдеудің аталған сатыларында белсенді қызмет атқаратындығын көрсетті. Тілдік фактілерге жасалған лингво-когнитивті талдау барысында «Қазақстан халықтарының бірлігі» идеясы мемлекетті құрап отырған ұлттардың болмысына сәйкес саяси метафоралардың вариативті (құбылмалы) болып табылатындығы сараланды. Берілген контекстерде Президенттің басшылық қызметі мен рөлі, Ассамблеяның ел өмірінің дамуында, қоғамның алға жылжуында алатын орнына сәйкес қазақстандықтардың Президент – Қазақстан қоғамының локомотиві; Президент – Бірлік кепілі; Ұлт бірлігі – Шаңырақ, Азаматтар – Уық моделдерінде метафоралық концептуалдануына имплицитті әсер етуі байқалды.

**Түйін сөздер:** саяси метафора, концептуалдандыру, саяси қайраткерлер, «Қазақстан халықтарының бірлігі» идеясы, реңипиент, саяси дискурс, метафорикалық модель, бұқаралық ақпарат құралдары.

Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында, жаһандану дәуірінде адамның тұрақты коммуникациясының дамуына бұқаралық ақпарат құралдарының тигізер ықпалының зор екені анық. Когнитивті көзқарас тұрғысынан осындай әсер етудің мықты құралдарының бірі – метафора болып табылады. ХХІ ғасырдың басындағы онжылдықта әлемдегі әр мәдениеттің саяси дискурсы өте жоғары деңгейде метафораланған. Бұл Дж. Лакофф және М. Джонсонның тұжырымына сәйкес, біздің түсіну, қабылдау қабілетіміздің метафоралық сипатқа ие болуымен, ойлауымыз, күнделікті тәжірибеміз мен тәртібіміздің өзі белгілі бір дәрежеде метафоралармен белгіленетіндігіне байланысты [1,387]. Саяси метафораларды зерттеп-қарастыру арқылы біз қоғамда болып жатқан өзгерістерге қоғам мүшелерінің көзқарасын анықтап қана қоймай, сонымен қатар, әртүрлі мәдениет әлемінде болып жатқан жалпы тенденцияларды анықтап, баға бере аламыз. Әрбір саяси метафора субъектінің рөлі мен орны көрініс табатын саяси іс-әрекетті қабылдау үлгісін (моделін) қалыптастырады.

Саяси дискурстағы метафораның атқаратын қызметі зор, атап айтқанда, ол саяси дискурста жан бітіреді, Я. Эльсбергтің пікірінше, «позволяет увидеть ярко, картинно представить себе определенное явление жизни, ...кидает свет на самую сущность данного явления, позволяет лучше понять, оценить, определить его» [2, 20]. Осылайша, саяси метафора оқырманның ерекше назарын аударады; оқыған адамның есінде біраз уақытқа дейін сақталатындай мәтінге көркемдік, эмоциялық, экспрессивтік сипат береді; ықпал ету құралы ретінде ассоциативті ойлауға әсер етеді; автордың жеке көзқарасын білдіруде тиімді құрал болып табылады, сондай-ақ ақпаратты нақтылау қызметін атқарады. Саяси метафора шешім қабылдау процесіне әсер ету мүмкіндігіне де ие. А.Н.Баранов пен Е.Г.Казакевич метафораның когнитивті күші проблемалық жағдайлардың шешімін табуға маңызды құрал болып табылатындығын атап көрсетеді және ойын былай түйіндейді: «Метафорическое мышление в политике является признаком кризисного мышления, мышления в сложной проблемной ситуации, разрешение которой требует значительных усилий от когнитивной системы человека по усвоению новых знаний и переработке их для построения множества вариантов действий и выбора правильной альтернативы» [3,17].

Белгілі бір саяси тақырып аясындағы контексте қолданылған метафоралар саяси метафоралар болып табылады, яғни саяси дискурстағы кез-келген метафора - «саяси». Саяси метафораның өзге метафора түрлерінен айтарлықтай ерекшелігі жоқ, ол тек қалыптасқан механизм арқылы жасалады, яғни предикат (метафораның шығу негізі) – ассоциативті ұқсастық белгісі – субъект (метафораның мақсаты). Аталған метафориканың «саяси» сипаты контекст арқылы анықталады, нақтырақ айтқанда, кез-келген саяси образ туындаған кезде басты субъект рөлін саясат саласына қатысы бар адам (зат, оқиға, құбылыс) атқарады. Ал предикаттың қызметін қазіргі тіл білімінің кез-келген семантикалық саласы атқаратындығы белгілі.

А.Н. Баранов пен Ю.Н. Караулов саяси метафораның негізгі мақсатын айқындауда келесідей анықтама береді: «политическая метафора есть речевое воздействие с целью формирования у реципиента либо положительного, либо отрицательного мнения о той или иной политической единице (политике, партии, программе, мероприятии)» [4,189].

Саяси метафораға қатысты берілген анықтамаларға сүйене отырып, біз «Саяси метафора саяси дискурста оқырман не тыңдарманның белгілі оқиғаға қатысты оң немесе теріс көзқарасын қалыптастырып, бағалаушылық және экспрессивті-эмоционалды сипаттағы көркемдік құрал» деп тұжырымдаймыз.

Қазіргі кезде саяси дискурстың ерекшелігі - оның бұқаралық ақпарат құралдары арқылы берілуінде. Еліміздің экономикалық, саяси және мәдени өмірінде болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтар медиа-мәтін тілінде айқын көрініс табууда. БАҚ-тың негізгі белгілерінің бірі – қоғамда болып жатқан өзгерістерге жылдам әрекет ету, араласу, сонымен қатар қоғамдағы көңіл-күйді анықтап, қоғамдық пікір қалыптастыруға да мүмкіндігі бар, сондықтан БАҚ саяси коммуникацияның маңызды қатысушысы болып табылатындықтан, заманауи саяси дискурсты талдауда оның атқаратын рөлі де зор. Мысалы, елде орын алған саяси маңызы бар оқиғаларда қоғам қайраткерлерінің тілінде кездесетін саяси метафоралар адресаттың сол оқиға туралы оң немесе теріс пікір қалыптастыруына ықпал етеді.

Американ лингвисті Nick E. Renton метафораларды зерттеуге қатысты еңбегінде БАҚ-та жарияланған қоғам қайраткерлерінің тілінде мазмұнында тың идеялар бүркемеленген метафоралар жиі кездесетіндігі жөнінде ой айтады. Саясаткерлер тілінде метафораларды қолдану жоспарланған жаңа енгізілімге қоғам мүшелерінің көзқарасын анықтаудың арнайы тәсілі болып табылатындығын атап көрсетеді [5; 22].

Байқап отырғанымыздай, қазіргі саяси дискурс саяси оқиғалардың қатысушылары, нақтырақ айтқанда, билік тізгінін ұстағандар мен қарапайым халық арасында коммуникация құралы болып табылады. Осы орайда, саяси қайраткердің қызметі - реципиенттің санасына әсер ете отырып, насихатталып отырған құндылықтың маңыздылығына көндіру, сендіру, сөйтіп, манипуляциялық қызметін жүзеге асыру.

Азаматтардың санасына имплицитті ықпал етудің бір құралы, ол – концептуалды саяси метафора болып табылады. Ол адресаттың өзі өмір сүріп отырған мемлекеттегі әлеуметтік-саяси жағдайды қабылдауын басқаруға қызмет етеді.

Э. Лассанның тұжырымына сәйкес, әлеуметтік сипатпен қатар жүретін саяси метафоралардың өміршеңдігінің үш сатысы болады:

- 1) Практикалық қызметінің құрылымдық сатысы;
- 2) Концептуалдық метафораның дискурстық сатысы;
- 3) Айқын емес (күңгірт) метафоралар арқылы іске асырылатын концептуалдық метафора өміршеңдігінің тілдік сатысы [6; 56].

Қазақстан Республикасы саяси қайраткерлерінің сөйлеу тіліне жасалған лингво-когнитивті талдауда «Қазақстан халықтарының бірлігі» идеясы мемлекетті құрап отырған халықтадың ұлттық болмысын айқындайтын саяси метафоралар жоғарыда аталған үш сатының барлығында вариативті (құбылмалы) болып табылатындығы анықталды.

Жиырма жылдық тарихында Қазақстан халқы Ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналды. Бүгінде Ассамблея ел Президенті Төрағалық ететін конституциялық орган болып табылады. «Достық», «бірлік», «татулық» идеялары оның ерекше мәртебесін айқындайды. Көпұлтты Қазақстанның негізгі сипаттамасы ретінде «Бірлік» идеясының белсенділігін арттыруға

қатысты фреймдерді қарастырайық. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы және Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясында сөйлеген сөздерінен мысал келтірейік. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы. Ол – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шындалатын үлкен *емтихан*. Біз қазақстандықтардың ел болашағының *тұтқасын нық ұстауы* үшін «Қазақстан-2050» Стратегиясын қабылдадық. Ортақ ордамыз – Қазақстанның босағасын берік, шаңырағын биік ұстап, *түтінін түзу ұшыру* – елдік мақсат. Бүкіл адамзат жаһандану жолымен дамып жатыр. *Етек-жеңді қымтап, есік-терезені тарс жауып отыру* дамуды тежейді, әлем көшінің соңына қалдырады. Біз – дамыған елдердің *шаңын жұтуға* емес, көшін бастауға ұмтылған елміз. Байбаламға салып, *балақтан тартпай*, байыппен ойлап, байсалды әрекет етсек жарасады

Берілген контексте Елбасының мемлекетте өмір сүріп жатқан ұлттарды біріктіріп, бір арнаға тоғыстыру идеясы, сол арқылы оның *бірлігін* қалыптастыру мақсаты анық байқалады. Президенттің мемлекетті дамыған елдердің қатарына қосу жолындағы бағыты *емтихан, тұтқасын нық ұстау, түтінін түзу ұшыру, етек-жеңді қымтап, есік-терезені тарс жауып отыру, шаңын жұту, балақтан тартпай* сынды метафоралар арқылы берілген. Мұнда, Елбасы ұйымдастырушы, ал халық – жүзеге асырушы.

Президенттің елді басқарудағы алатын орны мен рөліне сәйкес, аталған контекстен қазақстандықтардың метафоралық концептуалдануына имплицитті әсер ететін *Президент – Қазақстандық қоғамның локомотиві* метафоралық моделін айқындауға болады.

Осылайша, Президент өз сөзінде сол халықтың ұлттық болмысына сәйкес тілдік бірліктерді қолдана отырып, алдыңғы орынға бірлік идеясын қоятындығын, Елбасы мен халықтың мақсатының бір екендігін, олардың біртұтастығын көруге болады.

*Бірлік* идеясының концептуалдануы саясат қайраткерлерінің, Парламент депутаттарының, Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерінің Ассамблея мен оны дамытудағы Президенттің рөліне қатысты мәтіндерде де көрініс табады. Мысалы, Осы жылдар ішінде Ассамблея *кәмелет жасына жетіп*, ұлтымыздың аса маңызды жалпыазаматтық институтына айналды. Бүгін біз *Ассамблея – тұтастай Қазақстан халқы* деп толық негізбен айта аламыз! Бүгін *Ассамблея – тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің сенімді, берік іргетасы*. Ассамблея – бүкілхалықтық *өкілдік!* Ассамблея, этномәдени бірлестіктер, халық дипломатиясының *жанды көпірі* ретінде, көрменің этностық топтар жетістіктерінің жарқын көрінісіне айналуы үшін жағдай жасаулары керек. (*Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бір халық - бір ел - бір тағдыр» атты тақырыппен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында сөйлеген сөзі*). Қазақстан халқы Ассамблеясы – ол әрі *іргетас*, әрі бейбітшілік, рухани келісім мәдениетінің негізгі қағидаты. (*Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясында сөйлеген сөзі*).

Ал Президенттің Ассамблея институтының дамуына қосқан үлесі, көпұлтты мемлекеттің көшін әлемнің дамыған елдеріне қарай бастауы, жалпы елдің ішкі тұрақтылығы мен бейбітшілікті қамтамасыз етуі, қоғамның әлеуеті мен әлеуметін дамытудағы рөлі, Қабанбай батырдың «Басшы біреу болу керек, басқасы басшыға тіреу болу керек» деген қанатты сөзін ұстанған қайраткерлердің пікірі төмендегідей контекстерде саяси метафоралар арқылы концептуалданады.

Астананың авторы ретінде Нұрсұлтан Әбішұлын егеменді еліміздің *тірегі* деп, Астананы Отанымыздың *жүрегі* деп ұғамыз, сол жүрек тынбай соғып, Қазақ елінің мәңгілік елге айналарына қазір дос та, дұшпан да еш шүбә келтірмейді. (*«Егемен Қазақстан» газеті, 19.02.2015, С.Пірәлиев. Ассамблея ұсынысын қолдаймыз*). Бүкіл Қазақстан халқын ортақ іске *жұмылдыра* білген, экономикалық қиындықтарды дер шағында *ауыздықтаған*, Ұлттық қор арқылы әлсіреген тұстарды түзеп, стратегиялық бағыттан айнымаған Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы саясаты еді. (*«Егемен Қазақстан» газеті, 19.02.2015, М. Лимаренко. Елбасы – елдің таянышы*). Бұл шақта бұған дейін өз Отаны мен елін талай *дағдарыстардың салқынынан* сақтап қала білген бүгінгі Президентіміз Назарбаевқа жаңа *сенім мандатын* берудің орны бөлек. (*«Егемен Қазақстан» газеті, 17.02.2015, №31, А.Амирханян. Сенім мандатын білдіру – заман талабы*). Бұл еліміздің болашақтағы тұрақтылық пен жаңғыруының, дамуының сенімді *рельске түсуінің* кепілі болып табылады. (*«Егемен Қазақстан» газеті, 17.02.2015, №31, Н. Есенғарин. Дамудың сенімді кепілі*).

Контексте қоғамды дамыту, оны алға жылжытуда Президенттің қызметіне баға беру тірек, ауыздықтау, дағдарыстың салқынынан сақтай білу метафоралары арқылы берілген, мұндағы метафоралық модель: *Президент – Көшбасшы*.

Қазақ халқында «Бірлік бар жерде – тірлік бар», «Ырыс алды - ынтымақ», «Бірлігі бекем ел озады» сынды ел бірлігін насихаттауға бағытталған қанатты сөздер тегін айтылмаған. Қазақты қасиетті қара шаңыраққа баласақ, еліміздегі барша этностар – сол шаңыраққа шаншылған *уықтар*, бұл - әр түрлі ұлттар мен ұлыстарды ортақ қоғамға біріктіру идеясының метафоралық концептуалдануы. Мысалы, Бүгінде олар тегі басқа болғанмен теңдігі бір, қаны бөлек болғанмен жаны бір, арманы ортақ біртұтас халыққа айналды. Бейбітшілік пен тыныштық әр үйдің баға жетпес *байлығына* айналды. 2050 жылы Қазақстанның *жұдырықтай жұмылған* біртұтас халық, үлгілі ұлттық мемлекет болатынына мен сенімдімін. Қазақстанның этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім моделі оның таяу және алыс шетелдердегі *брендіне* айналды. Бүгінде біз бірлік пен толеранттылық біздің *активіміз*, елді жаңғыртуға салған біздің экономикадан тыс *инвестицияларымыз* деп сеніммен айта аламыз! Толеранттылық – өзіміз нығайтып, сақтайтын және бүкіл ұрпақты тәрбиелейтін біздің қоғамымыздың *парасаттылық қалыбы*. (*Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бір халық - бір ел - бір тағдыр» атты тақырыппен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында сөйлеген сөзі*). Этносаралық келісім - ол өміршеңдік *оттегі*. Ел бірлігі - біздің барша *табыстарымыздың кілті* (*Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Жолдауы*). Шүкір деп айтайық, біздің елімізде саяси тұрақтылыққа, этностар арасындағы бірлік пен татулыққа *сына қағылған жоқ*. (*«Егемен Қазақстан» газеті, 18.02.2015 №32, З.Бобохидзе. Маңыздысы – тұрақтылық пен өркендеу*).

Бірқатар саяси қайраткерлердің сөйлеген сөздерінде «Қазақстан халықтарының бірлігі» идеясы «отбасылық» метафораландыру сипатына ие болған. Біртұтас қазақстандық отбасында метафоралық рөлдерді бөлуде Көшбасшы (Президент), бауырлар мен қарындастар (ел азаматтары) ретінде көрініс табады. Мұндай коннотация рецепиенттің санасындағы билік пен оған бағыныштылар арасындағы шекараны бұзуға мүмкіндік береді. Саяси көшбасшы мен халықтың арасында ешқандай қақтығыссыз, бір мақсат пен бір мүддені бағындыруда жұмыла еңбек ету ойы туындайды. Мұндай жағдайда мемлекет басшысының негізгі қызметі елдегі тыныштықты, бейбітшілікті сақтау, өзінің отандастарының мүддесін қорғау болып табылады.

«Отбасылық» метафоризация, негізінен, туыстық қарым-қатынасқа негізделеді. Қазақстанда өмір сүретін халықтардың танымындағы бауырмашылдық идеясы, отбасылық және ағайын-туыстық қарым-қатынастың мемлекеттегі ішкі саяси тұрақтылық пен келісімнің нығаюына ықпал ету мүмкіндігі зор. Мысалы, Қазақстан – бұл біздің жеріміз, біз осы жердің *балаларымыз*. Әрбір үйге бейбітшілік пен тыныштық орнады. Бұл біздің *ұрпақтарымыз* үшін маңызды. Осындай құндылықтардың арқасында біздің *ортақ үйімізде* бейбітшілік пен тұрақтылық орнады. Қиын-қыстау кезеңдерде қазақ халқы құшағын жая қарсы алған өзге этностар бүгінде туған *бауырларымыз бен қарындастарымызға* айналды. «*Ел-Жұрт*», «*Жеті ата*», «қонақжайлық», «асар», «сыйластық», «сабырлылық» - бұл ұғымдар қазақ халқының өміріндегі басты ұстанымдар. Барлық қазақстандықтар - бір үйдің *балалары* (*Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бір халық - бір ел - бір тағдыр» атты тақырыппен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында сөйлеген сөзі*). Жақсылықтың, үкілі үміттің жетегіндегі халқымыз Елбасын қолдау арқылы, оның жанына топтасу арқылы ертеңгі еңселі күндерге жететініне, *үрім-бұтағының* бақытты болатынына кәміл сенеді (*«Егемен Қазақстан» газеті, 18.02.2015 №32, И.Жанғоразов. Тәуелсіздікті тұғырландыру қадамы*).

Қорытындылай келе, берілген контекстерге жүргізілген лингво-когнитивті талдау «Қазақстан халықтарының бірлігі» идеясы метафорикалық модельдеудің әр түрлі сатыларында белсенді қызмет атқаратындығын көрсетті. Практикалық қызметтің құрылымдық сатысында *тұтқасын нық ұстау, түтінін түзу ұшыру, сенім мандаты, ортақ үй, тірек, ауыздықтау т.б.* метафораларының саяси қайраткерлердің ел бірлігін нығайтуға қатысты сөздеріндегі имплицитті ықпалын байқадық.

Концептуалдық метафораның дискурсивтік сатысында *бірлік* (мемлекеттегі тыныштық пен қауіпсіздікті білдіретін) және *биік шаңырақ* (қоғамдағы келісім мен тұрақтылыққа арқа сүйейтін) метафоралық образдары белсенділігінің басым екендігі тілдік фактілер арқылы анықталды.

Қарастырылған мысалдарда тілдік саты тұрақтылық пен қоғамдық келісімге негізделген «біз – біртұтас Қазақстан халқының балаларымыз» метафорасы арқылы көрініс тапты.

«Қазақстан халықтарының бірлігі» идеясы көрініс тапқан медиа-мәтіндерге жүргізілген лингво-когнитивті талдау нәтижесінде саяси метафоралардың қоғам өміріндегі маңызды оқиғаларға «жан бітіретіндігі» анықталып, келесідей қорытынды тұжырым жасалды:

- Президенттің басшылық қызметіне сәйкес берілген контекстерде қазақстандықтардың *Президент – Қазақстан қоғамының локомотиві* моделінде метафоралық концептуалдануына имплицитті әсер етуі байқалды.

- *тірек, жүрек, ауыздықтау, дағдарыс салқыны, сенім мандаты* метафоралары *Президент – Бірлік кепілі* метафоралық моделінің қалыптасуына ықпал етеді;

- Қазақстанда тұратын барлық этностарды бір киелі шаңырақтың астына біріктіру мақсатында екі модель: *Ұлт бірлігі – Шаңырақ, Азаматтар – Уық* қалыптасты.

1 Дж.Лакофф, М.Джонсон. *Метафоры, которыми мы живем* // *Теория метафоры.* - М.: Прогресс, 1990. – 387-415 с.

2 Я. Эльсберг. *Образ в публицистике.* – М.: Сов.печать, 1960. №10. 18-27с.

3 А.Н.Баранов, Е.Г.Казакевич. *Парламентские дебаты: традиции и новации. Советский политический язык (от ритуала к метафоре)* - М.: Институт русского языка АН СССР, 1991. – 148 с.

4 А.Н.Баранов, Ю.Н.Караулов. *Русская политическая метафора (опыт словаря)* - М.: Институт русского языка АН СССР, 1991. – 189 с.

5 Renton N. E. *Metaphorically speaking: a dictionary of 3,800 picturesque idiomatic expressions.* – USA: Warner Books, 1992

6 Лассан Э. *О формах существования концептуальных метафор как индикаторах силы и бессилия общества* // *Политическая лингвистика.* Екатеринбург, 2010. - №1 (31). – С. 24-33.

7 Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: *бір халық - бір ел - бір тағдыр* атты тақырыппен откен Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында сойлеген сөзі, 24.04.2013ж.

8 Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясында сойлеген сөзі, 18.04.2014ж.

9 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 18.01.2014ж.

10 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Жолдауы, 11.11.2014ж.

11 «Егемен Қазақстан» жалпыұлттық газеті, 2015 ж.

## КОНЦЕПТУАЛИЗАЦИЯ ПОЛИТИЧЕСКИХ МЕТАФОР В РЕЧИ ПОЛИТИЧЕСКИХ ДЕЯТЕЛЕЙ

С.А.Садуақасова – *Жетысуский государственный университет имени И.Жансугурова, магистр педагогических наук, PhD докторант*

### Резюме

Политическая метафора в политическом дискурсе, формируя положительную или отрицательную реакцию реципиента на определенное событие, является также средством оценивания и экспрессивно-эмоционального воздействия. В этой статье лингво-когнитивный анализ высказываний политических деятелей, отражающих идею «Единства народов Казахстана», указал на толерантный характер этого явления в Казахстане, а также согласно гипотезе Э. Лассана, указал на наличие всех трех уровней (уровень структурирования практической деятельности; дискурсивный (собственно метафорический) уровень существования концептуальной метафоры; собственно языковой уровень существования концептуальной метафоры, который реализуется через “стертые” метафоры) существования политических метафор в их языке. Согласно ментальности наций и народностей, проживающих в нашей стране, идея Единства имеет глубокие корни и позитивное будущее. В соответствии с руководящей деятельностью Президента в контекстах наблюдается имплицитивное влияние на метафорическую концептуализацию казахстанцев в моделях Президент – Локомотив

казахстанского общества; Президент – Гарант единства; Единство нации - Шанырақ, Люди - Купольные жерди.

**Ключевые слова:** политическая метафора, концептуализация, политические деятели, идея «Единство народов Казахстана», реципиент, политический дискурс, метафорическая модель, средства массовой информации

## CONCEPTUALIZATION POLITICAL SPEECH METAPHORS IN POLITICALS FIGURES

S.A. Saduakassova – Zhetysu state University named after I.Zhansugurov,

Master of pedagogical, PhD student

### Summary

Political metaphor in political discourse, creating a positive or negative reaction of the recipient to a specific event, is also a means of evaluation and expressive-and- emotional impact. This article contains linguistic and cognitive analysis of the statements of politicians, reflecting the idea of the "Unity of the peoples of Kazakhstan", that points out the tolerant nature of this phenomenon in Kazakhstan, as well as according to the hypothesis E. Lassan, points to the presence of all three levels (the level of structuring practices, discursive ( actually metaphorical) level of existence of conceptual metaphor, the actual existence of the language level of conceptual metaphor, (which is implemented through the "erased" metaphors) the existence of political metaphors in their language. According to the mentality of nations and nationalities living in our country, the idea of unity has deep roots and a positive future. In accordance with the activities of the President, there is implicative impact on the metaphorical conceptualization of the Kazakhstani in the models President is Lokomotiv of Kazakhstan society; President is the guarantor of unity; the unity of the nation is Shanyrak, People are dome poles.

**Key words:** political metaphor, conceptualization, political figures, the idea of "unity of the people of Kazakhstan", the recipient, political discourse, metaphorical model, mass media

ӘОЖ 81'271; 82.085; 808.5

## ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ӨЗЕГІ АНА ТІЛДЕ

Г.Н. Смағұлова – *ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филол.ғ.д., Алматы қ., Қазақстан, e-mail: smagulova.g@mail.ru*

**Андатпа.** Кез келген ұлт үшін өзінің ана тілі ең басты орында. Отбасындағы тәрбие де ана тілінен басталады. Ұлттық тәрбиенің өзегі ана тілінде жатыр. Отбасының тәрбиесі арқылы мәнерлі сөйлеуді үйренген адам есейе келе, сөз байлығын тереңдетін, ойын бейнелі жеткізуге тырысады. Алайда қазіргі қазақ жастарының сөйлеу ерекшелігінде тіл жұтаңдығы қатты байқалады. Олардың тілінде фразеологизмдер, мақал-мәтелдер өте сирек қолданылады. Бұл күндері тіл байлығы отбасылық тәрбиеден сіңбегендіктен, кітап оқымайтын сөз байлығының түсінбейтін ұрпақ қалыптасып келеді. Мақалада қазақ тілінің ұлттық тәрбиеде алатын орны сөз етіледі. Қазақ тіліндегі паремнологиялық, фразеологиялық қордан ұлт өмірінің менталдық таным ерекшелігі және тұрмыс-тіршілігінің мәдениеті байқалады. Әсіресе, фразеологизмдердің ойды бейнелі, суретті етіп жеткізудегі орасан тілдік қуатын пайдалану, жетілдіре түсу қазіргі жастар тілінде орын алмаған. Әр ұлттың өзіндік ұлттық танымын танытатын стереотиптері оның гасырлар бойы қалыптасқан мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерігінде жатыр. Сондай-ақ, тілдегі көркем де бейнелі сөз орамдары – фразеологизмдер әдеби тілдің байлығы және тіл мен сөйлеу мәдениетінің көрсеткіші. Жылдар бойы қалыптасып, гасырлар бойы қолданыстан түспейтін тұрақты тіркестер қазіргі жазба әдебиетте және қалың көпшіліктің сөйлеу мәдениетінде қандай ерекшеліктермен көрінеді деген сұрақ қашан да өзекті болмақ.

**Түйін сөздер:** ана тілі, сөйлеу мәдениеті, фразеологизмдер, бейнелі сөздер, ұлттық тәрбие.

Тілдің толып жатқан мәселесін ұлттық тәрбие тұрғысынан қарастырудың мәні айрықша. Тілді тұтынушының, яғни тілдік тұлғаның, тілдік субъектінің ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімін, тілдің өткендегісі, бүгінгісі, болашағына деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеу де басты міндет.

«Тәрбие басы – тіл» деген Махмұд Қашқари сөзі бұдан тура он ғасыр бұрын айтылса да, енді ғана әр қазақ отбасының қағидасына айналды. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында ұлт тілінің мемлекеттік мәртебесі мәреге бірден жететіндей көрінді. Алайда туған тіліміздің ұлттық тәрбиеден бастап, Қазақ елі кеңістігінің бүкіл әлеуметтік-мәдени салаларына қызмет ету деңгейі көптеген мәселелердің бетін ашты.

Осы тұста ерекше байқалған құбылыс (құбылыс демей көріңіз) ана тілін білмеуінің салдарынан өз елі, өз жеріне өгей болып, «шала қазақ» атанған ұл-қыздардың қалың жұртшылыққа айналуы. Қазақстанның тәуелсіз жеке мемлекет болғанына ширек ғасырға жуықтап қалды. Ал бүгінгі күн биігінен көз салсақ, күні кеше ғана ұлт тағдырын шешкен оқиғалар тікелей тіл мәселесінен алыс кетпеген.

Өткен ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында бұрынғы СССР территориясынан бөліп шыққан егеменді мемлекеттердің әлеуметтік және мәдени өмірінде айтарлықтай жемісті өзгерістер болғаны мәлім. Бұл, әсіресе, олардың тілінде, сөйлеу мәдениетінде бұқаралық ақпарат құралдарынан бастап барлық саларында көрініс тапты. Қазақстан да мұндай өзгерістерден шет қалған жоқ. Ұлт тілі мемлекеттік мәртебе алған соң, орыс тілі ресми тіл ретінде ұлтаралық қатынас тілінің рөліне ие болды. Сол кезден басталған қазіргі Қазақстандағы тілдік жағдаят - қоғамдағы саяси, этнодемографиялық, әлеуметтік және экономикалық өзгерістердің тікелей көрсеткішіне айналды. Славян тілділермен қатар, өзбек, ұйғыр, татар т.б. түркі тілдес халықтар арасына орыс тілі ұлтаралық және мәдениаралық қатынасты тереңдету қызметіне ие болғандығы белгілі.

Ұлттық сананың тереңдеуі мен ұлт мәдениетінің ерекшеленуі ХХІ ғасырдың соңғы он жылдығында жаһандану кезеңіне де тұспа-тұс келді. Қазақстан жағдайындағы көп ұлттық – (130-ға жуық мекен ететін) мәселесіне бұл жағдайдың ерекше әсері болды. Өйткені егемендік алған 90 жылдардың статистикасы бойынша жергілікті ұлт өкілдері сол кезде өз ана тілін 50% жетер-жетпесі ғана меңгерген. Ал ұлттар тілі мен олардың мәдени өмір сүру ерекшеліктері жаһандану үрдісінде біркелкі деңгеймен көрінбейтіні ақиқат шындық. Бұл арада орыс тілінің функционалдық қызмет шеңбері, әсіресе, терминологиялық салалары қазақ тіліне қарағанда жаһандануға қарсы тұрарлық қабілеті бар. Және бұрынғы кеңестік дәуірде де, қазіргі жағдайда да орыс тілінің Ресейден басқа ТМД мемлекеттерінде де дамуы, толығуы жүріп жатқан, жүре беретін процесс.

Ал басқа ұлт тілдері туралы әңгіме басқа. Мәселен, біртұтас кеңестік кезде жергілікті ұлт өкілдерінің азшылығы әрі кеңестік саясаттың ықпалымен білім беру мекемелерінің орыс тілінде басым болуы, ұлт тілінің ана тілі ретінде толық меңгерілмеуі, қолданыс аясының шектеулігі, кірме сөздер мен калькалардың көптігі, терминдердің аудармасыз енуі т.б. толып жатқан экстралингвистикалық фактілер қазақ мәдениетіне басқалай реңк әкелді. Ана тілінде емес, орыс тілінде білім алған жергілікті ұлт өкілдерінің басқа тілде сөйлеуімен қатар, бүкіл таным-болмысын, тәрбиесін, қазақи менталдығы мен ұлтқа тән мәдениетін бүтіндей өзгертті. Бұл қазақ әдеби тілінің кемелденуіне өзіндік кері әсері болғаны жасырын емес. Қазақ тілінде көркем әдебиет оқымайтын, өз ана тілінің сөз асылдарын танымайтын, білмейтін бірнеше ұрпақ қалыптасып үлгерді.

Қазақ ұлтының мәдени өмірінің ерекшеліктері ретінде фразеологизмдер менталдық бірліктер деп аталады [1,20]. Қазақ тіліндегі паремиологиялық, фразеологиялық қордан ұлт өмірінің менталдық таным ерекшелігі және тұрмыс-тіршілігінің мәдениеті байқалады. Өсіресе, фразеологизмдердің ойды бейнелі, суретті етіп жеткізудегі орасан тілдік қуатын пайдалану, жетілдіре түсу қазіргі жастар тілінде орын алмаған.

Өр ұлттың өзіндік ұлттық танымын танытатын стереотиптері оның ғасырлар бойы қалыптасқан мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінде жатыр. Сондай-ақ, тілдегі көркем де бейнелі сөз орамдары – фразеологизмдер әдеби тілдің байлығы және тіл мен сөйлеу мәдениетінің көрсеткіші.

Жылдар бойы қалыптасып, ғасырлар бойы қолданыстан түспейтін тұрақты тіркестер қазіргі жазба әдебиетте және қалың көпшіліктің сөйлеу мәдениетінде қандай ерекшеліктермен көрінеді деген сұрақ қашан да өзекті болмақ. Өсіресе, сөйлеу әдебі мен мәнері көмескі тартып бара жатқан жастар тілінің қазіргі хал-ахуалы туралы мәселе және ана тілінде сөйлейтіндердің тіл байлығы мен тіл тазалығы қазіргі қазақ ұлтының соқталы проблемаларына айналды. Бұл ХХ ғасырда дендеген ауру, ХХІ ғасырда тамыр жайып кетті.

Тіл – ұлттың жаны. Бұл аксиомаға айналған қағида. Өз ана тілінің мәнерлі де бейнелі сөздерінен хабарсыз, махрұм болып өскен ұрпақтар тілі қазақ сөйлеу мәдениетінің ежелден келе жатқан

би-шешендер дәстүрін қорғауға, жетілдіруге, насихаттауға, бір сөзбен айтқанда ұлтының образды сөйлеу ерекшелігін сақтауға тиіс еді. Алайда дәл бүгінгі қазақ жастарының сөйлеу мәдениеті мүлдем бөлек арнаға түсті, мұның барлығы билингвизмнің әсері деуге болады.

Кітап оқуды мүлде қойған қазіргі жастар тілінің жұтаңдығы, қысқа қайырыммен сөйлеуі, ойларын жеткізудегі сөз байлығының аздығы күн санап, уақыт озған сайын тереңдеп барады. Кезінде ата-анасының әке-шешесі, оның ата-бабасы, оның арғы бабалары сөйлеген ұлттың нәрлі тілі бүгінгі күнде қан сөлінен айырылып, мәнерлілігі азайып кетті. Бұл ересектерге де, жастарға да тән көрініс болғаны ақиқат. Тіпті алдымыздағы студент шәкірт, мәселен, мына фразеологиялық тіркестерді: *тігісін жатқызу* - ерсі, жағымсыз, жайсыз жайды жұмсарта сөйлеу; *пышақ кескендей тиылу* – бір нәрсенің, оқиғаның тез, кенеттен тез тоқтап қалуы; *түтіні бір жерде шығу* – тату болу; *ішкен асын жерге қою* – сыйлау, көңіл бөлу; *мұрнына су жетпеу* – қолы тимеу; *өз қотырын өзі қасу* - әркім өз күнін көру, әрекет ету; т.б [2] сияқты қолданыста жиі ұшырасатын тұрақты тіркестердің мағынасын бірен-сараны ғана тұспалдаса, көбі білмейді. Мұндай бейнелі тіркестер отбасынан жұқпай, мектеп қабырғасынан естілмей, кітаптағысы оқылмай, әйтеуір тілдің ұшына ілінбей қағыс қала береді.

Бүгінгі оқыған қазақтың рухани мәдениеті терең, жоғары. Алайда біздің сөйлеу мәдениетімізде бабалар тілінен қалған асыл сөз маржандары, образды тіркестер уақыт өткен сайын күннен күнге азайып, сөйлейтін сөзіміз ойлы болса да жеткізу өресінде сөзіміз нәрсіз, қысқа қайырылатын, үнемделеген үнсіздікке ойысып барады. Мұны заман ағымы десек те, бірақ ғарыш жылдамдығына ұқсас өтіп бара жатқан күндер тілімізді жұтаңдыққа әкеле жатқаны, қазақтардың өз ана тіліндегі асыл мұралардан қол үзуі осы салада еңбектеніп жүрген тілші ғалымдарды қатты алаңдатады.

Соңғы кезде өз ұлтының бұрынғы тұрмыс-тіршілігінен мүлдем хабарсыз, тіпті өз ұлтының мәдени өмірінен алыс кеткен, ал бейнелі сөйлеуді тек үлкен ақсақал, қарт адамдардың еншісіне қалдырған, қазақ тілін біле тұра тілге жанашырлығы жоқ, орыс тілі мен ағылшын тіліне басымдық беретін басқа жастар мәдени аренаға шықты. Студенттердің жазба жұмыстарында қисыны жоқ сөйлемдер кездеседі: «Тай шаптырым жерден бір күшік шыға келді». Өзі тай шаптырым жердей қашық болса, сол жерден күшік шыға келсе бұл қалай болғаны? Адамның көзі жетпейтін қашықтық емес пе? Немесе «Құрбым екеуміздің дәм-тұзымыз жарасып, басқаларға үлгі бола білдік». Өдетте қазақ ұғымында «дәм-тұзымыз жарасу» ерлі-зайыптыларға қатысты қолданылатын тіркес. Қазақ жастарының тілі әдеби кітап оқымаудың салдарынан тоқырауға ұшырады.

Қазіргі қазақ жастарының сөйлеу мәнерінің осыншалықты тоқырауын әрі қарай да сұрықсыздана беретінін қалалық қазақ мектептерінің 8-11 сыныптарында жүргізген сауалнама нәтижелері растап берді. Олардың тілдік ортасы - аралас дүбара қостілділікпен қарым-қатынас жасайтын орта. Мұның бәрі - тіл дамуынан тыс болып жатқан себептердің көрінісі. Енді осы сауалнама нәтижелерінің кейбіріне тоқталайық. Ұсынылған он екі түрлі фразеологиялық тіркестің түсінігін жазу үшін сауалнамаға Алматыдағы қала мектептері бойынша алты жүздей оқушы қатысты. Жүргізілген сауалнаманың кейбір нәтижелеріне назар аударайық. (Келтірілген мысалдардың басқа мақалаларда да пайдаланылғанын ескертеміз).

Тіліміздегі **бүйректен сирақ шығару** – болмашы жерден шатақ шығару деген мағынада айтылатын фразеологизм. Осы тіркестің түсінігін 9 сынып оқушылары былай жазады: *бір адамды соғып тастау; істі талаптанып, тырысып істеу; бір адамға ренжу; төбелес; милицияға түскен кезде біреуді соғып тастау; сабақты бұзу; өшін алу; бүйректен ұрыс шығару; бәрін тез істеу; бақылау; аурудан жазылу; жсаудан құтылу* т.б. Дәл мағынасын оқушылардың 12%, тұспалдап айтқандар- 21%, ал 67% мүлде түсінбейтіндер.

**Әліптің артын бағу** – істің, оқиғаның соңын күту мағынасындағы фразеологизмді 10 сынып оқушылары: *біреуді аңду; жақсы бағу; қарау; адамның сөзіне қарсы шығу; біреудің артынан жүру; күтіп, бағып-қағу; артынан өсектеу; соңынан жүру; білімді адамның жолын қуу; көп кітап оқып, біліммен айналысу; жұмыстың аяқталуы; оқуға көңіл бөлу* т.б. деп түсінеді. 97% дұрыс жауап жазбаған.

**Аза бойы қаза болу** – жаны түршіғу, бір нәрседен қатты сескену тіркесін 10 сыныптағылар былай таратады: *тәбеті болмау; ұялу; шаршау; қиналып өлу; ойлап сөйле деген мағынада; тұрмай жатып ауру; аяқ астынан; аң-таң болу; біреу үшін жсауапты болу; көп күту; өкпелеу; 1723 жылғы ашаршылық* т.б.

Сауалнамадағы бұдан басқа **көз салу** – қарау, көңіл бөлу; **кіндік кесін, кір жуған жер** – туған жер; **құлақ түру** – тыңдау, назар аудару; **мұрнын шүйіру** – жақтырмау, менсінбеу; **зықысы шығу** - әбігерлену, берекесі кету; **қас пен көздің арасында** – тез, жылдам; фразеологизмдеріне де берілген жауаптар көңіл көншітпейді. Кісі күлетін жауаптар.

Мысалы: **Құлақ түру** (досл. ) - *құлақты жыртықанда оз орнына тігу*;

**Кіндік кесін, кір жуған жер** – *роддом; таза жер; кіндігі кесілген бала; /9 сынып/; Ала ауыз болу – бұртиып алған; тілдің ұзындығы; отірікші болу; әр тілді білу; көп сойлемей, ауызға қақпақ болу керек; /8 сынып оқушыларының жауаптары/.*

Берілген жауаптардағы (**бүйректен сирақ шығару**) - милицияға түскен кезде ұрып тастау, біреуді соғып тастау сияқты жауаптар бекер айтылып жатқан жоқ. Қазіргі жастар өмірінде жиі кездесетін төбелес сияқты жағымсыз оқиғалар ішінде жиі естілетін милиция ұрып тастапты, біреудің бүйрегінен езіп тастапты сияқты сөздер олардың құлағына құйылып жатады. Сол ситуацияны тікелей қабылдаған санада осындай суреттер қалыптасқан. Ал *әліп* сөзін араб әлінбиінің бірінші әрпін оқушылар тура мағынада **кісі (біреу)** деп түсінеді.

**Табанынан таусылу** – фразеологиялық мағынасы ұзақ жүрістен шаршау; Ал оқушылар түсінігінде - *мекемеден справка /анықтама/ алу*. Бюрократ шенеуіктердің әрекетін оқушы ұзақ жүгірістің нәтижесі деп тек мекемемен байланыстырады. **Туған жер** ұғымын қазіргі жастар (перзентхана) *роддоммен* жай ұштастырып отырған жоқ. Олардың түсінігінде қай жерде тудың сол туған жер болып есептелетін сияқты. Асқақ сезіммен білдірілетін туған жер ұғымына бұл күнгі жастардың ой түйсігі әлі жетпейді, тіпті жетілмей де кетуі ғажап емес. Өйткені оған демеу болатын отбасылық ұлттық тәрбие кемшін. Шын мәнінде фразеологиялық деңгейде ғана ұлттық мәдени таным айқын көрінеді және халық менталитетінің айырықша сипатын байқатады.

Бізге дейінгі зерттеушілер жазып кеткендей түркітану саласында сонау ХХ ғасырдың 80 жылдарының өзінде түрколог-ғалым Н.А. Баскаков сол кезеңге дейін түбегейлі, мейлінше толық саралаған зерттеу болмаса да, біршама маңызды салыстырмалы-тарихи сипаттағы зерттеулердің болғандығын айтады. Сол кезеңдегі түркологиялық зерттеулер туралы Н.А. Баскаков мынадай пікір айтады: «Таким образом, современное тюркское языкознание обладает уже значительными достижениями в отношении понимания природы и сущности различных явлений фонологической, грамматической и лексической структуры конкретных тюркских языков. Этими успехами в познании специфики структуры тюркских языков мы обязаны в значительной степени русской и советской школе тюркологов-грамматистов Ильминского – Мелиоранского – Самойловича – Гордлевского – Дмитриева, которые в своих грамматических исследованиях вскрыли и показали сущность и природу многих явлений тюркской грамматики в сопоставлении с соответствующими явлениями индоевропейской и, в частности, русской грамматики» [1, 10 б.].

Түркі тілдерін тарихи-типологиялық сипатта қарастырудың өзі ХІХ ғасырдан басталған болатын. Осы бастап, түркі тілдерінің жекелеген тармақтарының лексикалық, грамматикалық және фонология-фонетикалық құрылымы дерлік қарастырылды. Түркологиялық зерттеулерде екі үлкен мектептің зерттеулері болды. Олар неміс зерттеушілері мен орыс зерттеушілері.

Типологиялық тұрғыдан зерделеген А.А. Казембек (Общая грамматика туранско-татарского языка. Изд. 1. Казань, 1839; изд. 2 – Казань, 1846.), О. Бетлингк (О. Bohtlingk. Über die Sprache der Jakuten. 1-2. СПб., 1848 -1851), В. Радлов, В. Вербицкий (В. Вербицкий и др. Члены алтайской миссии. Грамматика алтайского языка. Казань, 1869), П.М. Мелиоранский (Краткая грамматика казак-киргизского языка, ч. I. СПб., 1894; ч II. СПб., 1897; Араб-филолог о туранском языке. СПб., 1900; и др). В. Гордлевский, Н.К. Дмитриев т.б. зерттеушілерді атап өтуімізге болады.

Сонымен қатар батыс түркітанушыларының да еңбектерін атап өткен жөн. «В связи с этим следует отметить некоторую специфику результатов грамматических исследований западных тюркологов, использующих в большей степени сравнительно-исторический метод, тюркологов русской школы современных советских тюркологов, работы которых характеризуются в большей степени использованием типологических сопоставлений, что может быть объяснено отчасти и практическими нелями использования грамматик, ими составленных» [1, 11 б.].

Түркі тілдерін типологиялық тұрғысынан зерделеу дегенде, түркі грамматикасын жеке-жеке тіл деңгейлерін, саралап, жіктеп, зерделеу дегенді ұғыну қажет деп есептейміз. Осы жүйемен түркі

тілдерінің фонетикасы, лексикасы, морфологиясы, синтаксисі жіктеліп, зерттелді. Әр тіл деңгейінің зерттеу нысаны, пәні, мәселелері бар екенін, зерделеудің әдіс-тәсілдері бар екенінің болуымен әрқайсысы жеке тіл білімінің саласы екендігін көрсетті. Сол секілді әр тіл деңгейі де өз ішінде типологиялық жағынан зерделеуге болатындығымен ерекшеленеді. Мысалы, морфологияда жеке сөз таптары белгілі бір типологиялық, генетикалық ерекшеліктері мен өзгешеліктеріне орай, семантикалық, синтаксистік принциптеріне қарай бөлінеді. Осы жолмен түркі тілдерінің дауысты дыбыстарын да тарихи-типологиялық жағынан жіктеп, саралауға болады. Міне, тарихи-типологиялық жіктеу жолының да қолданысы кең екенін осыдан байқауымызға болады.

Түркі тілдерінің дауыссыз дыбыстарын тарихи-типологиялық ерекшеліктерін қарастырған профессор Б. Сағындықұлы зерттеудің тарихи-типологиялық тәсілі негізінде көп жетістіктерге жетті. Ғасырдан астам зерттеліп келе жатқан түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіне жаңалық енгізіп, бірігіп, кірігіп кеткен түркі лексикасын жіктеп, жіліктеп беріп, жаңа теориялық саралауларын тілші қауымға ұсынды. Сол себептен де ғалымдардың тарапынан түркологиядағы елеулі жаңалық түрінде танылды. Бүгінде ғалым Б. Сағындықұлының жаңа теориялық зерделеулерінің нәтижесінде қазақ тілінің тарихы жаңаша жазылып, түбіртек теориясы атты жаңалық енгізіліп, “Силлабология” атты жаңа сала өмірге келіп, магистранттар мен докторанттарға элективті пән ретінде оқытылып жүр.

Сонымен қатар түркі тілдерін математикалық тұрғыдан зерделеулер де өзінің нәтижелерін беріп жүр. Мәселен, профессор Б. Сағындықұлының «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» атты зерттеу еңбегінде математикалық тәсілді қолданып, салыстырмалы-тарихи зерттеу жасағанын көреміз. «Т/с/ш күрделі аффрикаты қазіргі кездің тұрғысынан үш (т/с/ш) дыбыстан тұратын сияқты көрінгенімен, өз заманында бір-ақ фонеманың орнында жүрген. Сондықтан оны да дауыссыздардың қатарына қосамыз. Бұл дауыстылар мен дауыссыздар бір-бірімен мынадай фонетикалық комбинацияда болып, тілдік қызмет атқарған.

1. ат [с/ш], м[с/ш]а, ут[с/ш], т[с/ш]у, ит[с/ш], т[с/ш]и;
2. аһ, һа, үһ, һу, иһ, һи;
3. ар, ра, ур, ру, ир, ри;
4. аһ, һа, үһ, һу, иһ, һи.

Осы жиырма төрт вариантты төрт түбіртек ата тілдің бүкіл коммуникативтік қызметін қалай атқарған деген сұрақ туады. Жауабы біреу: дауыстылар мен дауыссыздардың әрқайсысы жеті түрлі мәнерде айтылған. Сонда әр вариант жеті жердегі жеті қырық тоғыз мәнерде дыбысталатын болған. Әр түбіртек 294 мәнерде қолданыс тапқан. Ата тілді тұтастай алғанда төрт түбіртектің 1176 мәнері пайдаланылып, адамзат ойын терең жеткізген» [2].

Әрине, біздің зерттеу жұмысымыз үшін математикалық тәсіл арқылы жіктеп берген ғалымның көрсетіп берген жолының, тәсілінің берері мол болмақ деген ойдамыз.

Түркі тілдерінің типологиялық ерекшеліктерін зерделеген ғалымдардың еңбектерінен мынадай ой түйюімізге болады: дауысты дыбыстардың саны, олардың ой жеткізуге жеткілікті болуы, 8 дауыстының 4 түрі негізгі де, қалғандары фонетикалық варианттары екендігі, 8 дауысты дыбыстың кей түркі тілдерінде 9 дауысты болуы; 16 дауысты фонеманың созылықтылығына сәйкес 4 қосымша корреляциясы болуы, осы корреляциялардың пайда болуы дауысты дыбыстардың аз болып, дауыссыз дыбыстардың құрамының баюына алып келуі, (Н.А. Баскаковтың тілімен айтсақ, “развитие фонологическое имеет тенденцию обеднение вокализма и обогащения консонантизма”), сингармонизм заңының сақталуы кей тілдерде умлауттың пайда болуына алып келуі секілді мәселелер зерттеу жұмысын жазу барысында бізге көп ой салды.

Ал дауыссыз дыбыстар туралы мынадай мәселелер бізді көп ойландырды: ерте кездегі дауыссыз дыбыстардың санының қазіргіге қарағанда аз болуы, қазіргі 17 дауыссыз дыбыстың түп негізі қай дауыссыздар екендігі; сөз құрамындағы үнділердің тұрақтылығы, қатаң дауыссыздардың аффрикаттардан ажырағандығы, тіл тарихынан белгілі ч (тш), ң (тс) аффрикаттарынан бөлек th аффрикатының болғаны, одан тараған дауыссыздар, осы аффрикаттардың ажырауының негізінде пайда болған лексикалық бірліктер т.б. қазіргі қарым-қатынасымызды толық қанағаттандыратын сөздердің сыртқы жамылғышы болғаны біз үшін қызықты да, таң қаларлық.

Ал енді түркі тілдерінің дауысты және дауыссыз дыбыстарын тарихи-типологиялық зерттеу әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, жіктеу үшін өзге де тілдік зерттеу әдістері көмекке келеді. Салыстырмалы-тарихи зерттеу әдісі, ретроспективті, ареалды зерттеу әдістері түркі тілдерінің

дауысты-дауыссыз дыбыстарының тарихи-типологиялық жіктелісін нақты, дәлелді ажыратуға септігін тигізеді. «Историко-типологические исследования могут иметь различный объем и охват языков от одного языка, где типологические схождения и расхождения выявляются в диалектах, представляющих различные степени типологической эволюции данного языка, до родственной группы языков, основной задачей типологического изучения которой является вскрытие общего типа структуры языков данной группы и от типологии различных групп языков до типологии всех языков мира, имеющей конечную цель изучения – разработку основ универсальной грамматики» [1, 25 б.].

Түркі тілдерінің дауысты дыбыстарын типологиялық талдау жекелеген тілдердің адстраттық, субстраттық ерекшеліктерін қарастырумен тығыз байланысты. Негізінен, түркі тілдерінің фонетикасын тереңдей зерттесе, адстраттық, субстраттық құбылыстың түркі тілдерінің қайсысы түп негіз, таза түркі тіліне, эталон тілге жақындайтынын анықтауға мүмкіндік береді. Десе де, бүгінгі күнде түркі тілдеріне ортақ, эталон тілге жақын деп жүрген ерекшеліктер бірде бір тілдің жеке ерекшелігі бола алмайды. Себебі түркі тілдерінің барлығы да түгелдей дерлік фонетикалық өзгеріске ұшыраған. Мұндай өзгерістердің болуына, біріншіден, уақыт факторы әсер етсе, екіншіден, қоғамдық-әлеуметтік жағдай да әсер етеді. Саяси жағдайдың әсерлерінің де түркі тілдерінің дамуы үшін мол болғанын білеміз. Қырғыз ғалымы Қ. Дыйқанов кезіндегі саясат түркі наречияларын жеке-жеке тіл деңгейіне көтеріп, олардың ара-жіктерін ажыратқандығын “Қырғыз тилинин тарыхы” атты еңбегінен көреміз [3]. Әрине, бір кездері В.Радлов «наречие» деп атаған түркі тілдерінің барлығы дерлік жеке-дара тіл атанып, бүгінде ұлттық тіл дәрежесіне көтеріліп отыр. Бұл бір жағынан ұлт болып танылудың бірден-бір белгісі жеке тіл екендігі түркі ұрпақтарын қуантқанмен, салдарының да аз болмағаны, болмайтыны анық.

Н.А. Баскаков түркі тілдерін тарихи-типологиялық тұрғыдан талдауда осы тілдердің тарихи дамуы кезеңдеріндегі ішкі және сыртқы лингвистикалық факторлардың әсерінің мол болғанын жазады.

Осылайша түркі тілдерінің генетикалық және типологиялық топтарының белгілі бір этаптағы даму процесінде нағыз эталон құрылым анықталады. Осы құрылымның ретроспективті даму фазалары мен жекелеген тілдік перспективті даму деңгейі анықталады. Осылайша даму хронологиясын да белгілеуге болады. Бірақ түркі тілдерінің фонетикалық даму хронологиясын дөп басып айту қиын. Ол есте жоқ ескі замандарда құрылғандықтан, бұл біз үшін қиындық тудырады. Десе де, V-VIII ғасырдағы түркі тілдерінің фонетикасын негізге ала отырып, белгілі бір түйін шығаруға да болады. Бірақ бүгінде бұтақтанып кеткен түркі тілдерінің фонетикалық дамуы былай болды деп нақты айтудың өзі – күрделі мәселе.

Бүгінгі күнге дейін түркі тілдерінің аморфты, флективті, агглютинативті жүйені бастан кешіргендігін ескеріп, фонетикалық құрылымын, дауысты дыбыстарының тарихи-типологиялық жіктелісін анықтаудың өзі қиындық тудырса да, қазіргі түркітанудың алдында тұрған мәселелердің бірі.

Қазіргі түркі тілдерінің дауысты дыбыстар жүйесін шартты түрде алғашқы құрылымына жақындату үшін мынадай типтерін ажыратып алуға болады:

- 1) оғыз тобындағы тілдердің дауыстыларына қатысты қарастыру жүйесіне;
- 2) алтай типіндегі дауыстылар жүйесі негізінде;
- 3) қыпшақ типіндегі дауыстылар жүйесі негізінде;
- 4) тува-тофалар тіліндегі дауыстылар жүйесі негізінде қарастыруға болады.

Оғыз типіндегі тілдердің бет-бейнесі, негізінен, түркімен әдеби тілінде көрініс тапқан. Сонымен қатар якут тілі, халадж тілі, өзбек тілінің оғыз говорынан байқалады. Ал әзірбайжан тілінде, түрік, гагауз, чуваш тілінің кейбір бөліктері кіреді.

Қыпшақ тілдер тобына бірінші кезекте қазақ тілі, ноғай, қарақалпақ, қырым татарларының тілі, өзбек тілінің қыпшақ говорлары, татар, башқұрт тілдері енеді.

Тува-тофалар тіліне тува және тофа тілдері жатады.

Қазіргі түркі тілдерінің дауысты дыбыстар жүйесінде 8 немесе 9 дауысты тембрлері бар. Әр дауысты 2 немесе 3 артикуляциялық ерекшелігіне сәйкес белгіленеді (анықталады). Алтай және қазақ тілінде 8 дауысты, *a, o, y, u, ä, ö, i, ü* және *a, o<sup>u</sup>, ä, u<sup>o</sup>, e, ö<sup>u</sup>, ä, ü<sup>o</sup>*. түркімен тілінде 9 дауысты бар деп есетеледі: *a, o, y, u, ä; e, ö, i, ü*.

Оғыз типтері жүйесіндегі тілдерге дауысты дыбыстар бір-біріне квантитет бойынша қарама-қарсы қойылады. Мысалы, түркімен тілінде 16 дауысты дыбыс бар. Олардың 8-і созылыңқы да, 8-і қысқа дауыстылар.

<i>a:</i>	<i>o:</i>	<i>y:</i>	<i>u:</i>	<i>e:</i>	<i>ö:</i>	<i>i:</i>	<i>ı:</i>
<i>a</i>	<i>o</i>	<i>y</i>	<i>u</i>	<i>e</i>	<i>ö</i>	<i>i</i>	<i>ı</i>

Ал тува-қарағас тілдері жүйесінде фарингалданған дауыстылар бар: Олар бір-біріне үшжақты қарама-қарсы қойылады. Мысалы: а – а: – а<sup>h</sup>.

Э.Р. Тенишевтің редакторлығымен жарық көрген «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика» деп аталатын еңбекте қазіргі түркі тілдерінің вокалдык жүйесі ауыспалы, яғни өзгерген деген пікірді ұстанады. Сөзбе-сөз келтірер болсақ: «Большинство современных вокалических систем в синхронном плане являются «переходными», т.е. огузско-кыпчакскими (например, гагузская), кыпчакско-алтайскими (хакасская) и т.д., а исторически – сложными, являющимися обычно результатом взаимодействия нескольких систем, в том числе тюркских, а также тюркских и иноструктурных: иранских, финно-угорских, славянских и т.п. В этом плане показательны, например, кумыкская (в совокупности всех диалектов) система огузско-кыпчакского типа или узбекская, так называемая иранизированная система из шести членов (*o, e, i, u, a, o<sup>h</sup>*) и ее варианты. Исторически смешанными являются, например, якутская, чувашская, тувинская, ново-уйгурская, сарыг-югурская системы» делінген [4, 17 б.].

Тілдердің бір-бірінен ажырауы, яғни түркі тілдерінің бір-бірінен жеке-жеке тіл болып ажырауы кезінде пайда болған. Қ. Дыйқановтың айтуынша, қырғыз тіліндегі қосарланған созылыңқы дауыстылар қолдан жасалған созылыңқы дауысты дыбыстар болатын. Сол себептен де екіншілік сипатқа ие созылыңқы дауыстылардың ортақ созылыңқылардан айырмашылығы бар деген сөз.

Түркі тілдерінің дауыстыларының тарихи-типологиялық жіктелісін жасау үшін мынадай нәрселерді есте ұстаған жөн: біздің зерттегелі отырғанымыз кез келген жекелеген түркі тілінің вокализмі болғанмен, салыстыру кезінде сол тілдің даму заңдылықтарын есте ұстаған жөн. «Во-первых, установление характерной для тюркских языков идеальной образцовой структуры или апогейного эталона их основных дифференциальных признаков, которые характеризуют каждый из уровней этой структурой; во-вторых установление процессов становления этой идеальной структуры и ее модификаций, которые образовались под влиянием внутреннего развития, внешних факторов и в том числе различного рода субстратов и адстратов и, в-третьих изучение общей системы взаимозависимости и иерархии всех аспектов или уровней языка, а также основных типов синтаксических, морфологических и фонологических единиц тюркских языков; в-четвертых, наметка относительной хронологии развития конкретных моделей по каждому уровню, определение специфических признаков их отклонения от идеального (апогейного) эталона и установления тех факторов, которые явились причиной для этого отклонения, и наконец, в-пятых, установление места структуры тюркских языков по отношению к другим языкам» [1, 28 б.].

Түркі тілдерінің дауысты дыбыстарын жіктеудің үш түрлі мәселесі бар:

Бірінші, лексикалық бірліктер құрамындағы дауысты дыбыстардың ара-жіктерінің ажырауының себептерін қарастыру.

Екінші, оғыз типі жүйесіндегі алғашқы («первичный») созылыңқы және қысқа дауыстылардың өзге типтегі тілдердің дауысты дыбыстары үшін бастапқы дыбыс бола ала ма екен, осы мәселе де түркі тілдерінің дауысты дыбыстарын қарастыруға негізгі мәселелердің бірі болып қалмақ.

Үшінші, тува-қарағас тіліндегі фарингализация жалпы түркі вокализміндегі белгісіз, жойылған белгі болып қала ма, жоқ әлде, кеш пайда болған регионалды құбылыс па деген мәселені қарастыру.

Көне түркі тіліндегі *it-ut, in-yn* деген сөздердің пайда болуы дауысты дыбыстардың фонетикалық варианттарының пайда болуына алып келеді. Дауысты дыбыстардың фонетикалық варианттарының мәселесін шешу үшін вариантталудың пайда болуының шегі бар ма, қай кезде пайда болды, яғни хронологиясы және себептері секілді үш түрлі мәселені шешу керек.

Қорытындылай келе, қарастырылып отырған түркі тілдерін зерделеудің тарихи-типологиялық әдіс-тәсілдері кез келген түркологиялық зерттеудің тиімді жолы болмақ. Түркі тілдерін зерттеудің тарихи-типологиялық әдіс-тәсілі біздің зерттеу жұмысымызға дейін жазылған көптеген еңбектерге

арқау болған. Түркі тілдерін жеке-жеке қарастыруда, бір түркі тілінің (мысалы, қазақ тілінің) тілдік парадигмаларын зерделеуде немесе бір деңгейдің (мысалы, фонетиканың) өз ішіндегі зерттелетін мәселелерін, сондай-ақ бір ғана дауысты дыбыстың тарихи-типологиялық жіктелісі де жеке тақырып болып зерттеу жұмысына арқау бола алады.

1. Баскаков Н.А. Историко-типологическая характеристика структуры тюркских языков: Словосочетание и предложение. Изд. 2-е, стереотипное. – М.: КомКнига, 2006. 288 с.
2. Сағындықұлы Б. Түбіртек (силлабофонема) теориясы //Құдайберген Жұбанов және қазақ тілі білімі. Алматы, 1999. 210-216-бб.
3. Дыйқанов Қ. Кыргыз тилинин тарыхы. I. Бішкек, 1995. – 124 б.
4. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. Под ред. Э. Тенишева. М., Наука, 1984, 484 с.

## ИСТОРИКО-ТИПОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ЯЗЫКА

Г. Шойбекова - докторант PhD КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

e-mail: [shoibekova\\_gaziza@mail.ru](mailto:shoibekova_gaziza@mail.ru)

Б. Сағындықұлы – д.ф.н., профессор

### Резюме

В статье рассматриваются проблемы историко-типологического исследования языка. Результаты историко-типологического метода исследования по отдельным тюркским языкам очень важны для дальнейшего развития языка и для решения проблемы разных отраслей тюркологии. Например, в морфологии отдельные части речи разделены по типологическим, генетическим особенностям и по семантическим и синтаксическим принципам. По этой же системе можем рассматривать классификация гласных.

Типологический анализ гласных звуков тюркских языков тесно связан с такими терминами, как субстрат, суперстрат, адстрат.

На сегодняшний день мы не можем конкретно отметить определенный тюркский язык, как эталон для всех тюркских языков, так как фонетика всех тюркских языков подвержены искажению.

**Ключевые слова:** язык, сравнительно-исторический метод, историко-типологическое исследование, историко-типологическая классификация, тюркские языки, казахский язык, гласные, язык-эталон.

## HISTORICAL AND TYPOLOGICAL STUDY OF LANGUAGE

G. Shoibekova – PhD students KazNU Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

B. Sagyndykuly – doctor of philological sciences, professor

### Summary

The article discusses the historical and typological study of language. Results of a historical and typological method of research on separate Turkic languages are very important for further development of language and for a solution of the problem of different branches of Turkic Studies. For example, in morphology separate parts of speech are divided by typological, genetic features and by the semantic and syntactic principles. Classification of vowels can be considered on the same system.

The typological analysis of vowels of Turkic languages is closely connected with such terms as a substrate, a superstratum, adstrat.

Today we can't specifically note a certain Turkic language as a standard for all Turkic languages as phonetics of all Turkic languages are subject to distortion.

**Keywords:** language, comparative-historical method, historical- typological research, historical-typological classification, Turkic languages, Kazakh language, vowels, standard language.

УДК 811 512.122.42.

## АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ҚЫЗ» ТҰЖЫРЫМЫНЫҢ КОГНИТИВТІК – СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

**А.Н. Юсуп** – Абай атындағы ҚазҰПУ, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

**Түйіндеме:** Мақалада ақын-жыраулар поэзиясындағы «Қыз» тұжырымының ақпараттық мазмұнына когнитивтік-семантикалық талдау жасалған.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы «Қыз» тұжырымына байланысты қалыптасқан атаулар мен тілдік қолданыстар ұлт тілінің даму ерекшелігін және ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткішін айқындайтын тілдің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Сол себепті қазіргі қазақ тіл білімінде тұжырымдық атаулар семантикасындағы ұлттық танымның бейнеленуіне ерекше көңіл бөлінуде. Әр халықтың тұжырымдық атаулары – сол ұлттың болмысына сай қалыптасқан, таным-түсінігінде сақталған негізгі көздері. Сондықтан ұлттық дүниетаным мен халықтың бітім-болмысына сай қалыптасқан қазақы «Қыз» тұжырымының ақын-жыраулар поэзиясындағы өзіндік сыр-сипатын, әлеуметтік қоғамдағы рөлі мен қызметін саралау, оның ақпараттық мазмұнын айқындап, даму динамикасын, жанару үрдісін тілтанымдық тұрғыдан анықтаудың мәні ерекше.

Мақалада ақын-жыраулар поэзиясындағы «Қыз» тұжырымы, аталған тұжырымнан өрбитін микротұжырымдар тізбегі, олардың қазақ поэзиясында түрлену сипаты айқындалады.

**Тірек сөздер:** тұжырым, ақын-жыраулар шығармашылығы, ұлттық таным, қазақы дүниетаным, когнитивтік классификациялық белгілер, жыраулар поэзиясы, микротұжырымдар, сөз өнері, мәдени атаулар, когнитивтік модель, тілдік құралдар.

Тарихи даму барысында адам санасынан орын алған тұжырымдар әрқашан өзгеріске түсіп отырады. Себебі, адамзат баласының өмірлік тәжірибесі, таным-түсінігі белгілі бір тұжырымдардың ассоциативтік өрісін кеңейтіп, ақпараттық мазмұнын толықтыра түседі. Мәселен, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық таным мен халықтық сананың айқын көрінісін танытатын тілдік тұжырымдар ауыз әдебиеті үлгілерінен бастау ала отырып, қазақ халқының ұлт болып ұйысқан кезеңіндегі төл әдебиеті – ақын-жыраулар шығармашылығынан да анық көрінеді.

Ақын-жыраулар поэзиясында түрленген «Қыз» тұжырымын түрлі аспектіде қарастыру оның когнитивтік-семантикалық сипатын аша түседі. Соған сәйкес «Қыз» тұжырымы да қазақ қоғамындағы өзгерістерге сай өзгеріске ұшырап отырған. Оның айғағы халық ауыз әдебиетіндегі сұлу қыздың кескін-келбетін бейнелейтін тілдік құралдардың бірі – поэтикалық метафора. Мысалы, сұлу қыздың қасы – садақ, ал кірпігі – өткір жебе.

Ауыз әдебиеті үлгілерінен еркін сусындаған Шәді ақын, осы игі дәстүрді өз шығармаларында өте орынды пайдаланды:

Қасы – жай, шашы–сүмбіл, аузы–ғунча,  
Нәзіктік–түзілікте белі қылша.  
Сымдай тән, нәзік бәдән, шірін забан,  
Жүзінің зипалығы қызыл гүлше .

Немесе:

Қараса ұйықтап жатыр бір сұлу қыз,  
Қасы – ай, кірпігі – оқ, шашы–құндыз,  
Жүзінен нұры шығып шұғлаланған,  
Ай мысал он төртінші, яки жұлдыз.

Ақын-жыраулар шығармашылығы қазақ халқының ойлау және өзін-өзі тану өрісіне анағұрлым толық сәйкес келеді. Олар осы негізді басшылыққа ала отырып, қазақы дүниетанымның асқақ рухын, әлеуметтік қоғамның мән-мағынасын қазақтың шұрайлы тілі арқылы тамаша бере білген. «Қыз» тұжырымы да олардың шығармашылығында заманына сай түрлене түседі. Қуатты ана тілі арқылы ақын-жыраулар өз шығармашылықтарында қазақ тілінің байлығы мен қуатын, эзотериялық терең мүмкіндіктерін толық пайдаланғанын байқаймыз. Е.С.Кубрякова өз еңбегінде қоғам мен танымның даму үдерісіне қарай тілдегі тұжырымдардың да дамып, қалыптасып өзгеретіндігін және де соның негізінде басқа да абстрактілі туынды тұжырымдардың пайда болатынын айтады. Ғалымның

пікірінше, «Не сомневаясь в том, что у истоков человеческого опыта оказывались концепты, основанные на телесном опыте и обобщающие опыт тела, полагаем вместе с тем, что с развитием человека подобный опыт выходил далеко за пределы прямого восприятия мира в ситуациях присутствия человека в этих актах и непосредственного его столкновения с тем или иным фрагментом реальности... Человек не только обозначал, но и описывал его. В таких описаниях рождались новые концепты...» [1,166]. Ғалымның пікірін таратар болсақ, тұжырым бұл әлеуметтік қоғамда ғана үнемі түрленіп тұратын үдеріс емес, сонымен бірге жеке тұлғаның санасында да заманның ағымына қарай өзгеріске ұшырайтын құбылыс.

Жыраулар поэзиясында «Қыз» тұжырымының аясында қалыптасып, түрленген «Ару», «Сұлу», «Бикеш» сияқты микротұжырымдар негізгі тұжырымның мазмұнын және де оның когнитивтік классификациялық белгілер жүйесін құрайды. Кеңестік тіл білімінде семантикалық белгілер деп танылып келген бұл белгілер қазіргі когнитивтік терминологияда когнитивтік классификациялық белгілер (З.Д.Попова, И.А.Стернин) деп аталып жүр. Сол себепті сөйлеу барысында тұжырымның когнитивтік классификациялық белгілері түрліше аспектіде қарастырылады. Жыраулар поэзиясында «Қыз» тұжырымының микротұжырымдары әртүрлі аспектіде көрінеді.

«Ару» тұжырымы жыраулар поэзиясында – кең қолданыс тапқан тұрақты микротұжырымдардың бірі. Ш.Сарыбаев «*ару*» сөзі тілімізде әдетте «әдемі, сұлу» деген мағынада жұмсалады. Кейбір түркі тілдерінде *ару* түбірі *таза, кіршіксіз, әулие* деген мағынада жұмсалады. Алтайша *ару* – таза. В.Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» (Санкт Петербург, 1893-1911. I-IV.) сөздігінде таза, жақсы, әулие мағынасында, Л.Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий со включением употребительных слов арабских и персидских с переводом на русский язык» (Санкт Петербург, 1869-1871. I-II.) сөздігінде таза, жақсы, құдіретті мағынасында берілген», - дейді (2,ҚТҚЭС). Яғни, жыраулар поэзиясында «ару» сөзі кіршіксіз, таза, қасиетті деген ұғымдарды білдіре отырып, кеңістікті-уақыттық және құрылымдық аспектілерде қарастырылады. Мәселен, Доспамбет пен Шалкиіз жырауда «Ару» тұжырымының әлеуметтік ортада алатын ролі сипаттала келе, кеңістікті-уақыттық аспектіде қарастырылса, ал Ақтамберді жырауда арудың барлық ерекше қасиеттері (адалдығы, сұлулығы, пәктігі, нәзіктігі, т.б.) сипатталып, құрылымдық аспектіде қарастырылады.

Доспамбет жырау:

Зерлі орындық үстінде,  
Ақ шымылдық ішінде,  
Тұлымшағын төгілтіп,  
Ару сүйдім өкінбен...

Немесе

Аргымақтың талдай мойнын талдырып,  
Үйде қалған *арудың*  
Ал иіндігін аудырып».

Шалкиіз жырау:

Алғаным *ару* болмаса,  
Алдыма алып сүймен-ді...

Ақтамберді жырау:

*Арудан* асқан жан бар ма,  
Жылқыдан асқан мал бар ма,

Суырыпсалма сөз өнерінің жетік өкілі ретінде Ақтамберді жырау өз шығармаларында алмас қанжардай тіліп түсетін өткір сөздерімен халықтың бойына отансүйгіштік рухты ғана сіңірін қоймай, сонымен бірге қалың қауымға әсер ететін, дүниетанымын кеңейтін, арман-тілегін шындайтын, мақсат-мүддесін айқындайтын асыл сөздер айтады. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, жырау шығармаларын табанасты шығарып, ерлікке үндеп, жоңғарларға қарсы жорықтар кезінде қол бастап, ерлік көрсеткен батыр, жалынды жыраулардың бірі болған. «Күмбір-күмбір кісінетіп» деп басталатын атақты шығармасында ол жігіттің алдына қойған арман-тілегі, мақсат-мүддесінің қандай болатындығын жырлайды. Оның бұл шығармасынан тұлпар мініп ту ұстап, ел шетіне қорған боп ерлік атын шығаруды аңсаған батыр адам үні естіліп тұрғандай болады. Оның ойынша, ер жігіттің бір арманы қызбен байланысты. Яғни, ер жігіт тек қана батыр атанып, қолына жалаулы найза алып,

жауға аттанып қоймайды, сонымен қатар оның арманы әлемде теңдесі жоқ сұлу қызды құшу болып табылады. Жырау ер азаматтың алдына қойған мақсат-мүддесін былай термелейді:

Күлдір-күлдір кісінетіп,  
Күреңді мінер ме екенбіз,  
Күдеріден бау тағып,  
Қамқапты киер ме екенбіз?...  
Күрек тісін қаскитып,  
Сұлуды құшар ма екенбіз...

Жырау өз шығармаларында «Қыз» тұжырымын өзіндік ою-өрнектермен, сұлу сөздермен беріп қана қоймай, сонымен қатар жырларының екі жолымен-ақ сол дәуірдегі қазақ қызының бүкіл болмыс-бітімі мен қадір-қасиетін ашып береді. Мәселен,

...Қыздың көркі құлпыда,

Жігіттің көркі жылқыда..., –дей келе жырау қыз баланың табиғатынан әр нәрсеге қызыққыш, еліктегіш келетіндігін көрсетеді. Бұл жыр жолдарындағы «құлпы» сөзі матаның атауын білдіреді. «Қазақ тілінің сөздігінде» айтылғандай, құлпы дегеніміз қазір қолданыста жоқ көнерген сөз, өңі құлпырып тұратын жібек мата атауын білдіреді. Мұндай қолданыс «Көрұғлы» жырында да кездеседі:

Қыз балалар киім киер құлпыдан,  
Жаяу озбас деп ойлайды жылқыдан.

Күнделікті өмірде болсын, көркем әдебиетте болсын «Қыз» тұжырымының жынысқа қатысты дифференциалды когнитивті белгісінің қарама-қарсы жұбы бұл – «Жігіт» тұжырымы. Ақтамберді жырауда екі тұжырым қарама-қарсы мәнде бір-біріне салыстырыла суреттеледі. Қашанда қызын үкілеп өсірген қазақ халқы қызын ерекше құрметтеген. «Судың түбін шым бітереді, даудың түбін қыз бітіреді» деген қағиданы ұстанған халқымыз қыз аузынан дуалы сөз шықса, құлақ асқан. Жыраудың:

Түйе мойнын тұз кесер,

Жігіт мойнын қыз кесер..., - деген сөздері осыны дәлелдегендей. Яғни, жыр жолдарының мән-мағынасы жігіттің тентегін қыз басар дегенге саяды. Мұндай элементтер «Айман-Шолпан» жырында да кездеседі. Эпоста ақылды, би қыздың үлгісінде көрінетін Айман бүкіл руының (тама) қамын ойлайтын тұлға ретінде көрінеді. Өзінің ақыл-айласымен ол жеке басын ғана құтқарып қоймай, бүкіл тама, жетіру, шекті елінің арасын да бітістірін жібереді.

Жыраулар поэзиясының аса көрнекті, танымал өкілдерінің бірі Бұқар жырау «Бикеш» тұжырымының интеллектуалды-модальды қасиетін алға тартады. Яғни, қыздың сұлу тәні, кескін-келбеті, сазды дауысы, назды қылығы түрлі лексемалар арқылы беріледі. Жыраудың атақты «Бірінші тілек тілеңіз» жырының он бірінші тілегі түгелдей қызға арналады.

... Он бірінші тілек тілеңіз,  
Он бармағы қыналы  
Омырау жұпарлы  
Исі жұпар аңқыған,  
Дауысы қудай саңқыған,  
Назыменен күйдірген,  
Құлқыменен сүйдірген  
Ардақтап жүрген бикешің,  
Жылай да жесір қалмасқа...  
...Төркіндеген бикешің  
Тіркеусіз ол да қайтар малдан соң...  
...Қыз он беске келгенде,  
Шашынан көп жаласы...  
Байлар қызы бикештер  
Қол бұлғайды-ау жаз күші...

Ақын-жыраулар сұлу қызды суреттегенде, небір тілдік қолданыстарды, сөз өрнектерін пайдаланады. Олардың шығармашылығында қазақ қызының бүкіл сән-салтанаты көркем тілмен баяндалып, қызға қатысты жырға қосылмаған дүние қалмайды. Мысалы, Мұрат Мөңкеұлы өзінің сұлу қызды суреттеген мына өлең жолдарында киім атауларын былай өрбітеді:

Қамқа бөрік, кәмзол, бешипент, алтын ілгек,  
Ақ көйлек, зер шашақтанкиінген қыз.  
Қызығың дүниенің сізде көрін,  
Ата-анаң үйде отырып сүйінген қыз.  
Бұрандап ақ моншақтай керілген қыз,  
Оздырдың салтанатты еліңнен қыз,  
Қосшы ертіп, үкі қадап, етік киіп,  
Көшкенде салтанатың көрінген қыз... [3, 1316].

Ақынның осы өлең жолдарынан-ақ біз қазақ қызының киім киісінің өзінен бүкіл сән-салтанатын көре аламыз.

Негізінен дәстүрлі қазақ қоғамында бір ғана киімнің атауы оның иесінің әлеуметтік ортасы туралы хабар берін, коммуникативтік қызметін аңғартса, сонымен бірге адамзат баласының көркемдік, сұлулық мұраттарын жүзеге асыратын эстетикалық қызметін де білдіреді. Ж.Кейкін өз зерттеуінде киім атауларының гендерлік жіктелісіне де аса зор мән берген. Ғалым өз еңбегінде былай деп ой қорытады: «Қыздар мен әйелдердің өздеріне лайықтап сәндеп тіккен шапандары, шекпендері, тайжақылары, тондары, ішіктері, т.б. сырт киімдері болған. Үлгілері, нақыштары ерлердің киімдерінен өзгешерек, тігістері жатық, кестелі, зерлі, оқалы, пішімі сыпайы, сәнде келеді» [4, 976]. Бұдан біз тамыры тереңге тартқан мәдени атаулардың ұлттық нақышымызды толық сақтағанын аңғарамыз. Оған дәлел ретінде ақын-жыраулар поэзиясынан көптеп мысалдар келтіруге болады.

«Қыз» тұжырымының когнитивтік моделі мен ақпараттық мазмұны сал-серілер поэзиясында да әдемі көрініс тапқан. Негізінен сал-серілік қазақ халқының өнері мен мәдениетінің биік үлгісі болып есептеледі. Өйткені, қазақ жігітіне тән ақындық, сазгерлік, әншілік, мәрттік, жомарттық, абыройлылық секілді асыл қасиеттер осы сал-серілердің бойынан табылған. Ақан сері, Біржан сал, Балуан Шолақ, Сегіз сері, Иманжүсіп, Үкілі ыбырай, Мәди, т.б. секілді аты дүйім қазаққа танымал ер-азаматтар болған. Халық оларды елдің еркесі, ойын-сауық пен той-томалақтың ажары деп қабылдап, ешқашан ренжітпеген. Оларды күтіп-баптап қарауды, әрине, халық қыздарға жүктеген. Бұл туралы этнограф-жазушы С.Кенжеахметов былай дейді: «Сал жорға немесе жүйрік ат мініп, қоржынын, қойны-қонышын асыл-тас, қымбат бұйымға толтырып, елде жоқ ерекше үлгімен тігілген қымбат киім киіп келін, өзі ұнатқан қызды ауылдың сыртына келіп аттан құлап жатады. Ауыл сыртында әнге басқан әлгі салды қыз-келіншектер киізге салып ауылға көтеріп әкелетін болған. Одан әрі ойын-сауық, ән-жыр, қыз-жігіт айтыстары сияқты өнер бәйгесіне жалғасады. Осындай қызық үстінде епті қыз-келіншектер салдың артып әкелген барлық асыл бұйымдарын қыл үстінен бөліп әкетеді» [5, 2796].

Бар жиған-тергенін салдық жолда сарп еткен қайталанбас мінез-құлықтарымен «Жеке сал» атанған атақты Бәшен салдың өлең жолдары жазушының осы ойларын толық дәлелдейді:

Мен өзім жасымнан-ақ Бәшен салмын

Артылған қатарынан әсем салмын

Су ішпей, қымыз ішпей шөлдегенде

Сүт ішкен тұмса қыздан көсем салмын, -деген өлең жолдары да қыздардың салдарға көрсететін ілтипаттарын дәлелдей түседі.

Сал жігіт-желеңмен ауылға келгенде аттан құлап қашан қыз-келіншектер көтерін алып кеткенше жата беретінін жоғарыда айтып өттік. Сөзіміз дәлелді бола түсу үшін тағы да бір мысал келтіре кетейік:

Баласы Айтуғанның Нәтжан салмын

Қызына үш болыстың шекер, балмын

Қыздар-ай, ат үстіне көтеріп ал,

Қайраңға жеке біткен көкше талмын.

Қыз-келіншектер сал-серілерді құрметтеп күтіп алумен шектеле қоймаған. Олар өздерінің тамаша сөз оралымдарымен сөз әдебін сақтай отырып, ел еркесі атанған сал-серілерді сөзден сүріндіріп, қызыл тілдерінің арқасында жеңіске де жеткен. С.Мұқанов «Халық мұрасы» деген кітабында мынадай әңгіме келтіреді: Бір күні Біржан сал жолаушылап, бір жатақтың үйіне келіп сусын сұрайды.

Үйде отырған оған сапты аяққа құйылған қара көже ұсынады. Біржан оны менсінбей, көжеге ернін де тигізбей, қызға аяқты қайтара береді. Қыз аяқты алмай:

Жақсының жейтін асы жая мен жал,  
Шығады нақ қырсықтан осындай сал.  
Дәмнен үлкен дүниеде ешнәрсе жоқ,

Көжеге кекіреймей ерніңді мал - депті. Сонда Біржан сал ұялып, қызға мынадай жауап қайтарған екен:

Жетеді тоқсан жасқа ердің жасы  
Атандық ақындықпен «Біржан сері»  
Қарындас айтқан сөзің өтіп кетті,

Көженді басып-басып әпкел бері! -деп аяқтағы көжені ішіп қойған екен [6].

Қазақтың қызының әдептілігі, биязылығы осы сөздерінен-ақ көрінеді. Бір ғана өлең шумағымен ел арасында атағы жайылған атақты Біржан салды сөзімен жеңеді.

Ақан сері «Сырымбет» әнінде дәстүрлі бейнелеу құралдарын шебер пайдаланады. Жамал қызға ынтық көңілін «Ақ сұңқар баласына ғашық болдым» деп өрнекті жолдар арқылы білдірсе,

Бидайыққа лайық қарағым-ай,

Бөктергіге жем болып барасың ба,- деген астарлы жолдармен мал берген біреулерге еріксіз ұзатылып кете баруын меңзейді.

Біржан «Ақ жорға жан» өлеңінің екінші және үшінші шумағы мынадай:

Мінгенім дәйім менің – Сұрқызылтай,  
Көңілім сізді көрін бір бұзылды-ай  
Көзіме айбаттанып көрінесің,  
Бейіште сегіз сарай хор қызындай.  
Серінің серменуге көңілі ауды,  
Ойландым бастайын деп бір қиялды.  
Түсті ғой, жолдастарым, сәулем еске,  
Ап келші, қамыс құлақ Бозқоянды.

Біз аталған мысалдардан ақын-жазушылар шығармашылығындағы «Қыз» тұжырымының тұжырымдық өрісін сипаттауда халқымыздың ұлттық-мәдени ерекшелігін, яғни халқымыздың материалдық және рухани болмысын аңғартатын тірек сөздердің қолданыс тапқандығын байқадық.

Дәстүрлі қазақ қоғамында әр кезеңде қызға берілген анықтама, оның ілімі мен біліміне, қоғамда атқаратын қызметі мен роліне, оларға қойылатын талап-тілектер түрліше болып келді. «Қыз – ертеңгі ана, болашақ жар» деп ұғынған халқымыз қыздың тәрбиесіне аса көңіл бөліп келді. Сол себепті дала демократиясы сандаған ғасырлар бойы ұл мен қызын тең ұстап, «ұлын ұяға, қызын қияға қондыруға» тырысқан.

1. Кубрякова Е.С. *Краткий словарь когнитивных терминов* (Под ред. Е.С.Кубряковой). – Москва: Издательство МГУ, 1996. – 245с.

2. *Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі*. – Алматы, 1966.

3. *Бес ғасыр жырлайды. // Екі томдық*. – Алматы: Жазушы, 1989. –371 б.

4. *Кейкін Ж. Қазақы атаулар мен байламдар*. – Алматы, 2006. – 378 б.

5. *Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі*. – Алматы: Санат, 1998. – 256 б.

6. *Қазақ халық әндері*. – Алматы: Мектеп, 1964. – 196 б.

## КОГНИТИВНО-СЕМАНТИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА КОНЦЕПТА «ДЕВУШКА» В ПОЭЗИИ ПОЭТ-ЖЫРАУОВ

А.Н. Юсуп – КазНПУ имени Абая, магистр педагогических наук, старший преподаватель

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы когнитивно-семантического анализа информационному содержанию концепта «Девушка» в поэзии поэт-жырауов.

Сформировавшиеся названия и языковые применения связанные с концептом «Девушка» в традиционном казахском обществе это неотделимая часть языка определяющая основной показатель

развития национального языка и национальной культуры. Поэтому особое внимание уделяется на изображение национального познания в семантике концептуальных названий в современном казахском языкознании. Концептуальные названия каждого народа это – основа источников познания нации, которые сформировались в соответствии бытию той или иной нации. Поэтому очень важно определить в аспекте языкопознания своеобразную характеристику концепта «Девушка» в поэзии поэт-жырауов связанные с национальными миропониманиями и традициями казахского народа, ее роль и функции в социальном обществе, информационное значение, динамику развития и процесса обновления.

А также, в статье определяется ряд микроконцептов связанные с концептом «Девушка», характеристика его изменений в казахской поэзии.

**Ключевые слова:** концепт, творчества поэт-жырауов, национальное познание, казахское миропонимание, когнитивные классифицистические знаки, поэзия жырауов, микроконцепты, искусство слова, культурные названия, когнитивный модель, языковые средства.

### **COGNITIVE-SEMANTIC CHARACTERISTICS THE CONCEPT OF "GIRL" IN THE POETRY POET-ZHYRAUOV**

*A.N. Yussup - KazNPU named after Abai, senior teacher, magister of philological science*

#### **Summary**

In this article discusses the cognitive-semantic analysis of the information content of the concept 'Girl' in the poetry of Kazakh poets. In this article formed the names and the knowledge of language which associate with the concept of 'Girl' in the traditional Kazakh society is not part of the language defining the excellent main indicators of the national language and national culture. On this special attention is paid to the image of the national knowledge in conceptual semantics title in the modern Kazakh linguistics.

Conceptual names of every nation – is the best basis of the sources of knowledge of nations, which are formed in accordance existence of a nation.

On this special attention is paid to the image of the national knowledge in conceptual semantics title in the modern Kazakh linguistics. Conceptual names of the sources of knowledge, of nation, which are formed in accordance existence of a nation. So very important aspect to determine of language is a peculiar characteristic of the concept 'Girl' in the poetry of poets.

**Key words:** concept, works of poet-zhyraus, national knowledge, Kazakh self-knowledge, microconcept, art of the works, cultural name, cognitive models, language tools.

## ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

УДК 82.091.06

### ФЕНОМЕН ЛИТЕРАТУРНОГО ДИАЛОГА

У.К. Абишева – д.ф.н., профессор, *Казахский национальный университет им. аль-Фараби*  
г. Алматы, Казахстан, E-mail: [Abisheva\\_O@mail.ru](mailto:Abisheva_O@mail.ru)

**Аннотация.** Статья посвящена проблеме изучения литературы Казахстана в контексте русской культуры и литературы. Казахская литература «развернута» в сторону разных культурных парадигм. Особенно важны для нее традиции русской литературы. Во второй половине XX – начале XXI веков ее развитие во многом шло под знаком воздействия русской литературы. Эта проблема до настоящего времени остается недостаточно исследованной. Литературно-бытовой контекст, личные контакты, переписка русских и казахских писателей на сегодняшний день освещены достаточно полно. Но переключки в области проблемно-тематического поля, особенностей поэтики, типологические сопоставления национальных картин мира в двух литературах ждут своего исследования.

На основе анализа русско-казахских литературных связей, опыта эмпирических и теоретических компаративных исследований, автор выделяет актуальные теоретико-методологические аспекты проблемы. Предлагаются наиболее важные задачи, которые необходимы в современных сравнительных исследованиях.

**Ключевые слова:** компаративные исследования, типология, казахская литература, русская литература, художественная традиция.

Актуальной проблемой современного литературоведения является исследование прозы и поэзии Казахстана в разнообразных идейных и художественных связях с русской литературой. Закономерен вопрос: *можно ли говорить о типологической родственности* двух литератур, если одна (русская) относится к европейской, а другая (казахская) является частью литературы Азии? Конечно, корни этих двух культур разные, но установление типологической схожести представляется возможным. Можно и нужно исследовать единую природу в разных культурах.

Расхождение в национальных литературах также оказывается особенно показательным в компаративном аспекте, так как позволяет проследить разницу европейской (русской) и восточной (казахской) традиций. Сравнительная перспектива будет чрезвычайно показательной для прояснения особенностей каждой из литератур.

Заметим, что особенно на грани столетий в истории казахской и русской литературы имеют место типологически схожие явления; кризис в конце уходящего и пассионарный взрыв новых исканий в начале XXI века. Обе литературы несут в себе духовную силу противостояния идеологическим догмам советского периода и более широко – восстановления лучших традиций классики.

Еще один важный аспект проблемы – исследование *русской литературы Казахстана* (как произведений русских авторов, так и творчество художников-билингвов, то есть казахов, пишущих на русском языке). Это одновременно «составляющая» литературы Казахстана, но ее можно отнести и к русской литературе, хотя она отличается от собственно русской (российской) литературы. Она находится в пространстве русской культуры, русского мира, но также является структурной частью литературы нашей страны. В русской литературе Казахстана присутствуют традиции и контекст, которого нет в российской русской литературе. Ее характеризует одновременная развернутость в сторону разных культурных парадигм, она формировалась в мультикультурном пространстве.

Необходимо глубокое осмысление феномена диалога культур в его содержательном, субстанциональном, функциональном аспектах. Она определяется явно недостаточной степенью освоенности и нерешенностью проблемы контекстуального изучения литературы Казахстана. В условиях современной литературной ситуации необходимо переосмысливать литературное наследие XX–XXI веков, в том числе и национальный опыт в его соотношении с общечеловеческим опытом. Типологическое сопоставление позволит исследовать роль классической художественной традиции в

прозе и поэзии Казахстана и русской литературе; установить типологические особенности поэтики, близкие к установкам реализма, модернизма, авангарда и формальным новациям постмодернизма.

В отечественном литературоведении существует определенное количество работ, посвященных контекстуальным связям казахской и русской литератур. Но практически все они посвящены казахской литературе *первой половины XX века*. Чаще всего в центре внимания оказывалось творчество конкретного автора, усвоение им в своем творчестве художественных традиций русской литературы.

Одним из первых в отечественном литературоведении к проблеме в целом ряде своих трудов обратился *И.Х. Габдиров*. В работе «М. Горький и казахская советская литература» (Алма-Ата, 1966) [1] он исследовал традиции классика русской литературы в казахской литературе. Автор обращается к проблеме влияния романтического начала в творчестве Горького на развитие казахской литературы. Он показывает воздействие иносказательности, аллегоризма образов на раннее творчество Сакена Сейфуллина. Автор отмечает, что героическая романтика лирики С. Сейфуллина, распространенный в его поэзии мотив бессмертия подвига во имя жизни имеют горьковские корни.

Исследователь прослеживает также горьковские мотивы в творчестве Саттара Ерубасева (новеллы «Тополь и красный цветок», «Песня о вечной жизни», «Вечно живой», «Рассказ о жизни», «Баллада о трех шахтерах»). Он устанавливает влияние условно-гиперболического стиля Горького на становление казахской литературы начала XX века.

Автор исследует также влияние горьковской автобиографической трилогии на становление мемуарно-автобиографического жанра в казахской литературе («Наша семья» Бауржана Момыш-улы, «Коз корген» Г. Мустафина, «Школа жизни» С. Муканова. Важнейшие черты авторской концепции в произведениях казахских писателей, по мнению автора, оказываются в связи с горьковской традицией. Влияние классика ощущается в сюжетных и композиционных структурах произведений.

К сожалению, монография написана с большой оглядкой на парадигму советского литературоведения. Работа изобилует выражениями «марксистско-ленинское мировоззрение», «принципы социалистического реализма», «революционного миропонимание», «партийность произведений» и т.п. Ее характеризует избыточная социологичность, неизменное выявление связи «писатель и революция», когда каждое слово художника взвешивалось, по выражению В. Воронского, «на чаше весов революции». *И.Х. Габдиров* постоянно отыскивает отражение в творчестве писателей социальных, революционных идей. Исследование художественных и эстетических поисков литературы 1920-х годов сводится в монографии к отражению «героического состояния мира в связи со сменой одной формации другой». Это было обусловлено цензурным режимом в науке того периода, которая порожидала и самоцензуру.

К сожалению, часто анализ творчества и М. Горького и казахских писателей является для *Габдирова* иллюстрацией положений «социалистического реализма. Творческая индивидуальность национальных писателей не выявлена, не прослежена эволюция стиля от эмоционального романтического к эпически объективному. Но не будем забывать, что работа *И.Х. Габдирова* является лишь начальным этапом для постановки сложного теоретического вопроса и серьезного разговора о путях развития казахской литературы. Этот официоз занимал лидирующее положение в учебной и научной литературе. Лишь позднее литературоведческая мысль стала изживать его.

К проблеме контекстуальных связей казахской и русской литератур в работе «Великий Октябрь и интернациональные связи казахской литературы (1980) обратилась *Ш.К. Сампаева* [2]. Несмотря на излишне социологическое заглавие работы автор талантливо исследовала роль М. Горького в человеческих судьбах и творческих биографиях казахских художников. В работе исследуется особенно осязаемая роль М. Горького в становлении Б. Майлина, И. Джансугурова, С. Сейфуллина, С. Ерубасева, М. Ауэзова, С. Муканова, Г. Мусрепова, Г. Мустафина, ощутивших влияние метода классика русской литературы, принципов его художественного изображения действительности.

Автор пишет об углублении и освоении новых эстетических принципов изображения действительности, о «школе М. Горького», которая помогала расти казахской литературе 1920-1930 годов. «Это влияние не приводило к стиранию черт самобытности казахской литературы, наоборот, оно способствовало обогащению ее национальной специфики, углублению ее реализма, совершенствованию художественного мастерства, наиболее полному выявлению творческих индивидуальностей писателей», – отмечает исследователь [2,13]. Говоря о культурной эпохе,

исследователь фиксирует не только тематическое и жанровое сходство произведений «Тяжелый путь, трудный переход» С. Сейфуллина, автобиографической повести «Школа жизни» и романа «Ботагоз» С. Муканова, повести «Караш-Караш» М. Ауэзова, романа «Пробужденный край» и новеллы «Мужество матери» Г. Мусрепова с творчеством М. Горького, а говорит об «освоении горьковских традиций изображения жизни, богатой, мятежной, неисчерпаемой в своем движении и развитии» [2, 17].

Ш.К. Сатпаева всегда оставалась верной проблеме диалога казахской литературы с другими культурами, им она посвятила другую свою работу «Казахско-европейские литературные связи XIX и первой половины XX века» (1972) [3], а затем монографию «Казахская литература и Восток» (1982) [4]. Следующий ее труд «Чокан Валиханов и русская литература» (1987) [5] посвящен целостному исследованию творчества Ч. Валиханова в контексте русской литературы. Автор говорит о внутренней и внешней интенсивности литературной деятельности Валиханова, его человеческих контактах с представителями русской интеллигенции, о роли Ф.М. Достоевского в его творчестве.

Исследователь убедительно прослеживает, как казахские поэты и писатели XIX века ориентировались на достижения русской классической, а через нее – западноевропейской литературы, как они использовали их в деле просвещения и образования своего народа.

В отечественном литературоведении к этой проблеме также обращался Н.О. Джуанышбеков. В монографии «Казахстан – Россия в контексте литературного диалога» [6] автор дает анализ ранних форм казахской литературы, выделяя разные формы ее рецепции и типологических схождений с русской литературой. Ученый исследует историю литературных взаимоотношений, контактно-типологические связи, вне которых не существует мирового литературного процесса. Н.О. Джуанышбеков считает, что идея евразийства как концепция духовного родства народов Евразии, несмотря на расовые и этнические различия, формировалась прежде всего в художественной литературе. На материале сравнительного анализа фольклорно-мифологических текстов, сопоставлений сюжетов тюркской и русской средневековых литератур раскрываются формы рецепции литературных явлений, диалог литератур, генезис и типология жанровых форм прозы в русской и казахской литературах.

Одной из работ последних лет, посвященных данной проблеме, является работа Н. Анастасьева «Небо в чашечке цветка. Абдижамил Нурпеисов и его книги в мировом литературном пейзаже» (2004) [7]. Согласно исследователю, проза А. Нурпеисова ориентирована на разноплановые литературные традиции. Автор рассматривает художественный мир, созданный писателем, в тесном контексте мировой словесности – традициями У. Фолкнера, Э. Хемингуэя, Т. Манна, Г. Маркеса, В. Борхерта, М. Ауэзова, М. Шолохова, Алексея Толстого и др. В работе анализируется отражение романских традиций XX века, фолкнеровское нарушение хронологии повествования, мотив вселенской метафизической ночи в эпопее «Кровь и пот», развивающийся в «Тихом Доне» М. Шолохова и «Хождениях по мукам» А. Толстого. Исследователь проводит аналогию между героями Нурпеисова и персонажами латиноамериканского прозаика: «Люди степи, бесспорно, живут в большом времени, у них, как и у героев Маркеса, умение сносить самые жестокие удары, гнуться, падать и все-таки снова вставать» [7, 214]. Являясь самобытным художником, Нурпеисов учился отражению психологического склада героев у Л. Толстого, не только уроки психологического мастерства были важны для него, но в создании портрета, характера, художественной детали сказалась та же толстовская традиция. В целом, в отражении сущностных проблем человеческого существования А. Нурпеисов, по мнению ученого, близок русской классической традиции.

Таким образом, в отечественной науке начальным периодом осмысления контекстного изучения стали 1960-1970-е годы. Авторы в основном исследовали русский контекст казахской литературы первой половины XX века и пришли к перекликающимся выводам. Главный из которых: творчество художников Казахстана демонстрирует тесное переплетение национальных художественных традиций и русской классической литературой. Хотя в работах часто объектом внимания исследователей был литературно-бытовой контекст, личные контакты, переписка русских и казахских писателей. Но литературные связи не сводились только к изучению встреч, к высказываниям известных личностей о нашей национальной литературе. Литературоведы Казахстана изучили значимые философские и духовно-нравственные переклички двух литератур, их диалог как необходимую потребность казахских и русских писателей.

Русский контекст казахской литературы *первой половины XX века* был изучен достаточно подробно. Изданные в советский период научные исследования имеют заглавия, которые порою кажутся устаревшими. Но несмотря на это названные труды являются важными в изучении проблемы. Затем в отечественном литературоведении к этому вопросу никто не обращался. Исследование проблемы приостановилось почти на тридцать лет, начиная с 1990 годов. Редким и счастливым исключением является книга Н. Анастасьева.

Почему так произошло? Этому есть свое объяснение. Начавшийся в конце 1980-х годов процесс распада СССР и суверенизации республик повлек к вполне естественным поискам национального начала в литературе и искусстве, выражаясь словами И.А. Есаулова «не как простого местного колорита, а как выражения трансисторического “духа народа”» [8, 36]. Это происходило во всех национальных республиках без исключения, в том числе и в самой России. Когда в конце 1980-х – начале 1990-х годов казалось бы рационально спланированный, крепко выстроенный советский мир пошел трещинами, закачался и распался, поиски национальных корней, национальной идентичности в бывших советских республиках были естественны и необходимы.

Новейшей тенденцией литературоведения стало исследование отражения в литературе национального самосознания, национального типа мышления. Стало модным доискиваться до «тайны» национальной стихии и своеобразия. Исследователей резонно интересовала проблема «различных у каждого народа образа мыслей и чувствований», отраженных в литературе [8, 40].

В настоящее время наступило время трезвого и здравого осмысления нашего общего прошлого. Сейчас ощущается потребность в дальнейшем изучении проблемы взаимовлияний в литературе. Нельзя игнорировать роль русской литературы в развитии литературы Казахстана, диалогизм двух культур. Любая национальная литература всегда находится в диалоге с мировой. Духовный и нравственный опыт русской литературы как части мировой культуры всегда привлекал внимание наших писателей, равно как и художников других стран.

Сравнительно-типологическое изучение, компаративный анализ казахской и русской литератур *второй половины XX – начала XXI веков* на сегодняшний день остаются вне научно-теоретического осмысления. Хотя существующая дистанция, необходимая для трезвого и беспристрастного осмысления темы, а главное опыт завершающегося переходного периода к суверенитету стран, которым мы обладаем, позволяют обратиться к этому вопросу. Проходит время взаимных претензий и обид, упреков «младшего брата» в адрес «старшего» и наоборот. Исследование этой интересной и научно значимой проблемы актуально и требует глубокого теоретического осмысления.

Общепризнанно влияние Пушкина, Толстого, Достоевского, Чехова и русских художников XX века на мировую литературу. На наш взгляд, сложный творческий процесс воздействия, обусловленный внутренними эстетическими потребностями казахских литераторов, должен быть исследован без примеси политических оценок. Пора отказаться от идеологических интерпретаций проблемы в пользу культурно-художественных. Развитие казахской литературы невозможно рассматривать вне диалога с культурными ценностями других народов, в том числе русского. Этот диалог ни в коей мере не отрицает ее национальную самобытность. Поэтому главной задачей нашего проекта является сравнительно-типологическое исследование двух литератур, их диалогической природы. Нужно исследовать ее, двигаясь от очевидного – к скрытому, от внешнего – к внутреннему.

Необходимо зафиксировать те процессы и явления, которые характеризуют литературный процесс Казахстана второй половины XX – начала XXI веков. Нужно трезвое и беспристрастное осмысление предмета. Необходимо максимально точное и выверенное исследование *русского контекста* в творчестве писателей Казахстана, соотнесенности тем и проблем, изучения особенностей жанрового развития в обеих литературах.

Исследование прозы и поэзии Казахстана второй половины XX – начала XXI веков в контексте русской литературы должно вестись в аспекте исследования самобытности национальной литературы с переосмыслением художественного опыта русской литературы. Необходимо определение типологии и истоков национальных художественных традиций двух литератур, особенностей их контактных связей. В качестве исследовательских задач могут быть определены следующие:

1. Исследовать сложное многообразие связей литературы Казахстана второй половины XX – начала XXI веков с русской литературой, системно изучить их взаимосвязи; выявить все основные формы кросс-культурных взаимодействий в них.

2. Провести сравнительное изучение литературы Казахстана означенного периода в свете диалогичности с русской литературой, установить модели и типы диалогических отношений между национальными литературами.

3. Дать анализ сложных форм воздействия русской литературы советского периода на литературу Казахстана. Исследовать ориентацию обеих литератур на социалистический «канон», на его идейность и пафос, отражение конкретных общественно-исторических событий, характеров и конфликтов в ущерб многообразию форм, качеству художественного воплощения.

4. Исследование особенностей, имеющих характерную национальную манифестацию в литературе, изучение национального своеобразия художественных текстов через призму понятий «национальная картина мира», «национальный образ мира», «национальное своеобразие эстетического идеала», «национальная литература» и др.

5. Исследовать художественно-эстетический феномен *русскоязычной* литературы Казахстана как самобытного явления в литературном процессе второй половины XX – начала XXI веков, определить ее роль и место в культурной жизни страны.

6. Исследовать художественно-эстетический феномен литературы о казахском ауле в контексте деревенской прозы.

7. Исследовать развитие жанров прозы и поэзии Казахстана и России второй половины XX – начала XXI веков в широком историко-типологическом контексте русской литературы, обозначить основные направления их трансформации.

8. Изучить влияние философско-эстетического и художественного наследия русской классической литературы на литературу Казахстана, проявляющегося в тщательной, углубленной обрисовке образов, внимании к индивидуальной психологической природе персонажей.

9. Дать контекстный анализ лингвокультурных концептов и их роли в формировании национальной картины мира в казахской и русской литературах.

Представленные выше задачи носят программно-ориентирующий характер, и мы надеемся, что они помогут выявить закономерности в будущих компаративных исследованиях.

1 Габдиров И.Х. М. Горький и казахская советская литература. – Алма-Ата, Наука, 1966. – 250 с.

2 Сатпаева Ш.К. Великий Октябрь и интернациональные связи казахской литературы. Алма-Ата: Наука, 1980. – 45 с.

3 Сатпаева Ш.К. Казахско-европейские литературные связи XIX и первой половины XX века. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 280 с.

4 Сатпаева Ш.К. Казахская литература и Восток. – Алма-Ата: Наука, 1982. – 200 с.

5 Сатпаева Ш.К. Вечные времена. Избр. статьи в двух томах: Том 2. – Алма-Ата, 2000. – 600 с.

6 Джуаньшибеков Н.О. Казахстан – Россия в контексте литературного диалога. Монография. – Алматы, 2007. – 290 с.

7 Анастасьев Н. Небо в чашечке цветка. Абдижамил Нурпеисов и его книги в мировом литературном пейзаже. Алматы: Олке, –2004. – 303 с

8 Есаулов И.А. Национальное самосознание в русской классической литературе и его трансформация в отечественном литературоведении // Трансформации русской классики: исследовательская база данных. Интернет-ресурс. Код доступа: <http://transformations.russian-literature.com/nacionalnoe-samosoznanie-v-russkoj-klassicheskoj-literature-i-ego-transformacii-v-literaturovedenii>.

## ӘДЕБИЕТ ДИАЛОГІНІҢ ФЕНОМЕНІ

Ұ.Қ. Әбішева – ф.ғ.д., профессор, әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті

### Түйіндеме

Мақала Қазақстанда әдебиетті зерттеудегі орыс мәдениеті мен әдебиетінің мәнмәтіндегі мәселесіне арналады. Қазақ әдебиеті түрлі мәдени парадигмада жазылған. Әсіресе олар үшін маңыздысы - орыс әдеби дәстүрі. ХХІ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында қазақ әдебиетінің өркендеп дамуына орыс әдебиеті ықпал етті. Бұл мәселенің зерттелуі осы кезге дейін аяқталмай келеді. Әдеби-тұрмыстық мәнмәтін, жеке байланыстар, орыс және қазақ жазушыларының жазысқан хаттары бүгінде толықтай жарық көрген. Бірақ бүгінде екі әдебиет теориялық - әдістемелік

шеңберді түгендеу, поэтикалық ерекшелік, әлемнің ұлттық көрінісіне типологиялық салыстырмалы зерттеулерді күтуде.

Автор қазақ-орыс әдебиетінің байланысын сараптай отырып, эмпирикалық және теориялық компаративті зерттеу негізінде мәселенің өзекті теориялық-әдістемелік аспектісін көрсетіп берді. Заманауи салыстырмалы зерттеуге аса қажетті, маңызды міндеттер ұсынылды.

**Кілт сөздер:** компаративті зерттеулер, типология, қазақ әдебиеті, орыс әдебиеті, көркемдік дәстүр.

### THE PHENOMENON OF LITERARY DIALOGUE

U.K.Abisheva – *The Doctor of Philology, the professor Al-Farabi Kazakh National University*

#### Summary

This article consecrated to the problem of the contextual links of Russian and Kazakh literature. Kazakh literature is «deployed» in the direction of different cultural paradigms. The traditions of Russian literature are especially important to her. In the second half of XX - beginning of XXI centuries its development is largely focused on the impact of the Russian literature. This issue is under-researched. Literary household context, personal contacts, correspondence of Russian and Kazakh writers investigated fully. However, comparisons of the subjects, features of poetics, national picture of the world in two literatures are awaiting the exploration.

Article reviewed scientific papers on the problem of Kazakh-Russian literary relations. The author identifies relevant theoretical and methodological aspects of the problem. In the article the author offers the most important tasks that are essential in modern comparative studies.

**Key words:** comparative studies, typology, Kazakh literature, Russian literature, art tradition.

#### ӘОЖ 821.411.21

#### ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «ЛӘЙЛІ-МӘЖНҮН» ДАСТАНЫНЫҢ АРАБ НЕГІЗІ

Ә.О. Арғынбекова – *Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ шығыстану кафедрасының аға оқытушысы, Астана қ.*

**Андатпа.** Шығыс халықтары әдебиетіндегі «Мәжнүн-Ләйлә» дастанының негізі араб әдебиетінде жатыр. Автор мақалада араб деректерін жинаушы Әбу-л-Фарадж әл-Исфаханидің «Китәб әл-ағани» («Әндер кітабы») (Хғ.) антологиясының екінші томында берілген ақын Мәжнүн туралы мәліметтерді қарастырады. Оның шығу тегін, негізін негізгі және жанама дереккөздеріне сүйене отырып, Мәжнүннің шын тарихи тұлға болғандығы, шығармашылығы турасында біраз мәліметтер береді. Аталмыш антологиядан басқа автор Ибн Құтайбаның «Китаб аш-шир уа ш-шуара» («Поэзия және ақындар кітабы») (ІХғ.), Әбу Бәкр әл-Уәлибидің «Ахбар әл-Мәджнун» («Мәджнүн туралы деректер және оның өлеңдері») монографиясындағы ақын Мәжнүн туралы деректерді де қарастырған.

**Кілт сөздер:** араб әдебиеті, дастан, антология, тұлға, деректер.

Шығыстың «Ромео-Джюльеттасы» болған «Ләйлі-Мәжнүн» дастанының негізі – «Мәджнуну Ләйлә» («Ләйлә үшін ақылынан адасқан») атты араб аңыз екендігі шығыстану, оның ішінде арабтану ғылымында дәлелденген. ІХ-Х ғасырларда солтүстік және орталық Аравияны мекендеген бәдәуилер арасында «бақытсыз» махаббат тақырыбы қалыптасқаны белгілі. Оның ішінде Қайс ибн Зарих пен Лубна, Джамил мен Бусайна, ‘Уруа мен Афра, Мәжнүн мен Ләйлә, Қусайыр мен ‘Азза және тағы да басқа бақытқа қолдары жетпеген ғашық жұптар туралы аңыздар ел ішінде кеңінен танымал болды. Ғашықтар туралы аңыздар ауыздан ауызға жетіп, олардың өлеңдері бәдәуилер қонысында ән болып айтылды. Осылай біз сөз етпек болып отырған «Мәджнуну Ләйлә» аңызы бүкіл араб елдерінен бастап, барлық шығыс елдеріне тарады. Мәжнүн тақырыбын алғаш рет көркем шығарма етіп ХІІ ғасырда атақты азербайжан ақыны Низами парсы тілінде «Ләйлі- Мәжнүн» дастанын жазды, кейіннен Низами дастанына басқа да шығыс поэзиясының жұлдыздары назире-дастандар жазды: тәжік-парсы тілінде ХІІІ ғасырда Әмір Хосроу Дехләуи, ХІV ғасырда Әбдурахман Жәми және Абдулла Хотифи, Орталық Азияда көне өзбек тілінде ХV ғасырда Әлішер Науаи, түрік (осман) тілінде ХVІ ғасырда Фузули Бағдади және т.б. Белгілі шығыстанушы ғалым Е.Э.Бертельс өзінің «Низами» атты монографиясында Низами шығармасына ХІІІ- ХVІ ғасырлар аралығында

тәжік-парсы тілінде 20, азербайжан тілінде 4, түрік (осман) тілінде 14, курд тілінде 1 және көне өзбек тілінде де 1 назире дастандар жазылған деген түйінге келеді. Мәжнүн тақырыбы бүгінгі күнге дейін жүздеген ақындардың қиялын тербетін, мыңдаған беттерге жететін шығарма жазуына себеп болуда.

Шығыс әдебиетінде махаббат үшін ақылынан адасқан сол Мәжнүн образы шын тарихта болған ба, әлде араб ауыз әдебиетіндегі ойдан шығарылған образ ба? Бұл мәселе күні бүгінге дейін шығыс әдебиетінде шешімін таппаған мәселенің бірі болып табылады. Бұл жерде араб тіліндегі деректер көмекке келмек. Сол бар деректерді сұрыптай келе, Мәжнүн тақырыбына қатысты деректердің ішінен Ибн Құтайбаның (?- 276h/889) «Китаб аш-ши‘р уа ш-шу‘ара» («Поэзия және ақындар кітабы»), Әбу-л-Фарадж әл-Исфаханидің (h.284/897 - h.356/967) «Китаб әл-ағани» («Әндер кітабы») антологияларының ақын Қайс ибн әл-Муллауахқа (Мәжнүнге) арналған тарауларын, Әбу Бәкр әл-Уәлибидің (?) «Ахбар әл-Мәджнун уа әш‘аруһу» («Мәжнүн туралы деректер және оның өлеңдері») атты монографиясындағы деректерді зерттеу қажеттігі туады. Яғни, алғашқы араб дерекнамаларының жазылу мезгілі IX ғасырдың бірінші жартысына келеді. Тоғыз томдық «Китаб аш-ши‘р уа ш-шу‘ара» антологиясының екінші томында Мәжнүнге арналған он бір беттік тарау бар. Осы антология жазылғаннан кейін шамасы бір ғасыр айырмашылықпен белгілі исфахандық филолог әл-Исфахани жиырма төрт томдық «Китаб әл-ағани» антологиясының екінші томында ақын Мәжнүн туралы тоқсан алты беттік мағлұматтар берген.

Антологияларда арабтардың Мәжнүн атты бірнеше ақынның болғаны туралы айтылады. Олар- Қайс ибн Му‘аз, әл-Акра ибн Му‘аз, Махди ибн әл-Мулауах, Музахиқ ибн әл-Харис әл-Мәджнун, Му‘аз ибн Кулайб әл-Мәджнун және т.б. Дегенмен жоғарыда айтылған араб жазба дерекнамалары авторларының ойынша Қайс ибн әл-Мулауах ақын Мәжнүн болып табылады.

VII ғасырдан бастап араб ақыны Қайс ибн әл-Мулауах хақында көптеген аңыздар пайда бола бастайды, оның әндері ел арасына тарайды, уақыт өте келе ақын тақырыбындағы аңызға аңыз қосылып, оған өзге ақындардың әндері телінеді. Авторы белгісіз махаббат тақырыбына арналған өлеңдер, Ләйлә есімі кездескен қандай да болмасын лирикалық өлеңдердің барлығы ақын шығармасына жатқызылады. Осылайша X-шы ғасырда ақын Мәжнүн образы араб әдебиетінде толықтай қалыптасып, халифатта өзінің «салтанатты шеруін» бастайды [1, 623].

Жоғарыда аталған араб жазба дерекнамаларының ішінде Мәжнүн туралы анық деректер Әбу л-Фарадж әл-Исфаханидің «Мәжнүн туралы мағлұматтар» («Ахбару Мәджнун») атты тарауында берілген. Себебі біріншіден, шығарма саны жағынан ғана емес, сапасы жағынан да жоғары; екіншіден, тараудағы існадтар (сілтемелер) тарихта белгілі ғалымдарға негізделген, сілтемелер хронологиясы да (ғалымдардың өмір сүрген кезеңдері) сауатты берілген; және ең маңыздысы еңбекте тарихта болған адамдар есімдерін кездестіруге болады. Олардың бірі Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың серіктестерінің бірі ‘Абд ар-Рахман ибн ‘Ауфтың баласы, Мәдинә әмірінің салық жинаушысы ‘Омар (аңыздың кейбір жерлерінде Мұхаммед немесе Хумайд) болса, екіншісі Науфал ибн Мусахиқ биографиялық сөздіктерінің бірінде Мәдинәдағы алым-салық бөлімінің басқарушысы қызметін атқарған [2, 603]. Ал кейбір деректерде Науфал әмір ‘Абд әл-Мәликтің жарлығымен шамамен 702 жылы Мәдинәнің қәди (сот) қызметінен босатылған деген мәліметтер бар. Әл-Исфаханидің еңбегінде Науфал бейнесі кездесетін бір бөлім бар, ол «Науфал ибн Мусахиқтың Мәжнүнмен кездесуі туралы мағлұматтар» деп аталады. Кездесу сюжеті төмендегідей: «Ол айтты: күрсіне дем алды да есінен танды. Тағыланып кетуінің себебі сол (ессіз гашық болуы) еді. Науфал ибн Мусахиқты кездестіргенге дейін оған ештеңе де әсер етпеді. Науфал айтты: шөл далаға келдім де ол (Мәжнүн) туралы сұрадым. Маған айтты: ол есінен адасты, қайда екенін білмейміз. Күндердің күнінде достарыммен бірге тағы тау текесін аулауға аңға шықтым. Әл-Хамийде үлкен ʼарактың (түйелер жейтін бұта) маңайынан тау теке байқадық. Бұталардың артынан адамды көрдік. Бұл көрініс менің достарымды қатты таң қалдырды. Ал мен болсам, оның Мәжнүн екенін түсініп атымнан түсіп, оған жақындап келдім. Үстімдегі артық (сырт киім) киімдерімді шешіп тастап (үркітіп алмау үшін), жанына отырдым да оның бір бәйтін оқи бастадым» [2, 66]. Ары қарай Науфал өзіне белгілі Мәжнүн өлеңдерін ақынға оқиды, ал Мәжнүн болса сол өлеңдерді жалғастырып жаңа өлеңдерін жауап ретінде оқиды. Науфалдың айтуынша Мәжнүннің даусы құлаққа жағымды «әуезді, үнді» еді.

Аңызда берілген халиф Маруан ибн әл-Хакам VII-ші ғасырдың екінші жартысында Мәдинә қаласының билеушісі, ал ғасыр соңында халиф болғаны тарихта белгілі жайт. Осы фактілерге сүйенсек, араб әдебиетінде Мәжнүн тақырыбының бастауы VII-ші ғасырға алып келетіні айқын.

И.Ю.Крачковский өзінің «Ранняя история повести о Маджнуне и Лейли в арабской литературе» атты зерттеу еңбегінде Мәжнүн туралы араб деректерінің ішінен Әбу л-Фарадж әл-Исфahanидің еңбегін маңыздылығы тұрғысынан бірінші орынға қояды: «Онсыз біз Х-шы ғасырға дейін Мәжнүн туралы жазылған повестер тарихы туралы ешбір сенімді түрде талдау жасай алмас едік» [1, 590]. Оның себебі де түсінікті сияқты. Ибн Қутайба алдына анық тарихи деректерге сүйенген еңбек жазу мақсатын қоймаған. Ол көлемі 11 беттік оқуға жеңіл, әрі қызықты әңгіме жазған. Ибн Қутайба өзі қолданып отырған дереккөздерін де атамайды, тек бір эпизодта автор әл-Хайсам ибн ʿАдидің сөзіне жүгініп, жас жігіттің Маймун құдығының жанында бір топ адамдардың ішінен әбден әлсіреген Мәжнүнді көргендігі туралы жазады [3, 472]. Әбу л-Фарадж әл-Исфahани сол эпизодты былай деп береді: «Әл-Қуранидің сөзіне сүйенген ағам (маған) әл-Хайсам ибн ʿАдидің айтқанын жеткізіп еді. Және (дәл осыны) оны бізге Әбу Мискиннің әңгімесін есіне алған әл-Хайсам ибн ʿАдидің айтқанына сүйенген ʿУмар ибн Шаббаның айтқанын Хабиб ибн Наср мен ʿАбд әл-Азиз әл-Джаухари айтып еді...» [2, 23]. Екі деректе де дерек көзі ретінде әл-Хайсам ибн ʿАдидің аты аталады. Әбу л-Фарадж әл-Исфahани нұсқасында әл-Хайсам ибн ʿАдидің дереккөзі болып Әбу Мискин аты аталады және басқа да адамдарға сілтеме беріледі. Бұл жерде біз тағы да Әбу л-Фарадж әл-Исфahанидің өте мұқият зерттеуші екендігіне көз жеткізе отырып, өз еңбегін жазу кезінде ақиқатқа, тарихи дәлдікке жақын жазуға тырысқанын көреміз.

Екі деректегі Мәжнүн ныспысы туралы берілген кіріспені салыстырайық. Ибн Қутайба нұсқасы бойынша: «Ол- Қайс ибн Муʿаз, және де (ол туралы) айтылатын- Бәну Джаʿда ибн Каʿб ибн Рабиʿа ибн ʿАмир ибн Саʿсаʿадан шыққан Қайс ибн әл-Муллауах, тағы да ол Бәну ʿУқайл ибн Каʿб ибн Рабиʿадан еді делінген» [3, 467]. Әбу л-Фарадж әл-Исфahанидің нұсқасы бойынша: «Ол- оның ныспысы мен шығу тегін зерттеушілердің айтуы бойынша- Қайс, және де айтылды: Махди, ақиқаттығы (ол) Қайс ибн әл-Мулаууах ибн Музахим ибн ʿУдас ибн Рабиʿа ибн Джаʿда ибн Каʿб ибн Рабиʿа ибн ʿАмир ибн Саʿсаʿа. Атының Қайс екендігі турасында Ләйләнің айқаны (бәйгі) дәлел: О, мен қанша қайғы шектім, Қайс кеткенде, егер (ол) қайтса ғой. Маған ʿАхмад бин Зухайрдан естіген Әл-Хасан ибн ʿАли айтты: «Мәжнүннің негізгі аты – Қайс ибн Муллауах. Оны растайтын адамдардың санын білу тіпті мүмкін емес» [2, 1,2]. Әбу л-Фарадж әл-Исфahани мен Ибн Қутайба нұсқаларын салыстыра отырып, біз Әбу л-Фарадж әл-Исфahани еңбегінде берілген мағлұматтар ауқымды, дереккөздері нақты, мәтін лексикасында автор ертерек жазылған Ибн Қутайба деректері емес, ауызша деректерді кеңінен қолданғанын, және де берілген деректерге ақиқаттық сипатын беруге тырысқанын көреміз.

Егер біз Әбу л-Фарадж әл-Исфahани еңбегінде негізгі және жанама дереккөздері (існадшылар) ретінде Х-шы ғасырда өмір сүрген белгілі араб филологтары ʿАхмад ибн ʿАбд әл-ʿАзиз әл-Джаухари, ʿУмар ибн ʿАбдаллах ибн Джамил әл-ʿАтақи, сол кезеңде өмір сүрген, есімі бүкіл араб елінде мәшһүр болған аңыз жинақтаушы ʿИса ибн әл-Хусейн әл-Уаррақ (ортағасырлық Шығыста қолжазба көшірмешілері, кітап жинақтаушы, оларды сатушыларға берілетін «әл-Уаррақ» лақап аты қолданылған), шамамен VIII-ші ғасырда өмір сүрген атақты араб аңыздарын жинақтаушы, генеалогия саласының білгірі Ибн Дәʿб Әбу л-Уалид ʿИса ибн Иазид ибн Бәкр ибн Дәʿб әл-Ләйси және т.б. көптеген атақты ғалымдардың айтқан мағлұматтарының қолданылуы- Әбу л-Фарадж әл-Исфahани еңбегінде берілген мағлұматтар мен деректердің растығына деген сенімді ұлғайтып, еңбекті зерттеуде зор зейін, ыждаһатты ықыласты талап етеді.

Ибн Қутайба нұсқасындағы аңыз Мәжнүн мен Ләйләнің бір-біріне ғашық болу жағдайы, екеуінің ел ішіндегі дақпыртпа сөзден қашу үшін өз сезімдерін жасыруы, Мәжнүннің Науфалмен кездесуі, Мәжнүн әкесінің Ләйләға құда түсуі, махаббат азабынан айығу үшін Мәжнүннің әкесімен бірге Меккеге сапар шеккен кезінде Минаның жанында Ләйлә есімін естіп, есінен танып құлауы, Маймун құдығы жанындағы эпизод, Мәжнүн Ләйлә дем алған ауасымен дем алу үшін Неджеге сапары, Бәну Мурра тайпасынан бір шейхтің Мәжнүнмен кездесуі және Мәжнүн өлімі эпизодтарын қамтиды. Ал Әбу л-Фарадж әл-Исфahани нұсқасындағы аңыз сол эпизодтарға қоса, Мәжнүннің ақылынан адасуы туралы бірнеше қосымша мағлұматтар, Мәжнүн әкесінің қайтыс болуы, Мәжнүн анасының Ләйләмен кездесуі, Ләйләнің тұрмысқа шығу жағдайлары, Ләйлә туыстарының сұлтанға арыздануы, сұлтанның Мәжнүнді өлтіруге (егер ол тағы да Ләйлә қосына келетін болса) рұқсат беруі, тағы да аңыз сюжетінде маңызды емес маймен, көмірмен байланысты қосымша эпизодтармен қатар, аңызда құстар мен хайуанаттар кездесетін эпизодтар, Мәжнүннің торға түскен қарақұйрықтарды босатуы, олардың

Мәжнүнге Ләйләні еске түсіруі, әртүрлі жағдайларда Мәжнүн өлең шығаруы және т.б. көптеген эпизодтармен толықтырылған.

Ибн Қутайба нұсқасында Мәжнүннің 38 бәйіті берілсе, Әбу л-Фарадж әл-Исфяхани нұсқасында Мәжнүннің 400-ден аса бәйіті берілген, соңғы нұсқада Мәжнүннің кейбір бәйіттері қайталанатын.

Әбу Бәкр әл-Уәлибидің «Ахбар әл-Мәджнун уа әш‘аруһу» («Мәжнүн туралы деректер және оның өлеңдері») атты монографиясы Мәжнүн тақырыбына жазылған араб тілінде көркем шығарма болып табылады. Әл-Уәлибидің өмір сүрген жылдары белгісіз, және мақала авторы оның осы аталмыш еңбегінен басқа еңбектері туралы ешқандай мәліметтер білмейді. Дегенмен көркемдік тұрғыдан бұл монография толық, аңыз сюжеті динамикалы тұрғыда дамытын, қажетті жерлерде қосымша эпизодтармен толықтырылған шығарма болып табылады. Автор Әбу л-Фарадж әл-Исфяхани нұсқасын негізге ала отырып, сюжеттерді дамытқан. Мысалы, Әбу л-Фарадж әл-Исфяхани нұсқасында: «Олар бала кездерінде жанұяларының малдарын бағып жүргенде бір-біріне ынтық болды. Осылай олар бір-бірін ұнатты, кейін ержеткен кездерінде екеуін айырып жіберді» [2, 11]. Әл-Уәлиби нұсқасында: «Олар жанұяларының бұзаулары мен қозыларын бағып жүргенде достасқан еді. Олар өсіп, ержеткен сайын махаббаттары да сағат сайын, күн сайын күшейе түсті. Ол (Ләйлә) өлеңдердерді, әдебиетті, джаһилийя және Ислам кезеңдеріндегі арабтар туралы әңгімелерді ұнататын. Бәну Амир тайпасының бозбалалары Ләйләмен араласып, оған өздерінің өлеңдерін оқитын. Қайс та олардың бірі етін. Оған (Ләйләға) ол (Мәжнүн) қатты ұнайтын» [4, 5].

Әл-Исфяхани нұсқасында Мәжнүн мен Ләйлә тек ауызша сәлемдемемен араласатын болса, әл-Уәлиби нұсқасында ғашықтар делдалдар арқылы хат алмасады. Әл-Уәлибиде басқа дереккөздерінде кездеспейтін төмендегідей эпизодтар бар: Мәжнүнді емдеу үшін Вавилонға апарды; Мәжнүн Ләйләні алу ниетінде екінші рет құда түсіреді; Ләйлә да әкесімен бірге қажылыққа барады, онда Ләйләні сақиф тайпасының бір адамы ұнатып, кейіннен Ләйләға үйленеді; Халифтің әмірі бойынша Мәжнүнді ұстап әкеледі, Мәжнүн өлеңдерін ұнатқан халиф оны босатып жібереді; Мәжнүн мойнына шынжыр салдыртып, мүскін кейінінде кемпірдің жетегіне еріп кездеспекке Ләйлә қосына келеді; Екі салт атты Мәжнүнге Ләйлә өлімін естіртеді. Мәжнүн Ләйлә бейіті басында ғашығына арнаған соңғы өлеңін оқып, сол жерде өзі де өледі. Мәжнүнді Ләйләнің қасына жерлейді.

Сөздің реті келгендіктен айта кету абзал болар, жоғарыда айтылған кемпір образы [4, 45] кейін шығыста Мәжнүн тақырыбына жазылған дастандарда да кездеседі. Низами, Физули және т.б. ақындар кемпір образы бар эпизодты өз шығармаларында тиімді қолданған. Сонымен қатар әл-Уәлиби монографиясында ақын Мәжнүннің ғашығы Ләйлә тағдырының соңы белгілі. Ибн Қутайба мен әл-Исфяхани нұсқаларында Мәжнүн өлімі туралы жазылады да, ал Ләйлә туралы еш мағлұматтар берілмейді. Бұл жайт әл-Уәлиби еңбегінің ұтымды тұстарының бірі болып табылады. Бұл эпизод кейіннен жазылған шығыс ақындары дастандарына да енеді.

Әл-Уәлиби еңбегінде ежелгі араб әдебиетіне тән бәдәуилер тұрмысын сипаттау, тұрмыста кездесетін май, көмір, отпен байланысты эпизодтардың орын алмауы, оның есесіне шығарманы көркемдік жағынан жетілдіре түсетін қосымша кейіпкерлер (\* Әбу ‘Иса ибн ар-Рашид, ақын Қусайыр, кемпір) мен эпизодтардың енуі, өлеңдердің көркемдік сапасының көтерілуі, ежелгі рулық, тайпалық әдебиеттен күрделі сатыға көтерілгендігі- шығарманың қалыптасқан кеш ортағасырлық туынды екендігін көрсететін тәрізді. Әл-Уәлиби еңбегі негізінен фактілер мен көркемдік-эстетикалық құндылықтарға тапшы тақырыпты дамытып, толыққанды етін жазылған шығарма болып табылады. Әл-Уәлиби еңбегінде әл-Исфяханиге ешқандай сілтеме бермейді. Бірақ бұл жағдай ештеңенің дәлелі болмаса керек, себебі әл-Уәлиби мақсаты- сюжеттік тұрғыдан дұрыс құрастырылған, оқушыға қызықты көркем шығарма жазу болған сияқты. Бұл ретте әл-Исфяханидің мақсаты - Мәжнүн тақырыбына ақиқатты деректер беру, ол деректерді сұрыптау болатын. Мәжнүн тақырыбын зерттеу ісінде Әбу л-Фарадж әл-Исфяханидің «Китаб ал-ағани» антологиясында берілген деректер өте маңызды болып табылады.

1. И.Ю.Крачковский. Ранняя история повести о Маджнуне и Лейли в арабской литературе. Избр. соч. 2 т. М.Л. 1956.

2. Әбу л-Фарадж әл-Исфяхани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992.

3. *Ибн Кутайба Абу Мухаммад Абдуллах ибн Муслим. Книга аш-ши'р уа ш-шу'ара. 2 т. Бэйрут. 1964.*

4. *Әбу Бәкр әл-Уәлиби. Ахбар әл-Мәджнун уа аш'аруһу. Тебриз. Дәр әл-хилафа'. 1270һ.*

### ОБРАЗ МЕДЖНУНА В АРАБСКИХ ИСТОЧНИКАХ

**А.О. Аргынбекова** – *ст. преподаватель кафедры востоковедения ЕНУ им. Л.Н. Гумилева*

#### Резюме

Основа дастана «Лейли-Меджнун» в литературе восточных народов лежит в арабской литературе. Автор в статье рассматривает сказания о поэте Меджнуне, данные во втором томе антологии «Китаб ал-агани» («Книга песен»)(Хв.). Опираясь на прямые и косвенные данные, автор статьи пытается установить происхождение, историчность поэта Меджнуна. Также в статье рассмотрены такие источники как «Китаб аш-шир уа ш-шуара» («Книга поэзии и поэтов») (IXв.) и монографию Ибн Кутайбы «Ахбар ал-Маджнун» («Сказания о Меджнуне и его песни»).

**Ключевые слова:** арабская литература, дастан, антология, личность, источники.

### IMAGE OF MEDZHUNUN IN ARABIC SOURCES

**S.A. Argynbekova** – *Senior Lecturer Department of Oriental Studies of ENU L.N. Gumilev*

#### Summary

Dastans "Lejli-Medzhnun" in the literature of east people are based on the Arabian Literature. The author in article considers legends on poet Medzhnune which are given in the second volume of the anthology «Kitab is al-agani» («The Book of songs») (X century). Using the direct and indirect data, the author of article tries to establish origin and historicity of poet Medzhnuna. Sources like «Kitab ash-shir ya sh-shuara» («The Book of poetry and poets») (IX century) and the monography of Ibn Kutajby «Ahbar is scarlet-madzhnun» («Legends on Medzhnue and his songs») are considered as well.

**Keywords:** Arabic literature, Dastan, anthology, personality, sources.

### ӘОЖ 82-32

### М. МАҒАУИН НОВЕЛЛИСТИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

**С.Асылбекұлы** – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті, филология ғылымдарының докторы*

**Андатпа.** Бұл мақалада қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілдерінің бірі, жазушы М.Мағауиннің новеллалары мен әңгімелерінің негізгі тақырыптары, өзекті идеялары, көркемдік ерекшеліктері, поэтикалық жаңалықтары талданады. Автор бұл суреткердің көркем әдебиеттегі баяндаушы (жазушы) мен оның кейіпкерін бір субъектіге айналдыру арқылы өз шығармаларының шыншылдығын бұрынғыдан да тереңдете түсуінің көркемдік диалектикасын ашып көрсетеді.

Сондай-ақ еңбекте бұл жазушының 1960 жылдары сол кездегі қазақ совет әдебиетінде үстем болған социалистік реализм әдісінен бас тартып, ұлттық сөз өнеріндегі неореализм бағытының негізін салушылардың бірі болғандығы нақты мысалдармен дәлелденеді. Социалистік реализмді ұстанушылардың өмір құбылыстарын, әдеби образдарды типтендіруге қатты мән беретіндігі, сондықтан мұндай әдеби әдіспен жазылған шығармалардағы образдардың бірыңғай не жағымды, не жағымсыз болып келетіндігі, олардың оқиға желілерін өрбітуде де, бас кейіпкерлердің арасындағы тартыстарды құруда да, тіпті көркем тілді талғап қолдануда да соңреализм әдісіне тән қалыптасқан белгілі бір канондарды қатаң ұстанатындығы айтылады.

М.Мағауин өз әңгімелері мен новеллаларында басты кейіпкерлерін ешқашан идеализацияламайды, олардың пенделік кемшіліктерін жасырып жаппай, бүткіл болмысымен әрқилы ракурстардан ашып көрсетеді. Сондықтан да оқырман оларды бірыңғай жек көрін те, немесе емешесі езіліп жақсы көріп те кетпейді, тура өздерімен бірге қоян-қолтық өмір сүрін жүрген таныс, әрі бейтаныс замандастарындай шынайы, кесек күйлерінде қабылдайды, бірақ аталған персонаждардың тағдырлары оларды бей-жай қалдырмайды, керісінше жандарын сан алуан терең толқыныстарға түсіріп, біресе күйіндіреді, біресе сүйіндіреді, сүйтіп түптің түбінде жан дүниелерін имандылыққа, адами ізгілікке бөлейді.

**Тірек сөздер:** новелла, әңгіме, авторлық идея, субъект, поэтикалық жаңалық.

Қазіргі қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1984ж.), Қазақстанның Халық жазушысы (1996 ж.), «Түркі дүниесіне қызмет» сыйлығының лауреаты (1997 ж.) Мұхтар Мағауин – прозаның көлемі жағынан ауқымды түрлері болып табылатын повесть, романдармен қатар оның көлемі шағын түрлеріне жататын новелла, әңгіме жанрында да өзіндік қайталанбас, айқын суреткерлік қолтаңбасымен көрінген қаламгер. Оның қаламынан шыққан ең алғаш туындысы осы автордың сонау 20 жасар бала студент кезінде жазған «Бір уыс бидай» атты новелласы-тын. Алайда бұл шығарма кезінде советтік қатал цензураның сынынан өте алмай, араға қырық жыл салып барып қана 2000 жылы баспасөз бетіне шығады. Сондықтан да біз күні бүгінге дейін оның шығармашылық жолындағы тұла бойы тұңғышы ретінде 1964 жылы сол кездегі қазақ тіліндегі жалғыз көркем әдебиет журналы «Жұлдызда» жарық көрген «Кешқұрым» дейтін әңгімесін атап жүрміз. Содан бері жазушы прозаның осы бір көлемі шағын болғанымен, оқырманға айтар ойы мен сезіндірер сезімін экспресше заулаған замана ағымынан қалыспай, уақыт пен мезгілдің тыныс-тіршілігін іле-шала суреттеп беріп отыратын елгезек жанрынан ешқашан қол үзген емес. Дегенмен де осы арада М.Мағауин новеллалары мен әңгімелерінің басым көпшілігінің 1960-1980 жылдардың аралығында жазылғанын айта кетуіміз ләзім. Сондықтан да оның сол заманда бірінен соң бірі жарық көрген «Ақша қар» (1960 ж.), «Бір атаның балалары» (1973 ж.), «Қияндағы қыстау» (1977 ж.), «Көк кептер» (1979 ж.) деп аталатын әңгімелер мен баяндар жинақтарында кейініректегі романист М.Мағауин емес, алғашқы новеллист М.Мағауинге тән қолтаңбалардың іздері сонарға жаңа ғана түскен жас іздердей айқын сайрап жатады.

Ұлттық, немесе әлемдік әдебиеттің тарихына мұқият зер салсақ, әрбір талантты жазушының, немесе ақынның, драматургтің шығармашылық тұлға ретінде дамуының өзіндік траекториясы болатыны айқын байқалады. Әрбір суреткердің шығармашылық жолы ғана емес, пенде ретіндегі өмір жолы да екіншісіне ұқсай бермейді. Осы тұрғыдан келгенде, қаламгер М.Мағауиннің өсу жолы да өз әріптестері жүріп өткен соқпақтарды қайталамайды, тіпті кейде ол оқырмандар күтпеген кілт бұрылыстарға ұшырап жатады. Мәселенки, әуелі болашағынан үлкен үміт күттіретін білімді жас аспирант, сонан соң Қазақ хандығы тұсындағы жыраулық поэзияның білгір зерттеушісі ретінде көрінген ол айтулы «Қобыз сарыны» монографиясын жарыққа шығарған соң, ғылымды жылы жауып қойып, көркем әңгімелер мен баяндар жазуға құлшына кіріседі. Онан соң «Көк мұнар», «Аласапыран», «Шақан шері», «Жармақ» секілді шығармалары арқылы өз есімін қазақ әдебиетінің тарихына романист ретінде алтын әріптермен жазады. Ал аумалы-төкпелі 1990 жылдары ол көбінесе от ауызды, орақ тілді публицист, заман мен уақыт тамырын дөп басатын эссеист ретінде көрінеді. Сонымен бірге өткені мен кеткеніне үңілін мемуар да жазып байқайды. («Мен» романы). Бұл күндері ол жасының жер ортасынан асқанынан қарамастан, әйгілі Шыңғыс хан туралы ауқымды деректі роман жазу үстінде.

Жазушыны бұлайша сан «құбылған» нендей күш? Біздіңше, ол алапат күштің аты заман, уақыт болса керек. Әр мезгілдің, заманның өзіне ғана тән рухани сұраныстары болады. Жазушы – уақыттың, заманның перзенті, сондықтан да ол өмір сүрген мезгілдің көкейкесті мәселелері бірте-бірте сол мезгіл, уақыт шеңберінде өмір сүріп жатқан суреткердің де мәселесіне айналады, сүйтін оны күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырады. Жазушы мұндай жан азабынан тек ішінде талайдан қордаланған ойлары мен сезімдерін ақ қағаз бетіне түсірін қана құтыла алады, міне, осындай шынайы рухани сұраныстың негізінде ғана ақиқи өмір көріністерімен суарылған көркем туынды дүниеге келеді. Сол себепті ғой данышпан Лев Толстойдың өзінен ақыл сұраған жас жазушыларға: "Жазбауға болатын болса, жазбаңдар!.." деп кеңес беретіні.

М.Мағауин новеллистикасының ең үздік үлгілеріне оның «Кешқұрым», «Әйел махаббаты», «Қияндағы қыстау», «Шаңқа», «Көк кептер», «Шеше», «Иесіз», «Тарпаң», «Менің балаларымның туысқан ағасы», «Күтпеген кездесу», «Тұлымханның бақыты», «Архив хикаясы» секілді әңгімелерін жатқызуға болады. Неге десеніз, ең алдымен оның бұл әдеби туындыларында шынайы өмірдің шынайы картиналары бар. Жазушы М.Мағауин аталған шығармаларындағы образдарды сомдауда да, табиғат суреттерін бейнелеу мен сюжеттер құруда да, ең ақыр аяғында адам портреттерін бейнелеуде де шындыққа адал болып қала алған, ал бұл табиғатынан суреткер болып жаралған жандарға ғана тән қасиет, солардың ғана бойларынан табылатын мінез, ұстаным, өйткені ұлттық және әлемдік

әдебиеттің білгірі Ә.Кекілбаев айтқандай, «ақиқатқа адал емес суреткердің өнер алдында да адал болуы еш мүмкін емес [3,303б.]».

М.Мағауин сондай-ақ өзіне дейінгі 1940-50 жылдардағы қазақ прозасында айқын бел алған социалистік реализм деп аталатын әдістен тұңғыш рет бас тартқан жазушылардың бірі болды. Социалистік реализмді ұстанушы қаламгерлер өмір құбылыстарын, әдеби образдарды типтендіруге қатты мән беретін, сондықтан олардың кейіпкерлері не бірыңғай жағымды, не бірыңғай жағымсыз индивидтер болып келетін. Олар оқиғалардың желісін өрбітуде де, бас кейіпкерлердің араларындағы тартыстарды құруда да, тіпті көркем тілді талғап қолдануда да соцреализм әдісіне тән қалыптасқан белгілі бір канондарға бағынатын, сондықтан да осындай шығармаларды оқып қалыптасқан оқырман жаңағыдай әдеби туындылар сюжеттерінің қай жерде қандай шешіммен аяқталатынын өздері-ақ алдын ала шамалап біліп отыратын.

Сонымен бірге соцреализм әдеби шығармаларының басты кейіпкерлері не коммунистік, не сол коммунистердің ертеңгі ізбасарлары болып табылатын комсомолдық элитаның өкілдері, немесе революциялық шайқастарда, не екінші дүниежүзілік соғыстың майдандарында ерен ерліктерімен көзге түскен батырлар, кеуделерінде медальдар мен ордендер саудыраған қып-қызыл белсенді колхоз председательдері мен завод-фабрика директорлары, партком секретарьлары, бір сөзбен айтқанда, советтік, коммунистік номенклатураның көрнекті өкілдері болып келетін. Ал қарапайым пенделер ондай шығармаларда назарға ілікпейтін, іліксе де тек эпизодтық, жанама персонаждар ретінде атүсті ғана суреттелетін, сондықтан мұндай туындыларда адамзаттың кәдімгі күнделікті күйбең тіршілігі, яғни шынайы өмірдің үйреншікті ақиқаты тасада қала беретін. Бұл жағынан келгенде социалистік реализм шығармалары классицизм туындыларын еске түсіретін, олардың басты айырмашылығы тек мынада еді: егер классицизм әдеби әдісімен жазылған романдар мен баяндардың, әңгімелердің, драматургиялық пьесалардың басты қаһармандары патшалар мен корольдар, ханшайымдар мен ханшалар, генералдар, дворяндар болса, соцреализм шығармаларының басты ғаройлары советтік, коммунистік элитаның сүт бетіне шыққан қаймақтары болып келетін.

М.Мағауин ұлттық әдебиеттің киелі табалдырығынан 1960 жылдары алғаш аттаған бір топ талантты әріптестерімен бірге қазақ көркем прозасына ешкімнен ерлігімен де, саяси белсенділігімен де асып бара жатқан түгі жоқ қарапайым отандастарын алып келді. Мысалы, оның «Тарпаң» әңгімесінің басты кейіпкері Бәтінш ауылдық поштаның қатардағы қызметкері болса, ал «Күтпеген кездесудің» негізгі персонажы Көшім аула сыпырушысы, ал «Тұлымханның бақытындағы» Тұлымхан, басқаны былай қойғанда, өзінің қойнындағы әйеліне ие бола алмай жүрген бір ынжық, міне, осылай кете береді. Тіпті сол персонаждар ғалереясының арасында әлгіндей қарапайым адам кейіпкерлерді былай қойғанда, ешкімге керексіз болып, көшеде қаңғырып қалған бұралқы ақ қанден ит те бар. Бұл шығармалардың осындай шынайылығы суреткер М.Мағауиннің өмір шындығы мен өнер шындығын барынша жақындастырып, бір бүтінге айналдырып жібергенін анық байқатады. Ал бұл түсінген кісіге сол 1960-1970 жылдардағы қазақ прозасында жасалған үлкен поэтикалық реформа болатын. Сонымен қатар сол тұста М.Мағауин өзінің талантты замандастары Ә.Кекілбаев, С.Мұратбеков, А.Сүлейменов, Д.Исабеков, Қ.Мұханбетқалиев, Т.Әбдіков, О.Бөкеев, Т.Нұрмағанбетов, Ж.Түменбаев, тағы басқалармен бірге шығармадағы өмір шындығын бұрынғыдай тек бірыңғай автордың аузымен ғана емес, сол әдеби туындыдағы басты кейіпкерлердің бірінің атынан баяндайтын жаңа әдісті ұлттық әдебиетімізге алып келіп, оны бірте-бірте біздің көркемсөз өнерімізге әбден жерсіндірін жіберді. Көркем әдебиетте баяндаушы (жазушы, автор) мен оның кейіпкерін бір субъектіге айналдыру арқылы шығарманың шыншылдығын бұрынғыдан да бекемдей түскен, әдебиетке көркем қарасөздің теңдессіз шебері А.П.Чехов алып келген бұл әдіс кезінде әлемдік көркемсөз өнеріндегі айтулы, өзгеше құбылыс ретінде тіркелген болатын. Өйткені енді «шығармада кейіпкер нені көрін, нені сезінсе, сол ғана суреттелін, сол ғана баяндалатын болған-ды. Осылайша бұған дейінгі прозада дара-дара тұратын авторлық баяндау мен суреттеудің, автор сөзі мен кейіпкер сөзінің ара жігі жымдасып, кірігіп кеткен-ді. [3,381 б.]»

М.Мағауин мен оның жоғарыда біз аттарын атап өткен тұстарына дейінгі прозада авторлық баяндауға ерекше басымдылық берілетін. Сондықтан да ондай шығармаларда әдеби туындыға бүткіл іс-әрекетімен, ішкі дүниесінде жүріп жатқан алуандаған психологиялық арпалыстарымен жан беріп тұрған кейіпкерлерден ғәрі автордың позициясы, ұстанған идеялық коннепциясы көбірек үстемдік құратын. Ал бұл әдеби туындыны өмірдің қайнаған шындығынан емес, белгілі бір жазушының

қиялынан, ойынан, ұстанымынан туып жатқан жасанды дүние секілді етін көрсетпей қоймайтын. Сүйтіп көркем шығармадағы шынайылықтың, яғни көркемдіктің аяғына жем түсетін. Өйткені не нәрсе шынайы болса, сол ғана көркем ғой.

М.Мағауин өзінен бұрынғы қазақ совет әдебиетінің шығармаларындағы осындай келеңсіздіктерден үзілді-кесілді бас тартып, біздің ұлттық көркем қара сөзімізді әлемдік әдебиеттің А.П.Чехов, И.Бунин секілді алыптары орнықтырған жаңа шығармашылық рельске салып берді. Сүйтіп біздің ұлттық көркемсөз өнерімізге шынайы өмір, сол өмірді шынайы етіп тұрған сыртқы пішіндері қарапайым болғандарымен, мазмұндары өте терең, қат-қабат образдар галереялары дүниеге келді.

«Көркемдік факт – сұрыпталған өмірлік факт» деген үйреншікті формуланың А.П.Чехов күл талқанын шығарды. [ 3,381б.] деп, Ә.Кекілбаев айтпақшы, М.Мағауин мен оның 1960 жылдары үлкен әдебиетке аяқ басқан талантты тұстары да өмір шындықтарын «мынау – жақсы, мынау – жаман, мына кейіпкерлер мен өмірлік ситуациялардың көркем әдебиет беттерінде өмір сүруге хақысы бар, мыналардың хақысы жоқ» деп, сұрыптап жатпастан, өздерінің жүрегі мен сезімін қозғаған болмыс шындықтарын өнер айдынына алып шықты. Сондықтан да елде жоқ ерек оқиғалар мен күнделікті өмірде көп кездесе бермейтін бай, бағландардың, батырлар мен серілердің бастарынан өткен таңғажайып хикаяларды оқып, әдеттеніп қалған сол кездегі желөкпелеу оқырмандар алғашында көркемөнердегі бұл жаңа құбылысты қалай бағаларын білмей, дағдарып қалды. Кейін үйренді, бірте-бірте қазақ әдебиетіне мықтап, дендеп ене бастаған бұл поэтикалық реформаның болашағы зор екендігіне көздері жете бастады.

М.Мағауин өз әңгімелері мен новеллаларында басты кейіпкерлерін ешқашан идеализацияламайды, оларды пенделік кемшіліктері мен жетістіктерін жасырып, жаппай, бүткіл болмысымен ашып көрсетеді. Сондықтан да «Тарпаңдағы» шағын ауылдың бүткіл жігіт-желеңіне мұрнын шүйіріп жүріп, ақыр аяғында түрмеден былтыр ғана босанған, басбұзарлау шопыр жігіт Жартыбайдан жүкті болып қалған тәкаппар, сұлу қыз Бәтіш те, қойнында жатқан жары Шәрипаның өз бастығымен көңілдестігін тап бастырмай дәлелдеп бере алатын айқын айғақтары бола тұра соны түсінуге ақылы жетпеген иіс алмас момын Тұлымханды да («Тұлымханның бақыты» әңгімесі), сүйген қызына өзінің өліп өшті махаббатын дәлелдемек болып, трамвайдың астына түсіп, бір аяғынан айрылып қалған, бірақ кейінірек өзінің шын бақытына жолыққан аулашы Көшімді де («Күтпеген кездесу») оқырман өзінің ескі бір таныстарындай өте жылы қабылдайды. Оларды бірыңғай жек көріп те, немесе емешесі езіліп жақсы көріп те кетпейді, тура өздерімен бірге қоян-қолтық өмір сүріп жүрген таныс, әрі бейтаныс замандастарындай шынайы, кесек күйлерінде қабылдайды, бірақ ең бастысы аталған персонаждардың тағдырлары оларды бей-жай қалдырмайды, керісінше жандарын әрқилы терең толқыныстарға түсіріп, біресе сүйіндіреді, біресе күйіндіреді, сүйтіп түптің түбінде жан дүниелерін имандылыққа, адами ізгілікке бөлейді. Міне, көркем шығарманың адамзат өміріндегі ең басты миссиясы да осы. Сондықтан да біз М. Мағауин атты суреткердің новеллалары мен әңгімелерін өзінің діттеген мақсатының үдесінен шыққан, адамның сезімі мен ақылын шындайтын, оны жаңа бір имани, рухани өрістерге жетелеп алып шығатын, өзінен бұрынғы, әм кейінгі басқа жазушылардың шығармаларына ұқсай бермейтін өзіндік бір қайталанбас көркемдік әлем деп батыл айта аламыз.

1. Мағауин М. Бір атаның балалары. – Алматы, 1974. – 240 б.
2. Мағауин М. Көк кептер. – Алматы, 1979. – 296 б.
3. Кекілбаев Ә. Заманмен сұхбат. – Алматы, 1996. – 592 б.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы, 9-т. – Алматы, 2005. – 998 б.

## ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ МИР НОВЕЛЛИСТИКИ М.МАГАУИНА

С.Асылбекулы – доцент КазНПУ им. Абая, доктор филологических наук

### Резюме

В этой статье наряду с основными темами и авторскими идеями анализируется поэтическая новизна рассказов и новелл видного современного казахского прозаика Мухтара Мағауина. Автор раскрывает диалектику художественного процесса, так как данный писатель добился неопровержимой правдивости в своих новеллах и рассказах, превращая речь повествователя (автора, писателя) и персонажа в один субъект художественного произведения.

В данной статье также раскрывается, как писатель М.Мағауин в 1960-1970-е годы в своих произведениях отвергнул социалистический реализм как литературный метод господствовавший в те времена в советской литературе, вступил в путь неореализма, тем самым максимально приближая художественную правду к реалиям повседневной человеческой жизни. В связи с этим проведен анализ того, как мастер рассказа М.Мағауин таким образом усилил психологизм и драматизм казахской прозы, насколько обогатил ее лиризм, потом в последующем как синтезировались эти художественные особенности в произведениях новой волны современных казахских писателей.

Также в этом труде исследователь проникая в творческую лабораторию талантливого казахского писателя, творителя прекрасных казахских новелл и рассказов определил стилистические, художественные особенности, свойственные этому художнику слова. Автор статьи доказывает то, как писатель М.Мағауин в своих новеллах и рассказах никогда не идеализирует своих героев, он изображает их с разных человеческих ракурсов и поэтому читатели их воспринимают как полноценных, правдивых людей, которые часто встречаются в их повседневной жизненной практике. Благодаря этому, эти персонажи глубоко задевают их душу, тем самым проводя их через катарсис и это – самое главное предназначение искусства.

**Ключевые слова:** новелла, рассказ, авторская идея, субъект, поэтическая новизна.

### **ART WORLD SHORT STORY M.MAGAUIN**

**S.Assylbekuly** - *Associate professor KazNPU Abai, doctor of philological sciences*

#### **Summary**

In this article, along with the main themes and ideas of the author's poetic analyzes of short stories and novels novelty prominent modern Kazakh writer Mukhtar Maguina. The author reveals the dialectic of the artistic process, as this writer has made neoprevezhimoy truthfulness in his novels and stories, making it the narrator (author, writer) and one character in the subject of art.

This article also disclosed, as a writer M.Мағауин in 1960-1970-ies in their works rejected socialist realism as a literary method prevailed in those days in the Soviet literature, joined vput neorealism, thereby bringing the maximum artistic truth to the realities of everyday human life . In this regard, the analysis of the wizard story M.Мағауин thus strengthened the psychology and drama Kazakh prose how enriched it with lyricism, then later how to synthesize these artistic features in the works of the new wave of modern Kazakh writers.

Also in this work the researcher penetrating into the creative laboratory talented Kazakh writer, solvent beautiful Kazakh novels and stories defined stylistic, artistic features, this artist svoystennye words. The author argues that, as a writer M.Мағауин in her novels and rassaah never idealizes his characters he portrays them from different angles and human readers so they are perceived as full, truthful people who are often encountered in their daily life practice. Because of this, these characters are deeply hurt their soul, thereby guiding them through catharsis and it is - the main purpose of art.

**Key words:** novel, short story, the author's idea, subject, poetic novelty.

ӨЖ 821.512.122.0

## XXI ҒАСЫР ӘДЕБИ ПРОЦЕСİNДЕГІ ҚАЗАҚ РОМАНЫНЫҢ ДАМУЫ ҮДЕРІСІ

**Б. Әбдіғазизұлы** – филология ғылымдарының докторы, профессор  
**А.А. Ақболатов** – Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты

**Андатпа.** Бұл мақалада ХХІ ғасырдағы қазақ прозасындағы роман жанрының даму үдерісі талданған. Жаңа замандағы роман жанрының даму бағдары, тарихи роман, постмодернистік бағытта жазылған ғасыр жаңалығы ретінде танылған романдардың көркемдік ерекшеліктері қарастырылған. Қазіргі романдардағы тарихи тақырыптардың көркемдік тұрғыда игерілуі, авторлардың шығармашылық ізденістері жан-жақты сөз болады. С. Қирабаев, Ш. Елеукенов, Д. Ысқақов сынды ғалымдардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынған. Мақаланың зерттеу нысанына Қ. Мұқамбетқалиев «Тар кезең», С. Досанов «Қылбұрау», «Ұйық», Д. Амантай «Гүлдер мен кітаптар», А. Кемелбаева «Мұнара», тағы басқа романдары алынған. Аталған романдардың тақырыптық, идеялық, мазмұндық, көркемдік ерекшеліктері, қазіргі қазақ роман жанрының даму тенденциясындағы рөлі сараланады.

**Түйін сөздер:** әдеби үдеріс, роман, тарихи таным, көркемдік шешім, постмодернизм.

Әдебиет – үздіксіз даму үстінде болатын, үнемі жаңарып отыратын өнер түрі. Оның өсін-өрекендеуіне, қанат жаюына барша талант иесі, барлық жанр ат салысатыны белгілі. Қазақ әдебиеті тарихының күрделі өсу жолында көркем прозасындағы роман жанрының орны ерекше. Мақаламыздың тақырыптық атауына сәйкес, соңғы он төрт жылдың көлемінде қандай романдар жазылды, ол романдардың көркемдік эстетикалық құндылығы тұрғысынан, «оқырмандар талғамына жауап бере ме», «бүгінгі әдеби даму процесінде қандай үлес салмағы бар», «көтерген тақырыптарының өзектілігі неде» деген сан түрлі сауалдардың төңірегінде талдап көрсек.

Әдебиет тарихын белгілі бір кезеңге бөліп қарастыру заңды құбылыс. Ғылыми ізденіс тақырыбымызды ХХІ ғасырдағы қазақ романы деп бөліп алуымызда әдебиет тарихын дәуірлеудің теориясына сүйенгенімізді атап өтеміз. Ғалым Д. Ысқақов: «Әдебиеттің тарихын жазу барысында, оны жасау жолдары қандай, оны дәуірлерге бөлгенде, қандай ұстанымдар басшылыққа алынады, қандай талаптар қойылады деген ыңғайдағы біраз сауалдар туындайды. Қазір әдебиет тарихын дәуірлеудің негізгі үш жолы белгілі: 1. Хронологиялық. 2. Азаматтық тарихпен орайлас. 3. Әдебиеттің өзіндік көркемдік дамуына қарай.

Осылардың ішінде көбірек қолданылып жүргені – алғашқы екеуі. Өйткені, әдебиет дегеніміз, халық тарихының көркем бейнесі, бейнелі шежіресі. Сондықтан да халық бар жерде оның тарихы бар десек, оның ажырамас бір бөлігі ретінде белгілі бір оқиғаның, болмаса қайраткердің өмірде болғандығын көркем бейнелеп, иллюстрациямен дәлелдей түсетін әдебиетінің болуы да – заңдылық. Сол себептерден де әдебиет тарихын дәуірлеуді қолға алған кездерден бастап, оның шегараларын жылдармен, немесе ғасырлармен анықтап отырған дәстүр күні бүгінге дейін жалғасып келеді»[1], - дейді. Біз мақаламызда әдебиет тарихын дәуірлеудің ғасырлық кезеңін ала отырып, тәуелсіздіктің соңғы он төрт жылында, яғни 2000 жылдан бері қазақ романының көркемдік жетістігі, даму тенденциясын сөз етеміз. Қазіргі романның көркем поэтикасын, даму болашағы туралы мәселелерге көңіл бөлеміз. Роман жанрында көтерілген тақырыптардың көркемдік тұрғыдан игеріліп, әдебиет тарихына қосылған үлес салмағын бағамдау және оқытудың жолдарын қарастыру зерттеу еңбегіміздің басты мақсаттарының бірі.

ХХІ ғасыр тәуелсіздік кезеңінің екінші он жылдығында қазақ роман жанры өзіне дейінгі әдеби протестегі дәстүр сабақтастығын сақтай отырып, қоғамдық әлеуметтік талаптарға сай тақырыптарды игеріп, әсіресе, тарихи тақырыптарды игеруде жаңаша көзқарас тұрғысынан жазуға ерекше ден қойды. ХХІ ғасырдағы қазақ романының ізденістеріне көз салсақ, тәуелсіздіктен кейінгі саяси-қоғамдық жағдайларға байланысты, тәуелсіз ел ретінде ұлт тарихындағы ақтаңдақ беттерді жазуда жаңаша көзқарас тұрғысынан пайымдаулардың біршама нәтижелі оң әсері болғанын айтуға болады. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Елеукенов: «Еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күрес тақырыбы енді қазіргі тарихи романның жаңа беттерінің сүбелі бөлігін құрап отыр. Тәуелсіздік жазушылар санасына күрт өзгеріс енгізді.

Қазіргі тарихи романның өткенге сұрау салуы бұрынғыдан батылырақ, ауқымдырақ. Бұлжымас принцип – шындық. Әр дәуірдің күнгейі мен теріскейін қаз қалпында көрсете білу. Сөйтіп ата бабаларымыздың ұлағатты сөзін қару ету»[2], - десе, бұл турасында академик С.Қирабаев: «Қандай қоғам болса да, оның адамдарға, олардың дүние танымы мен көзқарасына белгілі дәрежеде ықпалы, әсері болмай тұрмайды. Кеңес заманында идеологияға үстемдік беріліп, ол мәдениеттің, өнер мен әдебиеттің даму бағытын, идеологиялық концепциясын өз қолында ұстағаны мәлім. Тәуелсіздік кезінде біз идеологиядан тыс қызмет етеміз деп жарияладық. Бірақ ондай қоғам болса... Қандай да болса ел өзінің ұстанымын осы идеология арқылы қалыптастырса, жеке адам мен шығарма белгілі бір идеяны уағыздауға құрылса, жалпы идеология деген сөзден қашудың жөні болмай қалады. Мәселе халықтық идеяны идеологияландырмай, өзінің өмірдегі қалпында, адамның ақыл-ойына, іс-әрекеті шеңберіне сыйғыза көркем бейнелеп көрсетуде ғой» [2], - деп ой түйеді. Ғалымдардың пікіріне толық қосылуға болады. Себебі қазақ тарихи романдарындағы тарихи тұлға, ұлт тарихының игерілуі, белгілі бір дәрежеде идеологиялық, ұлттық идеологияны қалыптастырудың бір пәрменді құралы деуге болады. Тәуелсіздіктің нық қадам басқан екінші он жылдығынан бастап жарық көрген романдардағы айқын бағыт ретінде, өткен тарихи кезеннің оқиғаларын, тарихи санадағы шындықты көркемдік шешім тұрғысынан жеткізілуін, ең алдымен, ел, ұлт мүддесі тұрғысынан толғанып жазылған, ел болашағының беріктігі, ел іргесінің мығымдығы, ұлттық ынтымақ, тағы басқа да елдік мәселелердің алдыңғы қатарда авторлық идея негізінде ерекше көңіл бөлінін, өткен тарихпен бүгінгі дәуірдің сабақтастық тұтас кескін кейпін суреттеп, жалпы адамзаттық мәселелерге байланысты маңызды ойлар көркемдік шешім табуында деп айтуымызға толық негіз бар.

Соңғы жылдардағы қазақ романдары туралы сөз еткенде, Д. Досжан «Ақ орда», Қ. Жұмаділов «Прометей алауы», Т. Тілеуханов «Соңғы сері», Ұ. Доспанбетов «Абылайдың ақ туы», М. Мағауин «Жармақ», Қ. Мұқамбетқалиев «Тар кезең», Х. Әдібаев «Отырар ойраны», С. Досанов «Қылбұрау», «Ұйық», Ж. Ахмади «Айтұмар», Ш. Құмарова «Ғасыр нұры», С.Елубай «Жалған дүние», Д. Амантай «Гүлдер мен кітаптар», А. Кемелбаева «Мұнара», тағы басқа қаламгерлердің 2000 жылдардан бері жарық көрген туындыларын атауға болады. Бір мақала көлемінде барша романдарды сөз ету мүмкін болмаса да, әдеби сын назарына іліккен туындылардың бірнешеуін санамалап өтсек.

Соңғы жылдары жарық көрген романдардың бірі Қ.Мұқамбетқалиевтың «Тар кезең» романы мемлекеттік сыйлыққа ие болған, қазіргі қазақ романдарының аяқ алысын байқататын туындылардың қатарында табылады. «Тар кезең» романы өмірде болған, қазақ тарихында орны бар тарихи тұлға, қазақ даласындағы ұлт азаттық көтерілістің көсемдерінің бірегей тұлғасы, би әрі шешен, батыр, өз заманының саясаткер әрі дипломаты болған Сырым Датұлы тарихи тұлғасын көркемдік тұрғыдан суреттеген туынды. Қаламгер аталған тақырыпқа кездейсоқ барған жоқ. Қаламгер Сырым Датұлының тарихи тағылымдық жолын зерттеп, терең зерделей отырып, тарихи тағылымдық еңбегін шығарды. Автордың айтуы бойынша, жиырма жылға жуық ғұмырын сарп еткен ғылыми танымдық зерттеу еңбектің нәтижесінде көркемдік құндылығы жоғары, әдеби сында жылы қабылданған роман дүниеге келді.

Романға автор Қ. Мырза Әлидің: «Бұл жерде ел ұрандасқан, айқайласқан, Бұл жерге жау аяғын байқай басқан! Ерліктің етегінен ұстап тұрып, Еркіндік сонда алғаш тәй-тәй басқан» деген өлең жолдарын эпиграф ретінде алуы тарихи романның елдік, ұлттық мүдде тұрғысынан өткен тарихқа жаңаша көзқарас, пайым парасат тұрғысынан келген елдік, патриоттық бағыт-бағадарын бірден аңғартады. Эпиграф оқырманға романдағы кешегі өткен тар кезең, алмағайып замандағы елім деп еміренген ерлердің рухынан хабар бергендей әсер қалдырады.

Романда қазіргі Батыс Қазақстан территориясы аймағын Еділ мен Жайық өзендері бойын жайлаған қазақтардың ата қоныстарынан айырылып, патшалық үкіметтің басқа бодандары тарапынан қазақтарға жасалған шапқыншылық, қысымдардың арты ұлт азаттық көтеріліске, хандық биліктің құлдырауына әкеліп, сол кездегі қазақ даласында елі үшін намысын жыртқан, тек батырлығымен ғана емес, сұңғыла саясаткер, тапқырлығымен елді артынан еріте білген Ер Сырымдай тұлғаның тарихи тұлғасы көркемдік шешім тұрғысынан бейнеленеді.

Тарихи дерек бойынша Уфа және Симбирск аймағының жаңадан тағайындалған наместнигі – генерал-поручик барон Игельстром мен Сырым арасындағы саяси қарым-қатынастар жасауда Сырымның тапқырлығы, батырлық тұлғасы, ұлттық қаһармандық бейнесі тарихи деректер негізінде көркем суреттелін, елдің ішкі ынтымағы мен сыртқы саяси тәуелділіктің болашағын болжай алуын

автор нанымды тұрғыдан суреттейді. Бұл жерде автор тарихи деректер мен қоса, шешендік сөздермен, тарихи жырларды интерпретациялау арқылы романның көркемдік құндылығын арттыра түскен.

«Тар кезеңде» шекара істері жөніндегі экспедицияда істейтін титулярный советник Нұрмұханбет Әбдіжәлеловты (Нұралының күйеу баласы), Айырбас Сарайдың делдалы Шүкірәліні, мешіттің молдасы Шәпиді алғаш көрген Игельстром қазақтар туралы оң тұжырым жасайды. «Риза болғаны – осы уақытқа дейін төңірегіндегілер: «тағы», жартылай жабайы», «бұлармен сөйлескеннен гөрі, азулы жыртқыштың өзімен аңдысып-арбасқан әлдеқайда жеңіл» деп, әбден түңілдіріп тастаған мына қырғыз-қайсақтар, қарап отырса, әлгідей сөздерді айтып жүргендердің өзінен әлдеқайда әдепті де сыпайы; үлкенді – үлкен, кішіні – кіші деп орнымен сыйлай білетін жұрт екенін өз көзімен көріп, бұл елді мүлде басқа жағынан танығаны бір болса; оның үстіне бұлардың аса маңызды шаруаларға да атүсті қарамайтын, әр нарсені артқы жауапкершілігі мен ұятын ойлайтын арлы халық екендігі екендігіне сүйсінгендігі де бар еді» [3], - деген жолдар жаңа басшының қазақтар туралы көзқарасын көрсетумен бірге, оның авторының бұған дейін бұратана аталған халықтың тектілігі туралы ойларға жетелейтіні жасырын емес. Жазушы қазақта үлкен тұрып, кішінің сөйлемейтіндігін мәдениеттің ең озық үлгісі ретінде бейнелеуі – шығарманың негізгі жетістіктерінің бірі ретінде көзге түссе, сондай жетістіктің бірі бұған дейін бұратана, көшпелі атанған қазақ халқына деген көзқарастың өзгеруі [4].

Қаламгердің авторлық көзқарасы көрініс табатын тұстар романда анық байқалады. Сол кезең үшін Ресей империясы еркін жатқан халықтарды отарлап отырса да, өз ішінен іріп-шіріп отырғанын автор кейіпкер сөзі, Ресей империясының өкілі Игельстромның «демек, ұлы Империяның сарқылмас қайнарын көзінің қарашығындай қадағалап отырған адамдардың да бар болғаны ғой!.. Бәсе, бүкіл мемлекет билігі тақ иесінің төсек жақындары мен төңірегінен шықпай жүргендерге ғана бөлініп берілсе, және олар әлде біреулер айтып жүргендей, эншейін пысықайлар ғана болса, осынша байтақ ел әлдеқашан-ақ ит жыртқан терідей боп талан-таражға түсіп, анталаған шет-жұрттардың бірінің тісінде, бірінің тырнағында ту-талақай болып кетпес пе еді?!» [3,16] деген пікіріндегі «төсек жақындары» деген бір ғана детальмен біршама ойды аңғартып өтсе керек. Барон Игельстром көзқарасы арқылы автор сол кезеңдегі Ресейдің саяси-әлеуметтік жай-күйі туралы баяндап өтеді. Кешегі кеңестік кезеңде бұндай ойды айту мүмкін бе еді? Әрине, мүмкін емес еді. Авторлық ұстанымы қазақ емес, Ресей империясына шынайы берілген шенеуніктің ойы арқылы сыпайылап жеткізіледі.

Романда негізінен екі сюжеттік арна өрбиді, бірі орыс отаршылдық империясының көзімен қараған патша билігінің айналасындағылардың әрекеті болса, екінші қазақ даласындағы дүрбелең, тар кезеңдегі қыспаққа түскен көшпенді ел, ата-бабамыздың тарихи кеңістіктегі елдік, ұлттық азаттығы үшін күресі. Сол тұста көрінген Сырымдай дара тұлғалардың тарих сахынасына шығуы.

Автордың көркем шығармашылық қиялы тарихи танымның көркемдік шешім табуына жол салып, тарихи тұлғаның көркем әдебиеттегі сөзбен сомдалған бейнесі одан әрі ашыла түскен. Бұған дейін ел ауызынан жиналған Сырым батырға қатысты шешендік сөздер арқылы оның би, тапқыр ойшылдығын танысақ, өз заманының сұңғыла саясаткер болғанын дәлелдейтін тарихи фактілердің көркемдік тұрғыдан игерілуі тарихи тұлғаның ұлт үшін күресін, сол жолдағы еңбегін келешек ұрпақ санасына сіңіруде қызмет етері сөзсіз. Жалпы әдебиеттің көркемдік эстетикалық қуатының арғы жағында, түптеп келгенде, тәрбиелік мәні бар екендігін есте ұстауымыз қажет. Ендеше, «Тар кезең» ХХІ ғасырдағы қазақ романдарының іргелі туындысы ретінде, әдеби көркемдік, тарихи тағылымдық мәні жоғары туынды деп есептейміз.

Соңғы он бес жыл көлемінде үш бір бірдей көлемді роман жазған қаламгер С. Досановтың «Қылбұрау» («Ұлы даланың ұлы қайғысы») (2003), «Ұйық» (2005), «Тұйық» атты романдары қазақ әдебиетінің жаңа бағыттағы тың туындылары. Романдарда ХІХ ғасырдың соңғы ширегі мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлттық-этнографиялық тұрмысы Ресей империясының отаршылдық билігі ырқындағы дәуір шындығымен бейнеленген. Қаламгердің аталған романдары Қазақстанның тәуелсіз мемлекет атанып, рухани құндылықтарымызды бағалауға мол мүмкіндік туған кезде жазылғандықтан, олардың идеялық-композициялық желісінде қазақ даласының, халқымыздың Ресей отары болған тағдыры көркем прозадағы жаңа лепті көзқараспен бейнеленгені айырықша сезіледі [5,262-263].

«Қылбұрау» атты романының тақырыбы – Қазақ елінің отарлық тарихының соңғы кезеңдеріндегі өмір шындығы. Романның идеялық желісінде қазақтың ұлттық-тәуелсіздік еркіндігі жолында күрескен Алаш қайраткерлерінің жанкештілік қызметтерін таныту жүзеге асырылған.

Шығармада ұлттық-тәуелсіздік күрес жолындағы Әлихан Бөкейхановтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Нұрдаулет Бабахановтың іс-әрекеттері әдеби-көркем бейнені шыншылдық тұрғысынан жинақтайтын поэтикалық заңдылықпен берілген.

XXI ғасырдағы қазақ прозасында, оның ішінде роман жанрында белең алған жаңа үдерісті атап өтуіміз қажет. Ол қазақ прозасындағы постмодернизмнің көрінісі деуге болады. Аталған бағыттағы қаламгерлердің қатарында Д. Амантай, А.Кемелбаева, А.Алтай, Д.Рамазан т.б әдеби сын мен ғылымыда есімдері жиі аталып жүр.

Қазіргі постмодернистік бағытта жазылған романдарда жаңа ғасырдағы адамзат баласының азуы мен тозуы, қиянат, зорлық, немқұрайлылық, бітпейтін тартыс тағы басқа да мәселелерді ақтау да, даттау да жоқ. Аталған бағытта жазылған дүниелерде бүгінгі күннің тынысын бейнелегенде де оқшау, сырт көз үшін таңғаларлық әрі жұмбақ оқиғаларға барады. Жатсыну, қоғам енжарлығы мен жеке адам қасіретін замана қайшылығы, табиғи тамыры терең кінәрат есебінде суреттейді. Постмодернистерге тән поэтикалық ұстаным көркем шығарма бойындағы бейтараптылық.

Постмодернистік поэтикаға тән құбылыстарға ғалымдар: интертекст, өзін өзі әжуәлау, мениппея тәсілі (қайғылы жағдайдағы күлкі), өткен мәдениетке мойынсұнбау, мифтегі құбылу үдерісі (мысалы, А.Алтайдың «Алтай балладасы» роман-мифіндегі мифтің дәстүрлі ұғымдағы сәйкес келмеуі), мәтіннің көп қабаттылығы, әдеби ойын элементі, жанрлық және стильдік синкреттілік, авторлық маска және автор өлімі, екі ұдайылық [6,255-256] тағы басқаларды атап көрсетеді.

Әдеби сында постмодернистік кезеңдегі туындар қатарында Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романы аталады. Сыншы Ә. Бөпежанова: «Гүлдер мен кітаптар» сынды шығарманы мен қазақ әдебиетінде бұрын-соңды алғаш оқуым. «Гүлдер мен кітаптар» - көп планды роман. Әдеттегі ұғымдағы, себеп-салдарлы, классикалық үлгідегі көп планды да көлемді роман емес, көлемі шағын, соған қарамастан, конструкциясы өте дамыған – бірнеше идеяны қат-қабат алып жүретін роман; оқырманнан мәдени-философиялық оқылымды талап еді. Романда бірнеше пласт, қат-қабат бар» [7,390], - деп аталған романды мәдениеттегі құбылыс деп бағалайды. Жазушының романын парақтап оқыған кезде, постмодернистік әдебиетке тән сипатты белгілерді бірден байқауға болады. Романдағы мәтіннің көп қабаттылығы, интертекст, әрі жанрлық синкреттілік бой көрсетеді. Осы аталған теориялық мәселелеге үңілсек, автор туындысының табиғатын терең бағамдай аламыз.

XXI ғасыр әдебиетіндегі роман жанрының тенденциясы туралы сөз қозғасақ, әдеби сында, әдебиеттану ғылымында оң бағасын алған туындылардың қатарында қаламгер Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» атты романын атап өткен орынды. Автор романында кейіпкерді психологиялық талдаулар арқылы қазіргі жаңа қоғамға тән рухани құбылыстарды, жаңа көзқарастағы адамдар әлемін, жаңаша ойлайтын тәуелсіз рухани еркіндігі бар кейіпкерлерді алып келді. Романда жұмыс беруші мен жалданушы, үй иесі мен күтуші бейнелері сомдалған. Бүтін бір жаңа қоғамның ала бөтен адамдары, санасы да, тұрмысы да, тіршілігі де, табиғаты да өзгерін, рухани құлдыраған құлқынның құлдары көрініс береді. А. Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы постмодернистік бағдарды ғалым Б. Майтанов: «Соңғы жылдары білікті, көркем талғаммен жазылатын эссе, мақалалары арқылы белгілі Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» атты шағын романында автор мен Айжан аталатын бас қаһарманның ара қатынасын ажырату қиын. Ғұмырнамалық деректердегі ұқсастықтарға ешкім күмән келтірмейді. Алайда Айжанды Айгүлге толық санауға хақыңыз жоқ. «Постмодернистік ойын» элементтерін әдемі меңгерген қаламгер бірінші жақтық баяндау әдісін ұстанғанмен, оны сан алуан аралық мәтін (интертекст), сарқылмайтын реминисценция мысалдарымен байыта түсті» [8], - деп шығармадағы концептуальдық мағына, постмодернистік дүниетаным іздерін көрсетеді. А. Кемелбаеваның шығамашылығына тереңдей зер салсақ, көркемдік әлеміндегі сонылық, кейіпкерлердің өзіндік ерекшелігі, мәтін семантикасының күрделілігі, интерпретациялық еркіндігі мен постмодернистік баяндау тәсілдері өзіндік өрнегін қалыптастырғанын байқатады.

Қорыта айтсақ, XXI ғасырдағы қазақ романдарының дәстүр мен сабақтастық тұрғысынан дами отырып, сан-салалы бағытта дамып отырғанын көреміз. Бір мақаланың көлемінде жалпы әдеби даму үдерісін айту мүмкін емес, десек те әдеби сында аталып, оқырман қауым жылы қабылдаған

каламгерлердің шығармашылығындағы ортақ арна - қазақ халқы өмірін жан-жақты қамтып, сол халықтың өзін, елдік салттарын, дәстүрін тану, ел тарихының қилы-қилы жолдарын, бүгінгі қоғамның толғақты мәселелерін суреттей білуінде жатыр. Осы бағытта Ахмет Байтұрсынов атаған «ұлы әңгіме» жанрының жас ұрпақты отаншылдық, патриоттық рухта тәрбиелеу саласында алатын орны ерекше. Себебі кең құлашты роман жанрында әдеби шығармаға арқау болған адам мен қоғам тіршілігі мейлінше кең қамтылып, алуан-алуан даму кезеңдерімен тұтас жүйелеп, жан-жақты жинақтауға мүмкіндік мол[9,308].

Жаңа постмодернистік бағыттағы туындылардың да бой көтеруі қазақ әдебиетінің жаһандық әдеби үдерістегі жаңа ағым бағыттарды да қабылдап, қазақ әдебитіне сіңіруге деген талпынысын көрсетеді. Постмодернистік бағытта бағаланып жүрген Д. Амантай, А. Кемелбаева, Р. Мұқанова, А. Алтай т.б қаламгерлердің жоғарыда аталған туындыларына тереңірек үнілсек, қазақ әдебиетіне өзіндік ізденістерімен келген, көркемдік, стильдік ерекшеліктерін қалыптастырған тың ізденістік табыстар деп бағалауға болады. Сондықтан, қазақ әдебиетінің проза саласына постмодернистік элементтердің енуін заңды құбылыс ретінде қабылдауымыз қажет.

1. *Ысқақов Д. Әдебиет тарихын зерттеудің өзекті мәселелері. TURKYLIA.KZ ақпараттық-танымдық сайты.*
2. *Қазақ романы: өткені мен бүгіні: Ұжымдық монография. – Алматы: «Алматы баспа үйі», 2009. -644 б.*
3. *Мұхамбетқалиев Қ. Тар кезең. Роман. – Алматы, 2012*
4. *Орда Г. Соңғы жылдар прозасы //Қазақ әдебиеті, №23, 2014 жыл.*
5. *Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті. Ұжымдық монография. –Алматы: «Арда», 2009. – 392 бет.*
6. *Майтанов Б. Автор және көркем мәтін құбылыстары. // Әдебиет айдыны, №42 (190) 16.10.2008*
7. *Амантай Д. Қарқаралы басында: роман, повесть, әңгімелер, эсселер, өлеңдер. Бірінші том. – Алматы, 2010. 396 бет.*
8. *Майтанов Б. Тәуелсіздік – күрес мұраты: зерттеулер мен мақалалар (60 жылдық мерейтойына арналған). – Алматы: «Құс жолы», 2012. -490.*
9. *Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2007. -360*

## ТЕНДЕНЦИЯ РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОГО РОМАНА В ЛИТЕРАТУРНОМ ПРОЦЕССЕ XXI ВЕКА

**Б. Абдигазинулы** – доктор филологических наук, профессор

**А.А. Акболатов** – докторант КазНПУ имени Абая

### Резюме

В этой статье обсуждается процесс развития жанра романа казахской прозы в XXI веке. Так же рассматриваются направления развития жанра романа современности, исторический роман, красочные особенности романов написанных по направлению постмодернизма, и признанных как новизна века. Здесь подробно описываются труды авторов в поисках творчества, пути применения исторических тем, их оформление в сегодняшних романах. Статья написана руководствуясь теоретическим выводам ученых Кирабаева С., Елеукенова Ш., Искакова Д. Объектом исследования статьи являются романы авторов Мухамбеткалиева К. «Тар кезең», Досанова С. «Қылбұрау», «Ұйық», Амантая Д. «Гүлдер мен кітаптар», Кемелбаева А. «Мұнара». В общей сложности определяется роль названных романов в тенденций развития современного казахского жанра романа, их тема, идея, содержание и красочные особенности.

**Ключевые слова:** литературный процесс, роман, историческое познание, красочное решение, постмодернизм.

## TENDENCIES OF DEVELOPMENT OF KAZAKH NOVEL IN THE LITERARY PROCESS XXI CENTURY

**B. Abdigaziuly** – *doctor of philological sciences, professor*

**A.A. Akbolatov** - *PhD students KazNPU Abai*

### Summary

This article deals with the process of development of the genre of the novel of Kazakh prose in the XXI century. Also the development direction of modern genre of a novel, the historical novel, colourful features of novels are written in the direction of postmodernism and it is discussed and recognized as a century novelty.

Here the works of authors are described in details in searching the creation, ways of using the historical theme, and their decoration in today's novels. The article being guided with the theoretical conclusions was written by scholars, such as S. Kirabaev, Sh. Eleukenova, D. Iskakov. The research object of the article is the novels of the authors: K. Muhambetkali "Tar kezeng", S. Dosanov "Kylburau", "Uyyk", D. Amantay "Gulder men kitaptar", A. Kemelbaev "Munara".

In total, the role of these novels is defined in the development trends of modern Kazakh genre of novel, their theme, idea, content and colourful features.

**Keywords:** literary process, a novel, historical cognition, colourful solution, postmodernism.

УДК 821. 512. 122 (091)

### М. ДУЛАТОВ ӨЛЕҢІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА МӘСЕЛЕСІ

**К.С. Әбдіқалық** - *ф.ғ.к., профессор м.а., қазақ әдебиеті кафедрасы, ҚазМемҚызПУ*

**Ф.Н. Адылбекова** - *2-к. магистранты, ҚазМемҚызПУ*

**Түйіндеме.** Бұл мақалада ұлт тағдырын шешетін Мемлекеттік Дума туралы тұспалдап жеткізген Міржақып Дулатовтың өлеңі сөз етіледі. Ақынның ыза кегі барынша мысал арқылы сипатталған бұл өлеңінің сыры осы уақытқа дейін ашылмаған. Патша өкіметі, оның саясатын сынап қана қоймай, Мемлекеттік Дума мәселесін де көтере білген өлеңнің сыры бұл мақалада алғаш ашылып отыр. Сондай-ақ мұнда ұлт, жер жағдайына қатысты Ә.Бөкейханов сынды алаш қайраткерлерінің мақалалары мен тарихи деректерді негіз ете отырып, Міржақып Дулатов өлеңінің басты идеясы толыққанды айқындалып отыр. Патша үкіметінің қол астындағы отар елдерге көрсеткен зәбірін түрлі аңдардың бейнесі арқылы жұмбақтап берген ақынның негізгі мұраты да мұнда алғаш зерделеніп отыр. Автор өлеңде өз дәуірінің тарихи шындығынан хабардар етіп қана қоймай, қазақ зиялыларының жер мәселесін шешудегі ұмтылысын да баяндаған. Тарихи деректер негізге алынып, өлеңнің идеялық мазмұны жүйелі талданады. III Думаға қатыстырылмаған қазақтар тарихынан сыр шерткен бұл өлеңнен ақынның не себепті жұмбақтап бергенінің мәнісі де терең ашылады.

**Кілт сөздер:** Мемлекеттік Дума, түс, тұспалды, күшті аңдар, хайуан, замана, бейнелі, саясат, әлеуметтік мәселе, астарлы сөз.

Тарихқа көз жіберсек, «1905-1907 жылдар Қазақстанның саяси өмірі мен ұлттық интеллигенцияның тарихында I және II Мемлекеттік Думаға (бүкілроссиялық парламент – авт.) сайлауға дайындық пен оны өткізуге байланысты оқиғалар ерекшеленді» [1,40]. Сондай-ақ 1906 жылғы Мемлекеттік I Дума да, 1907 жылғы II Дума да патша әмірімен күшпен таратылғанын, 1907 жылы II Думаны таратқан патшаның 3 июньдегі жарлығы қазақ сынды бірқатар ұлттарды сайлану құқынан айырғанын да тарих дерек көздерінен білеміз. Бұл туралы Әлихан Бөкейхановтың «Үшінші Дума һәм Қазақ» («Қазақ», 1913, №9) мақаласында да былай ашып айтылған: «1907-інші жылда 3-нші июньде екінші Дума қуылып, енді келер думаларды сайлауға «3-нші июнь Законы» шықты. Бұл Закон бойынша бүтін қазақ халқы депутатсыз қалды. Қазақ халқы надан, Думада депутаттық бұған қол емес деді». Осы тарихи оқиғалардың шындығы XX ғасырдың басындағы ұлт зиялыларының шығармаларында ашық та, астыртын да көрініс тауып отырды. Солардың ішінен Міржақып Дулатовтың шығармасын сөз етейік.

1911 жылғы «Оян, қазақтың» екінші қайта басылымына М.Дулатов «Жұмбақ» атты мысал өлеңін кіргізген. Өлеңнің соңғы шумағында ақын:

Ойына қалай келсе, солай түсін,  
Сыртын көрін құр қойма, аңғар ішін.  
Өңдегімдей айтуға қаймығамын,  
Секілді еді осылай көрген түсім [2,145].–

деп тұспалдап айтқан ойларының ішіне үңіле қарап, сырын ашуға шақырады. Рас, патша үкіметінің қазақ халқын отарлық езгіге алуын, қатыгездігін көрген түс күйінде жеткізген шығар десек, «өңімдегідей айтуға қаймығамын» деп бар шындықты жайып сала алмайтындығында және оны жәй ғана көрген түске балап астыртын жазуында қандай құпия бар еді. Сондай-ақ, «Алашордашыл ұйым мүшесі» деген айыппен қуғын-сүргінге ұшыраған Торғай ақындарының бірі әрі замандасы Әлмұхаммед Оспанұлының «Қатар-құрбы қазақ жастарына» өлеңіндегі:

...Сералин, Байтұрсынов, Дулатовтың,  
Жаны ашып, жазған әуел жұмбағын шеш,–

деген жолдары да Міржақып Дулатовтың осы жұмбағын шешуіне ұмтылдыра түседі.

«Жұмбақ» өлеңінің сыры туралы белгілі ғалымдардың еңбегінде не айтылды екен? Р.Нұрғали «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» деген еңбегінде «Тұспалмен, әзіл-қалжыңмен жазылған «Сұлу қызға», «Балдызға» (үш өлең), «Алаш» партиясына қосылған ақынға», «Міржақыптың қайтарған жауабы», «Жұмбақ», «Қара құс һәм адам» өлеңдері ақын талантының юморлық, сатиралық қырларын көрсетеді» [3,70] деумен шектелсе, С.Қирабаев «Оян, қазақтың» екінші басылымында (1911) кірген «Жұмбақ» атты мысал өлеңде Міржақып отар елдерді билеудегі патша үкіметінің шексіздігін, қатыгездігін жұмбақтап, көрген түс күйінде жеткізеді. Онда аң патшасы арыстан мен оның уәзірлері айдаһар мен жолбарыстың маңына басқа жыртқыш аңдарды жиып алып, өзге момын жануарлармен есептейтін, шағым айтқанын жазалайтын мінездерін шенейді» [4,366-367] деп өлең идеясына жалпы шолу жасайды. Яғни, қазақ тарихындағы кейбір жайттарды жұмбақтап берген ақын ойы толық ашылмай қалған. Т.Кәкішұлының «Өлең – мақала емес, сондықтан оның тұспалдағанын тарихи деректермен байланыстыру шарт» [5,68] деген қағидасын еске ұстай отырып, енді ақын «жұмбағының» сырын ұғуға ұмтылыс жасайық.

Рас, мұнда түрлі аңдарды мысалға ала отырып, патша үкіметін сынға алады.

Һәр түрлі бір түбекте аң жайлаған,  
Арыстанды бастық қып хан сайлаған.  
Айдаһар, жолбарыстан уәзірі бар,  
Батырдың қайратына жан таң қалмаған,–

деп, ең алдымен ақын елді билеп тұрған патшаны – арыстанға, уәзірлерін – айдаһар, жолбарысқа теңеп алады.

Дос болған піл мен қасқыр және барып,  
Һәр түрлі сый, зиафат ала барып.  
Күшті аңның бәрі өзіне қараған соң,  
Аузына түскен басқа аң домаланып.

Ақын жыртқыштарға «күшті аңдар» қатарына жататын піл, қасқырлардың дос болып қосылғанын, оларға еліктеп басқа аңдардың өздігінен қосылуға барғанын жақтырмай ескертеді. Сөйтіп, сый-сияпат, пара бергізу арқылы патша үкіметіне жағымпазданған ел билеушілерді, күштінің әлсізге көрсеткен өктемдігін ашып көрсетеді.

Бұл арыстан мәнзилінде мекен еткен,  
Қанша аңның қаһар етіп қанын төккен.  
Болса да қанша ғайып бетке айта алмай,  
Күңкілдеп ұсақ аңдар жүрген шеттен.  
Арыстаннан ұсақ аңдар не көрмеген...

Патша үкіметінің қол астындағы отар елдерге көрсеткен зұлымдықтарын әшкерелеуде олардың қорыққаннан басшылыққа қарсы ашық ештеңе айта алмайтындығын, айтар болса «не қалды ол байқұста енді өлмеген» деп ащы шындықты көрсетіп береді. Одан әрі басқа жерде де азырақ аңдары мен арыстаны, олардың заңдарында әділдік бар екендігі баяндалып, әлгі арыстанның «Ғаламға мәшһүр аңның ханы атанып, дүниеден сол есіммен өтейін деп» сол «өнерлі ханға» соғыс ашқаны, алайда ол шайқаста жеңіліске ұшырағандығы суреттеледі.

«Аз аңдар көп аңдарды жеңіп кетін, Жерінен алды арыстанның қонысты бұл» дегенде, ақынның жұмбақтап айтып тұрған бұл соғысы орыстардың бірінші төңкерісі, яғни, 1905-1907 жылдардағы шаруалар мен жұмыскерлердің патша үкіметіне, II Николайға қарсы шыққан буржуазиялық демократиялық революциясы болуы мүмкін деп шамалаймыз. Өйткені өлең мазмұнында одан әрі арыстанның өткізген үш тойы жұмақталады. Ал сол «тойдың» болуына басты себеп осы көтеріліс екенін тарихтан білеміз. «Арыстанды қарап тұрып масқаралаған» аз аңдарға келсек, олардың «Бұл аңдар сұрша ғана мақар екен, Ғайратлы һәм шаһар екен» деп сипатталуы көтерілісте жеңіске жеткен қарапайым жұмысшыларды елестетеді.

Отырып бір күн арыстан ой қылыпты,

Халық жинап тәубе қылып той қылыпты.

«Қиянат күшті әлсізге етпесін» деп,

Аңдарға әмір шашып, қойдырыпты.

Енді бұл арада Міржақып Дулатовтың айтып тұрған «тойы» – Мемлекеттік Дума. Бұл көріністі Әлихан Бөкейхановтың «Дума һәм Қазақ» («Қазақ», 1913, №23) мақаласынан да аңғарамыз: «18 февральда 1905 жылы патша ішкі министр Булыгинге жарлық қылды, мұнан былай жұртымның жақсысымен ақылдасып закон шығарамын, осы жұрт жақсысын не жолмен сайлайтын жол жаса, деп». Сондай-ақ өлең жолындағы «Қиянат күшті әлсізге етпесін» деген «әмірі» бірінші орыс төңкерісі нәтижесінде демократиялық даму жолындағы өзгерістерді енгізуге мәжбүр болған Ресей патшасының 1905 жылғы 17 қазанда жарияланған манифесі еді.

Тойына шақырмаған жан қалмаған,

Түлкі, қасқыр, құлан, киік, суыр, қоян.

Қасқыр, аю, бұғы, марал, борсық, тышқан –

Хайуанның жалбыраған бәрі барған.

Шақырып отырған «тойға» – I Мемлекеттік Думаға барлық аңдардың шақырылғаны – әр аймақ өкілдерінің заң шығаруға қатысуы. Яғни, Ресей азаттық қозғалыстың өрлеу барысында қазақ қоғамына да жеткен тарихи жаңалықтардың бірі – 1905 жылғы 6 тамызда шыққан манифест бойынша қазақ елінің де Мемлекеттік Думаға депутат сайлауға құқылы екені.

Арыстанға бұлар айтқан ғариза хәл:

«Мекеннен біздің еткен қасқырларды ал,

Жерлерде бұлар жүрген біз жүрмейміз,

Біздерге күн көрсетпес осылар дәл».

Осы өлең жолдарында ақын I Мемлекеттік Думаға сайланған қазақ депутаттарының ел-жұртының өтініштерін патшаға білдірулерін сөз етін отыр. Яғни, бұл – қазақ халқының жер мәселесіне байланысты, анықтап айтқанда Ресейден жер аударылып келін жатқан мұжықтардың қазақтың шұрайлы, құнарлы жерлеріне орналасып алғандығы, халқының шетке ысырылып жатқанындығы туралы олардың мұң-мұқтажы еді. Ал мұндағы айтып отырған «қасқырлары» – орыстың мұжықтары. Арыстанға айтқан арыздары оларды елден алып кетуін сұраған өтініштері болатын.

Дұшпаны жуас аңның қасқыр, қабан,

Жолбарыс, айдаһар да фиғлы жаман.

«Тіл тигізіп, достарымызды сөктіңіз» деп,

Арыстан той тарқатып ашуланған.

Ақын бұл арада «жуас аң» деп қазақ елін, сол жуас аңның «дұшпандары» деп патша үкіметін мезеп тұрғанға ұқсайды. Ал арыстанның ашуланып тарқатып жіберген тойы – бар болғаны 72 күн жұмыс жасап, үкімет шешімімен таратылған I Дума. Ал мұны ақын осылайша жасырын түрде әшкерелейді.

Жанжалмен тарқаған той болды тағы,

Тағы да жиналысты аң баяғы.

«Қорлыққа өлтірсең де көнбейміз» деп

Үн қосып нашар аңдар ал шулады.

Қайта болған тойы – II Мемлекеттік Дума. II Думаға қазақтардан 5 депутат сайланған. «Қорлыққа өлтірсең де көнбейміз» деп Дума жұмысында қызу пікір тартысын тудырған – тағы да қоныс аудару мәселесі. «Нашар аңдар» деп отырғаны – қазақтар. Ақын бұл жерде «нашар аңдар шулады» деп осы тартысты астарлы мағынада суреттей отырып, қоныс аударуды қатты сынға алғандай. Тарихи

деректерге карағанда, Дума мүшелерінің талап-тілегі орындалмайды, яғни, билік орындары тарапынан отарлау үрдісіне белгілі бір шектер қоя алатындай құжат қабылданған жоқ.

Той тарқатып арыстан шатырлаған,  
Көбіне жанжал үшін қаһар қылып  
Үшінші рет жұрттың бәрін қайта жиып,  
Бағзы нашар аңдарды шақырмаған, –

дей келіп, үшінші рет бәрін қайта жиған тойға «бағзы нашар аңдардың» шақырылмағанына қынжылады. Өйткені 1907 жылы 3 маусымдағы үкімет қабылдаған заңда «Көшпелі бұратаналар сайлауға қатыса алмайды» деп көрсетілгенін тарихтан білеміз. Сөйтіп, ақын III Думаға қатыстырылмаған қазақтар тарихынан сыр шерткенде,

Арыстанға бұл байғұстар өкпелеген,  
«Ұстайсың бізді қорлап шетке» деген.  
Арыстан айтқан: «Сіздердің керегің жоқ,  
Мәжілісті бұзасың текке» деген, –

деп, қазақтардың неге шақырылмай қалғандығын да түсіндіреді. Демек, екі Думада шеше алмай қалған мәселесі, яғни, қазақ елінен тағы да жер алу, қоныстандыру саясатының іске аспай қалу қауінінен қорыққан патша үкіметінің пиғылы әшкереленіп тұрған жоқ па?!

«Бұлардың қалды сөйтіп көз жасына» дейді де,  
Арыстанның бұл хақында ниеті сол –  
Ілгері қадам басып озбасына, –

деп, ұйқыдағы қазақ жұрты санасының оянып, саяси сауатының шарықтап кетуінен үріккен тағы да патша отаршылдығын сынға алады. Расында да осы оқиғадан кейін қазақ зиялыларының жер мәселесімен бірге, халықты оқу-ағартуға шақыру мәселесін алға қоя бастағаны белгілі.

Сол аңдар емес, дейді, әлі тыныш,  
Топтанып ақылдасқан күнде жиылыс...

Бұл жерде күнде жиналыс жасап тыныштық таба алмай отырған аңдары ұлт зиялылары екені тағы да анық. Тарихи деректерге сүйенсек, осы III Думадан кейін қазақ оқығандарының түрлі бас қосуы көп болған. Күнде топтасып, ақылдасып жиын жасауы тектен-тек еместігін автор өз сөзінде аңғартқандай. Яғни, зиялы қауым жиылыстарының негізгі мақсаты – елді қалай отаршылдықтан, патша өкіметінің озбыр саясатынан құтқарудың, ата-бабамыздың қасық қаны қалғанша қорғаған жерлерін жат қолына бермеудің, халықты қайтсек надандықтан, сауатсыздықтан, шарасыздықтан арашалаудың жолдарын қарастыру. Ал осы жайттарды Міржақып мысал өлеңі арқылы жұмбақтап, астарлап жеткізін отыр.

Түйіп айтқанда, ақын үшін тарихи оқиғаларға деген өз көзқарасы мен ойларын ашып айтуға сол уақытта мүмкін еместігін ескерсек, тұспалдап жазуының мәнісі, өлең тақырыбының «Жұмбақ» деп қойылуының сыры да түсінікті деп ойлаймын. М.Дулатов мұраларының жыл өткен сайын зерттеле түсетініне осы өлеңі енді дәлел бола алады.

1. Нұрпейісов К. *Алаш һәм Алашорда*. – Алматы: Атамек, 1995.
2. Дулатов М. *Оян, қазақ!* – Алматы: Атамұра, 2003.
3. Нұрғали Р. *Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры*. – Астана: Күлтегін, 2002.
4. Қирабаев С. *Көп томдық шығармалар жинағы. 8-том*. – Алматы: Қазығұрт, 2007.
5. Кәкішұлы Т. *Мағжан-Сәкен*. – Алматы: Қазақ университеті, 1999.

**ПРОБЛЕМЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ДУМЫ В СТИХОТВОРЕНИИ М.ДУЛАТОВА**  
**К.С. Абдикалик** – к.ф.н., и.о.профессора, кафедра казахской литературы, КазГосЖенПУ  
**Ф.Н. Адылбекова** – магистрант 2 к. КазГосЖенПУ

**Резюме**

Статья посвящена анализу стихотворения Миржақыпа Дулатова о Государственной Думе. До сих пор не раскрыта тайна данного стихотворения, написанного в жанре басни. Впервые выявлена авторская позиция. Миржақып не только критикует царское правительство, его политику, но и поднимает вопросы Государственной Думы. В научной работе на основе статей таких алаш-ордынцев, как А.Букейханов, и исторических сведений, всесторонне раскрывается основная идея

стихотворения Миржакыпа Дулатова. В басне действуют животные, а подразумеваются приспешники царского правительства. Автор не только передает историческую правду своего времени, но и излагает стремление казахской интеллигенции решить земельный вопрос. Опираясь на исторические факты, автор всесторонне анализирует идейное содержание стихотворения. Раскрываются причины лишения права казахов участвовать в Государственной думе Российской империи III созыва. В своем стихотворении М.Дулатов подвергает критике это решение как несправедливое.

**Ключевые слова:** Государственная Дума, сон, подтекст, сильные животные, зверь, эпоха, образный, политика, социальная проблема, двусмысленное слово.

#### PROBLEMS OF THE STATE THOUGHTS. IN THE POEM M.DULATOV

**K.S. Abdikalyk** – *Professor of Philology. Chair of Kazakh Literature. Kazakh State Women's Teacher Training University*

**F.N. Adylbekova** – *Undergraduate specialty «Kazakh language and literature I». Kazakh State Women's Teacher Training University*

#### Summary

This article is devoted to the analyzes of the poem Mirzhakyp Dulatov about the State thoughts. The secret of the poem is not still revealed, which was written in the genre of fables. There was revealed the author's position first. Mirzhakyp does not only criticizes the tsarist government, its policies, but also raises matters of the State thoughts. In the research work based on the articles as Alash members A. Bukeykhanov, and historical information are revealed comprehensively to the main idea of the poem Mirzhakyp Dulatov. In the fable animals are meant henchmen of the tsarist government. The author does not only convey the historical truth of his time, but also sets out the aspiration of the Kazakh intelligentsia to solve the land matters. Based on historical facts, the author comprehensively analyzes the ideological content of the poem. There was revealed the reasons of deprivation of the right Kazakh to participate in the State thoughts of the Russian Empire III convocation. In his poem M. Dulatov criticized the decision as unfair.

**Keywords:** State thoughts, sleep, undertone, strong animals, beast, period, imaginative, politics, a social problem, an ambiguous word.

ӘОЖ 882.151.212.2

#### ИЛІЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ "ЖОЛДАСТАР" РОМАНЫ ТУРАСЫНДА

**Р.Ә. Шаханова** – *Абай ат. ҚазҰПУ, п.ғ.д., профессор*

**Л.М.Әділбекова** – *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессор м.а., филология ғылымдарының кандидаты*

**Андатпа.** Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры дерлік кезең – ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихи оқиғаларға да, сан алуан көркем шығармаларға да бай кезең болып табылады. Қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге көтеруге ат салысқан ұлт жанашырлары бұл жолда аянбай тер төкті. Кейбір кенжелеп қалған әдебиет жанрларын әдебиетке алып келуде ақын-жазушыларымыз тыңнан жол салды, жаңа тақырыптарды игерін, көркем әдебиеттің өзегіне айналдыруға күш-жігерін жұмсады. Өзіне салсаң, мүмкін, тек поэзия майданынан табылар «қазақ поэзиясының құлагері» Ілияс Жансүгіров те өз замандас, қанаттас, қаламдастары сынды сахналық пьеса үшін драматургияға, жұртын дүниежүзілік классикалық шығармалармен таныстыру үшін аудармаға, қазақ прозасын дамыту мақсатында роман, повесть, әңгімеге, фельетондар жазу үшін сатираға қалам тартты. Ілияс қаламының ерекшелігі - қай салада қаламгер қалам тартпасын, қайсысы да шебер, көркем тілді, терең ойлы шығармалар қатарынан табылды. Мақалада ақынның «Жолдастар» романының жазылу тарихы автор тағдырымен байланыста қарастырылады. І.Жансүгіров шығармашылығы бүгінге дейін зерттеліп келгенімен, ақын романының көркемдік сипаты мен ұрпақ танымындағы алатын бағасы бүгінгі күн тұрғысынан әлі де тереңіне үңіліп, аша түсуді қажет етеді. Ғылыми мақалада негізінен І.Жансүгіров романының жазылу әрі зерттелу тарихына қатысты материалдарға талдау жасалып, маңызды анықталады. Сонымен қатар мақалада І.Жансүгіровтың суреткерлік шеберлігі қарастырылады. Қазақтың әрлі де нәрлі асыл сөздерін тереңінен меңгерген ұлы тұлғаның прозалық шығармасының көркемдік сипаты жоғары дәрежеде. Сондықтан да бұл шығарма өз құндылығын жоймақ емес.

**Тірек сөздер:** Ілияс Жансүгіров, «Жолдастар» романы, революция, қазақ прозасы, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, төңкеріс тақырыбы.

XX ғасыр басы қазақ халқы үшін де тарихи дүрбелеңмен бірге ақын-жазушыларымыздың дүл-дүл шығармаларының дүние есігін ашқан кезі. Әдебиеттің бар жанрында дерлік қалам тартқан айтулы кезеңнің алып тұлғалары Стендальдің сөзімен айтқанда "үлкен жолдағы айна» саналатын көлемді жанр романдардан да кенде болған жоқ. Революциялық әдебиет болсын, жалпы орыс әдебиеті болсын сол халықтың ұлы жазушысы әрі ойшылы саналатын Максим Горькийдің: "Дегенмен байқаусыз түрде бізде шын мәнісіндегі және аса көркем тарихи роман жасалды... Революцияға дейінгі әдебиетте мұндай роман болған жоқ" - деген пікірі геосаяси тұрғыдан ортақ тағдыры бар көп ұлттарға да тиесілі еді[1, 153]. Ағылшын жазушысы Джеймс Олдридж: "Менің Михаил Шолоховқа алғысым шексіз. Кеңес Үкіметінің немен тыныстап, қандай қиындықтардан өткенін 1938 жылы «Тынық Донды» оқығаннан соң ғана түсіндім»[2] - деген екен. Бұл тұрғыдан "Тынық Дон" сынды ірілі-ұсақты революция тақырыбынан туған шығармалар қаншама? Бұл шығармалар әр түрлі деңгейде болды, әрі өз кезеңіндегі уақыт, дәуір талабына өз деңгейінде жауап берін жатты. Романның, көркем шығарманың міндеті - күнделікті өмірде, тарихи уақиғада болатын барлық кездейсоқтықтарды бөлін алып, өмірдің қойнына, жүрегіне сұңғу - деп көрсеткен еді орыс сынының классигі В.Г.Белинский[3]. Бұл пікірді ғалым Айқын Нұрқатов: "... романшының негізгі мақсаты - өзі бейнелеп отырған дәуірдің рухын аңдату, шешуші сипаттарын көрсету. Осы нысанасына жету жолында ол өзінің творчестволық қиялы арқылы ойдан шығаруға, яғни көркемдік әсірелеуді (художественный вымысел) қолдануға ықтиярлы, өз кезінде Пушкин де: "Қазіргі уақытта роман деген сөзді - әсіреленген баяндау арқылы өрбітілген тарихи дәуір деп ұғамыз"[4, 400]- деп негіздей түседі. Б.Майлиннің прозасын жан-жақты сараптай отырып Т.Нұртазин "Роман мен повесть таңдаулы поэзиямен қатар қарапайым прозаны да, тіпті сүренсіз хабар, хроника мен нұфрларды да бойына сыйыстырып, жарасым дарытып, тамаша көркем поэзия болып шыға береді. Ендігі поэзияның күші - роман мен повесте қалды" – сынды ұлы сыншының пікіріне қосылатындығын жеткізген[5,102].

Қаламгер Ғабит Мүсіреповтің романның ішкі талабына байланысты: "Бірінші - әрбір шығарманың ішкі мінездемелері, сыртқы сипаттаулары, жаратылысты суреттеулері сияқты егжей-тегжейлілердің бәрі де шындылықпен көрсетілуге тиісті, екінші - типтік образдарға да, образдардың әрекет етер жағдайларына да бірдей қойылатын талап, екінші сөзбен айтқанда, типтік характерлер қай уақытта да типтік жағдайларында жасалуға тиісті" [6,351]- деген пікірі күні бүгін де көнере қойған жоқ.

XX ғасыр тарихынан саяси репрессияға ұшыраған қаламгерлердің екі мүшелдей уақыт халық санасынан алшақтатылғандығы белгілі жайт. Жылымық кезең келін, азаматтарымыз қайта оралған сәтте ақын Ілияс Жансүгіров туралы алғаш сүбелі зерттеу еңбек жазған ғалым Мырзабек Дүйсенов болатын. Демек Ілияс Жансүгіровтың «Жолдастар» романы туралы айтылатын ой-пікірде М.Дүйсенов еңбегіне тоқталу заңдылық болса керек. Біз де келесі кезекте "Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңіп, жаңа қоғам орнату күресінде де, социализмнің тиянақты орнығу кезінде де жаңа дәуір жазушыларға өзекті тақырыптарды алға көлденең тартты. Революция, сол кездегі шиеленіскен халықаралық жағдай, социалистік құрылыстың алғашқы жеңістері, ауылдағы тап күрестері, еңбекке деген көзқарас, мәдени революция, санадағы өзгеріс, тағы басқа көптеген қоғамдық мән-мағынасы бар мәселелер күн тәртібінде ерекше тұрды. Уақыт тудырған тақырыптың өзін таңдай, талғай білу, оның көркемдік шешімін табу жазушының иедялық бағытымен тығыз байланыста жатады. Совет ақыны бүгінгі өмірге тікелей қатысы бар күрделі жайларды сөз етіп, оны пролетариат диктатурасының үстемдік алуы, социализмнің жеңуі тұрғысынан жырлайды. Ілиястың "Жолдастар" романы да осылай туған дәуір жемісі» - деп бағалаған ғалым пікірін басты назарда ұстайтын боламыз [7, 68].

Ілияс "Жолдастар" романының үзіндісін алғаш рет 1934 жылы "Әдебиет майданында" жариялаған. Бұл "Ак вексель" бөлімі болатын[8]. Ал 1935 жылы "Жолдастар"[9] роман ретінде 583 беттік бірінші кітап болып жарыққа шықты.

Романның жоспарланып жазылуы жайлы ақынның жұбайы Фатима Ғабитованың естеліктерінен көп мәлімет алуға болады. "Жаз айларында (соңғы жылдар) дем алатын орнымыз Алматының күн жақ шығысындағы тау бөктеріне орналасқан оқытушылар қаласы болатын. Сол төңіректе киіз үй тігіп, үш айдай (июнь,июль, август) отыратынбыз. Ілияс "Жолдастар" романының бірінші кітабын

1935 жылы осы оқытушылар қаласында жазды. ... "Жолдастар" - трилогия болатын, бітпей қалған екі кітабының материалдары бұл күні Илиястың өз архивінде сақтаулы»[10] - сынды мәлімет пен ақын мұрағатындағы роман тақырыбына қатысты жиналған материалдар шындығында да «Жолдастар» романының трилогиялық туынды ретінде жоспарланғандығын дәлелдейді. Кейінгі зерттеушілердің бұл романды екі не үш томдық деп жорамалдар жасауына да автордың алғашқы жарық көрген романына «Бірінші кітап» деп баса көрсетуі ықпал етсе керек.

Илиястай әдебиетіміздегі ірі тұлға жоспарлаған үлкен романның аяқталмай қалуы, әлбетте, өкінішті-ақ. Қазақ поэзиясы Құлағерінің қара сөзбен де бәйге алар көрікті ойларының халық игілігіне жаратылып, халық қазынасын толтырмағаны романның өз дәрежесінде бағасын ала алмағандығына алып келгендей.

Қазақ әдебиетінің көркемдік объектісіне айналмаған дала капитализмінің іске асырылу жүйесі, бірінші дүниежүзілік империалистік соғыс тұсындағы қала тұрғындарының тұрмысы, 1916 жылғы маусым жарлығынан кейін соғыстың қара жұмысына жіберілген қазақтардың майдандағы ауыр жағдайы сияқты күрделі оқиғалар романда алғаш рет көрсетілген. Автор ой-мақсатын романның әр тарауында біртіндеп көркемдік кейіпке келтіріп, нақтылы жүйеге түсірген. Романның негізгі кейіпкерлері Сатан мен Мәмбет, Мардан образдары толық сомдалып шыққан. Бірінші тарау Сатанның Шалматай байдың үйінде жалшылықта жүрген кездегі тірлігін бейнелеуге арналса, екінші тарау Сатанмен тағдырлас Мәмбет пен Мардан есімді жарлы-жақыбай жастардың жалшылық өмірдегі көрген қорлығын суреттеуге арналған. Қаламгер қаһармандары уақытпен бірге өзгере бастайды, нақты уақиғалар ішінде ойлары өсіп, дүниеге көзқарастары жетіле түсіп, аңғал, сенгіш Мәмбеттерден "табандасқан жерде тартысқа белді, Кавказдың қара ала қанжарындай" өткір, өжет жігіттер шыға бастауы шынайы суреттеледі. Омбы қаласындағы алғашқы қазақ жұмысшыларының тұрмыс-тіршілігі, 1916 жылғы маусым жарлығы, бірінші империалистік соғыстағы қазақтар өмірі мен 1917 жылғы ақпан төңкерісінің ықпалымен елге оралғанғандардың Қазан төңкерісіне белсене қатысуымен романның бірінші кітабы аяқталады.

1967 жылы шыққан академиялық "Қазақ әдебиетінің тарихы" "Жолдастар" романының тілі бай, жазушы табиғатты, адам портретін беруде үлкен шеберлік көрсете алғандығын көрсете келе, «романның жалпы көркемдік сапасындағы ала-құлалықтар - сол кездегі прозалық шығарманың күрделі түріне тән ортақ құбылыс еді" [11,424] – деп түсіндіреді.

Романды оқи отырып, бір дегеннен-ақ М.Горькийдің "Ана" романын, немесе 1926 жылы жарық көрген Ж.Аймауытовтың "Қартқожа" романымен тақырып ұқсастығын көреміз. Роман басындағы қараңғы, қара жұмысшы баласы Павка Власов пен роман соңындағы революционер, пролетариат жұмысшысы Павел Власовты алыңыз. Немесе, кедейлік пен жетімдік қысып, білімге талпынған ауыл баласынан сауатты, еңбегін еліне арнаған, жаңарған елдің жас жұмысшысына айналған Қартқожаны алыңыз. "Жолдастар" романында "Ана" романындағыдай сомдаған, типтелген, негізгі ғерой Власовтай қатар сомдалып, революцияға келу жолы бір уақыттағы әр орта, әр жағдайдағы бірнеше Власовты кездестіресіз. Роман композициясын осындай қиын жолмен ала отырып, Илияс үлкен шеберлік, тапқырлықпен көздеген нысанасына жете білген

Қазақ прозасы, романдары туралы зерттеулерде "Жолдастар" романына қатысты «кейіпкерлердің толық қанды бейнелерінің жасалмағандығы» туралы бірді-екілі сындар баршылық. Ескеретін жайт, біріншіден, бұл болашақ трилогияның бірінші бөлімі. Екіншіден, романдағы оқиғалар өткен кезең - 1913 жылдан 1917 жылдың 26 қазанына дейінгі аралық болса, Илиясқа кеңес өкіметінің белсенді қайраткерінің бейнесін жасай қоймадың деу – кеңестік идеологияның әдебиетке артқан келеңсіз салмағының салқыны деп түсінген жөн болар.

Илияс өз кейіпкерлерін тарихи жағдай, орта оқиғаларымен байланыстыра отырып, диалектикалық үйлесімді өсіре білген. Пролетариат жазушысы өзге ұлттарға үлгі ретінде таратқан әйгілі романында бір Власов емес, бірнеше Власовты өмір соқпағының әр сүресімен жүргізе отырып, революцияға жеткізген. Бұл мектептің әсерін Илияс қаламынан да сезінесіз. Бұған қоса Илияс романды тақырыбына, роман суреттеген дәуірге сай, жатық тілмен жаза білген. Илияс сөйлемдері жеңіл, әрі көркем, поэтикалық сұлу өрнектермен молынан әшекейленген. Бірғақты прозаның да саналуан салтанатын көріп, тұшына оқып отырасыз. Әлбетте, романды мүлдем кемшіліксіз деуден аулақпыз. Әйтсе де, Илияс Жансүгіровтың "Жолдастар" романы қазақ романының алғашқы қарлығаштарының бірі, өз

кезеңіндегі әдебиетіміздің үлкен жетістігі. Осы жағынан-ақ "Жолдастар" романының казак романдарының қатарынан алатын орны бөлек.

Роман төрт тараудан тұрады: "Бастау", "Ағын", "Толқын", "Тасқын". Әр тарау шағын тақырыпшалармен бөлінген, әрбір шағын бөлігі жинақы, тиянақты әңгіме іспеттес. "Бастау" осындай отыз бір тақырыпшаға бөлінген; "Ағын" - отыз алты; "Толқын" - жиырма алты; "Тасқын" - отыз жеті тақырыпшаға бөлінген. Әңгіме Қоянды жәрмеңкесінен басталады.

"Қоянды, жолың қатты, наның тәтті.

Айдаймыз ақсақ қойды, артық атты.

Айдаған осы жолға кедейшілік

Арқаның арқамызға қатты батты".

Осы бір өлең шумағы бүкіл оқиға арқауынан хабар берін тұр. "Қояндыға" бай не үшін барады, кедей не үшін барады, бір ауыз сөзбен баяндалған. Бар болғаны бір қоңыр сиыр, төрт ешкімен қалған Сәтбалаға үлкен баласы Тәжи: "Байдан қой алып қыстасақ, аман қалармыз ба" - деумен, "Ақ вексілге" [12, 14-16] отыруға көндіреді. Сәтбаланың көңісі жоқ. Әйтсе де қу кедейшілік, күнкөріс қамы, екінші жағынан қабырғасы қата қоймаған кіші баласы Сатанды жалға беру жанына батқан әже ұлына келісімін береді. "Байға не айтамыз? - деген бөлімінде қыс бойы "Ақ вексілге" алған жиырма қойы мен өзінің аз-маз тұяғының бәрі қырылып, үш-төртеуі ғана аман шыққан Тәжидің жақындап қалған жәрмеңкеден қашуы айтылса, келесі бөлімінде - Шалматай байдың повесткасымен шақыртылып алынған Тәжидің "Ақ вексіл" құнына жалғыз кәк құнаны мен інісі Сатанды бір жыл жалшылыққа беріп, бәтуаласуы баяндалады. Бұдан кейін оқиға малшылыққа, жаңа ортаға кеткен Сатанға байланысты өрбиді.

XX ғасыр басындағы қазақ даласынан есе бастаған капитализмнің алғашқы лебі, оның қоғамдық өндірістік қатынас пен санадан көрініс таба бастау элементтері - Ілияс романында Сатан және басқа кейіпкерлер арқылы ұтымды көрініс тауып, дамытылған. Қазақ даласындағы алғашқы өндірістік қатынас та кең өріс тапқан. "Ақ вексіл" операциясы бәрімізге таныс ұғым болғанымен, оның мәні неде, ол қалай өтеді, қалай жасалады, қалай жүргізіледі - деп жіктейтін болсақ, бұл дәуір туралы жазылған еңбектердің ешқайсысынан толық жауабын ала алмайсыз.

Ал "Жолдастар" романында жылына жәрмеңкеге жетпіс мыңнан кем қой салмайтын дала капиталисі Шалматай саудасы арқылы бұл операция алақанға салғандай суреттелген. Әрі бұдан осы бір дала капитализмі механизмінің іске асу жүйесін жазушының терең білгендігін аңғаруға болады. Әлбетте, байлардың жәрмеңкеге әкелген мыңдаған, он мыңдаған қойлары бір базарда түгел өтіп кетпейді. Саудаға жарамай қалған ақсақ-тоқсақ, ауру-тұрақ мұндай қойлар жылда жәрмеңке тарқарда аманатқа алушыларға таратылып отырады. Бай "бағамын" дегеннің аты-жөнін нотариус алдында жаздырып, "ақ вексілдеп" бере-береді. Бұл істің "Ақ вексіл" аты да осыдан шықса керек. Жазушы жәрмеңкеге жылына жүз мыңға жуық қой айдаған ірі көпестің, тиыннан тиын туғызған қу тұяқ саудагердің малдарының қалай құрылып, қалай сатылатынын оқырманға қолмен қойғандай түсінікті әрі көркем тілмен жеткізген.

Мал құрау жолы сан тарау. Мысалы, "Бойдақтың бірсыпырасы қолма-қол ақшаға алынған. Ол ақша түрлі алушылардың қойны-қойнында жүріп, талай елді аралаған болады. Әрине, ондағы қой алынған баға - мұндағы бағаның үштен біріне де жетпейді. Қойдың енді бір тобы - өткен жылғы сауданың несиесіне жиналады. Қойды жаз шығарып беруге кездемеден, шай қанттан, бас, ұлтанның бай несие берген болады. Қойдың төртінші түрлісі - қызыл қозыдан құрылады. Ол қызыл қозы дегеніміз - тумак түгіл әлі күйегі алынбаған қошқардың беліндегі қозыға байлар теңгелеп-тебендеп берген болады. Ол ақшалар өзінен өзі қоздап, бұзаулап мал болып, Шалматайдың жәрмеңкеге айдар кезінде маңырап, мөңіреп, жидашының алдына түседі. Одан арғы қойлар кезден кертіп жеп, қолма-қол сатқан товардан, даудан өнген, несиелі малдан, бірі екі болып өндірілген тіл-хаттан, айып-анжыдан күнде балалаған парадан, қойшы-қолаңның ақысынан, тағы-тағы басқалардан сәті түсіп, өніп, қорланып, қой болатын еді, бұл қойлардың басқа мыңдаған ірі қарамен, банкені буындырған ақшамен, тері-терсекпен, жүн-жабағы, қыл-қыбырмен келіп, Шалматайлар осы "Қоянды" жәрмеңкесіне келіретін еді. Жәрмеңкеде жаздай жатып, малын саудалап, базарды қолдан таратып, көп товармен Шалматай сықылды Жетісу байлары кейін қайтатын еді. Қайтарда саудадан бұрақ қалған ақсақ-тоқсақ, ауру қойларды ондап-жиырмалап, Қоянды манындағы елге "ақ вексілге"

тарататын еді. Мына Тәжидің Шалматайға келіп, аламын деп өтініп отырған қойы осындай брак қойлар еді"[12, 5-8].

Шалматайда екі жыл, Шаяхмет байда бір жыл жұмыс істеген Сатан көп нәрсеге үйренеді, өмірді көреді. Жазушы кейіпкерін тек қой соңына салып қоймай, өмір мектебінің түрлі белдеулерінен өткізіп, ысылтып, небір шытырман оқиғаның қан сорпасына түсіріп, пісіреді. Сүйгеніне қосылмаған Нәзипаның жайы, басына түскен күндестік хал, көзі ашық, дүниеге материалистік көзқараспен қарайтын Балабай уезінің татары Фазыл Жиянгелдин мен ауылдың қожа-молдалары арасындағы тартыс, шербешнай съездерге қатысу, Шалматайдың жұмсауымен барымтаға, Досайдың жүйрік аттарын ұрлауға араласуы - қой аузынан шөп алмас Сатаннан ысылған, пысық Сатанды өсіріп шығарады. Шаяхмет байға қызметке келіп, Құсайынның бала-шағасымен Жетісуға келе жатқан Сатанға халық арасына аңыз болып тараған, байлардың қас жауы Тәуке, Самалық сынды батырларды кездестіруі, Тәуке батырдың асау сөздері көп ой тастайды. Осылайша ұтымды композициялық құрылым арқылы Илияс кейіпкерлерін шынайы шындай түседі.

Қорыта айтқанда, Илияс Жансүгіровтың "Жолдастар" романы Б.Майлиннің "Азамат Азаматыч". Ж.Аймауытовтың "Қартқожа" романдарымен тақырыптас 1917 жылғы революцияға дейінгі қазақ халқының өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен, замана адамдары психологиясымен, халықтың салт-дәстүрімен, қазақ қоғамының этнографиялық тұрмысынан мол мәлімет беретіп, сол кездегі қазақ тұрмысының тарихи ортасынан қайнап шыққан білгір, көреген жазушының көркем шығармасы болып табылады.

1. Горький М. Полное собрание сочинений, т.24. -М., 1949. - с.153.
2. Джеймс Олдридж. Тихий Дон // Литературная газета, - М., 1975. - 1 января.
3. Белинский В.Г. Избранные статьи. -М.: Детская литература, 1973.
4. Нұрқатов А. Әуезов творчествосы [мақалалар]. -Алматы: Жазушы, 1965. -400 б.
5. Нұртазин Т. Б.Майлин творчествосы. -Алматы: Жазушы, 1966. -324 б. [227 б.].
6. Мүсірепов Ф. Суреткер парызы. -Алматы: Жазушы, 1970.-543 б. [351 б.].
7. Дүйсенов М. I.Жансүгіров. -Алматы: Ғылым, 1965. -68 б.
- 8.Жансүгіров І. Ақ вексель. "Жолдастар" романынан үзінді //Әдебиет майданы, 1934. -18-19 б.
9. Жансүгіров І. Жолдастар, роман, 1 кітап. Алматы:Қазкөркемәдеббас, 1935. -583 б.
10. Ғабитова Ф. Ұмытылмас өмір. //Журналда: Жұлдыз. N5, 1996.
11. Қазақ әдебиетінің тарихы, 3 том, 1 кітап. -Алматы: Ғылым, 1967.- 644 б.
12. Илияс Жансүгіров. Шығармалар жинағы, 3 том. -Алматы: Жазушы, 1987. - 416 б.

## О РОМАНЕ ИЛИЯСА ЖАНСУГУРОВА «ТОВАРИЩИ»

Р.А. Шаханова – д.ф.н., профессор КазНПУ им. Абая

Л.М. Адилбекова – и.о. профессора КазГосЖенПУ, кандидат филологических наук

### Резюме

Золотой век казахской литературы – литература начала XX века насыщена историческими событиями, а также богата разножанровыми художественными произведениями. Чтобы поднять национальную литературу на мировой уровень не щедя себя трудились писатели и поэты. Пришлось осилить новые темы, новый жанр. И как многие современники великий поэт, кулагер казахской поэзии Ильяс Жансугуров писал пьесы для сцен театров, чтобы поближе ознакомить свой родной народ с мировыми классическими произведениями переводил многие литературные шедевры, для развития казахской прозы писал рассказы, очерки, романы, сатирические рассказы. Но особенность его пера заключалась в том, что, над каким бы жанром Жансугуров не работал, появились истинно творческие шедевры. В статье рассматривается история писания и художественные особенности романа «Товарищи» и трагическая судьба писателя.

**Ключевые слова:** Ильяс Жансугуров, роман «Товарищи», революция, казахская проза, казахская литература начала XX века, тема октябрьской революции.

## ABOUT THE NOVEL ILIAS ZHANSUGUROV "COMRADE"

R.A. Shakhanova - professor, doctor of pedagogical sciences

L.M.Adilbekova - professor, doctor of philological sciences

### Summary

The Golden Age of Kazakh literature - literature of the early twentieth century is full of historical events, as well as rich in different genres artwork. To raise the national literature on the world level writers and poets

made a lot of work. They had to master new topics, new genre. And like many of his contemporaries, great poet, Kulager Kazakh poetry Ilyas Zhansugurov wrote plays for the stage of the theater to get acquainted with the native people of the world's classic works translated many literary masterpieces, for the development of Kazakh prose writing short stories, essays, novels, satirical stories. But the peculiarity of his pen was the fact that, on whatever genre Zhansugurov did not work, there were a truly creative masterpieces. The article discusses the history of the writings and artistic features of the novel "Comrades" and the tragic fate of the writer.

**Keywords:** Ilyas Zhansugurov novel "Comrades," Revolution, Kazakh prose, Kazakh literature of the early twentieth century, the theme of October revolution.

УДК 821. 512. 122.(0)

### ӘДЕБИ БАЙЛАНЫС – ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

**Ж.С. Әділханова** – *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЖОО деіінгі білім беру факультеті,  
ЖОО-ға деіінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы*

**Түйіндеме:** Мақалада қазақ және өзге туысқан халықтар әдебиеті арасындағы өзара ықпалдастық мәселелері қарастырылған. Автор бұрынғы Кеңес одағы құрамында болған әр түрлі ұлттың әдебиет өкілдері мен олардың шығармашылық байланыстарына арнайы тоқталады. Сонымен бірге Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары орын алған қоғамдық, саяси-экономикалық өзгерістер нәтижесінде өткен ғасырда жоғары деңгейде дамыған мәдени, әдеби байланыстардың біраз уақыт үзіліп қалғандығына назар аударылған. Мақалада ТМД халықтарының рухани ықпалдасу тарихына сараптамалық шолу жасалады және осы бағыттағы жаңа ізденістер жөнінде сөз болады. Сөз өнері, сөз құдіреті, құнды шығармалар арқылы адамзаттың сана-сезіміне, рухани дүниесіне игі-ықпалын тиізер оң бағыттардың бірі – әдебиеттердің арасындағы байланыс. Мақала авторы осы мәселеге назар аударады. Ғылыми мақала әдебиет тарихы мен теориясы, әдеби байланыстар тақырыбына арналған.

**Кілт сөздер:** әдебиет, жанр, байланыс, аударма, тәуелсіздік, мәдени, ықпалдастық, бағыт, поэзия, ізденістер.

Әдебиеттің дамуында ерекше орын алатын құбылыс, ол – басқа халықтар әдебиетімен байланыс орнату. Бір-бірінен үйрену, біріндегі жақсы үлгіні бір-біріне үйрету. Еліміз өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейінгі уақытта туысқан елдер арасындағы байланыс нығая түспесе, кеміген жоқ. Осы тұрғыдан келгенде рухани байланыс қай уақытта да маңызды мәселе. Бұл күнде алыс-жақын шетелмен саяси-экономикалық байланыстар жақсы жолға қойылып отыр. Бұл мәселе жөнінен әдеби-мәдени іс-шаралар да сырт қалып отырған жоқ. Ел еңсесін көтерін, рухани құндылықтарын жинақтап, болашақ ұрпаққа ата-баба мұраларын аманаттау ісіне жауапкершілікпен атқарылып жатқан жұмыстар баршылық деуге болады. Ал, әдебиеттегі байланыс кеңестер дәуірімен салыстырғанда көркем шығармалардың жазылуы да, оқырманның іздеп жүріп оқуы да, көңіл көншітпегенде, олардың аударылып, бүгінгі қоғамдық мәселелерді көтеріп жатқан шығармалар некен-саяқ. «Жалпы мағынасында алып қарағанда әдеби байланыстар бір әдебиеттің екінші әдебиеттің әлеміне кірігуі болып табылады. Мұндай кірігудің пішіні әр қилы. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бері әдеби байланыстар жалпыәлемдік ауқымға ауысты да, әр халықтың әдебиетіндегі өзіндік белгіге, сонымен бірге әлемдік әдебиеттің өзіндік фактісіне де айналды», - дейді Н.И. Конрад. Басқа халықтың жан әлемін, оның мәдениетін, рухани дүниесін танып-білу арқылы өз мәдениетін мен өнерінің деңгейін парықтайсың. Әдебиет зерттеуші И.Г.Неупокоева халықтар арасындағы әдеби байланыстың мынандай түрлерін атап көрсетеді: Тарихи тағдырлары бойынша өзара жақын халықтар әдебиетінің (славян, скандинав, латын-америка әдебиеттерінің, Азия, Африка елдеріндегі халықтар әдебиеттерінің) өзара байланысы. Бір-біріне ұқсас тарихи жағдайда дамып жатқан әдебиеттердің (Кеңестік кезеңдегі одақтас елдер әдебиеті) байланысы. Тілдері жақын немесе әдеби тілі ортақ әртүрлі әдебиеттердің (ағылшын және американа, ағылшын және австралиялық, австралиялық және немістік, т.б. әдебиеттердің) өзара байланысы. Әртүрлі тарихи жағдайда және әртүрлі ұлттық көркемдік дәстүрлер негізінде дамығанымен, идеялық-эстетикалық мақсаты бойынша жақын әдеби

бағыттардың (кеңес әдебиеті мен социалистік елдердегі социалистік реализм әдістерінің) өзара байланысы. Тарихи бастау-тегі ортақ әдебиеттердің (тәжік және парсы әдебиеттері) байланысы Тарихи тұрғыдан бір-бірімен аралас-құралас болған мәдениеттердің әлемдік тарихи үдеріске қатысын көрсететін өңірлік байланыстар. Осының бәрі айналып келгенде біртұтас әлем әдебиетін құрайды. Әдеби байланыстар рухани саланың әлемдік деңгейін танытатыны ақиқат. «Әлем әдебиеті» деген ұғымды алғаш Гете енгізген екен. 1827 жылы 15 қаңтарда ұлы ақын күнделігіне «Француз және әлем әдебиеті туралы айтып жаздырдым» деген қолтаңба қалдырады. Зерттеушілер ол күнді әдебиет үшін жаңа ұғымның туған күні санайды. Неміс ақынының тағы: «Поэзия – бүкіл адамзаттың ортақ иілігі, қай елде де, қай кезде де жыр жазылмай қоймайды. Егер біз өзімізге тақау ортаның шеңберінен шығып, сыртқа көз тастамайтын болсақ, онда тақуалық соқыр сенімге түсіп кетуіміз оп-оңай. Сондықтан да мен өзге ұлттардың не жасап жатқанымен ықылас қоя танысып отырамын. Ендігі жерде әлем әдебиетінің дәуірі келе жатыр, әр қаламгер сол дәуірдің таны атуын тездетуге септесуге тиіс», - деген сөзін әдебиетші қауым білуге тиіс.

Жер бетін мекендеген жүздеген, мыңдаған халықтардың рухани қазынасымен танысып, оның игілігін өз халқына көрсетуге жарасаң, ғалым үшін одан асқан бақыт болар ма? Қазақ әдебиетінде осы бағытта талмай еңбек еткен ғалымдар легі де жетерлік: М.Қаратаев, С.Қирабаев, Ә.Жәмішев, Р.Нұрғалиев, Б.Ысқақов, Ш.Сәтбаева, А.Мусин, Т.Ақпамбетов, Е.Лизунова, Р.Қайшыбаева, Р.Әбішева, С.Сейітов т.б. Оның шығармашылығының негізгі мақсаты – қазақ әдебиетінің туыстас елдер әдебиетімен тығыз байланыста болып, өзге елдердегі игілікті істерді игеру, өзімізді басқаға таныту болды. Бір ғана С.Сейітов осы бағытта: «Тоғысқан толқындар» (1975) «Туысқандық туғызған» (1979) /зерттеулер мен мақалалар/, «Пушкин лирикасын қазақ тіліне аудару дәстүрі» (1985), «Қазақ поэзиясындағы Маяковский дәстүрі» (1966), «Қазақ-түркімен әдебиетінің байланысы» (2010) деген монографиялық еңбектер жазған. С.Сейітов еңбегінің бір бөлігі – туысқан елдер әдебиетін зерттеуге себеп те бар: екінші дүние жүзілік соғыстан кейін біздің жерімізде жүзден аса ұлт өкілдері қоян-қолтық араласып, тату-тәтті өмір сүріп жатқаны тарихтан белгілі. Ол Кеңес кезеңінде «совет адамы» деген атаумен барша адамдар бір-біріне дос, бауыр, туыс деген ғұманды пікірді қалыптастырды. Адамгершілікті ту еткен осы идея қазақ әдебиетінде жаңа образдардың дүниеге келін, ұрпақ тәрбиесіне өзіндік ықпалын тигізгені тарихтан белгілі. Мұның теңегінің екі жағы сияқты екі түрлі сипаты болды. Бірі – басқа халықтармен тығыз достықты қалыптастыру арқылы өзгеден үйрену, даму, өркениетке жол ашу тәрізді жағымды жағы болды. Сонымен қатар, бүгінгі көзқарас тұрғысынан келсек, ұлттық құндылықтарымыздың кейінге ысырылып, басқаға еліктеуге ұрынғанымызды да жасырып қалуға болмайтын шығар. Дей тұрғанмен, ол дәуір үшін туысқан халықтар әдебиетімен тығыз қарым-қатынас жасау – әдебиеттің өсу тенденциясына оң ықпалын тигізді деп батыл айтуға болады. Ұлттар әдебиетінің бірін-бірі байытуы, ұлттық және интернационалдық сипаттардың диалектикалық бірлігін барған сайын таныта түсті. Кеңес дәуірі әдебиетінде қалыптасқан «социалистік реализм» терминінің негізі осы халықтар достығын насихаттаумен ұштасып отырды. Бейбіт еңбек адамының бейнесі, олардың бойындағы жаңа қасиеттер қалам қайраткерлерін терең мазмұнды, биік сапалы шығармалар тудыруға құлшындырды. Сонымен қатар, ол кезеңдегі әдебиет жазушылар мен ақындардың алдына жоғары талап пен талғам қоя білді. Көркемдік шеберліктің сырларын меңгеру, орыс және дүние жүзілік классикалық әдебиетті меңгеру, дамыту аса маңызды міндеттердің біріне айналды. Осы бағытта туысқан халықтар әдебиетімен қарым-қатынас жасау, олардың тәжірибесінен үйрену қазақ қаламгерлері үшін тың бағыт еді. Туысқан халықтар әдебиеті, әсіресе, орыс әдебиеті арқылы дүниежүзілік әдебиетті меңгеру жолы – үлкен мектеп болғаны да рас. Көркем шығармада жаңа адамның әлеуметтік қалыптасуы, дамуы, интернационалдық принциптердің орнығып, өзіндік проблемаларын зерттеу, тану, образдар жүйесі арқылы ашып көрсету пронеестері жүрін жатты. Ресей мен Украина, Белорус пен Өзбекстан, Түркіменстан мен Тәжікстан, Әзербайжан мен Қырғызстан сияқты туысқан елдердің мәдени өмірі, олардың ақын-жазушыларының шығармашылығы туралы мақалалар мен ғылыми зерттеу еңбектер, аудармалар жарық көрді. Қазақ әдебиетіндегі интернационалдық әуен-ағындар, халықтардың мызғымас достығы мен айнымас туысқандығын ардақтау сарындары Кеңес өкіметінің орнаған алғашқы жылдарында-ақ С.Сейфуллиннің, С. Мұқановтың, І. Жансүгіровтың революцияшыл рухтағы поэзияларында белгі берген болатын («Жолдастар», «Қазақ марсельезасы», «Иван мен Мырзабекке», «Бостандық», «Ресей жері» т.б.). Сонан бергі дәуірлерде осынау сарын жалғаса, дами келін, 60-90

жылдардағы әдебиеттің негізгі тақырыбына, іргелі дәстүріне айналды. Оның өз өсу жолы, тарихы, эволюциясы, ерекшеліктері бар. Басқа да бауырлас әдебиетшілер сияқты, қазақ ақын-жазушыларының ішінде халықтар достығы тақырыбына қалам тартпағаны аз. Әсіресе, поэзия жанрында, оқиғаларға шапшаң үн қататын белсенді де жауынгер жанрда да көп іс тындырылды. Өзге ұлт өкілдерінің шығармаларын қазақ оқырмандарына танытуда Қ. Аманжолов, Қ. Шаңғытбаев, Қ. Мырзалиев, І. Жансүгіров т.б. талмай көз майын тауысты. Сол шығармалардың бәріне ортақ қасиет: оларда сүйіспеншілік сезім, бір-біріне деген құрмет, Отанға деген мадақ, бір ананың ұлдары екендігін мақтан тұту ең басты орында тұрды.

Әдебиеттер байланысының жоғарыда атап өткен түрлері тарихи дамуы жағынан да, тілдік ұқсастығы жағынан да одақтас елдер арасында рухани кең өріс алды. Әсіресе, 60-70 жылдарда соңғы байланыстың мазмұн жағынан байып, ұлғая түскенін байқаймыз. Көп ұлтты әдебиетімізде тұтас бір идеялық-тақырыптық арна – комплексті байланыс (шартты түрде осылай аталып жүрген) түрі орнығып, қанат жайды. Бұл арада әңгіме суреткердің шығармашылығымен контактылы байланыс жөнінде емес, бір ұлттың өкілінің – қаламгердің екінші бір өлкемен, елмен шығармашылық қатынасында болып отыр. Осы бағытта әдебиетіміз көптеген жаңа шығармалармен толықты. Прозада Ғ.Мүсіреповтың, Т.Ахтановтың, Ә.Нұрпейісовтің, Ә.Әлімжановтың, З.Қабдоловтың, Ш.Мұртазаның, Ә.Кекілбаевтың, т.б. романдары мен повестері, поэзия жанрында Ғ.Ормановтың, А.Тоқмағамбетовтың, Х.Ерғалиевтің, С.Мәуленовтың, Қ.Бекхожиннің, Ж.Молдағалиев, С. Сейітов, тағы басқа да ақын-жазушыларымыздың жаңа шығармалары қалың жұртшылықтың қолына тиді. Бұл шығармаларды сын тұрғысынан талдап, ғылыми негізде сараптау көп еңбек етті

Қазақ ақын-жазушылары – С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов, М.Әуезов, С.Мұқанов тағы басқа қаламгерлер М.Горькийден бастап М.Шолохов, А.Фадеев, Л.Соболев, А.Твардовский, Мирзо Тұрсын-Заде, Ғ.Тоқай, Расул Ғамзатов, Шыңғыс Айтматов, Эдуард Межелайтспен тағы басқа көптеген туысқан халықтар әдебиеті өкілдерімен шығармашылық байланыста болып, ұлттық әдебиетіміздің кең өркен жаюына дәнекер болды. Әсіресе, орыс әдебиетінің Абайдан бастау алған достық байланысы Кеңес дәуірінде шарықтау шегіне жетіп, нәтижесінде ұлттық әдебиетіміздің құлашын кеңге жайған ауқымды шығармалар әкелгені рас. Оны ғалым да жақсы байқаған, өз зерттеулерінде жан-жақты тәптіштеп талдап көрсеткен.

«Қазақ өмірімен азды-көпті таныстығы ертеректе басталған М.Горькийдің кейінірек қазақ фольклоры, қазақтың ән-күйі туралы айтқан аса құнды пікірлері сол әріректен келе жатқан достық пейілдің бастауы тәрізді. «Міне, менің алдымда «Қазақ-қырғыздардың мың бір әні» деген жинақ жатыр. Нотаға түсірілген әндер жинағы. Олардың асқан сұлу мелодиялары – болашақ дәуірдің Моңарттары мен Бетховендері, Шопендері мен Мусоргскийлері, Григтері үшін мол материал деген ол «Сіздер алтын қазыналы сандықтың үстінде отыр екенсіңдер» деген ол біздің қазақтың бай әдебиеті туралы»,– деген мәліметтері арқылы С.Сейітов С.Сейфуллиннің, І.Жансүгіровтің, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің М.Горький үлгісін оқып, танып, өз шығармаларына арқау еткені. Сәбит Мұқанов пен Илияс Жансүгіровтің М.Горькиймен бірнеше рет жолыққанын, онымен әңгімелесіп, ақыл-кеңес сұрағанын айта келе, 1933 жылғы бір кездесуде М.Горькийдің қазақ әдебиеті туралы қызыға сұрағанын жазады. Ұлы суреткердің бай тәжірибесіне үнілгенде қазақ жазушылары оның үлгілерін қаз-қалпында қабылдай салушы емес, өзінің шығармашылық бағытын сақтай отырып, үйрену үстінде өсуші, әдебиетте жаңа сөз айтушы, жаңалық әкелуші, бағыт көрсетуші тұлға боп қалуында. Оны өздері де айтады. С.Сейфуллин: «1917 жылы жазылған «Мүслима» («Жұбату») деген әңгімеде Горькийдің романтикалық әңгімелерінің әсері күшті болды»,– десе, М.Әуезов «...Менің ертеректегі «Қараш-қараш» повесімнің жазылуына Горькийдің «Челкашының» зор әсерінің болғаны күмәнсіз» деген. Ал әйел-ананың адамгершілік қасиетін қастерлеу, ардақтау тақырыбындағы гуманды сипаты бар шығармалар сериясын жазған Ғ.Мүсіреповтің де осы дәстүрден тәрбие алғаны баршаға аян.

Біз орыс сөз өнерінің қазақ жазба әдебиетінің дамуына зор ықпалы болғанын жасыра алмаймыз. Бұл – тарихи шындық.

М.Горький мен Белинскийден басқа М.Шолоховтың, А.Фадеевтің, Л.Соболевтың, Д.Фурмановтың, Н.Островскийдің т.б. поэзия саласында В.Маяковскийдің, А.Твардовскийдің, Д.Бедныйдың, Н.Тихоновты т.б. орыс әдебиетшілері мен көптеген ақындардың ықпалы да аз болмағаны белгілі.

С.Мұқанов: «Менің «Сырдариямды» Александр Александрович екі-үш күнде оқып шығып, ауызша да, жазбаша да көп бағалы пікірлер айтты. Қолжазба күйінде болсын, қолына тиген көркем шығарманы тез оқу, ұққан пікірін адал айту Горькийден соң, Фадеевтің бойынан көбірек табылатын қасиет еді. Одан жолдастық адал ақылын естімеген жазушы аз болған жоқ. Жазушылардың съездерінде, пленумдарында, мәслихаттарында, жиналыстарында ол әдебиетіміздің ұлттық кадрларымен көп кеңесіп, көп сырласатын», – дейді. Сол кездегі СССР Жазушылар одағына бірнеше жыл бойы басшылық еткен аса көрнекті жазушы А.Фадеев туысқан әдебиеттердің өсін-өркендеуіне көп көмек көрсетін, ұлттық әдебиеттанудың алдында тұрған өзекті мәселелердің тезірек және дұрыс шешілуіне назар аударып отырды. Ол қазақ әдебиетінің ең абзал достарының әрі насихатшыларының бірі болды деуге болады. А. Фадеев қазақ әдебиетіне «профессионалдық үлкен әдебиет болып, Бүкілодақтық әдебиеттің дәрежесіне көтерілді және сол арқылы дүние жүзілік мәні бар әдебиет болып отыр» деп алғаш жоғары баға берген-ді. 1949 жылы Парижде сөйлеген сөзінде ол М.Әуезовтің «Абайы» мен Ғ.Мұстафиннің «Миллионері» жөнінде оң пікір айтып, ерекше ықылас танытты. Бұл дегеніңіз қазақ әдебиетінің дамуындағы зор жетістік болатын.

Өткенсіз болашақ жоқ, әдебиет алыптарының осындай рухани байланысы адамгершілік пен ізгіліктің бастауы болған. Бүгінгі күнде осы алтын көпір алынбай, туысқан елдер арасындағы мәдени байланыс жалғасып жатыр. Қазақ елі әлемдегі тұрақтылық пен келісімнің орталығы болумен бірге, елімізді мекендейтін халықтардың достығы мен бауырластығының алтын ордасына айналып, дүние жүзіне үлгі-өнеге көрсетіп келе жатқан ел. Бұл қасиет Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың халықтардың өзара достық байланыстарын одан әрі жетілдіріп, нығайту міндетін мақсат еткен «Бейбітшілік және келісім жол картасы» қабылданғаннан бері тың қарқынға ие болды. «Түріксоy» ұйымының атқарып жатқан шаралары негізінде осындай ізгі шараларды байқап жүрміз. Әдебиет пен мәдениет әр ұлттың ерекшелігін танытатын рухани байлығы. Ұлттар мен ұлыстар арасындағы бауырластық пен ынтымақтастық – мәңгілік үзілмейтін достық көпірі.

1. Конрад Н. *Запад и Восток*. М., 1972.

2. Неупокоева И. *Некоторые вопросы изучения взаимосвязей и взаимодействия национальных литератур*. М., 1961.

3. Сейітов С. *Орыс поэзиясы және ақын*. «Қ.Ә.», 1976. 29 октябрь

4. Н. Сицова *Муза дружбы и братства*. «Боевого знамени». 1977ж. 20 ноябрь, №272 (2503).

5. Дуанина Б. *Аударма–мәдени-интеллектуалдық игілік*. «Ақиқат». №11. 2008.

## ЛИТЕРАТУРНАЯ СВЯЗЬ – ОТРАЖЕНИЕ ДРУЖБЫ НАРОДОВ

Ж.С. Адилханова – ст. преподаватель КазНУ им. аль-Фараби

### Резюме

В статье рассматриваются вопросы взаимовлияния между казахской литературой и литературой родственных народов. Автор останавливается на образцах произведений представителей различных народов, входивших в состав Советского Союза. Наряду с этим он обращает внимание на имеющий место после обретения независимости Казахстана в результате общественных, социально-политических изменений разрыв культурных и литературных связей. В статье делается общий обзор истории духовных связей народов СНГ и ведется речь о новых поисках в этом направлении. Взаимосвязь литератур является одним из главных направлений воздействия на сознание и духовный мир человека благодаря искусству и силу художественной словесности. Именно на это делает упор автор данной статьи. Научная статья посвящена истории и теории литературы, литературным связям.

**Ключевые слова:** жанр, литературные связи, перевод, культура, влияние, направление, литература, поэзия, поиски.

## LITERARY CONNECTIONS - REFLECTION OF FRIENDSHIP OF PEOPLES

J.S. Adilhanova - senior teacher Kazakh National University Al-Farabi

### Summary

The problems of cooperation between Kazakh and other CIS countries literature have been considered in the given article. The author researched creative relationship between ex - Soviet Union literary representatives. Also, she emphasizes the fact, that as a result of social, political, economical changes which

took place after Kazakhstan had got its independence, highly developed cultural and literary relations of the last century have been slightly cut off. The author writes about the history of spiritual cooperation between CIS countries and new researches in this direction. One of the directions influencing through the art of word, its power, valuable works the relation between literatures. The article is devoted to the theme of relationship between literature history and theory.

**Key words:** literature, genre, relationship, translation, independence, cultural, direction, poetry, researches

ӘОЖ 821512.122.0

## АҚЫН ТАҢЖАРЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙ-КҮЙІ

Т. Дәуітұлы – ҚазМемҚызПУ, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

**Түйіндеме.** Бұл мақалада Алашшыл ақын Таңжарық Жолдыұлы шығармаларының зерттелуі қарастырылған. Таңжарық өлеңдерінен ел басына төнген тағдыр тауқыметі, ақынның өмір жолының аумалы-төкпелі кезеңдері мен қытай үкіметі билеушілерінің қазақ халқына көрсеткен зорлық-зомбылығы анық аңғарылады. Таңжарық өз ұлтын шексіз сүйген ақын. Ұлтының тәуелсіздігі, қоғамдық мәселелер, адам тағдыры мен бостандығы жолында еш нәрседен тайынбай, бар қажыр, қайратын, жалынды жастығын сарқа жұмсаған азаматтық асыл қасиеттері тілге тиек етіледі.

Таңжарық ақынның күрделі өмірі мен мол мұрасы арғы бетте көптен бері зерттелін, зерделеніп келеді. Ақын лирика, толғау, мысал өлеңдер, дастан, өлең - роман, қисса, айтыс өлеңдерден халқына отыз мың жолдай мұра қалдырған. Осы туындылары арқылы ол Абайдың, Ахмет, Шәкәрім, Міржақып, Мағжандардың Қытайдағы қазақ бауырлар арасынан көктеген рухани жалғасы, салалы бұтағы екендігін танытты. Қытайдағы қазақтардың жазба әдебиетінің негізін қаласып, көш бастаған аймүйіз серкесі болды. Әлеуметтік, қоғамдық, өзге де өнегелі жұмыстарының нәтижесінде олардың бүгінгі дамыған баспасөзінің, оқу-ағартуының да негізін қалаушылардың бірі. Қоғам қайраткері, әнші, композитор, халықтың сал-серілік дәстүрін жалғастырушы, мәдениет пен әдебиет шаруашылығын жандандырған, елді сәулелендіруге, алға бастыруға жан-тәнін аямаған жалын жүректі ағартушы екендігі анық көрінеді.

Сонымен қатар, Қазақстандағы ғалымдар мен жазушылардың, өнер адамдары мен қоғам қайраткерлерінің ақын Таңжарық Жолдыұлының өмірі мен шығармашылығына деген ықыласы мен қызығушылығы және құрметі туралы айтылады.

**Тірек сөздер:** шешен, ділмар, тайпа, ру, алаш, жас азамат, ақын, сауатылық, терме, толғау, айтыс, нақыл сөздер, аңыз, бәйге, дастан, ащы сатира, уытты мысқыл, өткір ажуа, суырып салмалық.

Қытайдың қазіргі заман қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, әйгілі ақын Таңжарық Жолдыұлы 1903 жылы 15 наурызда Іле қазақ автономиялы облысының Іле аймағы, Күнәс ауданының Шақы деп аталатын таулы өңірінде дүниеге келген. Ауыл молдасынан сауат ашқан ол өлеңмен ерте әуестенеді. Туа біткен таланты мен әдебиетке құштарлығы арқасында ақындық өнер көкжиегінде канат қағады.

Қазақ қауымының жай-күйіне қынжылып, халықты еңбекке, адалдыққа, береке-бірлікке шақырады. 1940 жылдан 1946 жылға дейін қытай түрмесінде Шың Ши Цайдың қинауында ауыр азаптарды бастан кешіреді. “Түрме халі” қатарлы толғаулары мен өлеңдері осы кезеңде өмірге келді.

Шығыс Түркістан уақытша үкіметі 1946 жылы Үрімжідегі Гоминдан билеушілерімен келіссөз жүргізгенде, негізгі 11 талаптың бірі ретінде “Гоминдан түрмесіндегі Шығыс Түркістан азаматтарын босатуын” сұрайды. Осылайша жұрт қатарлы Таңжарық ақын да ауылына оралады. Ұзамай, яғни 1947 жылы маусым айында ақын өкпе ауруына шалдығады. Сол жылы осы аурудан қайтыс болады. Жұрт арасында “Абақтыдан шығарда ақынға өкпе туберкулезінің вирусын егін жіберген” деген де сөз бар. Қалай дегенде де өкпе ауруына шалдығуына түрменің әсері болғандығы анық.

Таңжарық есімінің елге танылып, асыл мұрасының туған әдебиет айдынына кеш те болса таудан аққан тасбұлақтай арындап келіп қосылып жатқаны әрине, қуантарлық жағдай. Дегенмен шығыс Түркістанда туылып, әділет үшін күрес жолында ақтық демі сонда тоқтаған ақиық ақынның арманы асқақ, алға қойған мақсаты оданда биік еді. Таңжарықтанудың тәуелсіз Қазақстандағы қазіргі жай-күйі, зерттелу жағдайы қалай? Таңжарықтанудың Шығыс түркістандағы зерттелуі өз алдына бөлек

әңгіме. Таңжарық есімі Қазақстанға қашаннан бері белгілі, шығармаларының мұнда насихатталуымен ғылыми тұрғыдан зерттеліп-зерделенуі қандай деңгейде, қандай игі істер істеліп жатыр, міне, сол тұрғысында болмақ.

Жыр дүлдiлi, Алашшыл ақын Таңжарықтың заманның өзгеруi мен қазаққа тәңір берген тәуелсiздiктiң арқасында 2003 жылы, ел басы Нұрсұлтан Назарбаевтың нұсқауы мен Алматыда 100 жылдық мерей тойы, Дүние жүзi Қазақтары қауымдастығының сол кездегi бiрiншi орынбасары, қоғам қайраткерi Қалдарбек Найманбаевтың бастамасымен дабыралы атап өтiлген едi. 2013 жылы ақын туылғанының 110 жылдығына орай, ел ордасы Астана қаласындағы iргелi жоғары оқу орыны Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетiнде, «Алаш» мәдениет және рухани даму институты «Жас азамат» қоғамдық ұйымының ұйытқы болумен «Алаш идеясы және Таңжарық Жолдыұлы мұрасы» атты халқаралық ғылыми-тәжiрибелiк конференция өтiп, ақын шығармаларына ғылыми тұрғыдан талдау жасалып, көзқарас бiлдiрiлдi.

Белгiлi қаламгер, қазақтың ардақты ұлдарының бiрi, Таңжарықтанушы марқұм Оразанбай Егеубаевтың 2003 жылы «Көркем» баспасынан шыққан, «Таңжарық тағылымы» атты еңбегiнде, «Ол кездегi Кеңестер одағының Қазақстан республикасына, Қытайдың Шапшал Сiбе автономиялы обылысының батысындағы Қалжат шекарасынан, Таңжарық 1923 жылдың басы – қаңтар айында Кеңес одағына қашып өтедi. Ол Нарынқол өңiрiндегi нағашыларын паналап, сол жердегi мектепте жаңаша санада үш жыл оқиды. Орыс тiлiн меңгередi. Қадамы жеткен жерлердi аралап, игi жақсыларды жағаттайды. Олармен сұхбаттас болады. Әсiресе Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев мұраларына ерекше зейiн қояды. Шәкәрiм Құдайбердiұлы, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мiржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев секiлдi алдыңғы қатарлы қазақ зиялыларының ел-жұртының терезесiн, дамыған мәдениеттi елдер қатарына теңестiру жолында iстеп жүрген, жанқиярлығымен жазған шығармаларын жас көкiрегiне терең ұялатады» дейдi [2, 228 бет].

Орекеңнiң бұл айтқандарын ақынның мына өлең жолдары толық дәлелдей алады.

Ахымет, Абай, Әсет, Мiржақыптар,

Жетпейдi оған жисаң мың баланы.

Шәкәрiм, Әрiппенен Мұрын Омар,

Көмбеге олар шапса тың барады.

Әйелден кеше Сара, бүгiн Дина,

Сөзбенен басқан талай ұл баланы.

Сөзiнiң әрбiрiнiң заты бөлек,

Ойласаң миға салып ылғанады.

Сөздерi басқа ақынның маған мәлiм,

Құрт салған шайдай ерiн былғанады.

Бәрiнде Абай сөзi басып түсер ,

Бiр парша шеттен алып қырнағаны [1, 174 бет].

Таңжарық Кеңес одағынан 1925 жылдың соңын ала қараша айында, барғанда мiнiп өткен Бәйгекөкпен Күнестегi елiне қайтып келедi. Мiне, бұл Таңжарық есiмiнiң ата жұртқа алғаш танылуы. Оған куә күнi бүгiнге дейiн ел назарынан ұмытылмаған «Таңжарықпен Қойдымның айтысы».

1955-1956 жылдан бастап қазақстанның халық әртiсi, жұрт жүрегiнен терең орын алған әншi Дәнеш Рақышұлының тамылжыған әуенiмен Таңжарықтың «Елмен амандасу», «Елге сәлем» қатарлы ән-толғаулары «Шалқар» радиосының алтын қорына жазылып, жалпақ жұртты әуе толқыны арқылы сусындатады.

Кеңестер одағының халық жазушысы Сәбит Мұхановтың, 1959 жылы Алматы «Қазақ мемлекет баспасынан» шыққан, «Алыптардың адымдары» атты Қытайға сапар естелiгiнде: «Халық бостандығы үшiн күрескен адамдардан қолына түскен кiсiге Шың Ши Цай бандыларының қандай азап көрсеткенiне Шыңжаң ақыны Таңжарық Жолдыұлының төмендегi өлеңдерi куә» – деп, ақынның «Түрме халы» толғуының 300 жол өлеңiн енгiзiп, соңында былай дейдi: «Бұл өлеңге ешбiр каментаридiң керегi жоқ. Бұндай хайуандық азапқа тек фашизмнiң ғана азабы теңдесе алады. Сондай азаптан әрең құтылған Таңжарық абақтыдан босағаннан кейiн, 1947 жылы 38 жасында өледi» - деп сөзiн тұжырымдайды Сәбең [3, 227-233 бет]. Анығында Таңжарық 1947 жылы 44 жасында дүниеден өтедi.

1974 жылы Таңжарықтың күйеу баласы, ақын, жазушы Бұқара Тышқанбаев «Арман тау» атты Таңжарық шығармаларының шағын жинағын шығарды. Онда кейбір өлеңдері кеңестік саясаттың ықпалынан қысқарып, кейбірі өңделіп барып жарыққа шығады. Бұл тәсілдің пайдалы жағы Таңжарық шығармалары қысқарса да жұрт назарына ұсынылды. Ал, зиянды жағы ақын шығармасына үлкен қиянат жасалғаны.

1976 жылы тарихшы, сыншы, өнер танушы Әлімғазы Дәулетханұлы Шымкенттегі институтты тамамдарда Таңжарық шығармашылығы жайлы диплом қорғап, кейін әрі қарай кандидаттық диссертация жазуға ниет етіп, Мәскеудегі дүние жүзі әдебиеті тарихы бөлімінің бастығы Зоя Кедринадан қолдау тапқанымен, Алматыдағы ғылым академиясының сол кездегі басшылары оң қабақ танытпайды. Айтқан уәждары: Біріншіден Жамбыл тануға жатқызайық десек Таңжарық жазба ақын. Екіншіден ерте заман әдебиетіне келмейді, Таңжарық таяу жылдардағы ақын. Үшіншіден бұл тақырып Ресей мен Қытай арасындағы даулы мәселе деп, жетекші болуға ешкім батылдық етпеген. Сонымен бұл жұмыс аяқсыз қалған. Кейін бұл еңбегі қысқартылып 2003 жылы «Таңжарық тағлымы» атты жинақта және 2004 жылы «Абай» журналында басылды.

1990 жылы «Алатау» телеарнасынан тұңғыш рет Әлімғазы Дәулетханұлының авторлығымен «Таңжарық туралы сөз» деген бір сағаттық телехабар ұйымдастырылып, хабарға Қабдеш Жұмаділов, Тілеужан Сақалов, Нұрқасым Қазыбектер қатысып, Таңжарық өмірі мен шығармашылығы жайлы сөз-сұхбаттар құрып, ой бөлісті. Еркін Құрманов «Түрме халі», «Елмен амандасу» сияқты жыр-толғауларын орындады.

Қазақстан тәуелсіздігінің алды-артында Қазақстанның халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов «Қазақ әдебиеті» қатарлы басылымдарға «Таңжарық шығармаларын насихаттау, Қажықұмарға араша түсу» турасында әрқашан жұрт назарын аударарлық бірнеше мақалалар жариялап келеді.

Қабдеш Жұмаділовтың 2005 жылы «Қазықұрт» баспасынан жарыққа шыққан 12 томдық шығармалар жинағының «Қалың елім қазағым» атты 12 томында, 1993 жылы жазған «Таңжарық тағылымы» атты мақаласын қорытындылай келе: «Таңжарық ақынның тәуелсіз қазақ жұртымен қауышар кезеңі енді басталды. Өмір бойы арман болған азаттықты өз көздерімен көрмесе де, соны бір табан жақындату жолында басын берген қаһармандар әрқашан есімізде. Біз енді бұдан былай қазақ аспанындағы «Абай планетасын» айналатын шоқ жұлдыздар арасынан таң жұлдызы – Таңжарықты да айқын ажырататын боламыз», - деп нық сеніммен айтады [4, 413 бет].

Сондай-ақ, осы жинақтағы «Шыңжаңдағы қазақ зиялылары» атты мақаласында: «1938-1940 жыл аралығында өзін Сталиннің шәкірті санайтын Шың Шы Цай үкіметі әр ұлт өкілдерінен алпыс мың адамның басын жойған екен. Бұл орайда, сол жылдары Үрімжі түрмесінде зиялы қауыммен жеті жылдай бірге жатып, атылып-шабылғандарды өз көзімен көрген, түрмеден тірі шыққанымен, арада жарым жыл өтпей қайтыс болған Таңжарық ақынның «Абақты» дастанынан үзінді келтіре отырып, Таңжарық ақын түрмеде азаппен өлтірілген ең беделді адамдарды санамалап, келер ұрпаққа өлмес өсиет қалдырады. Жалпы түрме тақырыбын, ондағы қинау мен азапты қазаққа таңжарықтай жеріне жеткізе жырлаған ақын жоқ. Оның «Абақты» дастанын – жай әдеби шығарма емес, тарихи құжат деп қабылдауымыз керек» - дейді [4, 186бет].

Нарынқол өңірінің түлегі, ақын әрі ауыз әдебиеттің жанашыры Тілеужан Сақалов Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірерде Таңжарық шығармашылығынан диплом қорғаған. Кейін кандидаттық қорғауға тақырып етіп алып, ақыры сәтсіз аяқтаған, қорғауға мүмкіндік болмаған. 2014 жылы «Мерей» баспасынан шыққан Тілеужан Сақалов шығармалары атты жинағына енгізілді [5, 79 бет].

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Таңжарық шығармасының насихатталуына шынында мол мүмкіндік туды.

1999 жылы Қытайдағы бірінші дәрежелі әртіс, Таңжарық жыр-толғауларын насихаттаушы, Қытайда Таңжарық жыр-толғауларынан 4 дыбыс (audio) таспасын шығарған әнші, актер Тоқтабай Әлімқұлұлының Қазақстанға келу орайында, ақын, әнші, сазгер, актер марқұм Ермұрат Зейіпханұлының жетекшілігімен күйші-сазгер Секен Тұрысбекұлының Саз отауында «Таңжарықтың жыр-толғауы» атты әдеби-сазды кеш өтті. Кешті белгілі сатирик Қажытай Ілиясов жүргізді. Кешке Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының бірінші орынбасары Қалдарбек Найманбаев қатысып құттықтады, жазушы Тұрсынәлі Рыскелдиев баяндама жасады, Сара Таңжарыққызы әкесі жайлы естеліктер айтты. Тоқтабай Әлімқұлұлы Таңжарықтың «Түрме халі», «Елмен амандасу», «Шыңтілек»

т.б. толғауларын орындаса, Ермұрат Зейіпханұлы өз әні – «Таңжарықты» шырқады. Осы мақаланың авторы да Таңжарықтың «Қос жеңге», «Бескөрік қыз» қатарлы әндерін шырқап, кеш салтанатын асыруға күш қосты.

Тәуелсіздік таңы атысымен ата жұртқа алғашқы көшті бастаған белгілі жазушы Жақсылық Сәмитұлы 2000 жылы Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығынан жарыққа шыққан «Қытайдағы қазақтар» атты еңбегінде Таңжарық Жолдыұлының өмірімен шығармашылығына тоқтала келіп: «Ақын Таңжарық Жолдыұлы тек жазба ақын ғана емес, айтыстарға да түскен суырыпсалма, төкпе ақын. Оның аты тек Шыңжаңда ғана емес, Қазақстан оқырмандарына да әбден таныс» дейді [6, 200 бет].

Таңжарық шығармасының тереңдей насихатталуы профессор, жазушы Оразанбай Егеубаев елге оралғаннан кейін шындап қолға алынды. Орекең жарты ғұмырын арнап, Таңжарық өмірі мен шығармашылығы жайлы жиған-тергенін ақынның 100 жылдық мерей тойы қарсаңында, 2002 жылы «Елорда» баспасынан 2 томдық «Таңжарық шығармаларының толық жинағы» атты еңбектің, 2003 жылы «Таңжарық тағлымы» атты ғылыми жинақтың шығуына аянбай тер төкті.

Аталған жинақ Дүние жүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары, қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қалдарбек Найманбаевтың алғы сөзімен басталып, «Зерттеулер зердесі» атты бөлімінде Нұрлан Оразалин, Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев, Серік Негимов, Қабдеш Жүмәділов, Оразақын Асқар, Нәбижан Мұхаметханұлы, Әлімғазы Дәулетханұлы қатарлы жиырмаға жуық Қазақстанға танымал әдебиетші, ғалымдардың Таңжарық шығармашылығы туралы зерттеу мақалалары енгізілген. Бұл Таңжарық шығармаларын ғылыми тұрғыдан зерттеу аясындағы бұрын – соңды болмаған ерекше құбылыс болды. Тойдың нүктесі Алматы облысы Кеңен ауданында қойылды. Кеңен халқы той қонақтарын ақынның «Жайлаған қалың Албан Қарқараны, Қайда барсам жиен деп қарсы алады» деген өлең жолымен қарсы алды. Осы орайда «Таңжарық пен Қойдымның айтысы» Тұрсынбай Дәуітұлы мен Нұрғұл Алғожаеваның орындауында үн-таспаға (audio) жазылып таратылды.

2003 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Болатжан Әбілқасымовтың қолдауымен факультет сабақ жоспарына "Шетелдегі қазақ әдебиеті" атты пән енгізілген еді. Бұл пән күіі бүгінге дейін жалғасып келеді. Қазірге дейін Әсет Найманбаев, Ақыт Үлімжіұлы, Көдек Маралбайұлы, Таңжарық Жолдыұлы шығармаларынан 4 диплом қорғалып, бірнеше курстық жұмыстар жазылды.

Көрнекті жазушы, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, мәдениет қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Тұрлыбек Мәмесейітовтың 1990 жылы қазақ әдебиеті газетінде жарық көрген «Таңжарықпен Қойдым» атты мақаласы, жұрт арасында жақсы аңыз қозғаумен қатар, Таңжарықтың 90 жылдығының Қазақстанда, яғни Алматы облысы «Қақпақ» елді мекенінде атап өтілуіне өз септігін тигізді. Он неше жыл бойы Таңжарықтың өмірі мен шығармашылығын өз танымталғамына сай зерттеп, 2013 жылы 15 наурызда, Қазақтан жазушылар одағында, ақынның туғанына 110 жыл толуына орай «Таңжарық» атты екі томдық романын қалың оқырман қауыммен жүздестірді.

Осыған жалғас Жазушы Тұрсынәлі Рыскелдиев пен журналистер одағының мүшесі Мұхан Мамытқанұлының тікелей араласуымен 2013 жылы 30 сәуір күні, Алматы қаласындағы жазушылар одағында «Алыстан алтын сәуле бір күлімдер» атты Таңжарық Жолдыұлының 110 жылдығына арналған әдеби сазды кеш өтті. Кеш ақын Ұлықбек Есдәулеттің кіріспе сөзімен ашылып, Таңжарық ақынның әндері орындалумен қатар, қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің студенттері ақынның «Іле сипаты» атты шығармасын мәнерлеп оқып, көрермен көптің ыстық ықыласына бөленді.

Әсемғазы Қапанұлының режиссерлығымен «Таңжарық» атты «40 минуттық» деректі фильм түсірілді.

Таңжарық шығармашылығын бала жасынан естіп-біліп, ер жеткен, филология ғылымдарының докторы, профессор Дүкен Мәсімханұлы өзінің кандидаттық диссертациясында Таңжарық ақын шығармашылығының ғылыми айналымға түсуіне өзіндік үлесін қосты. 2001 жылы «Елорда» баспасынан шыққан «Сарап» атты әдеби зерттеулер мен материалдар жинағына «Аңсаған Таңжарықтың атты таңы» деген тақырыптағы ғылыми мақаласын енгізген [7, 190бет].

«Шетелдегі қазақ әдебиеті» деген пән бүгінге дейінгі мәліметтерге қарағанда 2003 жылдан бері Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде, 2013 жылдан бастап Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университетінде, бірнеше жылдан бері Қарағанды ұлттық университетінде оқытылып жатқаны белгілі. Таңжарық ақын шығармаларының басқа да оқу орындарында арнайы курс пәні ретінде енгізіліп оқытылса, Таңжарық ақын аңсаған «Алаш» идеясы, тәуелсіз елдің келешек ұрпақ санасына өз нәрін беріп, поэзиядағы өзіне тән жасампаздық қырлары айшықтала түспек.

Таңжарықтануда қытайда болсын, кеңестер одағында болсын демократ, төңкерісшілдеген сияқты сыңаржақ пікірмен көзқарас қалыптасып қалған. Өрелі жағын айтудан гөрі, рулық жағы басымдау түсіп жатты. Бұдан ұтылмасақ, ұтарымыз шамалы. Таңжарық рулық деңгейден әлдеқашан биіктеп ұлттық, әлемдік деңгейге көтерілген ақын екенін аңғара білгеніміз жөн.

Бүгінге дейін Таңжарық есімі жазушы Тұрсынәлі Рыскелдиевтің ықпалымен Алматы облысы Қарасай ауданы, Үлкен алатау ауылдық әкімшілігінің шешімімен 2012 жылы «Бағанашыл-2» елді мекенінде бір көшеге, Алматы облысы «Нұра» елді мекенінде, белгілі ақын әрі аудандық мәслихаттың депутаты Өбдіғани Пәзілжанұлының күш салуымен бір көшеге, Мұхан Мамытханұлының 2009 жылдан бері қайта-қайта өтініш жазып қузауының арқасында, Астана қалалық мәдениет мекемесі мен тілдерді дамыту және ономастика бөлімі, Астана іргесіндегі «Көктал» елді мекеніндегі бір көшеге берілді. Сондай-ақ, ақын шығармаларын тыңғылықты зерттеу үшін «Халқаралық «Таңжарық» қоғамдық қоры» құрылды. Міне бұл егеменді еліміздің Алашшыл ақын Таңжарық Жолдыұлына, Алаш рухына деген зор құрмет деп білеміз.

1. Жолдыұлы Т. Шығармаларының толық жинағы. I том. - Астана: Елорда, 2001. 424 бет + 0.5 жапсырма.
2. Таңжарық тағылымы: Құрастырған О. Егеубаев. – Алматы: «Көркем», 2003. – 392 бет.
3. Мұханов С. Алыптардың адымы. Қазақ мемлекет баспасы, Алматы. 1959. – 362 бет.
4. Жүмәділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазықұрт», 2005. Т. 12. – 600 бет.
5. Сақалов Т. Шығармалары. – Алматы: «Мерей» баспасы, 2014, - 336 б.
6. Сәмитұлы Ж. Қытайдағы қазақтар. – Алматы: Дүние жүзі қазақтары қауымдастығы, 2000. – 312 бет.
7. Мәсімхан Д. Сарап. Әдеби-зерттеу мақалаларының жинағы. - Астана: Елорда, 2001. – 240 бет.

## ВОПРОСЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ТВОРЧЕСТВА ТАНЖАРЫК ЖОЛДЫУЛЫ

Т. Даутұлы – КазГосЖенПУ, магистр педагогических наук, ст. преподаватель

### Резюме

В этой статье рассматриваются вопросы исследования творчества Алашского поэта Танжарык Жолдыулы. В его стихотворениях ярко выражено и воспето тяжелая участь народа, нелегкая судьба самого поэта и тернистый путь казахского народа проживающие на чужбине.

Танжарык – поэт безмерно любящий свой народ, свою Родину. За свою короткую жизнь он боролся за свободу родного народа, за судьбы людей угнетенные властью и не щадил ни себя, ни других за достижения справедливости.

Тяжелая судьба, яркий жизненный путь и многообразное поэтическое наследие Танжарык Жолдыулы давно и глубоко исследуется зарубежом. Его творческое наследие состоящее из лирики, басни, поэмы-дастаны, романов-стихов, хиссы и айтысов насчитывается около тридцати тысяч строк. Поэтическая сила и художественные краски его произведений доказывает неординарный талант поэта как наследника и преемника великих поэтов-мыслителей таких, как Абай, Ахмет, Шакарим, Миржакип и Магжан. Он один из основоположников и лидеров письменной литературы казахов в Китае. Сегодняшнее достижение в области просвещения, публицистики и издательского дело казахов проживающих в КНР, это прямой результат общественной и культурной деятельности поэта-просветителя. Весь его жизненный путь, творческое наследие и общественное деяние – это показатель его устойчивого гражданского принципа, как поэта пламенным сердцем горячо любящий все что связано с родным народом.

А также, в статье анализируются исследовательские труды Казахстанских писателей и ученых литературоведов посвященные жизни и творчеству Т.Жолдыулы.

**Ключевые слова:** оратор, род, алаш, молодой гражданин, поэт, просвещение, терме, толгау, айтыс, слова назидания, легенда, байга, дастан, острая сатира, юмор, ирония, импровизатор.

## RESEARCH QUESTIONS CREATIVITY TANZHARYK ZHOLDYULY

**T. Dauytuly** – *Kazakh State Teacher Training University senior teacher, master of philological science*

### Summary

In this article discern an explorations questions in work of Alash's poet Tanzharyk Zholdyuly. In his poems clearly verbalize his difficult fortune and fate, hard life of Kazakhs who live in another country.

Tanzharyk – is a poet who loves his folk, his motherland. He lived very short life but when he was alive he always fought behalf independent for his motherland, for the fortune people, and never spared himself.

Difficult fortune, hard life and multiform poetic heritage of Tanzharyk already yore explore by the historians his poetic heritage verse, aitys. He was a man who possessed with unusual talent. He was successor of Abai, Ahmet, Mirzhakyp, Magzhan. He is one of the chapters of literature which writes by kzakhs who live in China. So in the article analyzes investigative works of Kazakh writers and scientists who research Tanzharyk works and life.

**Key words:** orator, spellbinder, gender, Alash, young citizen, poet, term, tolgau, aitys, enlightenment, legend, baiga, dastan, humor, satire, improvisator.

## ӘОЖ 82-95

### Р.НҰРГАЛИ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ЭПИКАЛЫҚ ТРАГЕДИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Р.И. Дүйсенбаева** – *әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы*  
*Алматы, Қазақстан, Email: [raihan-kz@mail.ru](mailto:raihan-kz@mail.ru)*

**Андатпа.** Мақалада көрнекті ғалым Р.Нұрғалидың қазақ драматургиясындағы трагедия жанрына, оның ішінде эпикалық трагедияға жан-жақты жанрлық тұрғыдан сипаттама берін, ұлттық ерекшеліктеріне тоқталғаны туралы баяндалады. Мұрағат материалдарын сөйлеткен ғалымның туындының бірнеше нұсқасына жасаған талдаулары көрсетіледі. Эпикалық трагедиялардың ішкі сырын, көркемдік ізденістерін, шеберлік қалыптасу жолдарын дәлелдеп көрсеткені жайында нақты дәлелдер келтіріледі. Ғалымның тек трагедияның табиғаты емес, оны сол заман шындығымен, оның сахналану жайы мен театр тарихымен, даму кезеңімен, көпшіліктің пікірімен бірлікте қарастырылғаны баяндалады. Зерттеудегі текстологиялық жұмыс, мәтіндік салыстырулар сияқты тәсілдердің молдығы ашылады. Ғалым драма өнерін трагедия, драма, комедия деп ғана жіктемей, трагедияның өзін эпикалық, адамгершілік-тұрмыстық, тарихи, комедияны сатиралық, лирикалық, драманы қаһармандық, саяси-әлеуметтік, ғұмырнамалық, қазіргі деп алып байыптылықпен талдайды. Мақалада эпикалық трагедия жайындағы тұжырымдары қарастырылған.

**Кілт сөздер:** қазақ драматургиясы, трагедия жанры, бірнеше нұсқалар, театр тарихы, текстологиялық жұмыс.

XX ғасырдың 60-шы жылдары жалындаған жас ғалым Р.Нұрғали өзінің жаңашыл ғылыми зерттеушілік бағытымен әдебиеттану ғылымына келіп қосылды. Ғалым қазақ драматургиясындағы трагедия, комедия, драма жанрларының ұлттық ерекшеліктерін, дүниежүзілік әдеби дамуға қосылатын белгілерін көп жылдар бойы аса бір ұқыптылықпен зерделеді. Оның айғағы ретінде «Трагедия табиғаты» (1968), «Талант тағдыры» (1969), «Күретамыр» (1979), «Өнер алды – қызыл тіл» (1974), «Өнердің эстетикалық нысанасы» (1979), «Драма поэтикасы» (1982) атты монографияларын айтуға болады. Әдебиет әлемі жөнінде өрелі ой, орнықты пікір айтып, қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиеті сынында өзіндік сара жол салған Р.Нұрғалидың «Айдын. Қазақ драматургиясының жанр жүйесі» атты монографиясы қазақ драматургиясының табиғатын, жанрлық жүйесін жан-жақты саралап зерттеген бірегей еңбек болды.

Еңбек жайында Ресей ғалымы Л.Ф.Люлява: «Фантастические элементы в драматургии Ауезова, Кеменгерова, Шанина заимствовали из народного эпоса. Но «использование эпического традиции в ее первоначальном виде чаще всего не приводит к удаче в реалистической литературе. Многие стрепотипы фольклора угасающие в народном сознании, могут отрицательно оказать на формирование

жанров прозы и драматургии. Это относится к принципам типизации обобщения, развитие сюжета, композиции обрисовки образов»,- деп [1, 138] жазса, академик М. Қаратаев: «Исследование Р.Нұрғалиева посвящено проблемам казахской драматургии. Хронологически располагая материал автор поставил перед собой задачу: раскрыть истоки, проследить структурное обогащение, тематические «горизонты» жанра» деп еңбекке деген ғылыми көзқарастарын білдірген еді.

Ғалымның бұл зерттеуі ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымындағы әдеби көркем процесс диалектикасына енін, ұлттық және интернационалдық дәстүрлердің арақатынасын көрсетін, белгілі кезеңдердегі әдеби даму заңдылықтарын ашуға мүмкіндік туғызып, сондай-ақ қазақ драматургиясының дамуындағы қалыптасқан дәстүрлер мен тұрақты байланыстарды анықтай отырып, олқылықтар мен кемшіліктерді көрсеткен, қазақ драматургиясының болашағын барлап, болжап берген бірегей еңбек болды.

Әдебиет жанрлары жөнінде тұжырым жасаған академик Д.С.Лихачев «Жанрлар түрлі өзгермелі факторлардың әсерімен қалыптасып, сан алуан қасиеттерге ие болғандықтан, әдебиет тарихы алдында ерекше міндеттер туады: жанрларды ғана емес, жанрлық саралауды тудыратын принциптерді зерттеу керек, жеке жанрларды, олардың тарихын ғана емес, әр дәуірдегі жанрлар жүйесін (системасын) зерттеу керек» дейді. (2)

Ғалым академиктің осы талаптарын ескере отырып нақты шығармаларды талдап, жанрлардың оның ішінде барлық жүйелердің, даму процессіне зейін қояды. Р.Нұрғалидың бұл еңбегі ұзақ уақыттар бойы сарқыла зерттеу нәтижесінде дүниеге келді. Осы салада жүргізген ізденістері мен көптеген құнды ғылыми топшылаулар өз жемісін берді. Монографияда қазақ пьесалары жанрлық тұрғыдан жіктеліп, белгілі бір ретпен қарастырылады. Қазақ қаламгерлерінің алпыстан аса пьесалары ғылыми тұрғыдан зерттелін, олардың идеялық-көркемдік қасиеттері, жанрлық-стильдік сипаттары ашылып талданды. Ғалым драмалық шығармаларды бұрынғы зерттеуші ғалымдар сияқты трагедия, комедия, драмаға бөліп, әр жанрдағы шығармаларды ішкі сипаттарына қарай бірнеше бөліктерге бөледі.

Монография «Трагедиялық тартыс және трагедиялық характер» деген тақырыппен ашылады. Ғалым қазақ әдебиеттануында алғаш рет драманың негізгі түрлерінің бірі – трагедияға жан-жақты жанрлық тұрғыдан сипаттама береді. Трагедия категориясына қатысты көптеген ғылыми зерттеулер жазылып, көптеген зерделі пікірлер айтылды. А.В.Луначарский дүниежүзілік драматургия тарихына сүйене отырып, трагедияны символдық және реалистік деп екі салаға бөліп қарайды. Бірінші қатарға Гетенің «Фаустын» қойса, екінші қатарға Шекспирдің «Гамлетін» жатқызады. Трагедияны оқыған немесе сахнадан көрген адам орасан зор тебіреніске түсіп, сан алуан сезім толқынына бөленеді, қапалы ой құшағына енеді. Бұл идеялық-эстетикалық әсер ету ерекшелігін Аристотель – «жан ашу, қорқыныш һәм қуаныш сәттерінің шарпысуынан туған ерекше күй»- деп те атайды.

Ғалым трагедияның тағы бір маңызды сипатына кейіпкердің үлкен қателік жіберіп, зор адасуларға ұшырайтынын жатқызады. «Бұл әлеуметтік жағдайлар мен қоғамдық қарым-қатынастар тудыратын, кейіпкердің өз еркінен тыс, оның идеал-мұраттарын күйретіп, мақсатына жеткізбей мерт қылатын сауал іспетті, тағдыр, жазмыш бұйрығы тағылеттес ерекше ситуациялардан шығады». (3)

Онымен ғалым трагедияға жан-жақты жанрлық тұрғыда сипаттама жасай отырып, трагедиялық тартыстар мен адасулар табиғатын, эстетикалық-эмоциялық әсер ерекшелігін сюжеттік материал, көркемдік-композициялық құралдар жүйесін, тақырыптық идеялық нысананы ескере отырып, қазақ трагедиясын мынадай салаларға бөлді: а) эпикалық трагедия; ә) тарихи трагедия; б) адамгершілік-тұрмыстық трагедия. Бұл жүйелеуден ғалымның драмалық шығармаларды жан-жақты терең зерттеп жанрдың ішкі жақтарына көп үнілгеніне көзіңіз жетеді. Бұл зерделеу монографияның жаңалығы деп айтуымызға да болады.

Еңбектің «Эпикалық трагедия» тарауында ғалым қазақ әдебиетіндегі классикалық үлгіде жазылып, жанр шарттарына толық жауап беретін ұлттық трагедиямыз «Еңлік-Кебек» трагедиясын алғаш рет жоғары бағалап, әдеби - эстетикалық талдау жасады. Бұл шығарманың эпикалық трагедияның барлық талабына сәйкес келетінін дәлелдейді.

Р.Нұрғали монографияда ғалымдар арасында бірінші болып зерттеудің жаңа принципін қолданды. Бұл дүниежүзілік әдебиеттанудағы қолданылып жүрген жаңа әдіс - типологиялық әдіс еді. Ғалым зерттеуге нысана етіп отырған шығармаларын өздеріне тән сипаттары мен ерекшеліктерін,

ұқсастықтарын бір-бірімен салыстырды. Ұлттық әдебиеттің өзіне тән ерекшеліктерін ескеріп отырды. Бұны да бұл еңбектің құндылығына жатқызамыз.

«Еңлік-Кебектің» осы уақытқа дейінгі белгілі бірнеше нұсқаларын бір-бірімен, сабақтастырып салыстырды. Пьесаның қойылу тарихын, сахнадағы қойылымдарын тізе отырып, ғалым әрбір кейіпкерге, оның тіліне, мінезіне, іс қимылына, көркем шығармадағы тартыс, мінездің өзгеруі мен әдеби кейіпкердің өмірде болған, болмағанына, шығарма шындығы мен оның жасалуына, сомдалуына жіті көңіл бөлді. Көркем мәтінді жақсы білетін ғалым шығармаға әдеби-эстетикалық талдау жасады. Эпикалық трагедияның жанрлық сипатына сараптама жасай отырып, оны әлемдік драматургияның жетістіктерімен салыстырып отырды. Зерттеуге әлемдік салыстырмалы-тарихи-типологиялық әдістің барлық мүмкіншіліктерін пайдаланды.

Ғалым «Еңлік-Кебек» аңызының екі әңгіме, екі поэма түрінде жеткен төрт нұсқасын салыстырып, мынадай байламдар жасады. «Ұсақ ауытқуларды айтпағанда, барлық нұсқадағы оқиға, оның баяндау реті, аяқталуы, аты аталатын адамдар, негізінен бірдей. Адам бейнелерін кескіндеу де ұқсас. Кебек батыр. Еңлік – асқан махаббат иесі, Кеңгірбай-опасыз болып көрінеді. Шыңғыстау, Орда, Хан, Донғалаң, Ащысу барлық нұсқада айтылады. Нысан Абыздың бал ашқан сөзі, Еңлік портреті, бүркіт салу суреті сөзбе-сөз дәл келін отырады. Бірталай тіркестер, жеке детальдар, жаулар үстерінен түскендегі қашу сәті, Кебек мойнына арқан тасталуы, Еңліктің үш тілегі, жәрфекте зар қағып қалған бала өзгеріссіз қайталанады. Барлық нұсқа Еңлік пен Кебектің өлімімен тынады. Кеңгірбайдың екі жүзділігі, тобықты, найман рулары арасындағы кикілжіңнің бас себебі тағдырдың бұйрығында, жазмыш күшінде деген идея барлық нұсқада бар» [3. 15-б.]

М. Әуезов жазған пьесаның сюжеті халық аңызының оның ішінде әңгіме, поэма түріндегі нұсқаларынан бастау алады. Тобықты-найман арасындағы оқиға тұнып тұрған драма материалы екенін ұққан жазушы көрегенділігін айта келін: «Ру арасындағы жаңа шайқасқа Кебек-Еңлік ісі сылтау. Дабырайып, өсін, шегіне жете сыздаған алтыбақан алауыздық бұлтының түйісуіне кездейсоқ бір оқиға, титтей себептің өзі жарап жатыр еді.

Пьесаның көркемдігімен бірге ғалым онда орын алған олқылықтарын да көрсетеді. Пьесаның алғашқы екі вариантындағы басты олқылық дүниетаным саяздығына тіреледі. Екі жас трагедиясының ең негізгі себебін алауыздықта, билердің қатігездігінде деген ойға меңзейді автор.

Ғалым әр түрлі елдер әдебиетінде кездесетін бір туындыға қайта-қайта оралып, әлденеше рет өңдеу дәстүрінің де М.Әуезов шығармашылығына тән екенін айта отырып, жазушы өзінің тырнақалды шығармасы «Еңлік-Кебекке» қаламы шыңдалып, үлкен жазушылық мәдениетке ие болған кезеңде 1943 жылы бір, 1956 жылы екінші рет оралып, пьесаға мол өзгерістер енгізіп, қайтадан өңдеп шыққанына тоқталады. Пьесаның алғашқы вариантындағы сюжеттік желінің қалдырылып, тек трагедияның негізгі идеясын ашуға, конфликтінің өрбіп, асқинуына еш қатысы жоқ эпизодты алып тастағанын айта отырып, «трагедиялық қақтығыстың жойқын көрініс беруі үшін ұсақ бұрылыстарды, жай кикілжіңдерді қысқартып тастау қажет болды» дейді. 1943 жылғы жазылған нұсқамен 1956 жылғы жазылған нұсқаның басты айырмашылықтарын айта келіп, қазіргі театрда қойылып жүрген нұсқаға тоқталып, алғашқы нұсқа мен осы нұсқаның арасындағы түбірлі мазмұндық, идеялық айырмашылықтарды, көптеген стильдік өзгешеліктерді салыстыру арқылы көрсетеді. «Сөйтін, Мұхтар Әуезовтің әуел баста халықтың аңыз негізінде туған «Еңлік-Кебек» трагедиясы талант құдіретімен әлденеше рет редакцияланып, жаңғыртылып, байытылу арқасында образдарды кесек-кесек, тартысты шыңыраудай терең, тілі ғажап шұрайлы классикалық туындыға айналды», -деп [3, 35-б.] жоғары баға береді.

Р.Нұрғалиев Жұмат Шаниннің шоқтығы биік шығармаларының бірі «Арқалық батыр» трагедиясын зерттей отырып, қазақ фольклоры мен драматургиясының арасындағы күрделі байланысты ғылыми тұрғыдан саралап берді. Бұл шығарманың туу, жазылу тарихына, уақытына көз жүгірте отырып, ғалым пьеса нұсқаларын салыстырып, айырмашылық, өзгерістерін көрсетті. Мұрағат түбін ақтарған ғалым «Көзі тірісінде Жұматтың өзі де «Арқалық батыр» трагедиясының материалын халық жырынан, Ержан ақын аузынан алғанын айтады. Қазақ ССР Ғылым академиясы қолжазба қорында Арқалық батырдың есіміне байланысты бірнеше материал бар. Олар: 1) 1939 жылы Құлсариев Ертай тапсырған «Арқалық батыр» жыры, 336-шы папканың 59-119 беттері; 53 папканың 346-405 беттері; Екеуі бір-бірін қайталайды. 2) Қабыш Мұсайынов пен Дәуітқан Ибрагимовтар тапсырған нұсқалар. 366-папка а) «Арқалық батыр», 1-2 беттер. б) Арқалық батырдың

қазақ-қалмақ барымталас кезінде Өз Жәнібек ханның жылқысын қалмақтан алып келгені туралы. 19-21 беттер. Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлерінің редакциясымен 1961 жылы шыққан «Батырлар жырының» екінші томына Ержан Ахметовтен 1958 жылы Бекмұрат Уахатов жазып алған нұсқа енгізілген» деп нұсқа түрлеріне сипаттама беріп, салыстыра отырып пьесаның негізі фольклорда жатқанын айтады. Ғалым Ержан Ахметов нұсқасы мен пьеса арасындағы ұқсастықтар, есімдер өзгешеліктері жайында айта келін пьесаның фольклор нұсқасынан өзгешеліктерін де көрсетіп береді. «Арқалық батыр» трагедиясына байланысты материалдарды түгелдей салыстыра тексерген ғалым пьеса сюжетіне Ертай Құлсариев тапсырған варианттың жақындығын айтады. Пьесаға ғалым «Арқалық батыр трагедиясына әдеттегі драмалық шығармаларды талдау-образдарды бағалау, идеяны көрсету, конфликтінің ажырату, сюжет ерекшеліктерін айқындау тұрғысынан келуге болмайды. Өйткені бұл туынды – ұлттық әдебиетіміздегі ең алғашқы күрделі пьесалар үлгісінің бірі. Сондықтан негізгі көркемдік компоненттерге анализ бере отырып, диалогтың жасалуы, авторлық ремаркалардың түрлері, көріністер, перделер арасындағы байланыс, тіл бояулары - сияқты мәселелер төңірегінде де байлам жасау қажеттілігі туады», - деп баға береді.

Пьеса бөлімдеріндегі кейіпкерлер санын драматургия классиктері Шекспир, Грибоедов, Гоголь, Толстой пьесаларындағы кейіпкерлер санымен салыстырып, пьесадағы кейіпкерлер санының шағындығын, авторлық ремаркалардағы кейіпкерлер жасының дәл көрсетілуі сияқты ерекшеліктерін көрсетеді. Ғалым драмада тартысты күшейту мақсатында автордың шарттылыққа, әсірелеп, шығындата бейнелеу әдістерін қолдануда фантастика элементтерін алуға болатынын, бұл әдістердің жемістілігін сонау XVI ғасырдың өзінде ұлы Шекспир өз творчествосында көрсетіп бергенін, қазақтың тұңғыш драматургтері Әуезов, Кемеңгеров, Шанин шығармаларында кездесетін фантастика элементтерінің эпостан келгенін айтады. «Халық әдебиеті дәстүрлерімен еуропалық драма үлгісін ұштастыра жасалған Шанин трагедиясының көп тұстарында эпостық сарынға қалтқысыз бағынып кетушілік бар. «Трагедияның әр бөлімі жеке пьеса, аяқталған шығарма. Алғашқысындағы негізгі конфликті - хан мен қарадан шыққан батыр арасындағы тартыс. Жиырмасыншы жылдардағы ұлттық драматургиялық дәстүріміздің болымсыздығын ескергенде, тарихи тақырыпқа мұндай үлкен пьеса жазылмағандығын ойлаған кезде Жұмат Шанин трагедиясының әдебиетіміздің тарихындағы көрнекті орны барлығы дау туғызбайды», - деп ғалым бұл пьесаның шынайы бағасын береді Шеберлікке қатысты олқылықтары, жетімсіздіктері болғанымен бұл трагедияны ғалым қазақ драматургиясының жаңа туып келе жатқан алғашқы кезеңіндегі күрделі туындыға жатқызып, пьесаны ұстап тұрған әлеуметтік конфликт, түйдек-түйдек монологтар, ілік-қақпа диалогтар барын айта келіп, шығарманың жанр шарттарына сәйкес келетінін көрсетеді. Шынында да жиырмасыншы жылдардағы ұлттық драматургиялық дәстүріміздің балаңдығын, тарихи тақырыпқа жазылған үлкен пьесалардың жоқтығын ескерсек Жұмаи Шанин трагедиясы әдебиетіміздің тарихында үлкен орын алатыны даусыз.

Р.Нұрғали қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, бірақ әртүрлі себептермен зерттеу жүргізілмеген шығармалар жайында да тың деректер береді. Соның бірі - Ғ.Мүсіреповтың ауыз әдебиеті негізінде жазылған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясына дейін жазылған Жұмат Шаниннің осы тақырыпта пьеса жазғандығы туралы мәлімет. Сонымен қатар ғалым Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» шығармасын да эпикалық трагедияның жауһар үлгісі ретінде жоғары бағалайды. Трагедияның сахнаға ықшамдалған формасы туралы: «Жыр мен трагедияны салыстыра қарағанда, драматургтің сюжет түзеуде, тартыс өрбітуде, характер сомдауда жасаған сан-алуан жаңалықтары анықталады. Бесік құдалық негізінде күні бұрын шешілген махаббат желісі жырдың басты өзегін құраса, трагедиялық күрес ескілікпен жаңалықтың арасында өтеді. Пьесада рулық тартыс емес, әлеуметтік-таптық қақтығыстың көрсетілуінде мән жатыр» деген ғалым пікірінен трагедияға берілген әділ баға екенін ұғамыз.

1. Люлява Л. *Общественные науки В СССР, литературоведение.* – Москва, 1980, №3.
2. Лихачев Д.С. *Театр және драматургия туралы.* – Москва, 1958, Т. 1-2
3. Нұрғали Р. *Трагедия табиғаты.* – Алматы, 1968.-
4. Нұрғали Р. *Талант тағдыры.* – Алматы, 1969.-
5. Нұрғали Р. *Күретамыр, Қазақ драматургиясының поэтикасы.* – Алматы: Жазушы, 1973.-234б.

6. Нұрғали Р.Айдын. Қазақ драматургиясының жанр жүйесі. – Алматы: Өнер, 1985.

## ПРОБЛЕМЫ ЭПИЧЕСКОЙ ТРАГЕДИИ В ИССЛЕДОВАНИЯХ Р. НУРГАЛИ

**Р.И. Дуйсенбаева** – ст. преподаватель КазНУ им. аль-Фараби

Алматы, Казахстан, email: [raihan-kz@mail.ru](mailto:raihan-kz@mail.ru)

### Резюме

В статье рассматривается, что ученый Р.Нурғали раскрыл природу трагедии в казахских драматургии. Предложил внутрижанровую классификацию казахских трагедий и заложил основы нового научного направления. Анализ ученого отличается глубиной и проникательностью а также бережным отношением к мыслям и идеям трагедии. Исследуя творческую историю создания трагедию он сопоставляет несколько редакций и пытается проследить принципы редактирования и проанализировал все эпических трагедии. Р.Нурғали разделил трагедию на три внутрижанровые разновидности: эпическую, историческую, нравственно-бытовую. Комедию: сатирическую, лирическую, а драму: героическую, политическо-социальную, биографическую. Свобода духа, идея независимости, любовь как высшая ценность-таковы темы первых казахских эпических трагедии.

Ученый отмечает неперемное условие казахских эпических трагедий, которые с полным правом можно отнести и к пониманию трагического в литературе.

**Ключевые слова:** природу трагедии, идеям, внутрижанровые, нравственно-бытовые.

## PROBLEMS EPIC TRAGEDY IN RESEARCH R. NURGALI

**R.I. Duysenbaeva** – senior teacher KazNU al-Farabi

### Summary

The article deals with the scientist R. Nurgali disclose the nature of the tragedy in the Kazakh drama. Proposed within the genre classification Kazakh tragedies and laid the foundations of a new scientific field. Analysis of different scientific depth and insight, as well as respect for the thoughts and ideas of the tragedy. Exploring the artistic history of the creation of the tragedy he compares several editorial boards and is trying to follow the principles of editing and analyzed all the epic tragedy. R. Nurgali shared tragedy in three species within the genre: epic, historical, moral and household. Comedy: satirical, lyrical and drama: the heroic, political and social, biographical. Freedom of spirit, the idea of independence, love as the highest value-such are the subjects of the first Kazakh epic tragedy.

A scientist observes an indispensable condition for Kazakh epic tragedies that can rightfully be attributed to the understanding of the tragic in the literature

**Keywords:** disclose, the tragedy, classification, Exploring, the genre.

ӘОЖ 821.512.122.0

## БЕКСҰЛТАН НҰРЖЕКЕҰЛЫНЫҢ СӨЗ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ МӘНЕРІ

**С.Б. Ержанова** – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, ф.ғ.д., профессор

**С. Жаңалық** – I курс магистранты, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: [erianova\\_saule@mail.ru](mailto:erianova_saule@mail.ru), [saia\\_043@mail.ru](mailto:saia_043@mail.ru)

**Андатпа.** Ұлттық әдебиетіміздің көркемдік дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырып, қазақ сөз өнеріне өлшеусіз үлес қосқан қарымды қаламгеріміз Бексұлтан Нұржекеұлының «Авторсыз сұлулық», «Күй толғақ», «Жастық жыл құсы емес» сынды әнімелерін бүгінгі зерттеуіміздің нысанына алып отырмыз.

Мақалада жазушының көркемдік ізденістері осы әнімелері арқылы талданып сөз болмақ. Сонымен бірге Б.Нұржекеұлының айтылған көркемдігі жоғары шығармалырының шеберлік дәрежелері жарық көрген кезінде бағаланып келеді. Біз талдағалы отырған жазушының бейнелеу құралдарындағы суреткерлік мәнерін туган жерге, туган елге деген ыстық ықласын, сүйіспеншілік, сүйген жар, сүйікті адамға арналған жанды махаббат, ынтық-ықылас мәселелері талданып таразыланады. Осы талдау барысында суреткердің әнімелеріндегі таныс-бейтаныс замандастарымызбен солардың қым-қиғаш өмірі, өзі өзгерген тағдырлары міне, осының бәрі талданып отырған мақаланың алтын өзегі болмақ.

**Түйін сөздер:** көркем тіл, поэтикалық әуелділік, қайталаулар, ырғақ, көркем бейне, стиль, кейіпкерлер әлемі.

Ұлттық әдебиетіміздің көркемдік дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырып, қазақ сөз өнеріне өлшеусіз үлес қосқан қарымды қаламгеріміз Бексұлтан Нұржекеұлы өзінше өрнекті жазушы, айырықша дарынды, сергек сезімді суреткер екендігіне оның шығармалары мен сусындағын кез-келген оқырман дау айта алмаса керек. Жазушының «Күтумен кешкен ғұмыр», «Бір өкініш, бір үміт», «Жау жағадан алғанда» секілді романдары тағы да көптеген әңгімелері қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған қомақты табыс болып саналады.

Әдебиетіміздегі Б.Нұржекеұлының жоғарыда айтылған көркемдігі жоғары шығармалырының шеберлік дәрежелері жарық көрген кезінде бағаланып келеді. Біз талдағалы отырған жазушының бейнелеу құралдарындағы суреткерлік мәнерін туған жерге, туған елге деген ыстық-ықласын, сүйіспеншілік сезімін, сүйген жар, сүйікті адамға арналған жанды махаббат, ынтық-ықлас, мәселелері талдарынып таразыланады. Осы талдау барысында суреткердің әнімелеріндегі таныс-бейтаныс замандастарымызбен солардың қым-қиғаш өмірі, өзгерген тағдырларымен, барлығының алтын өзегі: лейтмотивімен-мәңгілік махаббаттың күйлі-мұңлы-сырлы небір әуендерімен яғни сиқыр сезімдер симфониясымен қайтадан жүздесеміз.

Міне, Бексұлтан Нұржекеұлының сөз қолданысындағы бейнелеу құралдарының мәнері қандай?

Жазушы қиялының алынбас қамалы болмайды. Соның бірі көңіл-күйді тереңнен тану. Қазақ әңгімелерінің кейіпкерлерінің бір сәт барлығын қамти алатын сырының бірі осында.

Б.Нұржекеұлының өнер туралы, өнер адамдары туралы жазылған «Жастық жыл құсы емес» (1969) атты әңгімелерімен толықтыруға болады. Мұнда жазушы ақын, суретші, күйші бойындағы шабытттық шақтарды, сол сияқты өнерді қастерлеу қасиеті жайында сөз болады. «Авторсыз сұлулық» әнімесі көлемі шағын болғанына қарамай танымы мол дүние. Кейіпкерлері-студент жастар: Мәдіғали, Төкен, Әбден. Әңгіменің бар оқиғасы: «Алақанда ашық хаттың сыртында соншалық сиқыр тұр дегенге...сене қоймас» [ 1,6] бірінші жақтан баяндаушы кейіпкердің сенбек түгілі «Өнер шырмауына» айналуы әдемі тізбектелген, қарапайым ғана сюжет, қарапайым кейіпкерлер, автор өрнегіне түскенде түрленіп ажарланады. Б.Нұржекеұлының кейіпкер мінез-құлқындағы түзілісті авторлық баяндау арқылы ұтымды түзген. Терең тартыс, кейіпкердің жан-дүниесіне қабат-қабат иірім болмағанымен әдеби кезең үшін өзіне лайық бір мың тоғыз жүз алпыс-жетпісінші жылдардың әлеуметтік тарихи бояуын, жастар бейнесін мәнді етіп қалдырумен маңызды.

Мәдіғали-әскершіл,ақкөңіл,бауырмал, жомарт жан. Қараңыз: «Мәдіғалида өң қалмапты. Үрейдің, ұйытқыған қобалжу, ынтық пен күдіктің қым-қиғаш іздері түсіп, бет-жүзі айран- ботқа» [ 1,6]

Осыншама күйге түсірген не жағдай? Оған жауап: «Жарқ еткенде, жанарымды қарып жібергендей жабайы қызғалдақ» [ 1,6] суреті екеніне сендірді. Төкен, Әбден әрекеттері осыған жетелейді. Әңгіме шынайы жазылған, тақырып, образ, сюжет жазушы мұратымен тоғыса келін көркем туындыға айналған.

Жазушылықта өнер, өнердегі құдіретті, өнерлі адам туралы қозғағанда тақырып әлеуметтік өмірден, ортадан бөлек оқшауланбауы түсінікті. Сөз дәлелі: «Киоскіге жүр көш құлаш кезекте тұрыпты.Топтың ішінде тұмсығы батпау...кезекте тұрғандар көлденеңдегенді көрсе, жабыла жеп қоятын» [1,6]- баяндаулары түскенде бірнеше мәселені аңғарамыз. Бірінші кеңес кезіндегі «дефицит», тапшылықтың көрінісі қылаң берсе, екінші рухани өрісі биік жастар тұлғасы заман тынысын аңғартады. Шарықтау шегіндегі жазушының әдемілікті суреттеуге төккен кестелі сөзі, айшықты ойы әңгіменің шырайына айналғандай еді: «Шөкімдей бүр, қауызы жоқ, әлі бүтін, жарылмаған... ...ғұл бүрі- кәдімгі бұлшық ет, илген сабақ-аумаған серіппелі сіңір, көбелектің қонған екпінін қайтарып барып қайта атылатындай қасарып қайысады. Қайсар бұтақ қайта серінкенде, көбелекті де көкке лақтырып, қауызында жарып жіберетін сияқты. Тұла бойынды сергектік билеп, жұлқынып, бір ауырды сен де сілкіп, жарық етін, жарық дүниені таң еткің келеді.Тұйық жігерің тулап кетеді-ау? Сұмдық титтей сурет таудай күйінді тасытады» [ 1,7]. Әңгіме бітімі саз-әуенге толы. Шағын әңгімеге жазушының ойы арқау болған.

Жазушының кейіпкерлері жан сырына әдемілікті қабылдау қуанышын беру тәсіліне бейімделген. Сонысымен әңгіме кейіпкерлері құнды. Ел болашағы-жастар, сондықтан бүгінгі жастарға 1960 жылдардан бергі кезең шындығын, қазақтың болашақ зиялы қауымның рухани тазалығын көркем

түрде жеткізе алған. Алдыңғы аға буын мектебінен сыр шертілгенімен бұл әңгіме қазақ әдебиеті тарихында өз орыны бар шығарма.

Аталған әңгіме өнерге табыну мен өнерпазға деген таңданысты өрнектесе, келесі әңгімеде өнерді сүю адамды сүюден басталатынды баяндалады.

«Күй толғақ» бір қарағанда бала махаббат тақырыбы десек те, үңіле түсек махаббаттан өнер құралатыны, махаббат шабыты қуаттандыратыны сарапталады. Бір-біріне жалған қос сюжетте «...Ұлылық болмас, бірақ ұлы сезімнің уық шаншар толғағы» [1,11] кестеленген.

Боз бала Манаптың сезім күйіне түсуі, қуанышты өнеріне әсер етеді. Қара домбыра бес жасынан әкеден қалған мұрасы болатын. «Дәл қазір бала жігіттің кеудесіне қат-қабат сезім: елесі көз алдынан аулақтап барады» [1,10]. Жазушы Манапты қыз жанында – әзілқой, батыл, тапқыр, етіп көрсетсе, қара домбыра мен оңаша қалғанда, жан түпкірі күн шуағындай мейірбан етіп суреттейді. Десек те жазушы дүниеге келер күй машақатын сездірген: «Бес саусақ жоғары-төмен жеңіл ырғып, тәтті әуезді төін-төгін жіберді, көп ұзамай жүйеленеді. Сол сәт Манаптың да қабақ қыртысы қоюланып, ет-бауыры домбыра ішегімен бірге ширатты. Өстіп ол ұзақ қас қарайғанға дейін арпалысты... Өзімен-өзі болып күйден өзгеге мүлдем керек...» [1,11]. Сыпайы, мәнді мөлдір, таза махаббат Манап өз кезегінде ықыласты ыстық күмбір күйді тудырды деп сендірсе, жазушының «Жастық жыл құсы емес» әңгімесінде махаббат қасіретті де, нақтырақ айтсақ жауапсыз махаббат ақындыққа ой түзеген кейіпкеріміз Қалидың Зияшқа арнаған мұң өлеңдеріне куә етеді. Сайып келгенде, өнер сүюден, сүйсінуден ғана жарыққа шығады.

Жазушының тақырып пен мұрат бірін-бірі қабысып келген. «Өз жастығына жоқтау айтты» [1,13] –делінетін әңгіме түйініндегі Зияштың өкініші авторда дәлелденген: «... Көбі көбік ауыз, көз құрты тойғанша аспандағы айды алып берем дейді, сонан соң ғой сабасына түсіп, жылы сөзге де жарытпайды» деген күйеуінің үйленер алдындағы уәде секілді сыры үмітті ақтамады. Ғазиздің өзі жылы сөз айтып жарытпауы, қызғаныш кеселі Зияшпен арасын суытуы айналып келген жазушыда істің түйіні сүйіспеншіліктен басталмағанына негіздейді: «... Ой, ойлап әуреленгенше. Істің аяқ асты шешілгені» үш күнде сынаудан тез сыйлауға көшіп, той жасағаны түзелмейтін қателік бастауы болғаны айтылады. Негізі әңгіме жастар туралы, сезім туралы, өнерлі жігіт адамгершілігі туралы, қала берсе өнер мен әдемілік адамның жанын тербейтін сезім екені түсіндіруге негіздеген. Сюжет арасында байланыс нанымдылығы сонша Қасымханың үйіндегі қоштасу кеші Қали мен Зияштың алғашқы да соңғы сөйлесуіне, Ғазиз бен Зияштың сезімдеріне сызат түсін, шарпысуына да себеп болды. Автор осы туындысы арқылы нағыз махаббаттың жас пен әлеуметтік орта таңдамайтынын тағы бір еске салып өтеді. Жазушы шынайы сезім мен бір сәттік өткінші сезімнің арасындағы үлкен айырмашылықты нақты оқиғалар мен нақты кейіпкерлер арқылы көрсетуге ден қойған.

«Мен оқырманның жазушыдан да мәдениетті, сезімтал болғандығын қалаймын. Себебі айтудан ұғу қиын» [2,334] –деп Нұржекеұлының оқырманына жазған пікірі қазақ әңгімелерінің құдіретін көтеретін осы, өшіретін осы оқырман қауым екенін айқын аңғартып тұр. Жазылған құнды дүниелерді саралап керегін ұғынып, керек емесін жанынан өшіріп, тағылымы мол дүниені жандарына тоқуға үгіттеп тұрғандай. Қазақ әңгімелерін қадір-қасиетін байыптауға шықырады, шақыра отырып, адам жанына жақын үзік сырлардың ашуға жетелейді. Әңгіме сюжетті жастар өміріне құрылған, сезім туралы, өнерлі жігіт адамгершілігі туралы, қала берсе өнер мен сұлулық қын ішінде жатпайтын осыдан аңғарамыз.

Жалпы қазақ әдебиетінде ежелден келе жатқан махаббат тақырыбы Аллаға сүйіспеншіліктен тарап, оны шын сүю арқылы өзінді де өзені де бағалай алатынды нақтылайды. Біз осы орайда Бексұлтан Нұржекеұлының қаламер ретіндегі, өсу мен қалыптасуы үстіндегі шарқ ұрған ізденістерінің көбнесе Мәңгілік махаббат төңірегінде көрініс тапқанын айқын аңғарамыз. Осының бәрі Мәңгілік махаббат деп аталатын тамыры ащы, жемісі тәтті-алтын өзек арқылы өріс тауып берік орныққанына қалайша қуанбайсың. Міне, осының жарқын кепілі болып табылады. Жазушының махаббат әлеуметтік мәселелері қатар қозғалатындығы, өзгешелігі – Б.Нұржекеұлының махаббат тақырыбын үлкен сезімді бейнелей отырып, өнерлі адамдар тағылымында, өнер құдіретін көрсетумен қатар жаза білуі.

Б.Жетпісбаева пікіріндегі: «Кіші жанрдың құрылымы шығарманың мазмұндық деңгейіне берілетін басымдықтан құралады» [3,24] –демекші, жазушы кейіпкері жанрлық табиғатында көріне алған, жанр ерекшелігін айқын, нақты аша алған. Соңғы жылдары көне көркем дүниелер жалпылама зерттеуден

көрі ондағы көркемдік компоненттерге, оның жеке жанрын жан-жақты талдау жасау негізінде қарастырылды.

Г.Белая: «... Прозашылар мақсат және адам өмірі туралы пайымдауларында жалпы қазіргі психологиялық прозаның бағдары–адам және оның қоршаған әлемге бағытталады. Психологиялық талдаудан басты пішіні – мінез–құлықтың пайымын зерттеу, әлеуметтік –психологиялық тұсын бейнелеу» [4,22]–пікірі талдауды дәлелдей түспек.

Өр қаламгер–өз заманының перзенті, өз дәуірінің жыршысы. Осы орайда Г.Белая қаламынан туган мына бір жолдар бүгін біз сөз еткелі отырған суреткер шығармашылығының да негізгі арнасын айқындап тұрғандай. «Алайда талассыз бір ақиқатты дайым есте ұстауымыз керек. Заманнан тыс әдебиет те, жазушы да болмайды; бәрі де нақтылы заманда туып, сол заман ауанына орайлас әрекет жасайды. Ғасырларды аттап, көне замандардың оқиғаларын шығармаларына арқау етсін; фольклордың я аңыздардың сюжетін пайдалансын; немесе бұлқына шауып, болашақ жайлы талғам-шешімін реалды көрініс етіп, шығарамасына ұялатсын, бәрібір жазушы өз заманының қайраткері, өз заманының білім-ғылымына, ұғымына, көзқарасына сүйенеді; өз заманының арман-қиялын қару етеді. Сондықтан, әр заманда да қаламгерлер бар күшін алдымен өз дәуірін жырлауға жұмсайды» [4,46].

Жалпы қаламгердің өз жан дүниесінен бастау алған құнарлы ойлар мен сырлы сезімдер кейіпкер болмысына берілген. Өлеңге ұқсас баяндаудан автордың өзін мазалаған өткен мен бүгінгі күн жайлы ойларын, жазушылық өнері жайлы толғамдарын көреміз. Бейнелеу құралдарына тән ерекшеліктердің бірі–кейіпкерлердің жан дүниесінің бейнеленуі, көркемдік элементтердің көптеп қолданылуы. Автор шығармаларынан діни лексемалардың көптеген түрлерін кездестіруге болады. Жазушы дінді арпалысқан қоғамда адасып, өмір соққысын көрген кейіпкерлеріне жол көрсетуші, ізгілікке жетелеуші күш ретінде суреттейді. Қаламгер шығармаларында жанрлық ізденістер де бірден көзге түседі. Туынды сюжетіне хаттар арқылы берілетін оқиғалардың араласып отыруы - суреткердің көптеген шығармаларына тән.

1. Нұржекеұлы Б. Бейтаныс әйелдің құпиясы. – Алматы: Атамұра, 2002. – 336 б

2. Нұржекеұлы Б. Ойшұқын. Әңгімелер мен мақалалар. – Алматы: Жалын ЖШС, 2002. – 336 б

3. Жетписбаева Б. Поэтика символа в казахской художественной прозе: автореф... канд. филол. наук: 10.01.08. – Алматы: ИЛИИ, 1992. 24 с

4. Белая Г. Художественный мир современной прозы. – Москва: Наука, 1983. – 200 с

## МАНЕРА СРЕДСТВ ИЗОБРАЖЕНИЯ В СЛОВОУПОТРЕБЛЕНИИ БЕКСУЛТАНА НУРЖЕКЕУЛЫ

С.Б. Ержанова – д.ф.н., профессор КазГосЖенПУ

С. Жаналык – магистрант I курса, Алматы, Казахстан

e-mail: [erjanova\\_saule@mail.ru](mailto:erjanova_saule@mail.ru), [saia\\_043@mail.ru](mailto:saia_043@mail.ru)

### Резюме

Объектом нашего исследования стали произведения Бексултана Нуржекеева, автора, который оставил огромный след в развитии национальной литературы. Сегодня мы рассматриваем его рассказы такие как, «Красота без автора», «Куй», «Молодость не перелетная птица».

В статье говорится о художественных особенностях в произведении и рассказов автора. Эти особенности которые только встречаются в произведениях автора были высоко оценены разными критиками в разный период развития творчество писателя. В этих рассказах мы особо обратили внимание на описание автором такие человеческие ценности как любовь к родине, родному народу и родной земле, любовь к любимому человеку и близким людям. Рассматривая этих же произведения мы видим знакомых с одной стороны незнакомых нам людей, образ своих современников, и их не очень простые судьбы описанные автором. И все это стали основными тенденциями в творчестве автора.

**Ключевые слова:** художественная речь, ритм, повторы, поэтическая музыкальность, художественный образ, стиль, мир персонажей.

**A MANNER OF FACILITIES OF THE PAINT IN THE WORDUSING OF  
BEKSULTAN NURZHEKEULY**

**S.B. Erjanova** – *doctor of philological sciences*

**S. Zhanalyk** – *a master's degree*

**Summary**

The object of our research was become work of Beksultan Nurzhekeuly author that left enormous track in development of national literature. Today we look through him such stories as, "Beauty without an author", "Forge", "Youth is a not migratory bird".

The article is about artistic features in work and stories of the author. These features, that only meet in works of author were highly valued by different critics in a different period of the development work of this writer. In these stories we paid attention to description an author especially, such human values as love to the motherland, native people and native land, love to the favourite man and near people. Examining the same work we see acquaintances from one side of unknown to us people, character of the contemporaries, and their not very simple fates are described by an author. And all of it became basic tendencies in work of author.

**Key words:** art, poetic musicality, repetitive rhythm, world of personages, image.

**ӘОЖ 821.512.122.01**

**ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ**

**Ғ.Е. Есіркепова** – *Абай атындағы ҚазҰПУ, қазақ әдебиеті кафедрасының  
аға оқытушысы, ф.ғ.к.*

**Түйіндеме.** Қазақ әдебиетінің түп-төркінін ежелгі дәуірін ғылыми негізде танып білу үшін, алдымен, халқымыздың бұрынғы, соңғы тарихынан толық хабардар болуымыз керек. Қазақ халқының ежелден қалыптасып, өсін, дамып келе жатқан өзіндік материалдық және рухани мәдениеті бар. Әдеби және ғылыми шығармашылық тұтастығы арқылы адамзат ұрпақтарына арналған рухани қызметі ерекше .

Қазақ тарихының жаңа көзқарастар негізіндегі дәуірленуі жүйесі бойынша ұлттық әдебиет тарихындағы көркемдік дәстүр жалғастығы жүйесі зерттеліп, ғылыми нәтижелерге сәйкес оқытылып келеді.

**Түйін сөздер:** дәуірлеу, көркемдік дәстүр, сақ, көне түркі әдебиеті, поэтика, әдеби ағымдар.

Ежелгі дәуір әдебиеті мұраларына арналған зерттеулер ұлттық сөз өнері туындыларын және әлем өркениеті мұраларын өзара сабақтастық, үндестік арасында қарастыра отырып, жалпы адамзатқа ортақ көркемдік ойлау әлемін жүйелейді. Бұл – әдеби және ғылыми шығармашылық тұтастығы арқылы адамзат ұрпақтарына арналған рухани қызмет ұлағатының көрсеткіші.

Қазақ – көп ғасырлар бойы қалыптасқан, даму жолы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып осы заманға жеткен байырғы халық. Халқымыздың мыңжылдықтар бойы қалыптасқан даму жолын саралай қарастырып, өткен мен бүгінгі және болашақты жалғастырған желілерді саралау арқылы тарихи-мәдени сабақтастық жүйесін негіздейміз. Қазіргі тәуелсіз Қазақстанның тарихтану ғылымы мемлекеттің негізгі иесі қазақ халқының пайда болуынан бастап осы дәуірге дейінгі аралықты қамтыған бес томдық жаңа басылымды дайындап ұсынды. Бұл басылым бойынша Қазақ тарихының жаңаша дәуірленуі томдықтар бойынша былайша жүйеленген:

1. **1-том.** Бірінші бөлім. Ежелгі тас ғасыры (палеолит) дәуіріндегі Қазақстан; Екінші бөлім: Сақ дәуіріндегі Қазақстан; Үшінші бөлім: Ертедегі және дамыған ортағасырлық мемлекеттер [1, 16-508-бб.].

2. **2-том.** Бірінші бөлім: Қазақ халқының қалыптасуы. Қазақ мемлекетінің құрылуы мен дамуы; Екінші бөлім: XVI–XVIII ғасырдың басындағы Қазақ мемлекеті [2, 10-604-бб.].

3. **3-том.** Жаңа замандағы Қазақстан. Бірінші бөлім: Қазақстан Ресейге қосылудың қарсысында және қосылу кезеңінде. Екінші бөлім: Қазақстан Ресей империясының құрамында [3, 10-730-бб.].

4. **4-том.** Кеңестік кезеңдегі Қазақстан [4, 11-706-бб.].

5. 5-том. Қазіргі заманғы Қазақстан [5, 14-652-бб.].

Қазақ тарихының жаңаша дәуірленген зерттеулері аясында түркі халықтарының да қалыптасу, даму мәселелері жаңа зерттеулермен жүйелене қарастырыла бастады. Бұл орайда, түркі халықтарының пайда болуынан бастап, қалыптасу даму жолдарын қарастырған отандық және шетелдік көрнекті ғалымдардың еңбектеріне негізделген жаңа еңбектер де жарық көруде. Қазақтың көрнекті түркітанушы ғалымдары Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет тарихы» [6], Әлкей Марғұланның [7], Әуелбек Қоңыратбаевтың [8, 9], Бейсенбай Кенжебаевтың [10], Ханғали Сүйіншәлиевтің [11], Мырзатай Жолдасбековтің [12], Немат Келімбетовтың [13], Алма Қыраубаеваның [14], Асқар Егеубаевтың [15], К. Р. Аманжоловтың [16, 17, 18] және т.б. зерттеушілердің еңбектері қазақ сөз өнерінің ежелгі дәуірлерінде бастапқы үлгілері қаланған көркемдік шығармашылық негіздеріне арналған.

Қазақ әдебиеттануы ғылымының зерттеулері үнемі халқымыздың тарихындағы дерекнамалық сипатпен тығыз байланыстылық жүйесімен жүргізіліп келеді. Бұл орайда, Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927) кітабында алғаш рет жазылған ғылыми дәйектеменің негізділігі толық дәлелденуде:

«Жалпы тарих жолындағы адам баласының ілгерілеген басқыштарын алсақ, төрт буынға бөлінеді: 1) тағылық тұсындағы ортақшылық дәуір; 2) ана қожалығы жүрген дәуір; 3) ата мен ру қожалығы жүрген дәуір; 4) мемлекет негізі құралған дәуір» [6, 9-б.].

Зерттеуші қазақ әдебиеті тарихы дәуірлеуге негіз болған аталған мәселелерді «Әдебиет тарихының міндеті не?», «Әдебиет тарихының қолданатын жолы» деген саралауларымен көрсеткен:

«... әдебиет тарихының міндеті:

1) Бір жұрттың тіліндегі ауызша, жазба әдебиеттің ішінен үлгілі болған белгілерін бөліп шығару. Ол белгілер сол елдің әдебиет жолындағы жаңа сөзі болу керек.

2) Әдебиет тарихы белгілі дәуірлерді, мезгілдерді бөліп шығарады. Халықтың әдебиеті алғашқы шыққаннан бастап, белгілі бір кезге жеткенге шетін тарихтың ішіне кіру керек. Әр мезгілдің үлгісі қандай, неден туды, басқа өмірмен қандайлық тарихи байланысы бар, сол айтылуы керек.

3) Әдебиет тарихи әр мезгілдегі себептерді, шарттарды тереді. Мәселен, белгілі ақынның өлеңіндегі мағына мен түрдің сыртқы өмірмен қандай байланысы барын айырады: ақынның өз өмірі, өз тіршілігімен байланысқан сыртқы қалдер, себептер болса, сол теріледі, әдебиет тарихы ауызша әдебиеттің жұрнақтарынан сыртқы түрін, ішкі мағыналарын көрін, соларды туғызған себептерді айтады, әдебиет жұрнақтары мен соның жазған кісілерін қарастырып келіп, бір жұрттың әдебиетіне солардың қандайлық бағасы барын айтады» [6, 13-б.].

Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі осындай тарихи-мәдени заңдылықтар аясында бағаланумен келеді. Зерттеушілер жалпы түркілік тарихи кезеңдер сабақтастығын негізге ала отырып, жазба жәдігерліктерде аталған деректер шындығы бойынша мұралар поэтикасына байланысты тұжырымдарын ұсынған. Аталған түркітанушы ғалымдардың пікірлерін саралай, жинақтап айтқанда, «Ежелгі дәуір әдебиеті» пәнін әдеби мұралардың тарихи кезеңдері мына жүйемен зерттелуі мен оқытылуы бағдарға алынады:

1. Сақ дәуірі (б.з.д. X–V ғғ.) әдебиеті («Алып Ер Тонға» дастаны; «Шу» дастаны).

2. Ғұн дәуірі (б.з.д. I-мыңжылдық) («Оғыз-қаған» дастаны; «Аттила» дастаны; «Көк бөрі» дастаны; «Ергенекон» дастаны) [13, 15-84-бб.].

3. Көне түркі әдебиеті (VI–IX ғғ.) («Орхон ескерткіштері: «Күлтегін» (VII ғасыр), «Тоныкөк» (VIII ғасыр), «Қорқыт Ата кітабы», «Оғызнама», т.б.).

4. Ислам дәуіріндегі әдебиет (X–XII ғғ.) (Әбунәсір әл-Фарабидің әдеби, ғылыми мұрасы; Махмуд Қашқаридің «Түркі тілдерінің жинағы»; Жүсіп Баласағұн «Құтты білік»; Ахмет Иасауи «Даналық кітабы»; Ахмед Йүгінеки «Ақиқат сыйы»; Сүлеймен Бақыргани «Бақыргани кітабы», т.б.).

5. Алтын Орда – Қыпшақ дәуіріндегі әдебиет (XIII–XIV ғғ.) («Қыпшақтың жазба кітабы» – «Кодекс куманикус»); Рабгузи «Рабгузи қиссалары»; Құтб «Хұсрау Шырын»; Хорезми «Махаббатнама»; Дүрбек «Жүсіп пен Зылиха»; Мұхамед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди»; Захриддин Бабыр «Бабырнама»; Хұсам Кәтиб «Жұмжұма сұлтан»; Сәйер Сарай «Жәдігерхала», «Түрікше Гүлстан», т.б.) [19, 5-279-бб.].

Барлық халықтың әдебиет тарихы, ең алдымен, сол халықтың қоғамдық-әлеуметтік тарихымен тығыз байланысты болып келеді. Ендеше, қазақ әдебиетінің тарихы – қазақ халқының қоғамдық, әлеуметтік және саяси өмірінің бейнелі көрінісі.

Сондықтан да, біз қазақ әдебиетінің түп-төркінін ежелгі дәуірін ғылыми негізде танып білу үшін, алдымен, халқымыздың бұрынғы, соңғы тарихынан толық хабардар болуымыз керек. Қазақ халқының ежелден қалыптасып, өсін, дамып келе жатқан өзіндік материалдық және рухани мәдениеті бар.

Мырзатай Жолдасбеков өзінің «Асыл арналар» еңбегінде «совет тюркологиясы мен қазақ әдебиетін тану ілімінің жетістігіне сүйене отырып, қазақ әдебиетінің тарихын ендігі жерде былай жүйелеген дұрыс», – дейді [12, 12-б.].

1) Ежелгі әдебиет, яғни түркі тектес халықтарға ортақ әдебиет – VII–XIV ғасырлар арасы.

Бұл дәуірдің өзін бірнеше кезеңдерге бөлген орынды:

а) түркі ру-тайпаларының әдебиеті – VII–IX ғғ.;

ә) ислам дәуіріндегі әдебиет (X–XII ғғ.);

б) Алтын Орда-Қыпшақ дәуірінің әдебиеті, яғни XII–XIV ғасырлар арасындағы феодалдық қоғам әдебиеті.

2) Қазақ хандығы дәуірінің әдебиеті (XV–XVIII ғасырлар).

3) XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті.

4) XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті.

5) Қазақ совет әдебиеті.

Ежелгі түркі тілді әдебиет – бертін келе қазақ халқының этникалық құрамына енген тайпалардың көне дәуірдегі әдебиеті, олардың ежелгі түркі ру-ұлыстарымен бірге жасаған көркем сөз өнері.

Түркі тілді халықтарға ортақ әдебиетін көп ғасырлық тарихын, негізінен, үш кезеңге бөлін қарастыру керек.

Бірінші, VI–IX ғасырлардағы көне түркі әдебиетінің ескерткіштері («Күлтегін», «Білге қаған», «Қорқыт ата кітабы», «Оғызнаме», Әбу Насыр әл-Фарабидің әдеби мұралары).

Екінші, X–XII ғасырлардағы әдебиет (Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат-түрік», Жүсіп Баласағұн «Құтадғу біліг», Ахмет Йүгінеки «Ақиқат сыйы», Ахмет Иасауи «Диуани хикмет», Сүлеймен Бақырғани «Бақырғани кітабы»).

Үшінші, XIII–XV ғасырлардағы, яғни Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет (Рабғузи «Рабғузи қиссалары», «Кодекс куманикус», Хорезми «Мухаббат-наме», Құтб «Хұсрау-Шырын», Сайф Сараи «Гулистан бит-турки», Дүрбек «Жүсіп-Зылиқа», Әбілғазы «Шежіре-и түрік», Қадырғали Жалайыри «Жамиғ-ат тауарих», Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди», Бабыр «Бабыр-наме»).

Белгілі ғалым Б. Кенжебаев қазақ халқының бұрын-соңғы әдебиетінің тарихын төмендегідей кезеңдерге бөліп, жүйелеп қарастырады:

1) Ежелгі әдебиет, бұл дәуір VI–XV ғасырлар арасын қамтиды. Бұл кейінірек қазақ халқының құрамына енген ру-тайпаларының ежелгі ру, ұлыс дәуірлеріндегі әдебиет. Ерте кездегі түрік ру-тайпаларымен бірге жасалған ортақ әдебиет.

2) Қазақ хандығы дәуіріндегі (XV–XIX ғасырлар арасы) әдебиет. Қазақтың өзіндік төл әдебиеті.

3) Қазақтың XIX ғасырдағы жаңа, сыншыл, реалист әдебиеті.

4) Қазақтың XX ғасыр басындағы (1900–1920 жылдардағы) әдебиеті.

5) Қазақ халқының Ұлы Қазан социалистік революциясынан кейінгі кеңестік әдебиеті.

Қазақ әдебиетінің тарихы – ғасырлар бойы қайшылықты сипатымен қатарлас келген әдеби ағымдар күресінің тарихы деуге болады. Жүздеген жылдарға созылған эралуан көзқарастар жүйесінде прогрессивтік бағыттағы әдебиет құрыштай шыңдала түсті, өрісі кеңіп, шоқтығы биіктей берді.

Түркі тектес халықтардың бәріне ортақ ежелгі әдеби мұраларды қазақ әдебиеті мен қазақ тілі тұрғысынан зерттеуге кезінде С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, С. Аманжолов, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібаев, М. Жолдасбеков, т.б. ерекше үлес қосты деуге болады.

Сондай-ақ бұл салада Х. Сүйіншәлиев, С. Қасқабасов, Ғ. Мұсабаев, Қ. Өмірәлиев, Ғ. Айдаров, А. Ибатов, Ш. Сәтбаева, Ә. Құрышжанов, М. Томанов, Н. Келімбетов, А. Қыраубаева, А. Егеубаев, т.б. бірқатар құнды зерттеулер жазды.

Қазақ тарихының жаңа көзқарастар негізіндегі дәуірленуі жүйесі бойынша ұлттық әдебиет тарихындағы көркемдік жалғастық жүйесі осылайша зерттеліп, ғылыми нәтижелерге сәйкес оқылылып келеді. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі салтанат құрған 23 жылы ішінде бұрынғы-соңғы аталған ғалымдар зерттеулеріндегі пікірлер де назарға алынады. Себебі, студенттердің, магистранттардың, басқа да ізденушілердің ғылыми пікірлер әралуандығы болатынын білгені дұрыс. Себебі, ғылыми ізденістер нәтижелері бойынша пікірлер қайшылықтары, таласты тұжырымдардың болатыны – дәлелденген ақиқат.

Ғылыми пікірлер әралуандығы арқылы әртүрлі болжамдар, тұжырымдар ұсынылады. «Ежелгі дәуір әдебиеті» пәнін жаңаша зерттеу мен оқытуда қазіргі заманғы ұлттық және жалпы адамзаттық жетістіктерді сабақтастыру, салыстыру, негізгі мәтіндер арқылы ізденушілердің өзіндік ой қорытатын деңгейін қалыптастыру мақсаты үнемі басты назарда болады.

1. *Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 544 б.*
2. *Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 640 б.*
3. *Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 768 б.*
4. *Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 752 б.*
5. *Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 5-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 688 б.*
6. *Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.*
7. *Марғұлан Ғ. Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.*
8. *Қоңыратбаев Ә.Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. Т. 5: Монографиялық зерттеулер. – Алматы: МерСал, 2004. – 510 б.*

## ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ТРАДИЦИИ В ИСТОРИИ ЛИТЕРАТУРЫ

Г.Е. Есиркепова – к.ф.н., ст. преподаватель КазНПУ им. Абая

### Резюме

Для постижения древней казахской литературы на научной основе, мы должны быть хорошо осведомлены об истории своего народа. Материальная и духовная культура казахского народа формировалась с древнейших времен и развивается поныне. Особенность ее духовной функции для человечества дается через литературную и научную целостность.

Система художественной преемственности в истории народной литературы рассмотрена в системе периодизации на основе новых взглядов на казахскую историю.

**Ключевые слова:** периодизация, художественная традиция, сак, древняя тюркская литература, поэтика, литературные течения.

## CONTINUITY OF ARTISTIC TRADITION IN THE HISTORY OF LITERATURE

G.E. Esirkepova – KazNPU of the name of Abay, a department is Kazakh literatures,  
candidate of philological sciences

### Summary

To comprehend the Ancient Kazakh literature on scientific basis, and we should be well aware of the history of his people. Material and spiritual culture of the Kazakh people was formed from ancient times and still evolving. The peculiarity of its spiritual function given to mankind through the literary and scientific integrity.

The system of artistic continuity in the history of folk literature consideration in the system of periodization based on new views on Kazakh history.

**Keywords:** periodization, artistic tradition, Sak, an ancient Turkic literature, poetics, literary trends.

ӘОЖ 821.512.122.0

«БІР ӨКІНІШ, БІР ҮМІТ» РОМАНЫНА АРҚАУ БОЛҒАН ОҚИҒА НЕГІЗІ

А.Д. Ибраева – Абай атындағы ҚазҰПУ, қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.  
Н.Е. Сарсенбаева – Абай атындағы ҚазҰПУ, 2-курс магистранты

**Андатпа.** Мақалада қазақ қарасөзінің «беласқан» толқынының арасында өзіндік стилімен, ешкімді қайталамас ой-өрнегімен танылған тегеурінді тұлға, нәзік жанды әйел тағдырын және мәңгілік махаббат тақырыбын шығармаларына арқау етін, сөз өнеріне саф тазалығымен келін, өнерін өзгелер мойындайтындай өремен шындаған жазушы – Бексұлтан Нұржекеұлының өткен ғасырдың 80-жылдары жазылған «Бір өкініш, бір үміт» романы сөз болады. Мұндағы оқиғалар желісі мен кейіпкерлері жазушының өз өмірінде орын алған жағдайларымен, басынан өткерген оқиғалармен, көрген-білген адамдарымен салыстырыла отырып қаламгердің жазушылық шеберлігі, ондағы кейіпкерлердің өмірдегі прототиптері, кейіпкерлер өмір сүрген заманның шындығы, романның жазылу тарихына арқау болған мәселелер қарастырылады. Осы мәселелерді талдай келе, романға тақырып болған оқиғаның өзегі, негізі қайдан бастау алғанына көз жеткіземіз.

**Кілт сөздер:** Роман, шығарма, кейіпкер, өмір, бейне

Алғаш рет қазақ әдебиеттану ғылымының теориялық негізіне еңбек жазған қоғам қайраткері, ғалым А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде әдебиетті өнер деп таниды. Ал, өнер дегеніміз – адам баласына табиғатынан ғана берілетін ұлы қасиет. Әдебиет өнері ол – әркімдердің жеке басының мәселесін келін сөз етін кететін жері емес, ол – кейіпкер басындағы мәселені көтере отырып халықтың, адамзаттың басындағы шындықты көркем сөздермен шыңғырта жеткізе алатын, адам сезімін баурайтын өнер. Олай болса, әдебиет атты әлемге қызмет етін, өз қолтаңбасын қалдыра білген жандарды шын талант иелері деп білеміз. Осындай талант иелерінің бірі, қазақ әдебиет өнеріне өзінің қайталанбас туындыларын қосып, таңғажайып суреткерлігімен көптеген оқырмандарының жүрегіне жол тартқан, олардың сезімдеріне ерекше әсер ете білген дарынды қаламгер – Бексұлтан Нұржекеұлы.

Бексұлтан Нұржекеұлының қай шығармасын алсақ та, ол жақтан шынайылықты, өмірдің нақты көріністерін байқаймыз. Суреткер әдебиет әлеміне бір біріне ұқсамайтын түрлі мәселелер, сол мәселелердің төңірегіне түрлі кейіпкерлер алып келді. Әр кейіпкер бір әлем, бір тағдырдың иесі. Әр кейіпкердің өмірде өз шынайы бейнесі бар. Мәселен, «Бір өкініш, бір үміт» романының кейіпкерлері Бексұлтан Нұржекеұлының өз өмірінен алынған, олар нақты өмірде болып, бір дәуірдің суретін оқырмандарына тарту еткен. Бұлай деуіміз негіз жазушының баспа беттеріне береген сұхбаттарында кездеседі. Өмірбаянын сөз еткенде жазушы бірде: «1941 жылы 22 ақпанда Ақжазық деген ауылда тұңғыш босану үйінде туған бала екем.

1941 жылдың мамырында әкем алғашқылардың бірі болып әскери міндетін өтеуге шақырылыпты. 9 мамыр күні ауыл улап-шулап шығарып салады. Сол кеткеннен олар Балтық бойына жеткенде, мінген пойызын жол-жөнекей немістер бомбылайды. Үш күн орман ішін паналап күн көреді. Содан кейін бәрін жинап алып майданға алып жөнеледі. Майданға жөнелер алдында әкем ауылдың бүкіл үлкен-кішісін өлеңге қосып хат жазады. Сол хат оның соңғы хаты екен. Ол хат мен алтыға толғанша атамның інісі Қали ағамның баласы Иманбердінің қолында болды. «Сен келесі жылы мектепке барасың. Өзің хат таныған соң, әкеңнің хатын өзің берем», - деуші еді маған. Өзі аттан жығылып аяғы сынған болатын, содан сүйегі бітпей, балдақпен ғана далаға кіріп-шығатын, ақыр соңында құрт ауыруына ұшырап, сол күзде қайтыс болды. Ауыруы жұғады дегенді естіген әке-шешесі ол жатқан төсек-орынмен қоса әкемнің хатын да өртеп жіберіпті» - дейді[1].

Жазушының осы айтқандарын оқи отырып, «Бір өкініш, бір үміт» романындағы бала Шеғеннің өмір жолын көреміз. Жалпы, жазушы қай жерде өз өмірбаянын сөз етсе де әжесі мен атасын есіне үлкен махаббатпен алады, және романдағы Шеғеннің атасы – Мәмет қарт пен әжесі - Бәтжанмен астасып жатады. Шеғеннің атасы мен әжесінің немерелерін жандарынан артық жақсы көруі, сол деп қана өмір сүрулері, ешнәрсемен теңдестіре алмайтын Шеғенге деген елжіреген махаббаттары жазушының өз өмірі екені анық. Мұны Жазушы: «Атамның аты Ешмұхамет, апамның аты Бәтжан болатын, екеуі де 1879 жылы туған құрдас еді. Атам анда-санда мақтанып: «Істәлінмен құрдасын», -

десе, апам қорқып: «Құрбақ қағыр, қайдағыны айтпай отыршы!» - дейтін. Екеуі де бір жылда 1956 жылы қайтыс болды. Мен ол екеуіндегі өзімді жақсы көрген адамды көрген де емеспін, білгенде емеспін. Жандары ғана бөлек демесең, бөле қарайтын басқа ештеңесі болмаушы еді.» - деп [1] нақтылай түседі.

Романдағы Шеғеннің өз туған анасы – Жәмиханның бейнесін жазушы керемет, жан-жақты, асқан суреткерлікпен аша білген. Шеғеннің анасы – Жәмихан кітапта әдемі келген қара торы өңді, әкесінен үш жас үлкендігі бар деп беріледі. Ал жазушы өз анасын: «Шешем өңді, қара торы кісі-тін. Әкемнен бес жас үлкендігі бар еді.» - деп [1] одан әрі оның өкініш, іштен тынумен өткен өмірін тебірене еске алады. «Бір өкініш, бір үміт» романында да Жәмиханның Шеғеннің өмірінен алар өз орны бар. Романда Шеғен балалық санасымен қанша Жәмиханға өкпелі болғанымен де оны әжесі – Бәтжанның ойлары арқылы заман шындығын көрсете отырып ақтап алады. Кітапта Бәтжан: «Соры ашылмаған сорлы бала, мұндай күйге түсем деп сен де ойлайсың ба. Қай жетіскеніңнен кеттім дейсің, жан таппаған соң жасаған далбасаң да бір. Сені сөгетін де не жөніміз бар. Бізден гөрі, шынында саған қиын шығар, кім білген. Бізге бұйырған қызық та саған бұйырмады ғой, байғұс. Не көрдің, не білдің, әлі баласың. Әйтеуір, үмітің алда. Бар демеуің сол. Қайтейін, бір сені мен бізге емес, бүкіл елге келген нәумет қой, көппен бірге көреміз де. Бір істі бастауын бастадың, құдай тек артын оңғарсын!» - деп [2] ойға беріледі. Расында, бақытты болғысы келген жанды айыптауға бола ма? Жазушы Жәмиханды айыптаудан аулақ, тек оған Шеғеннің балаң ойлары арқылы баға бере отырып, әйел жанының шын мүшкіл халін танытады. «Жазушы оқушыны біресе өкінішті, біресе аянышты сезімге бастайтын мұңды әйел бейнесін шынайы жасай білген» [3].

Осы Бәтжанның ойлары арқылы-ақ жазушы Жәмиханның халін, соғыс әкелген зардапты, заманның көрінісін суреттеп береді.

Романның соңында жәмиханның өмірден қайтар тұсы оқырманның жанарына жас үйірлетпей қоймайды. Шеғеннің досы Райбектің аузымен айтылатын мына сөздер арқылы: «Бұл дүниеде досың да, дұшпаның да көп бола береді. Қайғың да, қуанышың да сол. Бірге туған бауыр да, беліннен шыққан бала да – бәрі, бәрі де көп бола береді, тек қана құрсағыннан шыққан анаң жалғыз. Және әйелдің жаманы болады, жақсысы болады, тілі ашысы болады, бірақ ешқашан жаман ана болмайды!» - деп [2, 379-б.] Шеғеннің анасына деген жүрек жылуы, перзенттік махаббаты көрініс тапқан. Жылдар бойы ішіне бүгіп келген перзенттің анаға деген сезімі Жәмиханды жоқтау кезінде тамаша берілген. Жазушы Шеғеннің атынан ол сәтті баяндай келе: «...Менің жылауым нағыз қорлық болды: «шешем-ау» дей алмаймын, «апам-ау» дей алмаймын. «Жәмихан» деп атын атай алмаймын, тек еңкілдеп үнсіз жылаймын» - дейді [2, 377-б.].

Лишь паутины тонкий волос п-1	<i>И редкий солнца луч, и первые морозы,</i> е 3
Блестит на праздной борозде. п-1	<i>И отдаленные седой зимы угрозы.</i> е-3

*Пустеет воздух, птиц не слышно боле, п-2*  
*Но далеко ещё до первых зимних бурь - п-1*  
*И льётся чистая и тёплая лазурь п-1*  
*На отдыхающее поле... п-1*

Если обратить внимание на выделенные курсивом строки двух текстов, то становится очевидным творческий спор Ф.И. Тютчева со своим великим предшественником. Прием *интертекстуальности* [7] позволяет отметить интерес А.С. Пушкина к «дням *поздней* осени», тогда как Ф.И. Тютчева привлекает в «осени *первоначальной*» «короткая, но дивная пора». Сопоставляются в стихотворениях разные осенние месяцы («октябрь уж наступил» - А.С. Пушкин), а Ф.И. Тютчев говорит об августе. Без прямой ссылки на «Осень» А. Пушкина (без приема *аллюзии*) [8] младший его современник все же *скрытно* (прием *реминисценции*) [9] цитирует предшественника («свежее дыхание», «мглой волнистою покрыты небеса» - «льется чистая и теплая лазурь», «первые морозы» - «первых зимних бурь», «отдаленные седой зимы угрозы» - «далеко еще до первых зимних бурь»).

Приобретает *дополнительное* значение первоначальный смысл символа *начала* преобладающей цифры 1 в приеме повтора в тексте Ф.И. Тютчева (*начало* осени) в свете сопоставления с «Осенью» А.С. Пушкина, где доминирует символ *завершенности* (цифра 3) в изображении *поздней* осени, ее конца в преддверии неминуемой зимы. Экспрессивная лексика и прием повтора, функция завершающего АЦ многоточия – свидетельство *экспрессионистского метода*. Состояние переходности отмеченных ранее признаков разных времен года (лета и осени) с ее противоречием означает черты *постмодернистской неоднозначности*. Сочетающийся с ним *реализм* проявляется в типичности раскрытой поэтом картины постепенной смены одного времени года другим. Примечательны и приметы метода *импрессионизма* – отдельных перемежающихся друг с другом «мазков» (элементов) *начала* осени и *конца* лета в двух строфах развязки стихотворения Ф.И. Тютчева. Штрихи *экзистенциализма* очевидны в проблеме *выбора* предпочтения лирическим героем покоя «чистой и теплой лазури», которая «льется на отдыхающее поле», перед грядущим беспокойством от того, что «пустеет воздух, птиц не слышно боле», хотя «далеко еще до первых зимних бурь». *Внутренние переживания* лирического героя в связи с любимым периодом в осенней поре обуславливают признаки метода *романтизма*.

*Анализ Ф (фокуса, т.е. проблемы или кульминации)* в обратной связи ОТ АЦ «Осени» Ф.И. Тютчева. *Тема* кульминации *чувство восхищения*. В стихотворении доминирует *лирический род* через *эмоциональную лексику* (*эпитеты*: «первоначальный», «дивный», «хрустальный», «лучезарный»). *Этический род* в кульминации текста передается *повествованием* о восхищении днем и вечером «первоначальной» осени лирическим героем. *Драматический род* раскрывается в «событии самого рассказывания». *Жанровая форма Ф* *малая* (по объему: 1 строфа из 1-го предложения), *количеству ситуаций* (1), *количеству героев* (лирический герой). *ТНС* (*тип начальной синтагмы*: «Есть...») – *лирико-психологический*, потому что *психологические* переживания лирического героя *разделяются* автором и читателем *согласно* *функция* многоточия в конце строфы. Отсюда *лирико-психологическая жанровую разновидность Ф* «Осени» Ф.И. Тютчева. Так как кульминация состоит из 1 предложения («Есть в осени первоначальной Короткая, но дивная пора - Весь день стоит как бы хрустальный, И лучезарны вечера...»), то его *ПС* выражается *чувством восхищения*. Антоним ПС – *чувство грусти* от описания лирическим героем осени – времени увядания жизни. В содержании Ф нет авторских антонимов (наблюдается «хаос») согласно соответствию стихотворения Тютчева критерию художественности по *жанру элегии*. Следы ОТ (покой и беспокойство) отражаются в *конфликте проблемы* «Осени» Ф. Тютчева (восхищение и грусть): лирический герой, автор и читатель восхищаются «коротким» покоем «дивной поры» «первоначальной осени», но грустят от

беспокойного чувства ожидания неминуемых «зимних бурь». Доминирует метод *экспрессионизма*, обусловленный эмоциональной лексикой и функцией многоточия в конце Ф. Сочетание *неоднозначных* признаков «первоначальной осени» («короткая, но дивная пора») с ее «хрустальной» хрупкостью «днем» и «лучезарными» от желтой листвы «вечерами» – черта *постмодернизма*. *Реалистична* типичная картина ранней осени. *Импрессионизм* в изображении связан с воссозданием ранней осени отдельными приметам в разное время суток. *Экзистенциализм* в Ф «Осени» проявился в явном *выборе* поэтом «короткой, но дивной поры» «первоначальной осени». Очевиден и возвышенный *романтический* душевный настрой лирического героя при лицезрении картины ранней осени.

Раскроем содержательные и формальные признаки *прогностического ПС Ф* (завязки, или верхней границы хронотопа НВ). Чувство *восхищения* (ПС Ф) передает *замысел* поэта и *предмет* последующего изображения в стихотворении «Осень». Ему дорога каждая импрессионистская деталь «первоначальной осени», которую он фиксирует с тщанием фотографа. При соотнесении ПС Ф и ЗС заглавия текста (неоднозначность) наблюдаем отсутствие смыслового противоречия: чувство восхищения в «короткой, но дивной поро» неоднозначными приметам ранней осени. Это говорит об исключении *подтекста* в этом произведении. Он был системно предопределен «порядком» в АЦ «Осени». ПС Ф (неоднозначность) связан с *рассудком*, размышлением о противоречивых признаках осени и их восприятия. Ему контрастирует *естественное* бездумное чувство восхищения, формируя *романтическое содержание* эстетического идеала Ф.И. Тютчева [10]. Таковы *содержательные признаки* прогностического ПС Ф. *Формальные* признаки: ПС Ф (восхищение) подтверждает верность определения места завязки по третьему критерию из восьми. Исключение подтекстового смысла в «Осени» обусловлено жанром элегии. Картина «первоначальной осени» с его «короткой, но дивной порой» изображается сочетанием реалистического (реализм) и *нереалистических* (экспрессионизм, экзистенциализм, романтизм, импрессионизм, постмодернизм) художественных методов.

*Выводы* по системному анализу *содержания (С) и формы (Ф)* стихотворения Ф.И. Тютчева «Осень»: 1. *Ф* Стихотворение Ф.И. Тютчева «Осень» состоит из 2 смысловых частей: Ф и АЦ, что указывает на *малую жанровую форму* этого текста. На это указывает и объем (три строфы из трех предложений), количество героев (1 лирический герой), количество ситуаций (3). 2. *ФС* По жанру стихотворение «Осень» относится к элегии и соответствует *критерию художественного*, так как «порядок» в АЦ сочетается с «хаосом» в Ф текста. 3. *ФС* По жанровой разновидности произведение Ф.И. Тютчева соответствует *критерию художественности* в связи с *разнообразием* типов оценки поэтом изображаемого им с позиций *лирических и психологических и философских* в АЦ и Ф. 4. *Ф* Наблюдается изоморфизм родовых признаков лирики, эпоса и драмы в АЦ и Ф. 5. *Ф* Отмечаем изоморфизм АЦ и Ф «Осени» Ф. Тютчева в плане методов изображения: доминирует экспрессионизм при чертах постмодернизма, реализма, импрессионизма, экзистенциализма и романтизма. 6. Знаки («бодрый» - «праздный», «зимние бури» - «тёплая лазурь») в стихотворении связывают конкретно-исторические приметы ранней осени XIX века с восприятием ранней осени через те же приметы личностью, живущей в XXI веке. Это указывает на общечеловеческий *вневременной* смысл тютчевских знаков осени. Мы, читатели XXI века, понимаем изображение осени Тютчевем не только как явления природы, но и как смысл психологического переживания как такового, в котором сочетаются одновременно противоположные чувства. 7. *ФС* Конфликт Ф стихотворения Ф. Тютчева (восхищение и грусть) определяет противоречие развязки (конфликт между покоем и беспокойством). А ОТ углубляет смысл кульминации. В этом заключается проявление системной связи СЧ стихотворения Ф. Тютчева. 8. *С* ПС Ф (восхищение - *бессознательное чувство*) и ПС АЦ (покой – *осознанное* чувство) раскрывают конфликт *чувств и разума*, определяя суть *инвариантной темы* «Осени», т.е. ее *идею*. Это *утверждение в качестве прекрасного сочетания естественных чувств с разумом как основы объективного восприятия явлений реальной действительности*. Это, по мнению Тютчева, определяет смысл человеческого существования и оценки содержания явлений природы. 9. *С* В свете идеи «Осени» мы глубже понимаем ЗС названия: неоднозначность – это рассудочное явление, идущее от понимания, что осень вступит в свои права, а затем наступит холод и зима. 10. *С* ПЧВ (понимание) совпадает с ВЧВ (вторичным читательским восприятием), т.е. идеей, разделяемой нами, читателями и автором. Это

говорит об отсутствии подтекста, диктуемым «порядком» в АЦ, а также дополнением *прогностического ПС Ф* (восхищение) *ЗС названия* (неоднозначность), что связано с жанром *элегии*. Название и детали стихотворений А.С. Пушкина и Ф.И. Тютчева раскрывают восхищение одного поздней осенью, а другого – ранней. 11. *Ф ОТ* (покой и беспокойство) дополняется идеей (ИТ: сочетанием разума и чувства) согласно *реалистическому типу мышления* Ф.И. Тютчева. Но романтическое содержание эстетического идеала поэта, «порядок» в АЦ, лирическая грустная интонация развязки указывают на романтико-реалистическую стилевую двуплановость мышления Ф.И. Тютчева. Так, в кульминации к романтическим признакам осени относится наблюдение поэта о «короткой, но дивной поре» «первоначальной осени» с «хрустальным днем» и «лучезарными вечерами», а реалистическая картина возникает в развязке, где даны многочисленные приметы назревающей осени (беззвучие и пустота природы в ожидании зимы, хоть и «с чистой и теплой лазурью» небес). Обратим внимание и на двуплановость типов образности (*символическую* в кульминации и *психологическую* – в развязке) [11].

Итак, стихотворение Ф.И. Тютчева «Осень» соответствует критерию художественности по жанру элегии с отсутствием в ней подтекста, по жанровой разновидности (разнообразие лирического и психологического, философского типа оценки изображаемого). Это малая лирическое произведение, отражающее синтез примет трех родов литературы, написанное романтико-реалистической стилевой двуплановостью с символическим и психологическим типом образности. Картина ранней осени изображена поэтом синтезом доминирующего экспрессионистского метода с чертами экзистенциализма, постмодернизма, реализма, романтизма и импрессионизма.

1 Тютчев Ф.И. *Осень*//Ф.И. Тютчев. *Стихотворения*. – Алма-Ата: Мектеп, 1984. – С. 123.

2 Кулумбетова А.Е., Джунисова А.А., Садуакас Г.К., Мырзабекова А.К. *Система содержания и формы лирического, эпического и драматического художественного текста. Учебное пособие*. – Алматы: Искандер, 2008. – 178 с.

3 Горький М. *Беседы с молодыми*//М Горький о литературе. – М.: Сов. Россия, 1980. – С. 411.

4 Большой толковый словарь русского языка/Автор и рук. Проекта, гл. ред. С.А. Кузнецов. – СПб.: НОРИНТ, 2000. – С. 728.

5 Бахтин ММ *Формы времени и хронотопа в романе*// *Вопросы литературы и эстетики*. – М., 1975. – С. 403.

6 Пригожин Илья, Стенгерс Изабелла. *Порядок и беспорядок*//*Время, хаос, порядок. К решению парадокса времени*. – М.: Прогресс, 1994. – С. 55, 57.

7 Ильин И.П. *Интертекстуальность*// *Современное зарубежное литературоведение. Энциклопедический словарь* /Сост. И.П.Ильин, Е.А. Цурганова. – М., 1996. – С. 215-221.

8 Кормилов С.И. *Аллюзия*// *Литературная энциклопедия терминов и понятий* /глав. Ред. И сост. А.Н. Николюкин. – М.: НПК «Интелвак», 2003. – Стб. 28.

9 Федорина Л.Г. *Реминисценция* // *Литературная энциклопедия терминов и понятий* /глав. Ред. И сост. А.Н. Николюкин. – М.: НПК «Интелвак», 2003. – Стб. 870.

10 Нигматуллина Ю.Г. *Системно-комплексное исследование художественного творчества: История научного направления в Казанском университете*. – Казань: Фэн, 2004. – С. 62-69.

11 Гаджиев А.А. *Романтизм и реализм*. – Баку: Элм, 1972. – С. 74, 100-101, 203-214, 175, 237, 261.

## Ф.И ТЮТЧЕВТІҢ «КҮЗ» ӨЛЕҢІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ Ә.Е. Құлымбетова - М. Әуезов атындағы ОҚМУ профессоры, ф.ғ.д.

### Түйіндеме

Ф.И. Тютчевтің «Күз» өлені күзді жаңашылдық тұрғысынан жүйеліө кешенді жобада алғаш рет сараптама жасалды. Бұл мәтінді сараптама жасау кезінде төрт кезендік сараптаманың әрбірінде мазмұн мен пішін жүйесіне ерекше мән беріледі. Графикалық сараптама және графикалық симвоизм әдісін қолдана отырып, ақынның жаңашылдығы өлең мәтінінде бастапқы мәніндегі символ 1 цифрының басым болып келуімен байланысты. Тютчевтің күзіндегі реминисценттік белгілер Пушкиннің өленімен байланысты. Солар арқылы Тютчевтің жаңашылдығының мәнін түсінуге көмектеседі. Алдыңғы буын ұлы ақынмен шығармашылық тартыс негізінде орыс поэзиясында алғаш рет ерте күзді импрессионистік бейнелеуге бетбұрыс жасалды. Мақала авторы импрессионизм, экспрессионизм, постмодернизм, реализм, экзистенциализм және роимантизм сияқты бейнелеу әдістерінің нақты белгілерін ашып көрсетті.

**Тірек сөздер:** төрткезендік сараптама, мазмұн мен пішін жүйесі, осы шақ хронотопының жоғарғы және төменгі шегі, графикалық сараптама және графикалық символизм, объекттік тақырып, инварианттық тақырып, болжаушылық мағына, род, стиль, көркем әдіс, жанрлық пішін, элегия жанры, жанрлық саналуандылық, «тәртіп пен хаос», көркемдік критерийлер, реминисценция, интертекстуалдылық.

## ON THE FEATURES OF INNOVATIVENESS OF F.I. TYUTCHEV IN THE POEM “OSEN”

A.E. Kulumbetova – *Doctor of Philological Sciences, Professor*

*M.Auezova South-Kazakhstan State University*

### Summary

The poem “Osen” by F.I. Tyutchev has been analyzed for the first time in the system-complex aspect with a view to reveal the features of innovation in representation of autumn. It has been provided by special attention to the system of the content and the form at all four levels of the text analysis, application of the method of graphic analysis and graphic symbolism. Innovativeness of the poet refers to the prevalence of the symbol of figure 1 beginning in prevailing letters in the poem. Reminiscent signs of Pushkin autumn at Tyutchev’s work help the reader to realize the essence of his innovation - the first in Russian poetry reference to impressionistic description of early autumn on the basis of creative dispute (intertextuality) with his great predecessor. Special attention by the author of the article is given to designation of the specific features of such methods of representation, as impressionism, expressionism, postmodernism, realism, existentialism and romanticism.

**Key words:** four-level analysis, the system of the content and the form, the higher and lower bounds of chronotope of the present, graphic analysis and graphic symbolism, object theme, invariant theme, prognostic meaning, gender, style, artistic method, genre form, elegy genre, genre variety, “the order and the chaos”, the criterion of artistry, reminiscence, intertextuality.

ӘОЖ 821.512.122 (091)

### С. БАҚЫРҒАНИДЫҢ «АҚЫРЗАМАН КІТАБЫ»

Н.Қ. Мәтбек – *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы, ф.ғ.к.*

*e-mail: nursulu.m@mail.ru*

**Андатпа.** Мақалада Сүлеймен Бақырғанидың халық арасына кең тараған кітаптарының бірі – «Ақырзаман кітабының» мазмұны, ой-түйні, қазақ әдебиетіне әсер-ықпалы талданады. Бұл кітап 1847 жылы Қазанда алғаш рет жарияланған. 1855-1864 жылдар аралығында он жыл ішінде 9600 данасы басылған екен. «Ақырзаман кітабы» сонымен бірге «Тақи ғажап» деген атпен де танылған. Дастан 49 шумақтан тұрады. Ежелгі дәуір әдебиетінен бастау алатын ақырзаман сарыны Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде айқын көрінін, Сүлеймен Бақырғанидың ұстаз үлгісін темірқазық етін ұстанған бүкіл шығармашылығында, әсіресе «Ақырзаман кітабында» жалғасады. Бақырғани діннің қағидалары арқылы адамгершіліктің асыл мұраттарын, ізгі ой ниеттерін ұғындырады. Ақырзаман сарыны ғасырдан-ғасырға жалғасып, қазақ әдебиетіндегі зар заман поэзиясына ұласты. Ақырзаманды жырлау, яғни болып жатқан өзгерістерді ақырзаманның таяғандығымен байланыстыру тақырыбы зар заман ақындарының ерекшелігі болып қалыптасты.

**Түйін сөздер:** ақырзаман сарыны, хикмет, ислам, жұмақ, пайғамбар, зар заман поэзиясы, көне түркі тілі, қисса, ақын-жыраулар

Ислам дінінде адамзаттың басына бір келуі мүмкін ақырзаман жайлы болжам айтылады. Діни әдебиеттерде ақырзаман белгілері пайымдалады. Ақырзаман – дүние-тіршіліктің мерзім-шегі бітетін уақыт, оның қашан болатындығы бір Аллаға мәлім делінеді. Ақырзаман болғанда Исафил сүрін үрлеп, жер-көкті қара түтін қаптап, тіршілік иелерінің бәрі түгел өліп бітеді. Ақырзаманнан кейін Алла пәрменімен Исафил сүрін екінші рет үрлегенде, өлі тәндерге жан кіреді, өлгендер тіріліп, бәрі Махшар алаңына жиналады. Бұл қиямет күнінде пенделердің амал дәптерлері тексеріліп, соған лайықты тиісті орнын алады.

Қасиетті Құранның «Кеһф» сүресінде: «Қиямет күні тауларды жүргіземіз де, жерді жап-жазық көресің және де адам баласын, олардан ешкімді тастамай жинаймыз. Олар Раббыңның хұзырына қатарланып келтіріледі. Оларға: «Бастапта жаратқанымыз тәрізді келдіңдер, тінті сендерге бір уәделі мерзім белгілемедік деп ойладыңдар» (делінеді). Ғамал дәптері алдарына қойылады. Сонда күнәкарлардың, одан қорыққанын көресің. Олар: «Абырым-ай! Бізге нендей өкініш! Мына Кітапта, кішкене де, үлкенді де тастамай-ақ түгендепті»,– дейді. Сондай-ақ олар істегендерін дайын түрде табады. Раббың ешкімге әділетсіздік қылмайды»,– [1, 67] деп жазылған.

Ақырзаман, заман ақыр туралы түсінік ерте замандардан бері қалыптасқан, дүниедегі ірі діндердің (ислам, христиан, иудей т.б.) бәрінде бар. Мұсылман дінінде ақырзаман туралы ұғым құдайдан қорқу қағидасымен байланыстырылады.

Сүлеймен Бақырғанидың халық арасына кең тараған кітаптарының бірі – «Ақырзаман кітабы». Бұл кітап 1847 жылы Қазанда алғаш рет жарияланған. 1855-1864 жылдар аралығында он жыл ішінде 9600 данасы басылған екен. «Ақырзаман кітабын» Е.А. Малов 1897 жылы Қазандағы Император университеті баспаханасынан жарық жарық көрген «Известия общества археологии, истории и этнографии» (том XIV. вып.1) деген жинақта орыс тіліне аударып, түсініктерімен жариялайды. Е.А. Маловтың мақаласынан қазақ халқы ғана емес, түркі халықтарының да арасына танылған кітаптың мазмұн-мәнін теріске шығара отырып, Мұхаммед үмбеттерін христиан дініне уағыздағысы келеді. «Бұл кітаппен толық танысып шыққаннан кейін, біз кітап өзінің ішкі мазмұны мен сыртқы формасы жағынан болсын ерекше назар аударуға тұрмайды деген қорытындыға келдік»,– [2, 38] деп бағалайды.

«Ақырзаман кітабы» сонымен бірге «Тақи ғажап» деген атпен де танылған. Дастан 49 шумақтан тұрады. Өрбір шумақтың соңғы тармағында «Андын артық тақи ғажап даңлары уар (таңдары бар)» деген жол қайталанып отырады. Классик жазушымыз Сәбит Мұқанов «Өмір мектебі» романында өзінің молдадан оқыған кітаптарының бірі ретінде «Тақи ғажапты», яғни «Ақырзаман кітабын» да атайды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров «Өлең мен айтушылары» (1913) деген мақаласында: «Сендердің мақсаттарың қазаққа жан кіргізу болса, бұларың лаққандық, әдебиеттің не екеніне түсінбегендік, тым болса «Тақи ғажапты» оқып шықпадыңдар ма? Онда да айтады: «Тажал деген біреу шығып, халықты күрілімен, дүрілімен ерте алмайды, әншісі, сырнайшы, сауықшысымен қызықтырып ертеді» дегенді көрмедіңдер ме? Қысқасы, бір халықтың әні кетсе, әдебиет жесір қалады, сәні кетеді, сәні кетсе, жаны кетеді. Қазақты жансыз ағаш қылып, отқа жаққыларың келмесе, әнді сақтаудың қамын қылыңдар»,– [3, 263] деп жазады. «Тақи ғажаптың» мол танылғандығына дәлел ретінде осы үзіндіні келтіріп отырмыз.

Х.З. Ақназаров «Философия тарихынан дәрістер курсы» деген оқу құралында: «Зар заман идеясы орта ғасырдағы ақындардың шығармаларында қалыптасып, XVII-XIX ғасырларда дами түсті. Өзбек ақыны С. Бақырғани «Ақырзаман» деген кітабында сол идеяның негізін салды. Бақырғани патриархалдық-феодалдық тәртіптерді жақтады. Оның пікірінше, ақырзаманның белгілері: феодалдар өздерінің бұрынғы артықшылық белгілерінен айырылады, кедей мен құлдары өздерінің қожасымен тең болады. Бақырғани өзбек халқының өміріндегі жаңалық атаулының бәріне қарсы шықты. Тіпті өз заманындағы болмашы жаңалықтарды ол ақырзаманның жақындауы деп түсінеді»,– [4, 74] деген ойды айтады.

Бұл пікірде XII ғасырда өмір сүрген С.Бақырғани шығармалары түркі халықтарына ортақ мұра ретінде қарастырылатыны ескерілмеген және кеңес дәуіріндегі зерттеулердің ықпалы байқалады.

Ортағасырлық түркі ескерткіштеріне тән дәстүр бойынша, әрбір шығарманың соңында авторы көрсетіледі. Қазандағы Император университеті баспаханасында 1906 жылы жарық көрген «Ақырзаман кітабының» соңында:

*Құл Сүлеймен тағат қылғыл, гафу қылғай,*

*Ахыратда тағат бірлан рахым қылғай,*– [5, 16]

деп, бұл шығарманың авторы Құл Сүлеймен екендігі айтылған.

Е.А. Малов жоғарыда аталған мақаласында 1889 жылы Қазанда жарық көрген Мүскін Өли Шүкіри деген автордың «Замму назир кітабы» атты еңбегінен «Ақырзаман кітабы» туралы мәліметтерді келтіреді. Мүскін Өли: «Ай, йаранлар, бұ кітабни тасниқ қылған Құл Сүлейман диуб бизка масмұғ булған, Бақырғани диуб мұнда машһур булған»,– [2, 26] деп бұл кітапты жазған Құл Сүлейменнің

мұнда Бақырғани деген атпен белгілі болғандығын мәлімдейді. «Тақи ғажап» яғни «Ақырзаман» кітабының авторы ретінде шамамен 1730-1815 жылдары өмір сүрген татар ақыны Ғабдурахим молданы, «Отыземен» ауылының тұрғыны, санаушылар болған. Бірақ кітапта араб, парсы сөздерімен бірге кездесетін көне түркі тіліндегі Уған (құдай), чағыр (шарап) сияқты сөздердің болуы кітаптың XVIII-XIX ғасырларда емес, көне заманда жазылғандығын дәлелдейді.

196 тармақтан тұратын дастанның мазмұндық желісі төменгідей оқиғаларды құрайды:

- Ақырзаман белгілері;
- Тажал мен Мехдидің күресі;
- Махшар күні;
- Мұхаммед пайғамбардың өз үмбеттерін тозақ отынан құтқаруы.

Ақырзаман белгілері жайлы өлеңдер Қожа Ахмет Ясауиден бастап С.Бақырғани, Мөңке би, қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулар поэзиясы мен зар-заман ақындарына ұласып, кеңес дәуіріне дейінгі әдебиетте Албан Асан Барманбекұлының «Ақырзаман» жинағына енген өлеңдерімен аяқталатын тәрізді. Тегінде ақындар өздері өмір сүрген заманның келеңсіз құбылыстарының бәрін ақырзаманның жақындауы деп түсінген.

Қожа Ахмет Ясауи 28-хикметінде:

*Әулиелер айтқан уәде келер болғай,  
Қияметтің күні жуық болды, достар,  
Ақылды құлдың болғанын білер болғай,  
Ел-жұрттан мейір, шапағат кетті, достар.  
Үлкен-кіші адамдардан әдеп кетті,  
Қыз-келіншек, нәзік жаннан ұят кетті...  
Ақырзаман ғалымы залым болды,  
Ізгі тілегін үзбеген залым болды,  
Алланы айтқан дәруіштің жолы болды,  
Ғажап сұмдық замана болды, достар, – [6, 61]*

деп толғанды. Сүлеймен Бақырғани ұстазының бұл ойларын «Ақырзаман» дастанында былай деп жалғастырады:

*Замана ақыры болса, нелер болғай,  
Дүниеге түрлі-түрлі бәле толғай,  
Ғалымдар чағыр ішіп, зина қылғай...  
Сейітзада ғалымдар чағыр ішкей,  
Халал қойып, харам іске харис (құмар) болғай,  
Бахиллар (надандар) харам бірла харис болғай,  
Көп қатындар ерлеріне харам болғай,  
Ислам білмес бадбахытлар (бақытсыздар) шадман болғай,  
Мүміндердің ұлы-қызы есер болғай,  
Кәпірлер ұялмай, мен-мен дегей,  
Одан артық тағы ғажап таңдары бар [5, 2-3].*

Шортанбай «Зар заман» деген өлеңінде:

*Таңда мақшар болғанда,  
Таразыны аударар  
Зәлімнің қылған күнәсі,  
Әлімнің қылған зинасы [7,233]*

деп, Сүлеймен Бақырғани ойларын қайталайды.

Сексен мың жуһуд пірі болған Тажал шығып, Румға, одан Хорасанға сапар шеғін, Мехдимен Бағдад түбінде ұрыс қылғандығы, көктен Иса пайғамбар енін, Тажалды өлтіргендігі, йажуждар (дінсіз тобырлар) шығып, Иса мен Мехди Тур тауына асып, әуеден құстар ұшып, тас атып, йажуждарды жоқ еткендігі айтылады.

Л.И. Климович «Құран туралы кітап» атты зерттеуінде ислам демонологиясында қорқынышты тірі жан – Тажалдың барлығына сенетіндіктерін зерделейді. «Ол діни ілімге сәйкес мұхиттың ортасындағы ешкім тұрмайтын аралдағы төбеге шынжырмен байланып тасталған, оны онда жындар асырап және күзетіп тұрады. Ақырзаман болар алдында Тажал босанып, жер бетіндегі өзінің қысқа,

бірақ барып-тұрған қырып-жоятын қатал патшалығын орнатады. Осы кезде ғана төртінші көктен түсетін Иса ибн Мариям жалғыз өзі немесе Махдидің – Алланың басқа да «игілікке жолдаған тіршілік иесінің» көмегімен Тажалдың бүлдіргіш патшалығын жойып, жер бетінде исламның тазалығы мен күшін қалпына келтіреді» [8, 155].

Бұл оқиға Шортанбай ақынның (1818-1881) «Заман ақыр» өлеңінде де көрініс табады:

*Тажал шығып, дінді бұзғай,  
Қылышынан қан тамызғай,  
Мұсылмандар анда тұрғай,  
Сол малғұн тәңірмін деп,  
Дау қылса керек-ті.  
Мәди шығып жолығысқай,  
Мұсылманның басын қосқай,  
Тажалменен ұрысқай,  
Тап тұтылмай, Мәди қашып,  
Пайғамбардың көрін құшқай,  
Көрден Ғайса деп,  
Әуез шықса керек-ті.  
Аспаннан Ғайса түскей,  
Мәдименен көріскей,  
Тажалды өлтіріп,  
Ғайса үкімі онда болып,  
Мәдиді иман қылса керек-ті, – [8, 238-239]*

деп суреттейді. С. Бақырғани дастанында:

*Мәди шығып Мекке таба сапар қылғай,  
Мұхаммед рузасына жүзін сұрткей,  
Рузадан әуез шығып, Ғайса дегей,  
Одан артық тағы ғажап таңдары бар,  
Иса еңгей тамам түгел тоғыз жүзде,  
Дажалды өлтіргейлер білің анда,  
Мәдиді имам қылғай Иса анда,*

*Одан артық тағы ғажап таңдары бар, – [5, 4-5]*

деген жолдардан екі үзіндінің үндестігі аңғарылады.

Тоғыз жүзде Даббатул-арз (аң) шығып, Құран көтеріліп, Мұхаммед үмбеттері налынатындығы, Исафиал Алла пәрменімен сүрін ұрғанда, жер-көктің арасында тірі жандар қалмай, Әзірейіл өз жанын өзі алып, Алладан өзге ешкім қалмайтындығы суреттеледі.

Қырық жылдан соң Исафиал сүрін екінші рет ұрғанда, пенделер жер-жүзіне шығып, барша жандар тәндеріне кірін, Адам баласы жас нәрестедей бас көтерін, Уған (Алла) қазы болып, үкім қылатындығы баяндалады.

Дастанда «Алланың сүйікті досы, он сегіз мың ғалам пақыры» Мұхаммед пайғамбар ерекше сүйіспеншілікпен суреттеледі. Махшар алаңында Жебірейіл бастап келген періштелер, Мұса кәлім бастап келген мұрсалдар, Адам Ата – баршасы Мұхаммедке тәуап қылып, құрмет көрсетеді. Әбужаһил тамұқ азабын тартқандығын айтып, пайғамбардан мейірім тілейді.

Мұхаммед пайғамбардың ата-анасына көрсеткен ізет-құрметі үлгі етіледі.

*Мұхаммед анасына тағзым қылғай,  
Анасының мойнын құшып ана дегей,  
Кішкентайдан жетім қалдым сенен дегей,  
Мұхаммед Абдүмүтәлібке бабам дегей,  
Махбұб (сүйікті) жандар көріп гибрат алғай,  
Малаиктер, пайғамбарлар шадман болғай,  
Одан артық тағы ғажап таңдары бар [5, 8-9].*

Мұхаммед Алладан үмбеттерінің күнәлерін кешуін сұрайды. Алла тағала сүйікті досына мейірім етеді.

*Үмбетіңе тамұқ харам қылдым дегей,  
Райхан атты бостандарды бердім дегей,*

*Парыз тұтқыл көңіліңді, достым, дегей,  
Одан артық тағы газжап таңдары бар* [5, 14].

Дастан соңында Мұхаммед барша Махшар халқын жұмаққа бастайды, хор, ғылмандар қарсы алады, барлығын сегіз ұрмақ нұрымен нұрландырады. Халық ауыз әдебиетіндегі батырлық жырлар мен ертегілердегідей дастан соңы жақсылықпен, Мұхаммед үмбеттерінің жұмақтағы мамыражай тіршілігімен бітуі ақынның Хақ жолындағы мұсылман қауымды Алланың жарылқайтындығына деген қапысыз сенімін білдіреді.

Шәріп Амантай «Қазақ поэзиясында ұлттық идеяның көркем бейнеленуі: генезисі, эволюциясы және трансформациясы» деген зерттеу еңбегінде Шортанбай өлеңдерінің сопылар поэзиясымен сабақтастығының себептерін ұтымды дәлелдейді: «Сонымен, Шортанбай шығармаларында қоғам өміріндегі жаттыққа толы жаңалықтардың, дауасы жоқ дерттердің түп-төркіні де ашық аңғартылады. Ол – Ресейдің империялық саясаты. Егер Ясауи заманында Қарахандар мемлекеті тарих тұғырынан тайып, соның соңынша Түркістан мен Мәуреннахр аймағының түркілері қарақытай-қидандардың басқыншылық тауқыметін тартып, тым-тырақай тозғындаса, Шортанбай кезеңінің кескін-келбеті де осы құралыптас. М. Әуезов зар заманның көрнекті ақынын сопылардың «өз мүриті» деген де бір себептен сол орайластықты меңзеп отыр» [9, 121].

Шортанбай «Заман ақыр» өлеңінде қылдай жіңішке, ұзындығы үш мың жылдай сират көпірінен өтер пенделер халін суреттейді. Мұнда да үмбеттері үшін зар жылап, Хақтан кешірім өтінген шапағатшы Мұхаммед пайғамбар бейнесін көреміз. Құрбандыққа шалған қойың өзінді арқасына салып көтеріп ұшады дейді. Өлеңде одан әрі бейіш пен дозақтың сипаты көрініс табады. Сүлеймен Бақырғани дастанда қиямет күнінде Исафил сүрін алғаш рет ұрғанда, тіршілік иелерінің бәрі өліп бітіп, Әзірейіл өз жанын өзі алатындығын айтса, Шортанбай:

*Құдайым айтар кім бар деп,  
Әзірейіл айтар мен бар деп,  
Өз жаныңды өзің ал десе керек-ті.  
Бір қанатын жамылып,  
Бір қанатын төсеніп,  
Өз жанын Әзірейіл,  
Өзі алса керек-ті, – [8, 241]*

деп жырлайды.

Сүлеймен Бақырғани хикметтерінде де қиямет күні Исафил сүрін үрлеп, арасат таразысы құрылып, пенделердің жасаған қайырымдылығы, күнәсі сұралатындығы жыр етіледі.

*Исафил сүрини ұрмақы бар,  
Арасат аламика сұрмаки бар,  
Забанийа фаришталар сұрамақы бар.  
Арасат таразысы құрмақы бар,  
Қадырым қазы болып сұрамақы бар,  
Суалға жауабыларны аймақы бар,  
Меним ма көңилүм ичра мұңларым бар* [10, 9].

С. Бақырғанидың келесі бір «Келің, достлар, Хаққа құллық қыла көрің»,– деген өлеңінде:

*Достарымыз, заманамыз йуық келди,  
Тарса, жүһид, бейдин кафир елка толды,  
Билдим емди, үшбу жаһан ахыр болды,  
Келиң, достар, хаққа құллық қыла көрің.  
Исафил сурин ұрса көк йарылғай,  
Қорқынычдин пайғамбарлар тизин чөккай,  
һайбат бирла ол Азираил саңа келкай,  
Келиң, достар, Хаққа құллық қыла көрің”,– [10, 27]*

деп толғайды. Ақын заман ақыры болып, елге дінсіз көпірлер толып, ажал уақыты жақындады деп, Хаққа құлшылық етуге шақырады.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармаларында да заман ақырда, қиямет күнінде болатын оқиғалар суреттеледі:

*Бір күні сүрін тартар Исафил,*

*Болғаны сүрін тартса, заман ақыр.  
Тау мен тас, ой мен шұңқыр бірдей болып,  
Болады жердің жүзі айдай тақыр.  
Дүниеде өлмей қалмас ешбір пенде,  
Басқалар бір құдайдан болар мүрде [11, 285].*

Дастанда ақын Исафи́л сүрін екінші рет тартқанда, жанның бәрі тіріліп, Махшар алаңына айдалатындығын сипаттайды.

*Алланың пәрменімен тірілер жан,  
Болады бұрынғыдай жұмыла ғалам.  
Әр кісі көр басында шығып тұрар,  
Тірілмей әркез қалмас ибн адам.  
Баршасы инси-жанның бас көтерер,  
Бір аттың тұяғынан мың кісі өрер.  
– Махшарға халайықты айдаңыз, – деп,  
Алладан періштеге әмір келер.  
Мәліктер қолына алып күрзілерін,  
Махшарға халайықтың айдар бәрін.  
Ол күні халайықты қайғы басар,  
Еш пенде бір-бірінің білмес халін [11,287].*

М. Әуезов өзінің зерттеу еңбектерінің бірінде зар заман сарыны Асанқайғы мен Бұқар жыраудан басталатындығы жайлы ой түйеді. Асанқайғы Жәнібек ханға:

*Ай, Жәнібек, ойласаң,  
Қилы-қилы заман болмай ма,  
Суда жүзген ақ шортан  
Қарағай басын шалмай ма,  
Мұны неге білмейсің? – [12,24]*

деген екен. Бұхар жырау (1685-1777) Асанқайғы дәстүрін төмендегіше жалғастырады:

*Ай, заман-ай, заман-ай,  
Басты мына тұман-ай,  
Істің бәрі күмән-ай,  
Баспақ, тана жиылып,  
Пәни болған, заман-ай.  
Құл-құтандар жиылып,  
Құда болған, заман-ай.  
Азаматын құлатып,  
Ел толыққан, заман-ай.  
Мына заман қай заман,  
Толқып жатқан заман-ай.  
Арғымақ жалсыз, ер малсыз,  
Алланың аманаты болған жан  
Қалай алар болжалсыз [13, 50].*

Дулат ақын (1802-1874) өз толғауында:

*«Қарызға кірген жақсылар  
Ашылмасын көзің», – деп,  
Сол себептен қорқамын  
Заманақыр болар деп.  
Енді мынау сұм заман  
Келе жатыр жақындап.  
Тез-тез өтіп барады  
Жаз бен қыстың арасы, – [13,119]*

деген өлең жолдары арқылы өзгерістердің тууын ақырзаманның жақындауы деп түсінеді.

М. Әуезов «Әдебиет тарихы» деген зерттеуінің VII бөлімі зар заман ақындарына арналған. «Зар заманның орта буынынан бері қарай дін сарыны біздің әдебиетте жылдан жыл өткен сайын үлкенірек

орын алады. Басы Шортанбайдан басталған діншілдік, XIX ғасырдың аяғына келгенде толып жатқан дін қиссаларына келіп соғады», – [14, 212] деген тұжырым жасайды. «Зар заман ақындарының ішінде дін сарынын шығарып, дін мейманалығын көп ұсынатын» ақын ретінде Ы. Алтынсаринды атайды. Бұған педагоғ-ақынның:

*Жаратты неше алуан жұрт бір құдайым,  
Тең етті бәрімізге күн мен айын.  
Адамның адам біткен баласымыз,  
Қайсың бөлек тудың деп айырайын, – [15, 10]*

деп басталатын «Өсиет өлеңдері» дәлел. «Өмір деген бес күндік кетер өтін» деп, бұл фәнидің жалғандығын ескертіп, тірлікте адам баласын бір-біріне қарасып, көмектесуге шақырады. Дәуіт тоба қылады, содан соң отыз ұлына татыр Сүлеймен патша туды дейді.

Ескендір мәңгі суын әкелуге уәзірі Қыдыр Ілиясты жұмсайды. Бір адамға жолығып, жөн сұрасады. Ол өлмеске талап етін, суды ішін, неше жыл өмір сүріп, өз жаны мен денесінен өзі безіп, құдай-тағаладан өлім сұрап, осында келген екен. Қыдыр Ілияс суды Ескендірге алып барады, су Ескендір аузына бармайды. Әйіп пайғамбарды сегіз жылдан мың құрт жсйді, қанша қиындық көрсе де сабыр етеді. «Дана болсаң, кем адамды қорлама, бай болсаң да, бір құдайды ұмытпа, беңде болсаң, бейшараны ренжітпе», – деген өсиет сөздермен ақын өлеңдерін аяқтайды. Ы. Алтынсаринның бұл өлеңі де дәстүрлі Құран сюжеттерінен алынған, бұл дүниеде астамшылық, менмендік жасамауды, не қиындық көрсең де, төзе біліп, сабырлық етуді, кәріп-бейшараларға қайырымдылық жасауды уағыздайды.

*Ер болған сиыр бағып Зеңгі баба,  
Пір болды түйешіден Ойсыл қара, – [15, 11]*

деп ақын қазақ халқының аңыз-әңгімелерінің кейіпкерлерін жырға қосады. Наушеруан патша діні кәпір болса да, әділдігі үшін дозаққа жағылмады. Қарынбайды қайырсыздығы үшін жер жұтты деп, Құранның 28-сүресінде айтылатын Қарунның сарандығы, дүние құмарлығы үшін Алла қаһарына ұшырап, жер жұтқандығын айта отырып, Қарынбай бойындағы қасиеттерден аулақ болуға шақырады. Халық арасына кең тараған аңыздарды Ы. Алтынсарин дидактикалық мән бере түсіндіреді, өзінің педагогтік мақсатына орай пайдаланады.

1934 жылы Ілияс Жансүгірұлы ақын Асан Барманбекұлының 14 өлеңін жинап, «Ақырзаман» деген атпен басып шығарады. «Социалды Қазақстан» газетінде (1935, 22 январь) кітап жайлы хабарлама жарияланады. Газетте І.Жансүгірұлының мынадай пікірі келтірілген: «Асан төңкерістің алдындағы заманда кезіккен ру-бектік қалыптағы ескі ауылдың тілі болған, өзінің айтуынша, «ақырзаман ақыны». Мұның жазған өлеңінің басынан аяғына шейін түңілу, тоқырау сыры бейім. Асан өзінше баяғы елдің «өзбек заманы», «кең заман», «еркін заман», «өзбектен кейінгі орыс патшасының қол астына қарағаннан бастап, тар заман туып, зар заман басталды». Сондықтан Асан өлеңінің басы да, аяғы сыдырғы, бір ізде отыратын. Байымсыл жылаудың, күні өткен, үміті біткен ақынның сарыны болып шығады. Бұл – екінші Асан қайғы», – [16] дейді.

Албан Асан өлеңдері де қазақ арасына кең тараған. Өз дәуірінде ақын шығармаларындағы ойларын заманның болашағын болжайтын әулиелік, көрінкелдік деп санаған. «Аспаһанның асылы» деген өлеңінде:

*Билерден кетіп әділет,  
Байлардан кетті шапағат,  
Пақырдан кетті қанағат.  
Молдалардан кетіп:  
Намаз, құран, таһауат.  
Қайсы бірін айтайын  
Заман мынау болғаны  
Мінекей енді шын болды.  
Құдайға тоба қылыңдар,  
Жамандық тастап, азамат,  
Түзу жолға бастағай, – [17, 61-62]*

деп, елден әділет, мейірімділік, қанағат сияқты қасиеттердің жоғалуы ақырзаманды жақындатады деген түйінді айтып, жамандықтан арылу үшін, құдайға тоба қылып, құлшылық етуге уағыздайды.

М. Мырзахметұлы «Түркістанда туған ойлар» деген еңбегінде: «Сопылық танымның қазақ даласындағы ең соңғы соғылған қоңырау үніндей Албан Асан Барманбекұлының өлеңдерімен аяқталады. Бұған айғақты дәлел – сопылық жөнінде тоқталатын өлең жолдары», – [18, 13] деген қорытынды жасайды.

1916 жылы Алматы облысы Кеңен ауданында елу жасында өмірден өткен, елін, жерін шексіз сүйген ақын Албан Асан жырлары оқырман қауымға кеңес дәуірінде кең танылмады.

Зар заман сарыны XV-XIX ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясынан да әріден, X-XII ғасырлардағы ислам дәуірінен бері қарай ұласатындығы байқалады. «Тар заман» «зар заман», «ақырзаман» тақырыбы ақын-жырауларды қатты толғандырған.

Қазақтың «Нострадамусы» атанған Мөңке би:

*Жақсының атағы кетіп, азабы қалар,  
Ақылы жоқ санасыздың заманы болар.  
Сөздің маңызы кетіп, самалы қалар,  
Адамның жақсысы кетіп, жаманы қалар,* – [19]

деп жырлады. Абай ақырзаман жастары жөнінде:

*Заманақыр жастары  
Қосылмас ешбір бастары.  
Біріне-бірі қастыққа  
Қойнына тыққан тастары,* – [20, 129]

деп, олардың алауыздығын, өсер елдің баласына жат осындай қылықтарды сынайды.

Ал Нұржан Наушабайұлы (1859-1919) ақырзаман адамының келбетін былайша сипаттайды:

*Ақырзаман адамы аласа туады,  
Аласа болса да, тамаша туады,  
Құлық - сұмдықты ойлай туады,  
Жамандыққа бойлай туады,  
Итере салсаң жығыла қалады,  
Тұра сала жармаса қалады* [21, 54].

Омарұлы Бауыржан өзінің зерттеу еңбектерінде қазақ әдебиетіндегі зар заман ағымын қалыптастырған үш бастау бұлақты атап көрсетеді: бірінші – ежелгі дәуір әдебиетінен басталатын заманға наразылық мотиві; екінші – Асан қайғыдан басталатын болжам өлеңдер; үшінші – ақырзамандық сарын [22, 110].

Х. Досмұхамедұлы қазақ әдебиетінің негізін құрайтын халық әдебиетін мазмұны жағынан жіктей келе, солардың қатарында болжал өлеңдерді (предсказывательные песни) және діни сипаттағы әдебиетті (литература религиозного характера) атап көрсетін, талдау жасайды. «Болжал әдебиеттің негізгі мазмұны қазақ халқының болашақ тағдыр-талайы болып табылады. Жер тозады, жайлау тарылады, ауа райы қаталданады, адамдар кедейленеді, мінез-құлық өзгереді, жаман ғадеттер молаяды, бір сөзбен айтқанда, қазақ елі, жері өзгерін, азып-тозады. Аталған ауыр күндердің хақтығын болжай отырып, халық өз басындағы жаман ғадет, қасиеттерден арылмаса, бұдан шығар жолдың жоқтығын, болашақта құлдық пен құру күтіп тұрғанын жырлайды», – [23, 22] деген ойды түйіндейді. Болжал өлеңдердің басында Асан қайғы тұрғандығын атайды.

«Діни сипаттағы әдебиет ісләмнің негіздерін, шариғаттың қағидалары мен талаптарын, тамұқтың азабын, жұмақтың рахатын және басқа о дүниелік өмірдің көріністерін суреттейді. Мұхаммед пен оның серіктерінің өмір-жолдарын баяндау да бұл әдебиетте ерекше орын алады. Әсіресе Әли Халифа мен оның балалары Хасен, Хұсайын туралы өлең-хикаялар мол» [23, 29] екендігіне назар аударады.

Ежелгі дәуір әдебиетінен бастау алатын ақырзаман сарыны Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде айқын көрініс, Сүлеймен Бақырғанидың ұстаз үлгісін темірқазық етіп ұстанған бүкіл шығармашылығында, әсіресе «Ақырзаман кітабында» жалғасады. Бақырғани діннің қағидалары арқылы адамгершіліктің асыл мұраттарын, ізгі ой ниеттерін ұғындырады.

Ақырзаман сарыны ғасырдан-ғасырға жалғасып, қазақ әдебиетіндегі зар заман поэзиясына ұласты. Ақырзаманды жырлау, яғни болып жатқан өзгерістерді ақырзаманның таяғандығымен байланыстыру тақырыбы зар заман ақындарының ерекшелігі болып қалыптасты.

- 1 Құран және Ғылым. Ислам ақиқат көзімен қарағанда. – Алматы: Ислам кітапханасы, 2003. – 160 б.
- 2 Малов Е.А. О кончине мира // Известия общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском университете. – Казань, 1897. – Т.14, вып.1. – С.1-96.
- 3 Торайғыров С. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1957. – 398 б.
- 4 Ақназаров Х. Философия тарихынан дәрістер курсы. Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1992. – 110 б.
- 5 Ақырзаман кітабы / Баст. Шәмсиддин Хусаинов. – Қазан: Император Университеті табиғханасы, 1906. – 16 б.
- 6 Иассауи Қожа Ахмет. Диуани Хикмет (Ақыл кітабы) / Ауд. М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи. – Алматы: Мұраттас, 1993. – 262 б.
- 7 Климович Л.И. Құран туралы кітап / Ауд. О. Оралбеков. – Алматы: Қазақстан, 1990. – 272 б.
- 8 Радлов В.В. Алтын сандық / Құраст. С. Қасқабасов, К. Исламжанұлы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 256 б.
- 9 Шәріп А.Ж. Қазақ поэзиясында ұлттық идеяның көркем бейнеленуі: генезис, эволюциясы және трансформациясы: филол. ғыл. д-ры. дис. – Алматы, 2001. – 296 б.
- 10 Бақырғани кітабы. – Қазан: Матбәга-и Кәримия, 1901. – 80 б.
- 11 Көпейұлы М.-Ж. Көп томдық шығармалары. – Алматы: Алаш, 2003. – Т.2. – 432 б.
- 12 Бес газыр жырлайды. 2 томдық / Құр. М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т.1. – 384 б.
- 13 Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары / Құраст. М.Жармұхамедұлы. – Алматы: Мұраттас, 1992. – 96 б.
- 14 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 15 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.
- 16 Ақырзаман // Социалистік Қазақстан. – 1935. – 22 қаңтар.
- 17 Ақырзаман (Албан Асан сөздері) / Жинап, баспаға дайындаған І. Жансүгіров. – Қызыл-Орда: ҚКӘБ, 1934. – 103 б.
- 18 Мырзахметұлы М. Түркістанда туған ойлар. – Алматы: Санат, 1998. – 368 б.
- 19 Мұсылман күнтізбесі. 2002 жыл / Құр. С. Қанатбайұлы. – Алматы: Жылнама, 2001. – 368 б.
- 20 Абай (Ибраһим Құнанбаев): 2 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. – Т.1. – 248 б.
- 21 Наушабайұлы Н. Алаш. – Қостанай: ЖШС баспа үйі, 1997. – 192 б.
- 22 Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. – Алматы: Білім, 2000. – 368 б.
- 23 Досмұхамедұлы Х. Аламан / Құр. Ғ. Әнесов, А. Мектепов, Ш. Керімов. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.

**«КНИГА О КОНЧИНЕ МИРА» С. БАКЫРГАНИ**  
**Н.К. Матбек – к.ф.н., ст. преподаватель КазНУ им. аль-Фараби**  
**Резюме**

В этой статье Сулеймен Бакыргани анализирует содержание, мысли и идеи широко распространенной книги среди народа «Ақырзаман кітабы», а также влияние на казахскую литературу. Это книга впервые была издана в Казане 1847 году. За период 1855-1864 гг. было выпущено 9600 экземпляров. Поэма состоит из 49 куплетов. «Ақырзаман кітабы» также известна как книга «Тақи гажап». В древневековой литературе видны были хикметы Қожа Ахмет Ясауи, во всем творчестве Сүлеймена Бакыргани, особенно в книге «Ақырзаман кітабы» прослеживается наставник как путеводитель.

Бакыргани с помощью религиозной теории объясняет лучшие достижения человечества. Последняя цивилизация из поколения передается как поэзия скорбной времени. Воспевание приближения скорбного времени последней цивилизации продолжается и в других произведениях.

**Ключевые слова:** последняя цивилизация, хикметы, ислам, рай, пророк, поэзия скорбной времени, древне-тюркский язык, касса, поэты-воспеватели

**«A BOOK ABOUT THE END OF THE WORLD» S. BAKYRGANI**

**N.K. Matbek** – *candidate of philological sciences KazNU al-Farabi*

**Summary**

Suleiman Bakyrangani article is one of the most popular books among the population, "the book by the end of the world" content, thought-node, analyzed the effect of the impact on the Kazakh literature. This book was first published in October 1847. During the ten years from 1855-1864 was published in 9600 copies. "End of the World Book" as well as "Taqi (gazhap) miracle" was also recognized as. Poem consists of 49 verses. Ancient World K.A.Yassawi set of literature, which is the end of the world xikmetterinde obvious, Solomon Bakyrangani teacher committed to Temirkazyk all types of work, especially in the "book of the End of the World" continues. Bakyrangani by the principles of religion and morality noble ideals, explains the good thoughts and motives. End of the World Motives continued for centuries, resulted in the need of Kazakh literature of modern poetry. Changes taking place in the story that the end of the world doomsday approach has become a feature of the subject in need of up-to-date with the poets.

**Keywords:** the end of the world, yellow, Wise, Islam, on Friday, the prophets, and in need of modern poetry, ancient Turkic language, Saga, the poet-storyteller.

**УДК 811.161.1.0**

**ГЕНДЕРНЫЙ АСПЕКТ РЕКЛАМНОГО ТЕКСТА В РАМКАХ КОГНИТИВИСТИКИ**

**А.М. Нурбаева** – *PhD докторант, Казахский национальный университет имени Абая*

**Аннотация.** В данной статье рассматривается роль гендерного фактора при создании рекламного текста. Обосновывается идея о том, что гендер как продукт общественных отношений и культурной традиции закреплён как в общественном, так и в индивидуальном сознании. В этой связи анализ текстов массовой коммуникации, обращённых к коллективному адресату, представляется актуальным, так как позволяет выяснить, какие гендерные стереотипы встречаются наиболее часто на данном историческом отрезке, и как меняется их динамика в диахронии. Доказано, что рекламный текст имеет свой специфичный метадискурс и его структура зависит как от гендерного, так и от культурно-языкового параметров. Категории текстуального метадискурса соотносятся с позиционирующими стратегиями и обеспечивают формирование планируемого восприятия рекламируемого объекта, тогда как категории межличностного метадискурса соотносятся с частными коммуникативными стратегиями, оптимизирующими воздействие конкретного рекламного сообщения.

Автор приходит к выводу, что стереотипы, в том числе и гендерные, играют существенную роль при воздействии на сознание индивидов, на их представление о мире, так как они в значительной степени влияют на внутреннюю готовность человека определённым образом воспринимать явления окружающего мира, оценивать их и действовать по отношению к ним.

**Ключевые слова.** Рекламный текст, рекламная деятельность, гендер, гендерный аспект, ролевой стиль, ролевые параметры, ролевой конфликт, ролевой стереотип, ролевое прерывание, ролевое дистанцирование, гендерный фактор.

Современного человека окружает не столько реальный, естественный мир, сколько созданная развитием языка, печати, массовых аудиовизуальных средств воспроизведения действительность.

Продуктом рекламной деятельности являются рекламные тексты, в которых выражается все то, ради чего осуществляется рекламная коммуникация. В рекламных текстах содержатся все те языковые и неязыковые средства, которые делают возможным осмысление и понимание текста реципиентом и обуславливают реакцию на него. В рекламном тексте вербализируется, визуализируется и символизируется информация не только о рекламируемом объекте, но и о существующих социальных, в том числе гендерных отношениях.

Гендер «создается (конструируется) обществом как социальная модель женщин и мужчин, определяющая их положение и роль в обществе и его институтах (семье, политической структуре, экономике, культуре и образовании, и др.). Гендерные системы различаются в разных обществах,

однако в каждом обществе эти системы асимметричны таким образом, что мужчины и все «мужское/маскулинное» (черты характера, модели поведения, профессии и прочее) считаются первичными, значимыми и доминирующими, а женщины и все «женское/фемининное» определяется как вторичное, незначительное с социальной точки зрения и подчиненное. Сущностью конструирования гендера является полярность и противопоставление. Гендерная система, как таковая, отражает асимметричные культурные оценки и ожидания, адресуемые людям в зависимости от их пола».

«Конструирование гендера в текстах рекламы осуществляется как на уровне суперструктуры, так и макроструктуры текста. Если в суперструктуре гендерные маркеры эксплицированы, например, при помощи лексических единиц, или грамматическим способом, или в изображении, то на уровне макроструктуры гендер представлен имплицитно. При этом тексты, направленные на решение проблем, связанных с улучшением благосостояния, статуса и т.п., имплицитно корреспондируют с такими характеристиками, как рациональность, целенаправленность, авторитетность, которые атрибутируются маскулинности, тогда как тексты, посвященные решению повседневных проблем, соотносятся с такими характеристиками, как жертвенность, доброта, милосердие, которые приписываются стереотипно фемининности».

«Журналистика, как любое проявление массовой культуры и массового сознания, невозможна без стереотипных, устойчивых представлений о должном и не должном, дурном и праведном, положительном и отрицательном. Эти стереотипы складываются из устойчивых представлений, восходящих к заповедям мировых религий, фольклорным представлениям и национальному опыту. В то же время, стереотипы имеют свойство меняться с ходом времени. Не в последнюю очередь это относится к гендерным стереотипам – представлениям о «хороших» и «плохих» женщинах и мужчинах и взаимоотношении их ролей в том или ином обществе. Гендерные стереотипы в СМИ неотделимы от идеала женщины, а также идеи предназначения женщины, господствующей в тот или иной период».

Анализ газет, предпринятый за последние 5 лет Ассоциацией журналисток, показал, что в материалах национальных СМИ доминируют преимущественно два типа женщин: это сексуальный объект и счастливая домохозяйка – подруга мужчины. Стереотипно предстают и образы «ролевых моделей» мужчин – это, как правило, удачливый бизнесмен, претендующий на звание супермена во всем.

И. Гольдман считает, что образ мужчины в рекламе – «это, прежде всего, образ собственника, что подтверждается таким элементом, как направление жестов, движений рук, которые имеют коммуникативную направленность, обращенность к другому. У большинства мужских персонажей в рекламе руки немного вытянуты от себя, и все жесты также направлены от себя. Вытянутыми руками мужчина словно очерчивает границы своего социального пространства и всего того, что находится в этом пространстве. У женщин, – наоборот, большинство жестов направлено к себе. Мужчины в рекламе используют не только символические способы формирования: игра желваками, выпячивание груди, сжимание рук в кулаки, но и другие властные жесты – сжатый кулак или динамичный выброс его в пустоту, оттопыренный большой палец кисти, сигнал «o`k», включая также реальное психологическое и физическое насилие».

Гендер как продукт общественных отношений и культурной традиции закреплен как в общественном, так и в индивидуальном сознании. «Говоря о массовой коммуникации, мы придерживаемся точки зрения, что РТ, в том числе и социальные, опираются на действующие стереотипы, поскольку коллективное сознание достаточно стереотипно. В этой связи анализ текстов массовой коммуникации, обращенных к коллективному адресату, представляется актуальным, так как позволяет выяснить, какие гендерные стереотипы встречаются наиболее часто на данном историческом отрезке, и как меняется их динамика в диахронии».

Именно стереотипы, в том числе и гендерные, играют существенную роль при воздействии на сознание индивидов, на их представление о мире, так как они в значительной степени влияют на внутреннюю готовность человека определенным образом воспринимать явления окружающего мира, оценивать их и действовать по отношению к ним.

Для сравнения проследим, каким образом гендер конструируется в других видах рекламного слогана.

«В экономической рекламе прослеживаются две тенденции: активное использование гендерных стереотипов и нейтрализация гендерного фактора.

В первом случае мужчинам атрибутируются такие качества, как стабильность, профессионализм, престиж, обеспеченность и т.п., тогда как женщины представляются в роли сексуального объекта, недалекими, зависимыми, обремененными домашними заботами существами и т.п. К примеру, при рекламировании видеокамеры марки «Панасоник» наряду с изображением видеокамеры помещено фото женского лица. Вербальная часть обращена к неперсонифицированному мужчине: ... Не хотите ли Вы поместить ее фото на экране? Если она действительно хороша – пусть Ваши друзья завидуют Вам. Отправьте ее фото по e-mail. Или распечатайте на видеопринтере и повесьте над своим столом – мы гарантируем качество изображения. Но ей надо быть аккуратнее с помадой – ведь Вы действительно увидите все (Деньги, 2000/46). Несмотря на то, что видеокамерой могут успешно пользоваться как мужчины, так и женщины, рекламный текст адресован именно мужчинам. Примечательно, что автор для побуждения к покупке создает атмосферу недосказанности, некой двусмысленности, привлекая при этом гендерные стереотипы о качествах и поведении, которые приписываются мужчинам и женщинам. Причем характеристика последних используется для придания особой ценности рекламируемому товару.

Частная реклама представляет собой богатый материал для исследования с гендерной точки зрения. Примером могут служить работы профессора М.Д. Городниковой на материале брачных объявлений, которые рассматриваются как определенный вид рекламного текста. Было установлено, что они распадаются на две основные группы. К первой относятся объявления, сообщающие о желании замужества, их можно условно обозначить как «поиск мужа». Наряду с привлекательностью, юным возрастом женщины подчеркиваются ее домовитость, хозяйственность, приверженность патриархальному укладу. Упоминаются или предполагаются такие качества, как простодушие, безбидность, скромность, гарантирующие иерархическое подчинение мужчине. Со стороны последнего это предполагает материальную обеспеченность и определенный статус. Вторая группа объявлений условно обозначена как «поиск партнера». Здесь «к приоритетам относятся профессиональная ориентация, образование, предпочтительные виды досуга, экономическая независимость, политическая ориентация. Новые приоритеты предполагают психологический портрет женщины, включающий черты, традиционно приписываемые мужчине – высокий интеллект, целеустремленность, интерес к разным сторонам общественной жизни, успешность карьеры».

Отметим, что в коммерческой рекламе первое место в рейтинге «ай-стопперов» (останавливающих глаз) занимает архетип девы, или анимы, что нередко приводит к гендерной асимметрии текстов и изображений.

В рекламе наиболее часто используемыми для социальных целей являются изображения детей и матерей. «Остановимся на образе матери, достаточно часто встречающемся в «знаке организации», например, организации UNICEF, где он получает двойную актуализацию. Во-первых, он связан с деятельностью организации, указывая на то, что она осуществляет помощь и поддержку детям. Во-вторых, он ассоциируется с самой организацией, которой могут быть приписаны такие положительные характеристики, присущие архетипу матери, как любовь, забота, сочувствие».

Анализ выявил также зависимость изображения в социальных рекламных текстах от их макроструктуры. «Например, в рекламных текстах, посвященных помощи инвалидам, изображение женщин встречается крайне редко, что, вероятно, вызвано эстетическими соображениями. В РТ, направленных на помощь беженцам, населению стран третьего мира, несмотря на метагендерный текст, изображены дети или женщины с детьми. Изображение мужчины в социальной рекламе часто опускается, возможно, это связано с тем, что в силу всеми поддерживаемого стереотипа о сильном поле, изображение его представителя в неблагоприятной для него ситуации может вызвать скорее нежелательную реакцию адресата, например отказ от помощи человеку или группе людей, действительно нуждающихся в ней».

В обществе человек выполняет разные социальные роли, и это в немалой степени определяет его жизнь. Поэтому эти роли активно эксплуатируются в рекламе.

В данной теории социальных ролей используются такие основные понятия, как:

- ролевой стиль;
- ролевые параметры;

- ролевой конфликт;
- ролевой стереотип;
- ролевое прерывание;
- ролевое дистанцирование и т.д.

Их определения:

- ролевой стиль — это индивидуальные отличия в выполнении данной роли;
- ролевые параметры — рамки, в которых дозволено определенное ролевое поведение;
- ролевой конфликт — одновременное выполнение личностью двух противоречивых друг другу ролей;
- ролевой стереотип — представление об идеальном исполнителе данной роли;
- ролевое прерывание — когда перестаем выполнять определенную роль;
- ролевое дистанцирование — когда выполняем роль «понарошку» не воспринимая ее всерьез.

Можно выполнять несколько ролей одновременно — роль супруга, отца, начальника и т.д. Можно перевоплощаться в новых ролях, продолжая осуществлять и старые.

Теория ролей используется в маркетинговой и рекламной коммуникации. Одна из важнейших сфер ее приложения – так называемый кластер связанных с ролями. Он представляет совокупность продуктов, которые, считается, будут хорошо выполнять определенные роли. Типичным примером может служить то, как позиционируются автомобили ВМВ – машины яппи, то есть молодых мужчин и женщин в роли преуспевающих бизнесменов и бизнес-леди.

Таким образом, гендерный аспект при создании рекламных текстов позволяет учесть все стереотипы и учет гендерных различий двух полов при создании рекламы.

1. Картер Гарри. Эффективная реклама. – М.: Прогресс, 1991. – 280с.
2. Жан Бодрийяр Реклама как вид журналистики. М, 2000
3. Головлева Е. Л. Основы рекламы. – М.; Ростов-на-Дону: Московский гуманитарный институт; Феникс, 2004. – 316 с.
4. Ф.Котлер. Реклама в прессе: Уч. пособие. М, 1977. – 565 с.
5. Богачева Н.М. Реклама, ее возникновение и некоторые сведения из истории развития. М., 1969
6. Архипов В.Е. Принцип эффективности менеджмента и маркетинга. М., 1998. – 270 с.

## ТАНЫМДЫҚ ҒЫЛЫМ ШЕҢБЕРІНДЕ ЖАРНАМА МӘТІНІНІҢ ГЕНДЕРЛІК ӨЛШЕМ

А.М. Нурбаева – PhD докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Түйіндеме

Айтылмыш мақалада гендер фактордың рөлі жарнамалық мәтіннің жаралғанында қарастырылады. Бұл мақалада жарнама мәтінін құру гендер рөлін зерттейді. Гендерлік жұртшылық де және жеке сана бекітілген әлеуметтік қарым-қатынастар мен мәдени дәстүрлерін өнім екенін идея негіздейді. Осыған орай, бұқаралық коммуникация мәтіндерді талдау, ұжымдық межелі атына ол гендерлік таптаурындар осы тарихи кезеңде неғұрлым кең тараған мүмкіндік береді, және олардың динамикасы диахрония қалай өзгереді, бұл өзекті болып табылады. Ол хабарландырудың мәтіні өзіне тән metadiskurs бар және оның құрылымы гендерлік және мәдени және тілдік параметрлеріне байланысты екені дәлелденген. Санаттар мәтіндік тұлғааралық метадискурс санаты нақты жарнамалық хабарламаның әсер оңтайландыру нақты коммуникативтік стратегиясын қатысты, ал жарнамаланатын объектінің қабылдау жоспарланған қалыптасуын қамтамасыз ету үшін позициялау стратегиясы қатысты метадискурс. Әлемнің белгілі бір тәсілі құбылыстарды қабылдауға және олардың бағалау үшін ішкі адамның дайындығын айтарлықтай әсер бар автор, жынысына, соның ішінде стереотиптерді, олардың әлемге түрі

**Түйін сөздер:** Жарнамалық мәтін, жарнамалық қызмет, гендер, гендерлік аспект, стиль, ролдық параметрлер, қақтығыс, рөлдік стереотиптер, рөлдік тоқтату, рөлдік қалатыны, гендерлік.

## THE GENDER DIMENSION OF THE ADVERTISING TEXT WITHER COGNITIVE SCIENCE

A.M. Nurbayeva – Doctoral student PhD, Kazakh National University named after Abay

### Summary

This article examines the role of gender in the creation of the advertising text. Substantiates the idea that gender as a product of social relations and cultural traditions enshrined in both the public and the individual consciousness. In this regard, the analysis of the texts of mass communication, addressed to the collective

destination seems relevant, as it allows to find out which gender stereotypes are more prevalent at this historical period, and the changing dynamics in their diachronic. In this regard, the analysis of texts of mass communication, addressed to the collective destination, it is relevant, as it allows to find out what gender stereotypes are more prevalent at this historical period, and how changes in their dynamics diachrony. It is proved that the ad text has its own specific metadiskurs and its structure depends on gender and on the cultural and linguistic parameters. Categories textual metadiskursa relate to the positioning strategy to ensure the planned formation of perception of the advertised object, whereas the category of interpersonal metadiskursa relate to specific communicative strategies that optimize the impact of a specific advertising message. The author concludes that stereotypes, including gender, play a significant role in influencing the consciousness of individuals, on their view of the world, as they largely affect the willingness of a person inside a certain way to perceive phenomena of the world, and to assess their action in relation thereto.

**Keywords:** Advertising text, advertising, gender, gender, role-playing style, role settings, role conflict, role stereotypes, role interruption, role distancing, gender.

#### ӘӨЖ 070.4

### ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КӨСЕМІ МҰСТАФА ШОҚАЙ ҒҰМЫРНАМАСЫНЫҢ КЕЙБІР БЕЙМӘЛІМ БЕТТЕРІ

*С.Садықов – Қожас Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қаласы*

**Андатпа.** Біз кезінде Шоқайлар армандаған тәуелсіздік тұғырына көтерілін, егемен ел болдық. Ең басты бағымыз да, бақытымыз да осы. Мұстафа Шоқайдың мәңгілік ұстанымы мен өшпес өнегесінің басты құндылығы сонда, ол Ұлы Түркістанның тұтастығы мен Тұтас Түркістанның азаттығын жалаулатып, қысқа ғұмырының соңғы сәтіне дейін «Түркі елі» идеясымен тыныс алды. Қайтпас күрескер заманалар тезінен өтін, түрлі ауыр тарихи кезеңдерді бастан кешкен түркі халықтарының жұдырықтай жұмылған ынтымақ-бірлігі жолында аса күрделі де аумалы-төкпелі кезеңде «Ұлы Түркістан» идеясының жалғастырушысы болып, осы идеяға бар өмірін арнаған ұлы тұлға дәрежесіне көтерілді. Кеңес одағының ыдырап, ежелгі Түркістан жерінде Тәуелсіз бес мемлекет туының желбіреуі қасиетті «Ұлы Түркістан» ұғымының қайта жаңғыра бастауына негіз бола бастағанын естен шығармауға тиіспіз. Мұстафа Шоқайдың асқақ арманының өзі осы емес пе еді?! Жаһандану дәуіріне қадам басқан осынау тарихи кезеңде байырғы түркістандықтардың томаға-тұйықтықтан арылып, тұтастыққа ұмтылуы түркілік біртектіліктің, түркілік идеяның кең құлаш жаюына негіз боларын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Тарихты ой елегінен өткізер болсақ, түркі халықтарының ұлылары мен ғұламаларының осы жолда қызмет еткенін бағамдаймыз.

Бүгінгі Тәуелсіздігіміз өткен ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы алапат құрбандардың арқасында келді десек қателеспейміз. Ұлт қаһармандарының пәк рухы алдында тағзым етіп, олардың есімдерін ардақтау бүгінгі ұрпақтың парызы болса керек. Осылай десек, ғасыр басындағы алыптар шоғырында Ақмешіт (Қызылорда) қаласында дүниеге келін, сүйегі Германияда қалған Мұстафа Шоқай тұлғасы ерекшеленіп тұр. Өкінішке орай, осынау ұлы тұлға жөнінде біз тереңнен тартып біле бермейміз. Бұл мақалада Шоқайдың түркі халықтарының көсемі ретіндегі публицистік бейнесі жарқын көрініс тапқан.

**Кілт сөздер:** Тұтас Түркістан, Түркістан автономиясы, тәуелсіздік күрескерлері, эмигранттық дәуір, «Жас Түркістан» журналы, Шоқайды қаралау науқаны.

Тарихшылардың тұжырымдауынша, ХХ ғасыр әлем тарихындағы ең аянышты да қаралы жүз жылдық болып қалды. Өткен ғасырдағы адамдардың өздері ойлап тауып, қолмен жасаған қанды қырғындар мен жойқын соғыстар зардабынан миллиондаған қазақтардың да құрбан болғандығы белгілі.

Ғасырдың басындағы 1904-1905 жылғы бірінші дүниежүзілік соғыс, уақытша үкімет пен большевиктер тайталасы, қызылдардың қазан төңкерісінде жеңіске жетуі қазақ жерінде жағдайды барынша ушықтырып, дүрбелең туғызды. Дәл осы тұста Ұлы Далада ұлт-азаттық қозғалысы өрістеп, ұлттық мемлекетті құру жолындағы күреске жұмылған Алаш зиялылары шын мәнінде ұлттық мүддені көздеген жандар еді. Қазақ елінің тәуелсіздік идеясы сол тұста баспасөз беттерінде жарық

көрген Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Тынышбаев, М.Шоқаев, М.Әуезов, С.Қожанов және тағы басқалардың мақалаларындағы ой-толғамдары, арман-мақсаттары арқылы публицистік асқақ оймен өрілді. Өз елін, жерін, ұлтын шексіз сүйген осынау зиялылардың есімдері қазақ публицистикасының қарлығаштары ретінде тарихта мәңгі қалды. Осы дәуірдегі ұлт публицистикасының асқақ үні ұлттық идеяны пір тұтқан, ұлттық сана-сезімі жоғары қазақ зиялыларының азаматтық позициясымен тікелей астасып жатты. Олар тұтас ұлт мұңын мұңдады. Сонымен, ғасыр басында-ақ өз шығармаларында халықтық үнмен көріне бастаған зиялы шоғыр жиырмасыншы жылдардың аяғы, отызыншы жылдардың соңына дейін бірі атылып, бірі айдауға кетіп, енді бірі абақтыға қамалған олардың дүние танымдары, әдеби-эстетикалық көзқарастары жағынан пікірлес, бағыттас болды. Оларды бір ғана ұлы мақсат – ұлт мүддесі біріктірді, қоғамдық маңызы зор әлеуметтік, ұлттық проблемалар толғандырды.

Жетпіс жылдан астам уақыт бойы кеңестік құрылыстың жандайшаптары «түрікшіл», «ұлтшыл», «исламшыл», «әлемдік буржуазияның жансызы» деген айдар тағып, оның еңбектеріне ғана емес, тіпті есімін атауға қатаң тыйым салынған, тұтас Түркістанның (жиырмасыншы ғасырдың 30-жылдарына дейін Ресейде Қазақстан мен Орта Азияның мұсылман жұртын осылай атаған) тәуелсіз мемлекет, өз ықтияры өзіндегі ел болуын көкसेген жан, мұқалмас көсем, дара батыр, Ақиқат жаршысы, Орта Азия мен Қазақстан халқының Бостандығы мен Теңдігінің жан аямас жоқшысы Мұстафа Шоқай күндердің күнінде еліміздің саяси һәм экономикалық берекесіздікке ұшырайтынын, әрі біздің ұлы Арманымыздың – «нұрлы болашақ – социализмге» деген сеніміміздің әлі-ақ жаназасына қатысатынымызды қалт еткізбей қадағалап білген көріпкел, сәуегей, киелі жан ба еді? [1].

Ол Ресейдің бұрынғы отар халықтарын қорлайтын жәдіғөйлік нәсілдік кемсітушілігіне, большевизмнің империялық саясатына, тоталитарлық тәртібіне, халықтардың тарихын, әдет-ғұрпын, мәдениетін, тілін жойып жіберуге бағытталған идеологиясына қарсы тұрды.

Бостандықтың ұраншысы болған көрнекті қайраткер, ұлы тұлға Мұстафа Шоқайдың есімі өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында ғана ауызға алына бастады.

«Мұстафа Шоқай, - деп жазады атақты өзбек әдебиетшісі Озод Шарафиддинов, - тек түркістандықтар арасында ғана емес, сонымен қатар Шығыстағы, сондай-ақ Германия мен Түркиядағы шығыстанушы ғалымдар ортасында үлкен абыройға ие болған терең білімді жан. Ол бұл құрметке бір кездері Түркістанның басында тұрғаны үшін ғана емес, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде мыңдаған түркістандық жерлестерін өлім аузынан арашалап, аман алып қалғаны үшін ғана емес, Түркістан Тәуелсіздігі жолындағы жанқиярлығының маңызы аса зор терең білімді шығармашылықтарының арқасында ие болды. Шетелдерде оны «Түріктердің аса жоғары ұлт жанашыры» ретінде ардақтайды» [2].

Осы үзінді алынып отырған шағын кітапша, 1993 жылы Ташкенттегі «Шарқ» баспасынан «Тәуелсіздік күрескерлері» деген тақырыппен шықты. «Құрметті оқырман!» - деп басталатын кітапшаның алғысөзі назар аударады. – Сауапты істің жарыққа шығуын да тарихи оқиға деуге әбден болады. Қолдарыңыздағы осы кітапша баспаханамыз ізгі ниетпен, алысты көздеп жоспарлаған «Тәуелсіздік күрескерлері» тақырыбының алғашқы нышаны. Біз бұл жоспар бойынша тәуелсіздігіміз жолында бар ғұмырын сарп етін, жандарын қиған ұлтымыз жанашырларының өмірі, ғылыми-әдеби мұралары жөнінде тұрақты сөз қозғамақпыз. «Тәуелсіздік күрескерлері» тақырыбы ұлт қаһармандарының кіршіксіз, пәк рухына тағзым әрі болашақта атқарылатын игілікті істерге бастау болмақ.. Тәуелсіздік жемісі іспеттес бұл кітаптардан бүгінгі ұрпақ сабақ алса, тәуелсіздіктің жарқын нұрына бөлене берсе, алға қойған міндеттің орындалғаны деп білеміз».

Өзбек ғалымы О.Шарафиддиновтің бұл кітабындағы Мұстафа Шоқай жөніндегі зерттеуі жоғары бағалауға лайық. Түркістан Тәуелсіздігінің атақты күрескері, қандасымыз Мұстафа Шоқай туралы құнды мәліметтермен өрілген осы еңбек «Тәуелсіздік күрескерлері» тақырыбының беташары ретінде ұсынылған және ол қазақ-өзбек оқырмандары үшін баға жетпес байлық десек, артық айтпаймыз.

«Өкінішке орай, - деп жазады өзбектің әдебиетші ғалымы, - бұл ұлы тұлға жөнінде біз ешнәрсе білмейміз. Мәселенің шындығы сол, ол жөнінде естіп-білдік, дегенмен де мұның бәрі кеңестік дәуірде сана-сезімімізді улаған өтірік-өсектен басқа ештеңе де емес еді. Шынтуайына келсек, М.Шоқай есімі 20-жылдары тілге көп алынды. Түрлі кітаптарда, конференцияларда ол негізінен кеңес үкіметіне қарсы күрескен, төңкеріс жасау әрекетін ұйымдастыруға басшылық еткен халық жауы ретінде түсіндіріледі. Бұған нақты мысал ретінде 1930 жылы Өзбекстан КСРО Жоғарғы сотының

төрағасы Саъдулла Қосимовты соттау кезінде мемлекет айыптаушысы Р.Катанянның айыптау сөзін немесе сол тұстағы Өзбекстан Компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Ақмол Икромовтың түрлі құрылтай-жиындарда сөйлеген сөздерін келтіруге болады. Олардың қай-қайсысы болмасын Шоқайды қатаң түрде айыптаудан жалыққан емес. Уақыт өте келе, яғни 1937 жылдан бері карай М.Шоқай есімі баспа беттерінен өшірілді, мақалалары, сөйлеген сөздері шыққан газет-журналдар түгелдей өртелді, жалпы ол жөнінде айтуға қатаң тиым салынды. Арада жарты ғасырға жуық уақыт өткенде, 1985 жылдан кейін ғана М.Шоқай жөнінде айтыла бастады, оның есімі ардақталып, кейбір шығармалары басылымдар беттерінде жарық көрді. Бұл мақала М.Шоқай туралы алғашқы мақалалардың бірі. Ең өкініштісі сол, менің қолымда оның шетелдерде жарық көрген кітаптары, мақалалары жоқ. Дегенмен де мен М.Шоқайдың Түркияда басылған «1917 жыл туралы естеліктер» деген кітабы мен ол жөніндегі альбомды және кезінде оның «Эрк» («Қалау») газетінде шыққан «Түркістан шуралар үкіметі кезеңінде» атты мақаласын қолыма түсірген едім. Өзбек оқырмандары үшін пайдалы болып табылатын бұл мақалада Түркістан тәуелсіздігінің ұлы күрескері, атақты жерлесіміз М.Шоқай жөнінде алғашқы ойлар айтылады».

Сонымен, Мұстафа Шоқай кім!... Ол кім?

Мұстафа 1890 жылы Ақмешітте (Қызылорда) атақты Торғай датқаның баласы, беделді де бетті болған Шоқайдың шаңырағында дүниеге келді. Ауыл молдасынан хат танығаннан кейін 1902 жылы Ташкенттегі ерлер гимназиясына оқуға қабылданады. Оны Александр Керенскиймен бірге үздік тәмәмдап, 1912 жылы Санкт-Петербургтегі императорлық университеттің заң факультетін үздік бітіріп шығады. (Осы арада айта кететін жайт сол, кезінде уақытша үкіметтің тізгінін ұстаған осы Керенский Мұстафа Шоқайұлына министрдің портфелін ұсынғанда, Мұстафа одан үзілді-кесілді бас тартады). Осылайша, Еуропа мен Шығыс дәстүрінде білім алған ол орыс, түрік, өзбек, тәжік, француз, поляк, ағылшын, неміс тілдерін жетік білген. Түріктер елі – Түркістанның тарихын терең білген ол мәдениеттің, саясат пен заң ілімінің дамуына деген дара көзқарасын түркі ғана емес, әлемнің сандаған тілдерінде баяндап бере алатын ерекше қабілет-қарымының арқасында Ресей Мемлекеттік Думасындағы Мұсылман фракциясының Саяси бюросында Түркістан халықтарының бірінші, әрі белгілі бір мерзім ішіндегі бірден-бір өкілі болды. Оның достары – қандас бауырлары ұлттың тәуелсіздігі жолында жандарын қиюға әзір, қазақ ұлттық интеллигенциясының аса көрнекті көш басшылары – Думаның мүшесі болған Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов, сондай-ақ Үлкен Түркістандағы басқа да түркі халықтарының азаттығын аңсаған ерлер еді.

Алма-кезек дүниеде жаппай қуғын-сүргін өріс алып, Орта Азия мен Қазақстанның ірі қалаларын шарпыды. Осы тұста қарсылық көрсету мақсатын ұстанған мұсылман Саяси ұйымдары: ғалымдар ассоциациясы (Үлем жамиғаты) мен Мұсылмандар кеңесі (Шұра-и-Исләми), сондай-ақ қазақ ұлттық «Алаш орда» партиясы құрылды. Олар күш біріктіре келе 1917 жылғы наурызда Ташкентте Түркістан мұсылмандарының конгресін шақырып, онда Орталық комитет сайлап, Мұсылман орталығын құрады. Орталыққа Мұстафа Шоқай басшылық жасады [3].

Түркістан халықтары үміт артқан Қазан социалистік төңкерісін ұйымдастырған большевиктер ұзамай-ақ берген уәделерінен тайқып шыға келеді де бостандық, теңдік, азаттық деген киелі сөздерді тәрк етті. 1917 жылы 16 қарашада Ташкентте құрылған Түркістан халық комиссарлары кеңесінің мүшелігіне бірде-бір түркістандық өтпеді. Халкомкеңестің төрағасы большевик Колесов мәжілістің алдында былайша түсінік берді: «... Жоғарғы органға мұсылмандарды енгізу олардың бірде-бір пролетарлық ұйымы болмағандықтан ғана емес, сонымен қатар жергілікті халықтың оларға деген көзқарасы әрқилы болып отырғандықтан да мүмкін емес» [4]. Мұстафа Шоқай мен оның үзеңгілестері ұстанған бағыттарынан бас тартқан жоқ. Мұсылман орталығы өздерінің «Ұлы Түркістан» мен «Бірлік туы» газеттерінің алғашқы нөмірлерінен бастап-ақ автономия құруға құлшыныс танытып, әзірлік жасай бастайды. «Ұлы Түркістан» газеті Мұсылман орталығының Мұстафа Шоқай бастаған топтың иелігінде болса, «Бірлік туы» газеті «Алашорда» қазақ ұлттық партиясының органына айналып, оған партия көсемдерінің бірі Міржақып Дулатов редакторлық етті.

1917 жылы 9 желтоқсанда Қоканда барлық саяси партиялар мен қозғалыстардың бүкіл түркістандық құрылтайы өткізіліп, онда делегаттар Түркістан территориялық автономиясын жақтап дауыс берді. Осы құрылтайда Түркістан автономиясының халық кеңесін сайлады, осы кеңес үкіметті жасақтады. Үкімет басшылығының тізгіні Мұхамеджан Тынышбаевқа тапсырылды, бір аптадай ғана уақыт өткенде ол өз еркімен орынтақты босатқанда бұл қызметке Мұстафа Шоқай

бірауыздан сайланады. 1917 жылғы желтоқсанда Орынборда «Алашорда» басшысы Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ үкіметі құрылды. Мұстафа Шоқай үкімет құрамына кіреді. Осылайша, Ұлы Түркістан халқы өз тағдырына өздері қожалық ету мақсатымен өз мемлекеттігін жаңғырту жолында тұңғыш қадам жасауға талпынды. Осы тұста, яғни 1918 жылы қаңтар айының басында Ташкент халық Комиссарлар кеңесі «Қосарлас мұсылман үкіметін» жоюға шешім қабылдайды да жедел іске кіріседі.

1917 жылдың соңы мен 1918 жылдың басында Ташкентте П.Г.Полтараңкийге Түркістан автономиясы уақытша үкіметі мен оның төңірегіндегілердің ақша қаржысын тұтқындау жөнінде тапсырма берілді. Қысқа мерзімде Мемлекеттік банктің Қоқан қалалық бөлімшесінде 8 миллионнан астам рубль конфискуеленеді. Банкердің тұтқындалып, бар қаржысынан айырылуы қаланы үлкен әбігерге салады. Автономия мүшелері мен іскер топтар арасын тінті ушықтырып жіберді де, бұл М.Тынышбаевтың премьерліктен кетіп, оның орнына М.Шоқайдың тағайындалуына алып келді. Мұстафа өз кезегінде мұсылмандардың мүддесін қорғау ісінде бағдарламаны жүзеге асыруда батыл шаралар қолдануға уәде берді [5]. Жаңа басшылық белсенді қимылға көшті. Уақытша өкімет билігіне келген Мұстафа Шоқай қазақ, өзбек, қырғыз халықтарының басын біріктіруге әрекет жасай бастады.

Революциялық комитеттің мүшесі болған Н.Сазонов өз естелігінде келіссөздер барысында Түркістан автономиясының уақытша өкіметі өздерінің өкілеттіліктерін доғарып, кеңес өкіметін мойындау жөніндегі шартты қабылдамай тастағанын былай еске алады: «Тағы да бізді Шоқаев қарсы алды. Сол бұрынғысындай өте сыпайы түрде шай мен дәм ұсынды. Әрине, біз бұдан бас тарттық.. Оған конверт тапсырдық.. Ол оны ашып оқыды да Министрлер кеңесіне беретінін айтты. Мұндай мәселені жалғыз өзі шешуге өкілетті емес екендігін түсіндіре отырып, бұл шартты автономиялық өкіметтің орындай қоюына сенім аз деп ойлайтынын жеткізді. Біз сағатымызды көрсетіп, қайтуға бет алдық. Шоқаев тағы да сыпайылық танытып, бізге шығарып салушысын қосты» [6].

Билікке бейбіт жолмен қол жеткізуге үміт артқан Түркістан автономиясы өкіметінің қорғанысы өте әлсіз болды. Қару ретінде балта, кетпен, шоқпар, тас пайдаланылды. Осыған қарамастан автономияшылар үш күн бойы кеңес армиясының шабуылына қажырлықпен тойтарыс берді. Автономияшылардың жақтастары «Түркістан түркістандықтар үшін» ұранымен қасиетті соғыс жариялады.

4 (17) ақпанда қарсы жақ келіссөздерді қайта жаңғыртты. Олар Мұстафа Шоқай кабинетіне мұсылман жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары кеңесі тарапынан қатты қысым жасады. Нәтижесінде 5 (18) ақпанда төңкеріс жасалып, Шоқай кабинеті құлады, бірқатар министрлер мен олардың жақтастары тұтқындалды. Ақпанның 5-інен 6-сына (18-нен 19-на қарағанда) қараған түні барлығы 11 эшелоннан тұратын кавалериялық, артиллериялық және жаяу әскер бөлімдері Қоқанға келіп жетті [7]. Ташкенттен Түркістан өлкесінің әскери комиссары 28 жастағы поручик Е.Л.Перфильевті ала келді. Ол Түркістан автономиясы өкіметін жою операциясын басқарды [8].

Қала жан-жақтан қоршауға алынып, ауыр соққының астында қалды. 6(17) ақпанда Түркістан автономиясы өкіметі тізе бұғуға мәжбүр болды, жермен-жексен болған қала тоналды. Мұстафа Шоқай әрең дегенде қоршаудан құтылып шығады. «Алашорда» туының астындағы Қазақ автономиясы өкіметінің де қоқандықтардың аяғын құшқанын айта кетуіміз керек.

Бұдан әрі Мұстафа Шоқайдың бас сауғалау дәуірі басталады. Баку мен Тибилисиде біраз аялдап, Стамбулға аттанады. Бастапқыда Түркия арқылы Германияға сапар шегеді, сонан соң Францияға барып орнығады. Ұлы тұлғаның осы аралықтағы тартқан жан азабын тілмен айтып жеткізу қиынның-қиыны ...

Тұтас Түркістанның көсемі Мұстафа Шоқай ғылыми-танымдық мақалаларымен танылған жалынды журналист-публицист болды. 1917 жылы Ташкентте «Ұлттық тәуелсіздік жасасын!» деген ұранмен шыға бастаған «Ұлы Түркістан» газетінің тұрақты авторы ретінде танылады. Осы басылымда ол «Халықтың жүзден тоқсан сегізі мұсылман саналатын Түркістан өлкесінде биліктің шетелден келген әскер мен жұмысшылар қолына өтуіне түркістандықтар риза болмайды» деп жазған еді. 1917 жылдың ортасынан бастап шыға бастаған «Бірлік туы» газетіне оның от жалынға оралған сандаған материалы жарық көрді. 1918 жылы Ташкентте шыққан «Свободный Туркестан» деген орысша газетте Мұстафа Шоқайдың түрлі лақап есімдердермен орыс тіліндегі мақалалары үзбей жарияланып тұрды. 1942 жылы Мұстафа Шоқайдың қайтыс болуының бір жылдығына орай түрік докторы М.Делил Стамбулда «Намуна» атты альбом шығарып, оның журналистік-

публицистік қабілет-қарымы тұрғысында өте қымбат та қызықты мәліметтер береді. Ғалымның нақты дәлелдерге сүйене отырып айтуынша, М.Шоқай 1919-1920 жылдары Кавказда төрт газет шығаруға көмектескен. Бұлар -1919 жылы Тифлисте орыс тілінде шыққан «Вольные горны» апталық газеті, Түркістан және Украина ұлттық орталығының қолдауымен жарық көрген «На рубеже» басылымы, 1920 жылы Шығыс Кавказ ұлттық ұйымы мен Түркістан ұлттық орталығының бірлесіп шығарған «Жаңа өмір» газеті және «Шафак» газеті. Осы соңғы газетке М.Шоқай бас редакторлық еткен. Жоғарыдағы басылымдардың бәрінде де Мұстафаның ұлттар мүддесінен өрілген өзекті мақалалары жарияланып жатты. Оның тікелей араласуымен Стамбулда 1927 жылдың соңынан 1931 жылдың шілдесіне дейін «Жаңа Түркістан» атты айлық брошюра шықты. Сондай-ақ оның редакторлығымен және саяси басшылығымен 10 жыл бойы (1929-1939 ж.ж) Парижде жарық көріп тұрған «Жас Түркістан» журналы кеңестік жүйенің көзіне шыққан сүйелдей болғанын айтуымыз керек.

Мұстафа Шоқайдың Тұтас Түркістан тарихына, оның ұлттың оянуына арналған, Түркістан өлкесінің тәуелсіздік проблемалары жөнінде пікірталас тудырған кең ауқымды шығармалары француз («Orient et occident»), ағылшын («Asiatik Revico») және поляк («Wschod») басылымдарында жарияланған. Түркістан өлкесін зерттеуші шетелдік ғалымдар М.Шоқай материалдарындағы мәліметтерді негіз етіп алып отырған. Бір ғана мысал: 1942 жылы неміс тілінде 434 беттік «Түркістан» атты үлкен кітап шыққан. Еңбек авторлары Р.Олшша мен Г.Клайноктың айтуынша, осы кітаптың 363-409 беттерін Мұстафа Шоқай жазған. Тағы да төмендегі мына мәлімет те ерекше назар аударарды: Калифорниядағы Статфорд университеті жанындағы Орыс революциясы институтының «Түркістандағы революция және Совет үкіметіне қарсы халық көтерілістері» деген жинақ дайындау үстінде Мұстафа Шоқайға көлемді дүние жазып беруге өтініш еткені, оның «Түркістандағы революция және Қоқан автономиясы» атты мақала жазуға уәде бергені тарихи шындық. Бұл мақала 1937 жылдың басында жазылып, Калифорнияға жіберілсе керек.

Жат жұртта жүрген Мұстафа Шоқай Ұлы Түркістан тәуелсіздігін бір сәт те есінен шығарған емес. Оның қай тілде болмасын жазған мақалаларынан азаттықтың алтын шұғыласын аңсау сезімі айқын аңғарып тұратындығы сондықтан да болса керек. Үлкен өкініш сонда, біз ұлы тұлғаның шетелдердегі басылымдарда жариялаған сандаған шығармаларын, ол жөнінде жазылған дүниелерді біле бермейміз. Арамыздан зерттеуші талапкерлер шықса, және жоғарыда айтылған газет-журналдармен танысудың, түркі әлемі көсемдерінің біріне айналған ұлы тұлғаның мақалаларын байыппен ой елегінен өткізудің реті келген сияқты. М.Шоқайдың 1928 жылы Парижде француз тілінде басылған «Түркістан кеңес үкіметі дәуірінде» деген мақаласына атақты мемлекет қайраткері Пьер Рендель алғысөз жазған. Мұстафа онымен 1920 жылы Тифлисте танысқан. Автор алғысөзінде кезінде Мұстафаның өз жұртының азаттығы мен тәуелсіздігі жолындағы қажымас күрескер, демократ ретінде таныта білгенін, мақаласының мазмұнына жоғары баға бере отырып Кеңестік Түркістан жөніндегі шынайы шындықты айқын ашып берген өте бағалы құжат екенін айтады. «Бұл мақалада, - деп жазады Пьер Рендель,- мындаған түркістандықтардың ешбір жазықсыз құрбан болғандықтары нақты дәлелдермен көрсетіледі. Мұнда алып мемлекетті жауыздықпен басқарып отырған большевиктердің марксизм-ленинизм деген теориямен уланып отырғаны, күллі халықтың өтірікке, екіжүзділікке негізделген идеологиямен құлдық психология дертіне шалдыққаны терең ашылған...». Жоғарыдағы терең мазмұндылығымен француздың мемлекет қайраткерін мойындатқан мақаланың тарихына тоқтала кетейік: 1927 жылы Қазан төңкерісінің 10 жылдығы құрметіне Мәскеуге француз жұмысшыларының делегациясы келеді. Оның бір бөлігі Өзбекстанға жіберіліп, республика өмірімен танысады. Француз өкілдері «Түркістан халқы өміріндегі көз көрін, құлақ естілмеген «таңғажайып» өзгерістерге» таңқалып, тамсанады. Олардың айтуынша, Түркістанның барлық жерінде азаттық салтанат құрған, ұлттық мәселелер шешілген, халық бақытты өмір сүруде, саяси-әлеуметтік мәселелер оң шешімін тапқан... Делегация басшысы мадам Гаше мен делегация мүшесі мадам Шелина «Правда Востока» газетінің 1927 жылғы 30 қараша мен 2 желтоқсандағы нөмірлерінде өз сезімдерін ризалықпен баяндайды.

Мұстафа Шоқай делегация өкілдерінің газетте жарияланған материалдарын негізге ала отырып, жоғарыдағы мақаланы жазады. Ол Француз делегациясы мүшелерінің кеңестік жасанды көріністерге алданғандарына наразылық білдіріп, болып отырған нақты ахуалды жайып салады... Мақала авторы алдымен жергілікті халықтың тілін білмейтін делегация мүшелерінің аудармашылар арқылы мәлімет

алғанын айта отырып, осы аудармашылардың арнайы дайындалғанына, берілген тапсырмаға сай әрекет еткеніне, олардың кейбірінің қауіпсіздік комитетінің қызметкері болуы да мүмкін екеніне бұлтартпайтын дәлелдер келтіреді. Осы мақаланы жазу үстінде М.Шоқай партиялық съезд, пленум, конференция құжаттарына, кеңес үкіметінің саяси және мемлекеттік қайраткерлері айтқан сөздерге, партиялық түрлі ақпараттық материалдарға сүйенеді. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Үлкен Түркістанда болған аштықта 1114000-дей адамның аштықтан өлгені жөніндегі кеңестік ақпаратқа сүйене отырып, мұны жер-жердегі ұлт-азаттық көтерілістерге соққы беру мақсатымен большевиктердің қасақана қолдан ұйымдастырғанын бұлтартпастай етіп дәлелдейді. Осы орайда мемлекет қайраткері болған Тұрар Рысқұловтың кітабынан төмендегідей үзінді келтіреді: «Түркістандағы қазан төңкерісі төрағаларының бірі Тоболин үлкен жиналыстардың бірінде «білімсіз қырғыздар түгелдей дерлік қырылып кетуі тиіс. Сондықтан да революция бар күшін аштыққа қарсы күресуге емес, майдандағы жағдайды жақсартуға жұмсау керек!». М.Шоқай қазан төңкерісінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ большевиктердің ұстанған қаныпезерлік саясатын тұңғыш болып әшкереледі. Бұл кеңестік саясаттың жетпіс жылдан астам уақыт бойы үстемдік еткені айдай ақиқат екенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Мұстафа Шоқай кеңес үкіметінің Түркістан өлкесінде жүргізіп отырған құлдық саясатын тұрғысында кеңінен айта отырып, мысалға Өзбекстанды алады. Мұнда барлық жерде тек мақта еғуға мәжбүрлеуде, өзге дәнді-дақылдар егістігінің көлемі мүлдем қысқарып кеткен. Енді халық шеттен келетін азық-түлікке ғана иек артып отыр. Осы солақай саясаттың кесірінен Орта Азия халқының тұрмыс жағдайы күрт төмендеген, миллиондаған адамдар кедейшілікті бастан кешіруде. Осынау алып өлкеде сырттан әкелінген (Ресей, Украина, Белорусия), «келімсектер» бұрынғыдан да көп мөлшерде қаптай бастады. Өзге жерлерден келген жұмысшылар мен жергілікті халық арасындағы қарым-қатынас ушығып барады. Құлдық саясатының түпкі мақсат-мүддесі Орта Азия халықтарын бұғаулап тастауда жатыр...

Мақала авторы жергілікті ұлттық кадрлардың жайын күйіне отырып айтады. Ол осы орайда партияның XVI съезінде қайраткерлердің бірі Орджоникидзенің Өзбекстанда басқару аппаратының ұлттық құрамы жөнінде айтқандарына сүйенеді. Оның есебіне қарағанда, мұнда орыстар - 61,9, ал жергілікті ұлт өкілдері 24,7 пайызды құрайды екен. Партия қайраткері мұны жергілікті ұлттың білімсіздігіне, басқарудағы тәжірибесіздігіне әкеліп саяды. М.Шоқай Хансуворов дегеннің «За партию» атты журналда (1927, №3) жарияланған мақаласынан мынадай үзінді келтіреді: «Округ комитеттері президиумының төрағалары мен өкілдері арифметиканың қарапайым төрт амалын білмейді, өз тілдерінде қиналып жазады. Париж, Лондон қалалары қандай мемлекеттің астанасы екенін дөп басып айта алмайды, партия тарихынан мүлдем хабарсыз...»

Кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарынан бастап-ақ большевиктер Қазақстанда да дәл осындай ұстаныммен әрекет етті. Отарлаушыларға жергілікті халықтың арасынан шыққан басшылар, өздерімен тең құқықты адамдар керек емес еді. Партиялық кадр таңдау принципі осы бағытта жүргізілді. Отызыншы жылдардағы қолдан ұйымдастырылған алапат аштық пен сталиндік қуғын-сүргіннің астарында негізінен алғанда партиялық кадр саясаты жатқаны бертін келе құпия болудан қалды... Соңғы демі қалғанша Түркістандағы кеңес билігінің орнына тәуелсіз ұлттық басқару жүйесін армандаған ұлы тұлғаның арпалыспен өткен қысқа ғұмырында атқарған істері «халық жауы», «түрікшіл», «исламшыл», «әлем буржуазиясының тыңшысы», «Қазақтың Власовы», «фашистрдің құйыршығы» деген сияқты жалалардың көлеңкесінде көмескілендіріліп келгені ақиқат. Қарап отырсақ, Шоқайға жабылған жала қалмаған екен. Кезінде қаһарлы Сталиннің өзі қатты сескенген түркі әулеті көсемінің есімі жетпіс жылдан астам уақыт бойы үстемдік құрған кеңестік идеологиялық таным-түсініктің аясында Алаш арыстарымен қатар тұрды. Иә, кеңес билігі Мұстафа Шоқайға қатаң саясат ұстанды, одан асқан «жау» болған жоқ. Кеңестік Қазақстан мен Өзбекстанда дәл осындай жағдаят мықтап орын алған болатын... Айталық, 12 томдық Қазақ Совет энциклопедиясында ол жөнінде ешқандай да мәлімет берілмеген. Ал, 1961 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихынан» ...ағылшын империалистерінің нұсқауларымен 1917 жылдың қараша айының соңында Қоқанда Қоқан автономиясы деген бір автономия құрылды. Бұл кертартпа-төңкерісшіл өкіметтің ішінде өзбек буржуазияшыл ұлттарымен қатар қазақ ұлтшылдары М.Тынышбаев пен М.Шоқай орын алды». Мұстафа Шоқайдың соңына шам алып түсіп, қаралау науқаны үздікіз жалғасып келді де мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің офинері болған С.Шәкібаевтің 1968 жылы «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты кітабы жарық көргеннен кейін ол шарықтау шеңіне жетті. Кітап

1972 жылы «Падение большого Туркестана» деген атпен орыс тілінде, 1976 жылы «Чоң Туркестанның қираншы» тақырыбымен қырғыз тілінде басылды. Автор кітабында мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкері болғандықтан кезінде куәгерлерден қорқытып-үркіту арқылы алынған жауаптар негізінде жасалған хаттамалар мен құжаттарға сүйенеді. Кеңестік идеологияны пір тұтушылардың қандай жолмен болмасын саясат төңірегінде қара күйе жағуға құлшынатыны ақиқат еді. Әсіресе, Түркістан легионына қатысты қаралау шаралары дәл осындай тәртіппен жүргізілді. Оның мүшелерінің тергеуде берген жауаптарының хаттамалары екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Ресейге қайтарылған Германия мен Польша мұрағаттарынан алынған. Шәкібаев болса ойдан құрастырылған құжаттар мен хаттамаларды негізгі дерек көзі ретінде пайдаланған. Міне, бұл жөнінде түрік бауырымыз, профессор, шоқайтанушы Әбдіуақап Қара ұзақ жылдардан бері жүргізіп келе жатқан зерттеулері мен басылымдарда жарияланған материалдарында бұлтартпайтын мәліметтермен дәлелдеп келеді. Осы орайда Мұстафа Шоқайдың есімін пір тұтып, атын ардақтауда ұзақ жылдардан бері өнегеліліктің үлгісін көрсетіп келе жатқан түркиялық бауырларымызға басымызды иеміз. Айталық, Анкара университетінің тағы бір профессоры, шоқайтанушы Тахир Шағатай мен Ә.Оқтайдың есімдері қандай құрметке болса да әбден лайық. Екеуі бірігіп, 1942 жылы М.Шоқайдың қайтыс болуының бір жылдығына орай Стамбулда «М.Шоқай альбомын» шығарды. 1950 жылы осы қос азамат ұлы тұлғаның туғанына 60 жыл толуына арнап «Түркістан ұлттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай» деген кітапты дүниеге әкеледі. Осы екі кісі мен Т.Шағатайдың жары, профессор Саодат Исхахи Шағатайдың тікелей ұйымдастыруымен Түркия баспаларынан 1972 жылы Мария Шоқайдың және 1988 жылы Мұстафа Шоқайдың естеліктері жеке-жеке кітап болып шықты. Тұтас Түркістанның ұлы күрескері жөніндегі бар шындықты жаны шырқырай отырып жазған көрнекті түрік тарихшысы, профессор Хасен Оралтайдың жазбалары ерекше назар аударады. Сондай-ақ Мұстафа Шоқай өміріне арналған зерттеулер мен оның жекелеген еңбектерінің Оксфорд, Берлин баспаларынан әлденеше рет шыққанын, Калифорния (1960), Кембридж (1957, 1964), Париж (1950), Мюнхен (1960), Кельн (1962), Нью-Йорк (1957) баспаларынан да жарық көргенін мақтаныш етуге тиіспіз.

Жоғарыда өзіміз айтып өткендей кітап жазып, Мұстафа Шоқайды «фашистердің қолжаулығы болған сатқын еді», «ол құрған «Түркістан легионы» Германияның фашистік армиясымен бірге Түркістанды жаулап алып, Германияның бір отарына айналдыруды көздеген еді» дегендей пікір орнықтыруға тырысқан Шәкібаев еліміз өз Тәуелсіздігін жариялаған алғашқы жылдарда да бұрынғы кеңестік дәуірде Шоқайға бағытталған айыптауларын қайталаудан жалықпады. Ол «Қазақ әдебиеті» газетінің 1992 жылғы шілде айындағы нөмірінде жарияланған «Құрғақ долбар – дәлел емес» деген мақаласында сол бұрынғы ғөй-ғөйіне басып, соңғы кездері Қазақстан баспасөздерінде М.Шоқайды дәріптеп, ұлттық қаһарман биігіне көтеруге шақырған мақалалардың шыға бастағанына мазасызданатынын айтады. Газеттің осы нөмірінде жазушы-публицист Ә.Әлімжанов «Ұлы адамның аруағымен алыспайық» атты мақаласында Шәкібаевтың «дүниесымағын» кезіндегі мемлекеттік қауіпсіздік қызметінің әдеттегі күйе жағу әрекеті ретінде бағалады. «Мұстафа Шоқайұлы ешкімнің ақтауына мұқтаж емес, - деп жазды Ә.Әлімжанов мақаласының соңында. - Ол өзін-өзі шығармаларымен, ерлігімен ақтап отыр. Оны тарих пен уақыт ақтады. Түркі тілінде сөйлейтін халықтар оның өзіне лайықты бағасын беруде».

Тұтас Түркістанның алтын діңгектерінің біріне айналған Мұстафа Шоқай туралы бірқыдыру зерттеу еңбектер Қазақ елі Тәуелсіздігінен бастау алды. Осы орайда, жұмыр жырларымен танылған белгілі ақын, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Қасымхан Бегмановтың кезінде күллі түркі жұртының азаттығын аңсап, осы жолда бар ғұмырын арпалыспен өткізген ұлы тұлғаның азапты жолымен жүріп өту үшін экспедиция ұйымдастырғанын, осы ұжымның алға қойған мақсатына орай Мұстафаның туған жерінен бастап Өзбекстан, Түркия, Грузия, Ресей, Франция, Германия секілді елдерде болып, аса құнды деректер жинағанын, нәтижесінде «Мұстафа Шоқай жолымен» атты деректі фильм мен осы аттас екі томдық кітапты дүниеге келтіргенін ризалықпен айтуға тиіспіз. Кітапқа жазған алғысөзінде танымал тарихшы, профессор М.Қойгелді былай деді: «Кітап авторы және экспедиция жетекшісі Қасымхан Бегманов Мұстафа Шоқай сияқты ірі тарихи тұлғаның өмір жолы мен қызметін зерттеу ісіне мәселенің жаңа қырынан келген. Бұл ретте бұрын талантты ақын ретінде танылған автор жаңа шығармасында М.Шоқай сияқты қайраткердің күрделі де қайшылықты тарихи кезеңде Орта Азиядан Кавказ өтін, одан Түркия еліне барып, ең соңында Париж

сияқты саяси және мәдени орталыққа жетін орын тебуінің себебі мен салдарына тоқталып, оқырманды да тарих қойнауына жетелейді... ондай еңбектің дүниеге келгеніне қуаныштымыз».

Қасымханның атқарған кең ауқымды ізгілікті ізденістеріне көрнекті ақын, публицист Темірхан Медетбек ағамыз лайықты бағасын бере отырып, мынадай жайлардан да хабардар етеді: «...Бірақ кара жала топырақ астында қалса да, тоңқандап шыға беретін қоңыз сияқты өлмейді екен. Қасымхан Беғманов Мұстафа Шоқай туралы түсірілген деректі фильмді... Өскеменге де апарып көрсеткен ғой. Көрсеткен бойда сыңар езу қалалық «Флеш» газетінің екі журналисі Данилевский мен Михеев дегендер Мұстафа Шоқайды «Сатқын Власовқа» теңеп бір, «фашистермен сыбайлас болған» деп екі қаралап шу көтереді. Қасымхан «ит үреді, керуен көшеді» деп үн-түнсіз кете қоймайды. Олармен ел намысы үшін, Мұстафа аруағы үшін бел шешіп, білек сыбанып соттасады. Алғашқы сотта қандасымыз Қасымов деген көрмәдік соттың шешімімен жеңіліп қалады. Өз жерімізде, өз елімізде! Мұндай сорақылыққа шыдай алмаған Қасымхан одан сайын өршелене кірісін, қайтара сотқа береді де әділдіктің ақ туын желбіретіп тігіп шығады» [9].

Сонымен, келмеске кеткен кеңестік идеологияның құлы ретінде танылып келе жатқан Шәкібаев қана емес, жоғарыда келтіргеніміздей өскемендік Данилевский мен Михеев дегендер де Мұстафа Шоқайға шабуыл жасауды «кәсіпке» айналдырып алды. Олардың «шімайлары» негізінен орыс тілді басылымдарда ара-тұра болса да шығып жатады. Оның түп-төркінінде ұлттық менменсу, кезінде түркі халықтарының азаттығын жалаулатып, отаршыларға қарсы бітпес күреске шыққан Мұстафа Шоқайға деген кек жатқанын түсінуіміз керек.

2012 жылы қоңыр күзде Павлодарда іссапарда болғанымызда қолымызға облыстық «Ертіс дидады» газетіндегі «Нападки на Шокая – атака на казахский народ» атты мақала түсті [10].

«Өскеменде түркі халықтары тәуелсіздігінің ұлы күрескері Мұстафа Шоқайдың есімін ұзақ уақыттан бері қаралап келе жатқан «Flash» дейтін орыс тілді газет бар, - деп басталады мақала. – Біз бұған қалай жол берін отырмыз?. Ресей Солженицынді кәдуілгі шовинист, Дмитрий Донскойды баржоғы Тоқтамыстың сенімді жендеті деп көріңіз, қоғам тік тұрады не сізге қарсы қылмыстық іс қозғалады. Осы басылымға «Номад» және «Центр Азия» сайттарының Шоқай мәселесі тұрғысында көрсетіп отырған қолдауына еріксіз жағанызды ұстайсыз...».

Автор М.Шоқай Түркістан легионын құрды ма жоқ па деген пікірталасты жайына қалдырып, мына жәйттерге назар аударады. Мұстафа Шоқай кезінде қызыл армияның жазалаушы отрядтарының Түркістан автономиясының (мұхтариятының) тұрғындарын қанға бөктіргенін өз көзімен көрді. Екі күнде 40 мыңдай қарусыз бейбіт халық қырғынға ұшырады. Одан кейін М.Шоқай Москва алдында тізе бүгіп, КСРО азаматтығын қабылдауы керек еді. Бірақ ол олай етпеді, бар ғұмырын кеңес пен отарлық режимге қарсы азаттық жолындағы күреспен өткізді. Фашистер екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда отаршылдыққа қарсы қозғалыстарға қолдау білдірді. Олар Ұлыбритания, Ресей, Ақш, Франция сияқты ірі отарлаушы империяларға қарсы соғыс жариялаған еді. Сондықтан да фашистік Германияға осы елдердегі отаршылдыққа қарсы қозғалыстар мен топтардың қолдау - көмегіне ие болу маңызды болатын. «Менің жауымның жауы-менің одақтасым» деген принцип ұстануға тырысты.

М.Шоқай фашистік Германияға сенген жоқ. Кезінде ол «Сталин мен Гитлер – екеуі де жауыздар» деп жазған еді. Қажымас күрескер Кеңес одағындағы түркі елдерінің соғыста қолға түскен әскери тұтқындарының жағдайын жақсарту мақсатымен концлагерлерді аралады. Мәскеу тұтқынға түскен өз жауынгерлерін сатқындар деп есептеді де Қызыл крестің қызметінен бас тартты. Осы тұста Шоқайдың ықпалымен «Ишси» («Рабочий») одағы құрылды, бұл түркістандық әскери тұтқындардың жағдайын жақсартуға игі әсер етті, оларға неміс заводтарында қара жұмыс істеуге мүмкіндік беріліп, қосымша азық-түлік алды. Мынадай да жәйт болған: Үшінші рейхта болған Түркия генералдары кеңестік түркі тұтқындарының қиын жағдайын өз көздерімен көріп, Гитлерге жазған хаттарында оларды Түркияға қоныс аударуға өтініш жасаған, Анкара алдындағы борышын Берлиннің темекі жеткізіп осылайша өтеуге ұсыныс берген... Қазақ елі Тәуелсіздігіне жиырма екі жылдай уақыт өтсе де арамызда бұрынғы кеңестік дәуірдегі отаршылдықты аңсаушылардың принципімен жүргендердің бар екендігі сезіліп қалып жатады. Жоғарыдағы газет материалында айтылған жайлар осыған айқын дәлел. Мәңгілік жаулар мен сатқындар бейнесін қолдан жасап, ұлы тұлғаларымыздың аруақтарымен алысудың қашан тыйылары әзірше белгісіз...

Бар ғұмырын ұлт мүддесі жолындағы қиян-кескі күреспен өткізіп, жан азабын арқалаған халқымыздың асыл перзенті Мұстафа Шоқай есімі тәуелсіз елімізде соңғы онжылдықта айрықша ардақталып келеді. Түркістан халықтары тарихында тұтас бір кезеңді қамтыған ерекше құбылысқа айналған қажымас қайраткердің ұлылығы тек Түркістан халықтарының 1917 жылы кеңестік билікке балама Түркістан (Қоқан) автономиясы үшін ұлттық-демократиялық қозғалысына басшылық жасағанымен ғана шектелмейді (Кеңестік үстем биліктің бұғауынан босаған ұлттық республикалардың тарихында үлкен орын алатын Түркістан автономиясы тұрғысындағы ғалымдардың қабырғалы зерттеулері назар аударады) [11]. Тінтен оның басқа атқарған істерін былай қойып, тек осы биік мақсат үшін айтулы күресін атаудың өзі ғана Шоқайұлының есімін Түркістан халықтары тарихындағы мәңгі есімдер қатарына жатқызуға жеткілікті негіз болар еді. «Бірақ М.Шоқайұлының өз елі үшін атқарған қызметінің мәні мен орны басқада, - деп жазады тарихшылар М.Қойғелдиев пен А.Нүсіпхан. – Ол Мұстафа Шоқайұлының Түркістан халықтары тарихында бұрынды-соңды болмаған құбылыс – демократиялық Еуропаның ортасында түркістандық саяси эмиграциялық қызметтің негізін қалап (20-жылдардың екінші жартысы), оған өзі көз жұмған 1941 жылдың желтоқсанына дейін басшылық жасауында, сондай-ақ осы кезеңде Түркістанда болып жатқан өзгерістерді жан-жақты терең талдауға алуында еді» [12]. Авторлар Мұстафа Шоқайұлының екі кітаптан тұратын еңбектеріне берілген бұл кіріспе мақалада оның саяси қызметі мен артында қалдырған мұрасының мазмұнына қысқаша тоқталады. Сондай-ақ Мұстафа Шоқайұлының жинастырып, оларға ғылыми талдау жасауда шетелдік әріптестеріміздің, әсіресе, түркиялық ғалымдардың біраз нәтижелі іс бітіргенін үлкен ризашылықпен айта келе, ұлы қайраткердің өмірі мен қоғамдық қызметін талдауға арналған дискуссиялық мақалалар мен құжаттық материалдардың елімізде де біраз жарияланғанын тілге тиек етеді. Иә, осыған дейін республикамызда «Туркестан под властью Советов» атты зерттеуі мен 1917 жылға арналған естеліктерінің қысқартылған нұсқасы ғана басылып шыққан болатын. Міне, бұлар ұлтымыздың ұлы перзенті Мұстафа Шоқайұлының еліміздің тарихында, түркістандық және қазақ қоғамдық ойында алатын орнынан жеткіліксіз дәрежеде ғана хабардар етті десек артық айтқандық емес. Демек, бұл кемел қайраткердің күрес жолы мен артында қалдырған аса бай рухани мұрасын бүгінгі қоғамдық терең өзгерістер арнасында түбегейлі зерттеу енді ғана қолға алына бастағанын көрсетеді. Соның айқын дәлелі Мұстафа Шоқайұлының кезінде өзі жетекшілік жасаған «Жас Түркістан» журналында (1929-1939) жарияланған еңбектерінен тұратын екі томдық кітабының [13] жарық көруі болып табылады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің жанынан құрылған шығармашылық топ баспаға әзірлеген бұл екі томдықта Мұстафа Шоқайұлының он жылдай уақытта 117 саны жарық көрген «Жас Түркістан» журналында жарияланған шығармалары топтастырылған. Бұл еңбектердің қай-қайсысында болмасын елін шексіз сүйген, халқының тәуелсіздігін аңсаған қайраткердің аса зор публицистік таланты мен ұстанған позициясы жарқырай көрінеді. Кезінде Париж бен Берлин секілді батыс әлемінің ірі орталықтарында басылған «Жас Түркістанда» оның басында тұрған Шоқайұлының мақалалары үзіліссіз жарық көрін жатты. Негізінен алғанда бұл еңбектерде Қазақстан мен кеңестік Түркістанның басқа да республикаларында 20-30-жылдары болып өткен қоғамдық өзгерістерге большевиктік, кеңестік көзқарастан мүлдем кереғар баға беріледі, кеңестік өмірдің, тыныс-тіршіліктің ақиқат мәні тереңінен ашылады. Мұстафа Шоқайұлының тәуелсіздік рухымен тығыз астасып жатқан көсемсөздері еліміздің рухани шежіресінде лайықты орнын тауып, үлкен құрметке ие болуда. Ұлы публицистің журналда жарияланған көсемсөздерінде өзіндік асқақ үні, жан-жүрегінің отты лебі аңғарылып тұрады. Мұстафа Шоқай «Біздің жол» атты арнау-кіріспе мақаласында «Жас Түркістанның» ұстанған бағыты мен алға қойған міндетін ашық түрде паш етеді: «Жанадан шыққан кез келген саяси журнал не газет оқырмандарына өзінің саяси мұратын, жолын және мақсатын таныстырып өтетін әдеті бар. Дәстүрге айналған осы әдетке біз де жүгінеміз. Ұстанған жолымызды ұзақ түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Тоқ етерін айтқанда, жолымыз бен мақсатымыз: Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарға бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды. Біз Отанымыздағы кеңес үстемдігінің ұлттық езгісіне қарсы күресіп жатқан миллиондаған түркістандықтардың бір шағын ғана бөлшегіміз. Біздің үніміз – ата мекеніміздегі қатты, зор дауыстың бір әлсіз жаңғырығы ғана. Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздігі жолындағы таластарының мән-мағынасын бұзбай, күшін әлсіретпей, «Жас Түркістан»

беттерінде көтере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік» [14].

Бұл - өлең үлгісін Ілияс Жансүгіров жас шағында жазған. Қазірде ұмытыла бастаған үй-жабдығын өлеңмен өрін, атауын атап, түсін түстеп беру Ілияс Жансүгіров шығармаларын ерекше ажарландырады. Осы тұрғыда жазылған өлең үлгілері Ілияс Жансүгіров поэзиясында кейінгі кезендерде берік орын алған.

«Жетісу суреттері» өлеңі Ілияс Жансүгіровтің ең айшықты шығармаларының бірі. Өз тұсында М.Әуезов бұл шығарманы бағалап былай деген еді: «Мен Ілияс Жансүгіровті бұрын білуші ем, өлеңдерін оқып жүретінмін. Бірақ оның шын мағынасында дарынды ақын екенін мойындағаным сол «Жетісу суреттері» өлеңін оқығаннан кейін» [13].

«Жетісу суретінде» ақын тіршілік иелерін атап өтеді. Өлең жолдары былай келеді:

Мінеки, Алатауға біткен торғай:  
Қара, боз, суық, бұқпас, сипті, шымшық,  
Шапшақай, майлық, маубасбұқа, шөже,  
Тоқылдақ, сан-сапалақ атаулысы-...

Ал аңдар атаулысы: сілеусін, ілбіс, аю, бұғы, бұлан қасқыр, шибөрі, қарсақ, сусар, бұлғын, жанат, таутеке, арқар, қарақұйрық, суыр, марал тағы басқалар. Жыртқыш құстар: тазқара, балта жұмар, құмай, жұртшы, су бүркіт, лашын, ұйған, тұнжыр, тынар, мықи, ителгі, бәрпі, қырғи, тұрымтай, бидайық, бүркіт, тыға нақ тағы басқа да құстар мен қазірде ұмыт болған ағаш - шөптердің атаулары өлеңде ерекше жарасым тауып, табиғи түрде орын тепкен.

Долана, үш қат, шетен, ырғай, арша,  
Ақ сасық, қызыл қайың, барша, шынар.  
Шырғанақ, сөңке, терек, сөгет, емен,  
Үйенкі, сырғай, балғын, тораңғылар,  
Сарыағаш, қойқарақат, жиде, шетен,  
Тобылғы, түйеқұйрық бауыр құрттар,  
Қараған, бозқараған, шеңгел, шілік,  
Сықылды ағаштардын талайы бар...

деп, Жетісудың бай, шүйгін табиғатын жырға қосады. Тегінде, «Жетісу суреттері», «Жалпы сын», «Тау суреті», «Жетісудағы су суреті», «Жетісу жәндігі», «Жер түгі» тәрізді бес бөлімнен, 333 жолдан тұратын көлемді туынды. Бұл шығарма асқан шебердің қолынан шыққан, құлпырып жайнаған, ерекше пафоспен жазылған қазақ поэзиясындағы еш қайталанбас құнды поэзиялық мұра.

Қазіргі дәуірде қанша құбыжық көрінгенімен, қазақ тарихындағы «ақтандақ беттер» саналатын коллективтендіру кезеңіне арналған туындылар Ілияс Жансүгіров шығармашылығында орын алатыны жасырын емес. Сол тұстағы кезең ыңғайына қарай қоғамда орын алып отырған солақай саясаттың белгілерінен ада шығармаларды Ілияс Жансүгіровта жазған. Бұл Кеңес одағында өмір кешкен әр саладағы шығармашылық өкілдердің басынан өткен жайт.

Қазақстан тарихындағы саяси-әлеуметтік науқан – қазақ жеріндегі ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу, өздерін жер аудару науқаны 1928 жылы басталды. Оған қызу ат салысқан шығармашылық одақтар үгіттік - насихаттық жұмыстарды жан-жақты жандандырып, өз тараптарынан үлесін қосып жатты. Әдебиет саласындағы өкілдер қалың қауымға үгіт-насихат жүргізу мақсатында өлең, әңгіме, очерк, дастандар мен деректі шығармалар жазып, көзге түсті. Ілияс бұл науқандық шараға арнап «Кәмпеске» деген шағын поэма жазды. Поэманың басты кейіпкері – Мұқан байдың дүниесінің тәркіленген сәттегі ішкі психологиялық қиналысы бейнеленген. Мұқанның малының алынуын, жинаған дүние-мүлкінің жалшы-жақыбайға үлестірілуін, зират басына апарып көмген тайтұяқ алтыны мен жамбысы ортаға салынып, шаңырағының ойраны шыққанын ақын фольклордағы жоқтау өлеңінің формасы арқылы шебер көрсете білген. Дүние-мүлік пен елден айырылып, жер аударылған Мұқан мен әйелі Ұлжан бөтен ел мен жұртқа бара жатыр, олардың сауық-сайран дәурені біткен. поезд бұларға адам жұтатын айдаһар болып елестейді. Ақынның мұндағы меғзейтіні – ескі элементтің жаңа заманның жаналығын қабыл ала алмайтын, олардың ғұмыры бітіп, құрдымға кеткенін көрсету.

1. *Жансүгіров Ілияс. Сөзстан. Алматы: Жалын, 1987. 83 бет.*
2. *Әуезов Мұхтар. Әр жылдар ойлары. Алматы: ДМКӨБ, 1959, 76 бет*
3. *Тоғжанов Ф. Әдебиет және сын мәселелері. Қызылорда, 1929. 108 бет.*
4. *Шапаев Т. Ой түбінде жатқан сөз: Әдеби-сын мақалалар. – А. 1989.*
5. *Нұрғалиев Р. Қазақ революциялық поэзиясы. – Алматы: Мектеп. 1987.*
6. *Шәріп А. Қазақ поэзиясында ұлттық идеяның көркем бейнеленуі... А. 2001.*

## НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕЯ В ЛИРИКЕ ИЛИЯСА ЖАНСУГУРОВА

**Б.М. Султанова** – *Казахский государственный женский педагогический университет*

**М.Ш. Тойганбекова** – *Казахский национальный университет им. аль-Фараби*

### Резюме

В настоящей статье выясняются художественно-эстетические особенности и национальная идея казахской поэзии, определившие ее особое место в культурно-духовной жизни народа. В статье показаны пути развития, значительные достижения и взлеты поэзии И.Жансүгурова.

В статье описаны значимость, проблематика и идейно-тематическое содержание казахской поэзии. В статье рассматривается поэзия И.Жансүгурова как яркий образец казахского литературного языка и осуществляется анализ литературной особенности поэта. Теоретически обосновывается сущность реалистического описания родного края, а также роль различных литературных средств в выражении культурных ассоциаций, ценностей, ярко и образно передающих национальный колорит казахского народа. Выявляется литературная специфика поэзии И.Жансүгурова, особым образом проецируются различные коннотации, образы, эмоционально-экспрессивная окрашенность. Разные языковые средства, выявленные в стихотворении несут богатую культурную информацию о мире и месте человека в нем.

Авторская индивидуальность И.Жансүгурова и его мастерство проявляются в своеобразном выборе и организации языковых единиц, образных средств в стихотворении. Особую роль поэт отводит в бескрайный степь, хранящий в себе глубокое познание народом окружающего мира.

**NATIONAL IDEA IN LYRICS ILYAS ZHANSUGUROV**  
**B.M. Sultanova - Kazakh State Women's Pedagogical university**  
**M.Sh. Toyganbekova - Kazakh National University Al-Farabi**

**Summary**

In front of you there is an article about Ilyas Zhansugurov's poetry, which determines its special place in the cultural and spiritual life of the Kazakh people. The article describes the development, achievements of I. Zhansugurov's poetry.

The article describes the importance and problems of ideological and thematic content of the Kazakh poetry. The article discusses poetry I. Zhansugurov as a vivid example of the Kazakh literary language and literary analysis as particularly poet. Theoretically justified a realistic description of the nature of his native land, as well as the role of various literary means in terms of cultural aspects, values, clearly and vividly transmit the national color of the Kazakh people. Revealed specific literary poetry I. Zhansugurov, specially projected different connotations, images, emotional and expressive coloring. Different language features are identified in the poem's rich cultural information about the world and man's place in it.

Author's personality and I. Zhansugurov's skill appear in a kind of selection and organization of linguistic units, figurative means in the poem. The special role of the poet assigns to the endless steps that contains a deep knowledge of the people of the world.

**ӘОЖ 821.0:378**

**ИНТЕРТЕКСТУАЛДЫЛЫҚ – МӘТІНДЕР АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС**

**Ғ.Б. Тоқшылықова – Абай атындағы ҚазҰПУ, қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы**

**Андатпа.** Мақалада интертекстуалдылық мәселесі сөз болады. Мақала өзектілігі бірнеше факторлармен айқындалады. Біріншіден, интертекстуалдылық категориясын мәдени құбылыс ретінде танылып, мәтіндік категория делінсе; екіншіден, әртүрлі мәдени-тілдік ортада пайда болған мәтіндердің көркем шығармадағы көрінісін зерделеу мәселесі сөз болады. Постмодернизм әдебиетінде интертекстуалдылық басты орынға шығады, мәтіндер арасында байланыс бар, олардың кез-келгені әлем әдебиеті контекстінде көрініс табады. Әдебиеттану ғылымындағы интертекстуалдылық мәселесіне қатысты ойлар легі сан алуан. Соны назарға алған автор интертекстуалдылық категориясын қарастырған бірнеше зерттеуші ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, интертекстуалдылық табиғатын танытуға талпынған, интертекстуалдылық мәселесіне қатысты ғылымдағы көзқарасты, оның зерттелу барысын, негізгі белгілері мен ерекшеліктерін ашып көрсеткен.

**Кілт сөздер:** интертекстуалдылық, интермәтін, постмодернизм, транстекстуалдылық, паратекстуалдылық, метатекстуалдылық, гипертекстуалдылық

Постмодернизм – «пост» тіркесі біздің ұғымымызда «кейінгі» деген мағынаны береді. Әдебиетте постмодернизм ағымы модернизмнен кейін өмірге келген, модернизм ағымына, модернизм дәуірінің нәтижелеріне қарсы реакция ретінде түсіндіріледі. Атап айтқанда, екінші дүниежүзілік соғыстың адам құқығын аяққа таптап, адам өмірін түкке тұрғысыз етіп көрсетуі, Хиросима мен Нагасакидегі атом бомбасының жарылысы, державалардың арасындағы қарусыз, «салқын» соғыстың (саяси) салдары адамзатқа, жалпы әлеуметке қатты әсер етті. Әдебиет – қоғам айнасы болғандықтан, оның салқыны сөз өнеріне де келіп, оған «постмодернизм» деген ат жамалды. Зерттеушілер постмодернизмнің пайда болып, дамып, көркейіп, өркендеген шағы деп дәл уақытты белгілеп бере алмайды. Тіпті, оның өмірі қай уақытқа дейін созылатындығы, немен, қалай аяқталатындығы да белгісіз.

Постмодернизм құбылысының пайда болуы жөнінде де ортақ пікір жоқ. Зерттеуші И. Голованова постмодернизмнің жалпы пайда болу, даму сипатына жан-жақты тоқтала келіп, төмендегідей мәліметтер келтіреді. Ең алғаш постмодернизм термині 1914 жылы Р. Панвинтің «Еуропалық мәдениеттің құлдырауы» атты еңбегінде көрінсе, 1934 жылы әдебиеттанушы Ф. де Онис өзінің «Испандық және латынамерикандық поэзия антологиясы» атты кітабында постмодернизмді модернизмге қарсы реакция мағынасында түсіндірді. 1947 жылы тарихшы, философ Арнольд Тойнби

«Тарихты түсіну» кітабында постмодернизмге мәдени сипат берін, постмодернизмді дін мен мәдениеттегі батыс билігінің құлдырауы деп сипаттайды. Әдебиет саласында постмодернизм терминін алғаш қолданып, толыққанды енгізуші, постмодернизмнің негізгі белгілерін анықтап көрсетіп, классификациясын жасаған американдық оқымысты Ихаб Хассан (1971). Осыған байланысты көптеген зерттеушілер постмодернизмнің отаны, қанат жайып, дамыған жері – АҚШ деп санайды. Ал француз оқымыстысы Ж.Ф.Лиотардың 1979 жылы жарық көрген «Постмодернистік жағдай» атты еңбегінде постмодернизмнің пайда болуы философиялық тұрғыдан жан-жақты сарапталған [1].

Әдебиеттанушылардың дені постмодернизмді ХХ ғасырдың ортасында мәдениет пен өркениеттің тоқырауы салдарынан дүниеге келген тарихи құбылыс деп таныса, кейінгілері кез-келген дәуірдің тоқыраған, құлдылаған, кері кеткен тұсында пайда болатын транстарихи құбылыс ретінде қарайды. Постмодернизмді модернизмнің дамуы әрі жалғасы, жаңа тарихи кезеңде модернистік әдебиет тенденцияларының жалғасы ретінде таныса, басқалары постмодернизм мәдениеті классикалық модернизмнен қол үзді дейді, ал үшінші бір топ өткен заман туындыгерлерінің шығармашылығынан модернизм идеялары мен принциптерінің ұшқынын іздеуде. Қалай болғанда да, постмодернизм өткеннің жалғасы, өткен дәуірдегі модернизм мәдениетімен тығыз байланыста екендігі даусыз. Тіпті зерттеуші Ихаб Хассанның өзі постмодернизмнің классификациясын жасап, негізгі ерекшеліктерін көрсеткенде тек модернизммен салыстырмалы тұрғыда ала отырып, дәлелдеген болатын.

Бүгінгі қазақ әдебиетінде постмодернизмге қатысты пікірлер легі сан алуан. Әдебиетшілер тобының бір парасы оны «тексіз, тамырсыз, баянсыз, космополиттік дүниетаным» деп (Ә.Меңдеке, Д.Ысқақ) мүлде қарсы шықса, екінші тобы постмодернизмді жаңа заман талабы деп танып, оған көшуді мақұлдайды (Ә.Бөпежанова, Ә.Қодар, Т.Шапай), ал үшінші топ – жас қаламгерлер тобы «жанашыл жазу», «еркін әдебиет», «ұлт әдебиеті үшін маңызды» (А.Елғезек, Л.Қоныс, Д.Амантай) деп танып, толық қолдау білдірді. Зерттеуші ғалым Б.Майтанов ғылыми мақалаларында қазақ әдебиетіндегі постмодернизм көрінісіне, бірқатар ақын-жазушылар шығармаларындағы постмодернистік сарындар мен белгілерге талдау жасап көрсетіп берді. Ал зерттеуші С.Асылбекұлы жазушы Оралхан Бөкеевтің прозасын жан-жақты қарастыра отырып, оны қазақ постмодернизмінің жарқын өкілі ретінде танытады. Постмодернизмнің негізгі белгілерінен саналатын «адамның социумды жатсынуы, одан өзіне лайықты орын таба алмай тығырыққа тірелуі, өмірді, тіршілікті белгілі бір мағынаға, логикаға сыйымды әлеуметтік қарым-қатынастардың тізбегі ретінде емес, ешқандай логикаға сыймайтын бей-берекетсіздік әлемі, хаос ретінде қабылдаудың» Оралхан кейіпкерлеріне де жат емес екендігін әңгімелерінің поэтикасын сөз ету арқылы нақтылы мысалдармен дәлелдейді [2,71]. Ә.Әбіл-Серіктің постмодернизм хақында айтқан пікірі өзгеше: «Қазақ постмодернизмі ұлт алдына айна қойып, қазақ келбетін түрлі қырынан алып кескіндеді. Алаштың әлеуметтік, саяси, діни кескіні айқын таныла бермейтін астарлана берілетін шығармалар шоғыры өмірге келе бастады. Алаш өркениетін түрлі ракурста еліне таныту мақсаты шығармашылық адамдарының ойы мен еркін биледі. Ұлт тарихы алаштың өткенінен басталғандығы барша қазақтың сөзін ұстағандар үшін адастырмайтын темірқазыққа айналды» [3]. Байқап отырғанымыздай, мақала авторы бүгінгі қазақ жазушыларының өткенді пародиялау арқылы постмодернизмнің негізгі белгілері әдеби ойын, батыл эксперименттерге жол берін, оқырмандарға Алаштың шынайы келбетін танытуға талаптанғанына ризашылығын білдіреді.

Әдеби дәстүрдің бәрін тәрк еткен ағымның бізде көрініс табу себебі неде деген сұраққа бір ауыз сөзбен жауап беру мүмкін емес. Біздіңше, ең негізгі себебі, сөз қадірінің кетіп, көркем туындының, кітаптың оқылмауы, әдебиеттің рөлінің төмендеуі. Ұрпақтың рухани азғындауына жазушылардың (кейіпкерлері арқылы) іштей қарсылығы, күресі. Әдебиеттің сөз өнері ретіндегі қадірін жоғалтпау үшін оқырманды қызықтырып, әдебиет әлеміне әкелу үшін жазушылардың қолданып отырған тәсілі, жаңалыққа деген ұмтылысы деп те тануға болады. Біздің жазушыларымыздың көпшілігі өмірге басқаша көзқараспен қарап, жаңаша түсінін, жаңаша пайымдап, жаңаша түйсінуге тырысып бағуда. Мықты тәуелсіз мемлекетімізді құру үшін ұлттық рухымызды көтеріп, қайта бір жаңғыртып алу қамымен, түп-тамырымызды іздеп, кімбіз, қайдан шықтық деген сауалға мың сан жауап іздеп (көпшілігі түркілік бастаудан іздейді), сарсылуда (қазақ әдебиетінің тарихы ХV ғасырдан, Бұқар заманынан басталады деудің өзі абсурд).

Отарлаушы державалардың негізгі ұстанымы – өздері отарлайтын ұлттың тілін, әдебиетін, салтын, психологиясын, танымын толық меңгеру, сол арқылы ол ұлттың әлсіз, осал, кемшін тұстарын білін алу болып табылады. Ұлттың осал жерін біліп алғаннан кейін («Нибелунг» жырындағы Зиғфридтің жанды жері секілді) оларды билеп-төстеу де, жеңу де, бағындырып, құл ету де ешқандай қиындық тудырмасы анық. ХХІ ғасыр – білімнің, ғылымның ғасыры. Сондықтан да айналамызға сергек қарап, болып жатқан құбылыстардың барлық құпиясын, артықшылығын, кемшілігін, астары мен мақсатын білін отыруымыз қажет. Соның ішінде, постмодернизмнен қорқып, үрікпей, керісінше, оның тарихы мен теориясы, ерекшелігі жөнінде толық білуіміз қажет. Бүгінгі оқыған, саналы азамат өзіне қажеттісін адаспай тауып алады.

Постмодернизмнің идеясы адам өмірінің барлық саласына әсер етті. Өткен ғасырлардың мәдени жиынтығы болып табылатындықтан, құбылыстардың өзара кірігуін, бірігуін, құбылу, ауысуын, өнер синтезін тудырды. Постмодернистік туынды интертекстуалдылыққа негізделеді. Сол себепті біз қазіргі ғылыми әдебиеттердегі «интертекстуалдылық» жөніндегі зерттеушілер пікірлерін саралап алуға талпындық. Көп жылдық тарихы бар, ғасырлар бойы қордаланған қазақ әдебиетіндегі постмодернистік мәтіндерге интерпретациялық зерделеу жасау қажет. Ол үшін алдымен интертекстуалдылық мәселесіне деген ғылымдағы көзқарасты, оның зерттелу барысын, негізгі белгілері мен ерекшеліктерін білуіміз қажет. Интертекстуалдылық мәселесімен М.М.Бахтин, Ю.М.Лотман, Ю.Кристева, В.Н.Топоров, Р.Барт т.б. айналысты.

Постмодернизмнің басты нысаны – үлкен әріппен басталатын Мәтін. Постмодернизм теориясы әлемдегі ең танымал, ықпалды философ, мәдениеттанушы, әдебиеттанушы, семиотик, лингвист ғалым Жак Дерриданың концепциясының негізінде пайда болды. Дерриданың түсінігінше, «әлем – бұл мәтін», «мәтін – ақиқаттың жалғыз ғана мүмкін моделі» [4]. Әрбір мәтін интермәтін болып табылады, себебі мұнда басқа мәтіндер әртүрлі деңгейде немесе адам аңғармай қалатын пішінде негізгі мәтінге еніп, қолданылып отырады. Әрбір мәтін бұрынғы ескі нитатадан алынған жаңа мәтінді құрайды. Мәдени код, формула, ритмикалық құрылым, әлеуметтік идиомалардың үзінділері – мәтін ішінде араласып жүреді.

Интертекстуалдылық – мәтіндердің байланысы болғандықтан, біз «мәтін» терминінің анықтамасына тоқталамыз. Ю.Лотман мәтінді автордың ойын бейнелейтін графикалық бекітілген мәлімет, дәуірлердің эстетикалық ізденісі деп қарастырады. Мәтін оның ойынша, жоғарғы деңгей емес, ол көптеген мәтіннен тыс байланыстармен шырмалған.

Көркем туынды тек мәтінмен бітпейді. Мәтін – байланыс элементтерінің бірі. Көркем туындының тіні іштей әдеби норма, дәстүр, көріністерге бағынған мәтіннен құралады. Мәтін – оқуға арналған автор өндірісінің өнімі. Оның хабарды қабылдайтын әрі түсінетін адресаты бар. Автор хабарды кодтаса, реципиент – декодтайды. В.Дильтей теориясы бойынша мәтін дискретті, концептуалды [5]. Дискреттік дегеніміз – жүйелілік, бірізділік.

Мәтіннің негізгі белгілері: таңбалық табиғаты, бірізділік, таңбалар арасындағы синтағмалық байланыс. Осы белгілердің барлығы болған жағдайда кез-келген объект мәтін ретінде қарастырылады.

Қоғамдағы экономикалық тоқырау, рухани ашаршылық, «мәдениеттің шаршауы» шығармашылық иелерін «барлығы айтылды», «айтылмаған шындық жоқ» деген түсінікке әкелін, енді бар жаңалық бұрынғы бар мәтіндерді интерпретациялық зерделеу арқылы ғана ашылады деген ойды алға тартты (М.Брэдбери). Кез-келген шығарма өзінің шекараларын ашып, бұрынғы ойлармен бекітіліп, толыққанда ғана, әдеби эволюция үдерісіне қосылғанда ғана мәтін бола алады. Мәтіннің бұл қасиетін біз интертекстуалдылық дейміз. Шындығында кез-келген мәтін интермәтін делінеді. Бұған классикалық анықтаманы берген Р.Барт: «Әрбір мәтін интермәтін бола алады; басқа мәтіндер оған әртүрлі деңгейде, әртүрлі пішінде қатыса алады: өткен мәдениет мәтіндері көне нитаталардан түзілген жаңа негізді құрады. Мәдени кодтардың, формула, ырғақтық құрылымдардың үзік қиындылары, әлеуметтік идиомалар үзінділері – мұның бәрін мәтін жұтып қояды да, араластырып жібереді [6].

Интертекстуалдылық – мәтіндер арасындағы өзінше бір диалог, мұнда претекст (протекст) элементтерінің бұрыннан бар мәтін элементтерімен ұқсастығы болады және олар әртүрлі деңгейде (лексикалық, стильдік, құрылымдық, мазмұндық) көрініс табады және мәтінді толық түсінуге мүмкіндік береді. Интертекстуалдылық сыртқы элем жөнінде ақпараттар беріп отырады, яғни

референтивтік қызмет атқарады. Интертекстуалдылық метамәтіндік қызметті де атқарады. Мәтін ішіндегі кейбір үзінділердің басқа бір мәтіннен алынғанын аңғарған оқырман (кейбіреулері аңғармауы да мүмкін) үшін әрқашан таңдау бар: бұл үзіндінің бұрынғы үзіндіден ешқандай айырмашылығы жоқ дей отыра мәтінді әрі қарай оқи береді немесе мәтінді тереңірек түсіну үшін негізгі түпмәтінді тауып оқиды (есіне түсіреді). Бұл үзіндіні түсіну үшін негізгі түпмәтінмен арасындағы өзекті байланысты табады, яғни үзіндінің мағынасын ашады. Осылайша интертекстуалдылық қатынас бір уақытта «мәтін ішіндегі мәтін» конструкциясын немесе «мәтін туралы мәтін» конструкциясын көрсетеді.

Интертекстуалдылық – индивидтің туындысы тұйықталған (оқшауланған) дүние емес, барлығына ортақ деген ұғымды ұстанады. Постмодернизм әдебиетінде интертекстуалдылық басты орынға шығады: мәтіндер арасында байланыс бар, олардың кез-келгені әлем әдебиеті контекстінде көрініс табады. Постмодернизм сыншылары мұны түпнұсқаның жойылуы және штампқа тәуелділіктен арылу деп таниды. Интертекстуалдылық басқа әдеби туындыға сілтеме бола алады, онымен салыстыруға болады, стилін алуға болады. Постмодернистік әдебиетте ертегілер мен мифтер, ғылыми фантастика мен детектив жанрларынан үзінділер жиі кездесіп отырады. Интертекстуалдылықты пайдалану Борхестің «Пьер Менар, Дон Кихоттың авторы» романынан бастау алады. Мұнда бас кейіпкер Сервантестің «Дон Кихот» шығармасын көшіріп жазады. Терминді әдебиетке енгізген француз зерттеушісі, постструктуралистік ориентация маманы Юлия Кристева деп саналады. «Бахтин, сөз, диалог, роман» (1967) атты мақаласында М.Бахтин теориясына тоқталып, оны әрі қарай «Семиотика. Семанализ бойынша зерттеулер» (1969), «Поэтиканың бүлінуі» (1970), «Поэтикалық тіл төңкерісі. XIX ғ. соңындағы авангард: Лотреамон және Малларме» (1974) атты еңбектерінде дамытып, интерпретациялады. Зерттеушілер теоретик ғалым М.Бахтин өзінің теориялық еңбегінде әдеби мәтінді полифониялық құрылым ретінде сипаттағаннан кейін, Ю.Кристева соның ықпалымен осы терминді енгізді деген пікір айтады [7]. Шынында «мәтіндер арасындағы диалог» идеясының авторы М.М.Бахтин болатын. Интертекстуалдылық ғылыми, көркем мәтіндерде көрініс тауып отырады. Интертекстуалдылықтың негізгі белгілерінің бірі – нитаталармен ойнау. Сол себепті постмодернизмді «нитаталық әдебиет» деп те атайды. Мысалы Жак Ривэ Барышнидің романында жалпы саны 408 автор еңбектерінен 750 нитата келтірілген. Кристеваның пайымдауынша, бір мәтіннің екінші мәтін ішінде көрініс табуы, мәтін ішінде басқа мәтіндер мен кодтардың қабысып кетуі, басқа мәтіндердің трансформациялануы – бұл мәтін шекарасын жойып жібереді. Ал бұл өз кезегінде мәтіннің аяқталмауына, ашық күйінде қалуына, көптүрлілігіне әкеліп соғады.

Әдебиеттану ғылымындағы интертекстуалдылық мәселесінің берілуі әртүрлі. Бүгінде ол әртүрлі мектептер мен бағыттардың өкілдері арқылы әртүрлі түсіндіріледі. Р.Барт, В.Лейф, Ш.Гривельдер интертекстуалдылықты «көне нитаталардан тоқылған жаңа арқау, жаңа негіз» деп таниды. Постструктуралистік бағытта жоғарыда айтып өткеніміздей, Ю.Кристева бұл құбылысты бұрынғының қайтадан қиысып, қисындасуы арқылы жаңаның тууы, «нитация мозайкасы» деп қарастырады. Яғни, кез-келген мәтін басқа бір мәтінді бойына сіңіреді немесе трансформацияланады (өзгереді, ауысады, айналады). Бұл трактовка әдебиетте қалыптасқан мәтін әрқашан өзіндік референциясын сақтайды деген С.Джон теориясына қайшы келеді. «Бөгде сөз» басқа контексте енгенде өзіндік негізімен де, интеграциялық белгілерімен де тепе-теңдікті ұстау қажет. Осы шарттарды сақтағанда ғана «өзінікі» мен «өзгенікінің» арасындағы тепе-теңдік сақталады.

Ю.С.Степанов «интертекстуалдылық екі мәтінге қатысты, «ол көп қабатты, оның бірінші қабатында – интермәтін, ал басқа қабаттарын «мәтін» деуге келмейді, өйткені олар «оқылмайтын» – түсінік, образ, ұғым, идеялардан тұрады» десе [8], И.П.Ильин: «біз интертекстуалдылық деп жекелеген мәтін ішінде жүріп жатқан мәтіндік интеракцияны айтамыз. Танылатын субъект үшін интертекстуалдылық – бұл мәтін тарихты қалай оқып, оған кіріксе, сол тәсілдің белгісі – интертекстуалдылық болады» [9] деп пайымдайды. Н.Фатеева интертекстуалдылықты образды ойлаудың жаңа деңгейі ретінде қарастырып, шығармашылық даралыққа ерекше мән береді. Оның пайымдауынша, интертекстуалдылық – өзіндік мәтіннің ғенезисі әдісі және оппозиция, идентификация қатынасы және басқа авторлардың мәтіндерін бүркемелеу сияқты күрделі жүйе арқылы өзіндік авторлық «Меннің» постулаттануы» [10]. Зерттеуші Ю.П.Солодуб бойынша интертекстуалдылық бәрінен бұрын әртүрлі авторларға тиесілі және уақытқа қатысына қарай

неғұрлым ерте немесе неғұрлым кейінгі деп анықталатын екі көркем мәтіннің арасындағы байланыс ретінде түсіндіріледі [11].

Мәтінаралық қатынастардың жүйеленуі француз әдебиеттанушысы Жерар Жанеттке тиесілі [5]. Ол «Палимпсест» (1982) атты кітабында «транстекстуалдылық» түсінігін енгізді және мәтін қатынастарының бес түрлі жүйесін ұсынды:

- Интертекстуалдылық – бір мәтіннің ішінде екі немесе одан да көп мәтіндердің қатысуы, мұнда тұтас мәтіннің өзі болуы да немесе жекелеген фрагменттері (цитата, аллюзия, реминисценция т.б.) болуы мүмкін;

- Паратекстуалдылық – мәтіннің атауына, эпиграфына, соңғы сөзіне деген қатынасы. Бұл өз кезегінде мәтіннің қоршаған ортамен байланысы болып табылады;

- Метатекстуалдылық – өзінің претексіне түсініктеме береді және сыни сілтемені жиі жасап отырады, яғни сыншылар мен оқырмандардың ойы, талдаулары, интерпретациясы басты назарда болады;

- Гипертекстуалдылық – бір мәтін арқылы екінші мәтінді сықаққа, келемежге айналдыру. Гипертекстуалдылықтың тағы бір ерекшелігі «геральдикалық конструкция» болып табылады, мұнда мәтін екі еселеніп, ұлғайып, өзінен-өзі көрініс табады. Кең мағынасында алғанда бұл тұтас мәтіннің басқа бір мәтінге кірігіп кетуі.

- Архитекстуалдылық – мәтіндердің жанрлық байланысы.

Бұл бізді ол мәтіндердің арасындағы құрылымдық өзара байланысты іздеп, табуға жетелейді, ішкі мәтінді сырттың эмблемасы ретінде оқып, тануға апарды.

Ғылыми зерттеулерде интертекстуалдылықты екі түрлі: оқырмандық және авторлық позиция тұрғысынан сипаттап, түсіндіреді. Оқырман көзқарасы бойынша интертекстуалдылық мәтін ішіндегі сілтемелерді тереңірек түсінуге көмектессе; автордың көзқарасы бойынша (оқырманмен қарым-қатынасты бекітуден басқа) өзіндік мәтінді тудыру жолы және басқа авторлар мәтіндері арқылы өзіндік шығармашылық даралығын қалыптастыру. Көркем шығармашылық деген көркем шығарманың тууы. Егер автор әлемде аналогы жоқ мәтін ойлап тапса да бұл мәтіннен ешқандай интертекстуалдылық байланыстар кездеспейді деген сөз емес. Тәжірибелі оқырман мәтіннен ішкі және сыртқы интертекстуалдылықты байқай алады. Сыртқы интертекстуалдылық оқырманның бұған ұқсас көркем туындының бар екенін аңғаруы болса, ал ішкі интертекстуалдылық мәтін ішінде қолданылған фразалар мен сөз тіркестерін табуы.

Постмодернистік туындылардағы мәтін құрылымын зерттегенде ғалымдар оқырманға әлемді мәнсіз, мағынасыз, жүйесіз, ешбір заңдылықсыз дүние ретінде түсіндіру үшін автордың көптеген үзінділер, хаос түрінде баяндау эффектісін тудырудың сан алуан жолдарын пайдаланатынын көрсетіп берді. Бір шығарманың ішінде мұншама көп тәсілдің кездесуі дәстүрлі баяндауды бұзып, бұрынғы үйреншікті қалыпты жоққа шығарады. Соның ішінде, оқиғаның хронологиялық ретпен берілуі, автордың шығармадағы беделі (постмодернизмде оны авторлық маска ауыстырған), жанрлық тұтастық, шындыққа жанасымдылық сақталмайды. Постмодернизмде мәтінге ерекше көңіл бөлінеді, ал мәтіннің өзі өмірді суреттеуден немесе өмір туралы ой қорытудан тұрмайды, үзінділер, цитаталар, түрлі пікірлерден құралады. Бір мәтінді әртүрлі интерпретациялау, әдеби ойын, өткен мен бүгінгі пародиялау арқылы қоғамдағы қарама-қайшылықтарды, оның адам санасындағы көрінісін, трагедиялық дүниетанымын суреттеу, жай суреттеу емес көпмағыналылыққа бой алдырып, адам ойына күдік кіргізіп суреттеу – постмодернизмге тән құбылыс. Постмодернизмнің негізгі ерекшеліктерінің бірі – әртүрлі дәуір, кезең, түрлі мәдениеттен алынған стиль, образдық мотив, тәсілдердің бір шығарманың ішінде тұтасып, түйдектей келуі. Сондықтан да суреттелетін оқиғаларының мерзімі, уақыты, орны анық емес.

Демек, интертекстуалдылық бұл бір мәтіннің екінші мәтінді қайталауы, көшіріп жазуы; ал интермәтін – барлық мәтіндердің жиынтығы. Интертекстуалдылық – бұл пародия, плагиат, көшіріп жазу, коллаж, аллюзия, цитата секілді әртүрлі формаларды қамтитын жалпы ұғым.

Мәтін мен көркем туындының табиғатын қарастырған көптеген зерттеушілер әртүрлі шығармалар арасында байланыс бар екендігін, сондай-ақ, нақты бір туындының мәдени, тарихи құбылыспен байланысы бар екенін жоққа шығармайды. Бірақ олардың бұл құбылысқа, бұл байланысқа берген пікір, анықтамалары бірдей емес. Десек те интертекстуалдылық табиғатын түсіндірің, жіктеуде, оның негізгі критерийлерін саралаған ойлары бір арнаға тоғысатындығы байқалады.

- 1 Голованова И. История мировой литературы. [pfi.edu.ru/IDO/period/rudn/n1\\_98/about.html](http://pfi.edu.ru/IDO/period/rudn/n1_98/about.html)
- 2 Асылбекұлы С. О.Бөкеев әңгімелерінің поэтикасы. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Филология ғылымдар» сериясы, 2013. №4(46).
- 3 Әбіл-Серік Ә. Думан Рамазан және постмодернизм. Википедия.
- 4 Деррида Ж. Письмо и различие // Ж.Деррида. СПб.: Академпроект, 2000. -430с.
- 5 Новые исследования по интертекстуальности // База данных по интертекстуальности. <http://www.philolog.ru/philology/intertext.htm>.
- 6 Барт Р. Избранные работы. Семиотика. Поэтика. –М.: Прогресс, 1978. -616с.
- 7 Липовецкий М.Н. Русский постмодернизм. Очерки исторической поэтики. – Екатеринбург, 1997. -217с.
- 8 Степанов Ю.С. «Интертекст», «интернет», «интерсубъект»: к основаниям сравнительной концептологии // Известия АН. Сер. Литературы и языка. -2001. –Т.60, №1. –с.3-11.
- 9 Ильин И.П. Интертекстуальность // Современное зарубежное литературоведение: Энциклопедический справочник. –М.: Интрада, 1996. –с.217.
- 10 Фатеева Н.А. Интертекстуальность и ее функции в художественном дискурсе // Известия АН. Сер. Литературы и языка. -1997. –Т.56, №5. –С.12-21.
- 11 Солодуб Ю.П. Интертекстуальность как лингвистическая проблема // Филологические науки. -2000. №2. –С.51-57.

### ИНТЕРТЕКСТУАЛЬНОСТЬ – СВЯЗЬ МЕЖДУ ТЕКСТАМИ

**Г.Б. Токшылыкова** – ст. преподаватель кафедры казахской литературы КазНПУ имени Абая

#### Резюме

В статье вкратце говорится об истории появления термина «интертекстуальность». Актуальность данной статьи обусловлена несколькими факторами. С одной стороны, интересом к категории интертекстуальность как явлению культуры и как текстовой категории, а с другой стороны, существует явная необходимость изучения специфики ее проявления в произведениях художественной литературы, которые были созданы в различных культурно-языковых сообществах. Автор рассмотрел понятие интертекстуальность и различные подходы к ее изучению, а также виды ее языковой реализации в тексте. В литературоведении подход к проблеме интертекстуальности неоднозначен. Она понимается в настоящее время по-разному представителями различных школ и направлений. Теория интертекстуальности складывалась главным образом в ходе исследования интертекстуальных связей в художественной литературе.

**Ключевые слова:** интертекстуальность, интертекст, постмодернизм, транстекстуальность, паратекстуальность, метатекстуальность, гипертекстуальность.

### INTERTEXTUALITY - THE LINK BETWEEN TEXT

**G.B. Tokshylykova** – senior Lecturer, Department of Kazakh literature, Kazakh National Pedagogical University named after Abay

#### Summary

The article briefly tells the history of the emergence of the term "intertextuality". The relevance of this article is due to several factors. On the one hand, interest in the category of intertextuality as a cultural phenomenon and as a text category, and on the other hand, there is a clear need to study the specifics of its manifestation in the literary works that have been created in different cultural and linguistic communities. The author has considered the concept of intertextuality, and different approaches to its study, and the types of its implementation language in the text. In literary approach to the problem of intertextuality is ambiguous. It is currently understood differently by representatives of various schools and trends. The theory of intertextuality evolved mainly in the study of intertextual relationships in fiction.

**Keywords:** intertextuality, intertext, postmodernism, transtextuality, paratextuality, metatextuality, gipertextuality.

ӘОЖ 821512.122.0

## А.АЛТАЙ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ АУЫЛ ТАҚЫРЫБЫ

П.Қ. Юсуп – ҚазМемҚызПУ, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

**Түйіндеме.** Мақалада қазіргі қазақ прозасында өзіндік стилі, тақырып таңдауы мен ой еркіндігімен ерекшеленетін жазушы Асқар Алтайдың ауыл тақырыбына жазылған әңгімелеріндегі көтерілген қоғамдық мәселелер, адам тағдыры, жаратылыс құпиялары мен табиғат тылсымдары туралы саралау жасалған. Тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде қазақ прозасында өмір, өлім, махаббат т.б. сияқты мәңгілік тақырыптармен бірге қазақ дүниетанымы мен өмірлік қалыбының негізі саналатын «ауыл» тақырыбы да әр қырынан суреттеу нысанына айналды. Кеңестік қоғамдағы социалистік реализм шеңберінен аспай, идеологиялық таным аясында ғана көтерілген ауыл мәселелері бүгінгі қаламгерлер шығармаларында ақиқат өмірдің шын бет-бейнесін көрсету арқылы айшықтала түсті.

Мақалада А.Алтайдың ауыл тақырыбына жазылған әңгімелеріндегі адам мен табиғат арасындағы байланыс, экология мәселелері мен оның қасіретті зардаптары, урбанизацияның қазақ қоғамына тиізген әсері жан-жақты талданып, бүгінгі қоғамдық ой-пікірлер туғызған авторлық идея мен шығармашылық концептілер айқындалады. Қазіргі қазақ прозасындағы әдеби бағыт пен тақырып ауқымының кеңеюіне жан-жақты еңбек етіп жүрген А.Алтайдың шығармашылық лабораториясының ерекшелігі мен жазушының стильдік өзгешелігі қарастырылады. Мақалада жазушы әңгімелеріндегі мифтік сарын, символ-бейнелердің философиялық астары мен суреткер шешімінің ерекшеліктері талданады.

**Тірек сөздер:** әңгіме, ауыл тақырыбы, роман, повесть, ішкі монолог, урбанизация, стильдік қолданыстар, топонимдік атау, символдық образ, бөрі символы, архитип, жазушылық шеберлік.

Ұлы сөз өнері – өнер түрлерінің ішінде әрқашанда өзінің сезім еркіндігімен, жан тазалығы және рухани бостандығымен ерекшеленетін ерекше өнер түрі. Сол себепті әлеуметтік қоғам тудырған мәңгілік тақырыптар суреткерлердің алтын қаламдары арқылы құдіретті сөз өнерінің күшімен оқырман жүрегіне жол табады. Өткен ғасырдың аяғы мен жаңа ғасырдың алғашқы он жылдығында қазақ прозасында асқақ ойымен, халқын сүйген ұлтжандылығымен, еркін кескін-келбетімен өзінің әңгімелерін дүниеге әкелген сондай талантты жазушыларымыздың бірі – А.Алтай. Халықаралық Алаш сыйлығының иегері А.Алтай – прозаның кіші жанрларынан бастап, ірі романдарға («Алтайдың алқызыл модағайы», «Қайың сауған, Ел ауған») дейін түрен тартқан қаламгер. Оның кез келген шығармасы соңғы жылдары қазақ прозасына қосылған өзіндік бет-бейнесі бар іргелі шығарма ретінде танылып, жаңа заманға қосылған жаңа леп ретінде кеңінен таралуда. Осыған орай, жазушының әрбір әңгімесі, әрбір повесі мен романы егеменді елдің өткені мен бүгінін, келешегін сипаттап, кең құлаш жая жазуы заңды құбылыс болып табылады.

Тәуелсіздік алғалы бері соңғы жылдарда қазақ прозасында көркем әңгіменің де тақырып ауқымы кеңейіп, еркін ойлы туындылар дүниеге келе бастады. Әдеби сыншы А.Нұрқатов сипаттағандай, «әңгіме өмір шындығын қамту жағынан роман мен повестен әлдеқайда тараң, тапшы екендігі әркімге де аян. Бірақ өмір шындығына суреткерлік қатынас, ғеройдың тағдыры мен талайын, іс-әрекетін, рухани келбетін реалистік тұрғыда суреттеу принципі және жалпы көркемдік әдіс жағынан алғанда романшыға да, әңгімеші-новеллашыға да қойылатын талап бірегей. Роман, повесть, тінті эпопея сияқты, әңгіме де өмір шындығын, сезімдер мен идеялардың шындығын бейнелеуге тиіс. Роман немесе повесть жазушыдан өмір шындығын кең арналы, терең ағысты, күрделі күйінде бейнелеуді талап ететін болса, ал әңгіме де одан асқан ұсталық, творчестволық тапқырлық етеді. Бұл – жанр табиғатын түсіне білу, оның ерекшеліктерін баурай алу қажет деген сөз...» [1, 76б.]. Осы тұрғыдан алғанда, А.Алтайдың ауыл тақырыбына жазған әңгімелері тәуелсіздіктің айқын хабаршысындай заманының келелі мәселелерін қозғаумен ерекшеленеді.

А.Алтай – ұсақ әңгіме жанрының шебері. Бұған жазушының «Казино» жинағына (2008) енген әңгімелері толық дәлел бола алады. Жинаққа енген әрбір әңгіме тақырыптық аясы жағынан да, мән-мазмұны жағынан да, айтылған ой, идеясы жағынан да бір-біріне ұқсамайды. Оқыс оқиғалар. Күтпеген жағдайлар. Қиын тағдырлар. Аталған дүниелердің бәрі оқырман жанына қозғау салып, селт

еткізеді. Қазіргі қалыптасқан әлеуметтік прозаның ірі өкілі ретінде жазушының кез келген әңгімесінен ұлт тағдыры көрініс берін, қаламгер оның өткеніне қынжылып, болашағына алаңдайды. Мысалы, жазушы «Оба жылғы сауық» әңгімесінде Мұңлық ананың ауылдағы екі баласын (Сағыныш пен Қуаныш) қойға салып, үміт күткен үлкен ұлы Күнтуғанды бес жыл бойы қалада оқытып, қартайғанда осы баламның қызығын көремін деген ойының астан-кестен болғандығын кейіпкердің жан тебіренісі, ішкі монологі арқылы тамаша суреттеп берген. Жастайынан жетімдік пен жесірліктің тақсыретін көрген ана құдайдан сұрап алған, өзінен кейінгі бауырлары мен қарындасына қамқор аға, сүйеніш болады деген тұңғышынан қартайған шағында қаталдық пен қатығездікті, жатбауырлықты көрем деп ойламаса керек. Ауылдың қозы бағып, құлын ұстап өскен қара домалақ баласы бір заматта жұмыс пен өзінің амандық-саулығын ғана ойлайтын тас қаланың жатбауыр, елі мен жұртынан безген безбүйрек тұрғынына айналып шыға келеді. Ол үшін бір қаптан бір саптан шыққан қандас бауырлары, шығарма тілімен айтар болсақ, «шұлғау-шұлыққа» айналған. Елінен, ағайын-туғанынан безген баласының тағдыры үшін алаңдаған сорлы ананың жан күйзелісі мына диалог арқылы беріледі:

- Тантыпсың! –деді Мұңлық түсіне түгі теуіп. – Теңіз жаман ғой... жоңғар шатыс, тексіз! Біле білсең – ана ауылдағы үлкен інің Сағыныш пен мына інің Қуанышты қойға салып, сенің бес жылдық оқуыңның бодауына бердік. Елді ойлайды, елге пайдасы тиедік қой дедік... Сондағы сыйқың осы болса, барыңнан жоғың... шіріген жұмыртқа.

- Шіріген жұмыртқа екенім рас... Сендер мені Алматыда-ақ шіріген жұмыртқа қатарына қойғансыңдар. Сондықтан да мен шірікпін, сасықпын... Елді ойламас есірік те мен... Менен аулақ жүріңдер. Аулақ!

- Аулақ болса – аулақ... Ағайын-туғаның емес, ел-жұртың да күні ертең сенен іргесін аулақ салады. Жалғыз қаласың әлі. Жалғыз. О, сорлы, бейшара!... –Мұңлық: «сорлы, ұлым!» деген сөзді айта алмады [2, 314б.]. Осы көріністен-ақ жазушы қазіргі урбанизацияның жастарға қалай әсер ете бастағанын, қазақы ұғымға тән туыстық, бауырластық секілді түсініктердің асыл жібі үзіліп, қазіргі ақпараттану мен технология заманында жұтылып бара жатқандығынан хабар береді. Санасын байлық пен есепшілдік жайлаған кейбір жастардың бойында ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтарды сыйлау мен құрметтеу ада болып, мәңгірттен бастағандығына куә боламыз. «Ай, заман-ай! Өткінші жанбырдай өлшемді өмір-ай!» деген Мұңлық ананың жан айқайы еріксіз өткен өмірін еске түсіріп, сол кезде көрген зорлық-зомбылықтары мен сұмдықтарына қайтып әкеледі. Ұлының осы сорлы күйін көргенше, отыз жетінші жылы репрессияға ұшыраған әкесімен бірге жоғалып не 45 жылғы жалғыз өзі тірі қалып, бүтіндей бір ауылды жайпаған обадан ажал құшпағанына өкінеді. Оған сол кездегі көрген сұмдықтары қазіргі жағдаймен салыстырғанда, ойыншық тәрізді болып көрінеді. Себебі өлімді де, өмірді де жеңген ана үшін ұлттық дүниетанымы астан-кестен болып, ұлттық құндылықтары аяққа тапталып, санасын жайлаған қу тіршілікті ғана ойлаған ұрпақ тағдыры қорқынышты болып көрінеді. Өткенін сараптаған Мұңлық ана үшін оба жайлаған бір ауылды қырған дәрігерлер мен әскерилерден ғөрі тұла бойы тұңғышының жасаған мына іс-әрекеті сұмдық көрінді. Ананың осы ойы былай беріледі: «күн көтеріле құммен ауылдың отандай орнын жым-жылас жапқан дәрігерлер мен әскерилер құм үстіне тағы да аппақ сұйық затты әлдеқандай нәрсемен бүркіп-бүркіп тайып отырады. Олар кетісімен алыстан аңысын аңдаған Мұңлық та оралады. Ауыл жоқ, адам да, мал да. Орнында тау-тау құм. Ауада ашқылтым келген ауыр иіс бар... Төнірек құлаққа ұрған танадай... Ол ауылға – Көкжидеге қарай бұрылды. Ауылға келсе ұлан-асыр той. Жеңіс тойы... Көкжидегі Қанымгүл шешесі бар жайға қанығып, шашын жұла қайғы көтерді. Қайран мұның нағашы атасы мен апасы құм ішінде аруланбай қалды. Соғыстың біткенін, жеңістің келгенін білмей дүниеден өтті. Бірақ Оба жылғы ол сауық пен Барыс жылғы бұл сауықтың арасы жер мен көктей... Иә, жер мен көктей...» [2, 318б.]. Бұл көріністерден біз бүкіл халық болып бес жыл бойы бел жазбай тынбай жұмыс істеп, ұлы Жеңіс үшін қуанған халық қуанышы мен тіршіліктің күйбін тіршілігі үшін жаны мен арын сатқан жандардың қуанышының арасының жер мен көктей екендігіне еш шүбә келтірмейміз. Өзінің мәпелеп, аялап өсірген ұлы «үмітті жалғар, сенімді бекітер Ер емес, ақ сүтін ақтар Ұл емес» екендігіне көзі жетеді. «Сыз қабақ, сұрғылт жүз, жылан көзді» баласы «емшектес езулісі ғана емес, жатырлас жандасы Қуанышты да» қайырылмас, суық сөзбен шығарып салады.

Күнтуған ұлының үзілді-кесілді үкімі іспеттес айтылған ызғарлы сөздерінен шошынған байғұс ана оба жылы отқа неге күйіп кетпедім екен деп өкінеді. Жазушының бұл әңгімесінен біз қазіргі әлеуметтік қоғамда орнаған жайттардың куәсі боламыз. Бұрынғы жайлауы кең, уыздай ұйып отырған қазақ ауылында тұрмыстың нашарлығы, ауыл жастары үшін жұмыстың жоқтығы, қазіргі қазақ ауылын жайлаған жайсыздық автордың үзік-үзік баяндаулары арқылы көрініс беріп отырады. Ал даладан қалаға қашқан жастардың кескін-келбеті жаңағыдай. Сондықтан жазушы өзінің әңгімесінде қазақ ауылының қазіргі сүреңсіз жағдайын ананың ішкі монологі арқылы тамаша береді: «сауық қуайын деді ме, Күнтуғандай ұлы «келіңіз» дегесін келмеді ме?! Қазіргі жастардай ауылды жерде екі қолын алдына салып, «жынды су» жұтып алса жерден шыққан жіктей ұрынарға қара таппай сандалып, көрші-қолаңның мал-мүлкін үптеумен айдалып, әйтпесе ашудан ақыл таппай атылып қалмасын деп, Сәнім сіңлісінен туған тете бөлерін ерткен еді... Сауық құрайын деді ме? Қала мен қырды жайлаған жұмыссыздықтан шарасыз күй кешін, мінез-құлқы да шамшылдана бұзылып, жастай үйленген жарының алдында именшектеп, анда-санда арақ іше күйректік танытып қап жүрген Қуанышы бір күні болмаса бір күні булығып барып буынып қалмасын деп, күштеп келтірген еді. Ол да өзім деп келген еді...». Бұл көрініс – қазіргі қазақ ауылының шынайы кескін-келбеті, тұрмыс-тіршілігі. Әңгімені оқып отырғанда, көз алдымызға «сары қымыз сапырып тамсандырған ауыл» емес, баяғыда азып-тозған, жұмыссыздық пен жайсыздық жайлаған реңсіз, күйсіз ауыл елестейді. Автор оны ұлттық трагедия ретінде суреттейді. Асқар Алтайдың «Прописка» әңгімесі де осы сарындас. Негізгі тақырыбы желтоқсан оқиғасын сипаттаумен байланысты болса да, тағы да урбанизация салдары, яғни ауылдан қалаға қуған қазақ ұлтының наласы мен шері, мұны мен зары толық беріледі. Ауылдан келген қазақ баласы үшін қалаға пропискаға отырудың өзі сор екен. Қала «шанышқы мен қасық ұстай алмайтын» ауыл қазағын қабылдағысы жоқ. Әңгіме жолға шыққан Арқат есімді жігіттің басынан кешкен жеке драмасына құрылғанымен, бүтіндей бір ұлттың басындағы әлеуметтік жағдайды суреттейді. Мұнда автор кейіпкер жан-дүниесін, психологиялық жай-күйін ішкі монолог арқылы тамаша көрсетеді: «сол бір желтоқсанның бұрқағы болмағанда, құда да тыныш, құдағи да тыныш, алматыға іргелес ауылына паспортқа отыра қояр еді. Сол бір сұмдық көтеріліске тайқы маңдай тап келіп, қызуқандылықпен килікпегенде қалың тұманда адасып қалған адамдай сандалмас па еді... Желтоқсанның ызғары армиядан «запастағы офицер» болып оралған мұны қарыды ғой. Ақыры астана түгілі, маңындағы өзі тұрған ауылға да тұрақтай алмады...» [2, 301б].

Ауыл тақырыбына жазылған әңгімелер – бұл тек қазақы ауыл тақырыбына жазылған, қарапайым ауыл адамының күнделікті тұрмыс-тіршілігі, іс-әрекеті жөнінде жазылған шығармалар топтамасы ғана емес, сонымен бірге қазіргі әлеуметтік қоғамда қалыптасқан жағдайларды сипаттайтын, соған жазушының көзқарасын, ой-пікірін білдіретін шығармалар жинағы. Сол себепті әр жазушы аталған тақырыпты игеру барысында өзінің тың стильдік қолданыстарымен, өзіндік тұжырымдамасымен ерекшеленуге тырысады. Мұндай ұқсастықтар барлық ауыл тақырыбына әңгіме жазған қаламгерлердің шығармашылығында үрдіс тапқан. Олардың шығармаларында қозғалатын әлеуметтік-адамгершілік, психологиялық, философиялық мәселелер бір-бірімен өте ұқсас. Сондықтан олар өз шығармаларында түрлі жайттардың кесірінен адам психикасының өзгеруін, ұлттық құндылықтардың жоғалуын, кіндік қаны тамған туған жерінің топырағынан жырақтаудың мұң-зарын, кейіпкердің жалғыздық сарынын, қайғы-қасіретін, ауылды жайлаған экологиялық апат салдарын, яғни табиғаттан алыстаған адамзат баласының жай-күйін нанымды да нақты бейнелейді. Осы мәселелерді сипаттауда бар күш-жігерлерін жұмсап, шабыттарын қағаз бетіне төгеді.

Қазақ әдебиетіндегі ауыл тақырыбына жазылған әңгімелерде кеңінен қамтылған тақырыптардың бірі – экология мәселесі, яғни адам мен табиғаттың қатынасы. Қаламгерлер аталған тақырыпта жазылған әңгімелерінде қарапайым ауыл адамының тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісін ғана суреттеп қоймай, сонымен бірге адам мен табиғаттың рухани байланысын, олардың табиғат-анаға бұрыннан етене жақын екендігін, қиын жағдайда табиғат-ананың оларға пана болатындығын бейнелейді. Осыған орай кейбір жазушылардың көркемдік әлемі, рухани болмысы өзінің шыққан өңірімен байланысты болып келеді және де шығармада сол жайт көрініс береді. Мәселен, кезінде өз шығармаларында Х.Есенжанов Жайық өңірін, Ә.Нүрпейісовте Арал маңы қазақтары, О.Бөкеевте Алтай ауылын тамаша бейнелеп берген. Мұндай әдемі үрдіс А.Алтай шығармашылығында да кездеседі. Бұл туралы Т.Тәшен былай дейді: «Асқардың балдәурен бала кезі Алтайдың көкөрай ну

орманының ішінде өтті. Жылқышының баласы болған соң, әрине, қалың жылқының ішінде өсті. Табиғатқа етене жақын болды. Кейін жазушы болып қалыптасқан кездегі «Даладағы құтпандар», «Қызыл бөлтірік» повестерінің тууы немесе көбіне жылқы мен аю жайында жазатыны да сондықтан. Соның бәрі, негізінен, сол бала кезден құлағына сіңген, көзімен көрін, көңіліне тоқыған жайлары. Жалпы, кез келген толысқан немесе қолына жаңадан қалам алып жүрген жас жазушы болсын, бәрінің шығармасы балалық кезінен бастау алып отырады десек, қателесе қоймаспыз. Бала кездегі ерекше әсерлері ерте ме, кеш пе, кез келген жазушы шығармасында міндетті түрде көрініс табады. Адамға рухани жағынан дем берін, үнемі сусындатып отыратын туған жердің тұмса табиғаты, ондағы аңғал ауыл адамдары екені дау туғызбаса керек». Балғын балалық шағы табиғаты келісті, ару Алтайдың аясында өткен қаламгер өз шығармаларында оның сұлулығын «Шың» әңгімесінде әсем пейзаждық суреттер арқылы былай береді: «Қырық күн шілдеде қары кететін Салқын Шоқы биігінің сарыкүйігі тілін үйіріп, тісін майлаған тарлан оскырынып қойды. Шекелей қараған жануар алыстағы Құзғындының қарлы шыңдарының тасасында нарттана толқыған күн табынан жанарын тайдырды. Өзі тұрған Салқын Шоқы биігінен бақан бойы төмен, бүйірдегі қызыл Қасқыр шыңына көзін төңкерді... Шың дауысы шығар күнмен алысқа кетті. Бөрі даусы бесік жырындай, сәби үліндей бәсеңсімей-ақ қойды. Бар дүние бұлықси тербелді. Тарланның тұяқ жүрекшесі астында Алтай күреңшесі толқыды» [2, 2006].

Алтайдың таза, пәк сұлу табиғаты өзінің шынайы сұлулығымен, тылсым дүниесімен, құпия сырымен, әрбір топонимдік атауға арқау болған аңыз әңгімесімен оқырманын тамсандырады. Сонымен қатар бұл әңгімесінде автор қазаққа етене жақын, бүкіл түркі жұртына таныс, қасиетті тотем саналатын бөрі бейнесін арқау етін алған. Бұдан біз қаламгердің басқа да жас прозаиктердің (Ө.Балкыбектің «Көкбөрісі») шығармаларында суреттелген мифологиялық ұғымдармен үндестігін байқаймыз. Ол аңыз әңгіме арқылы былай өріледі: «Ақиық Алтайда бөрі атаулыға бөрідей тиген заман болыпты. Көк бөрілердей Бас бөрілер де, Қызыл бөрілердей Жас бөрілер де төніп келген ажалдан аман құтыла алмапты. Хас бөрілер қарап болған... Сол шақта Қызыл Қасқыр күр-күр еткен Күршім өзенін кесін өтіп, Салқын шоқының қапталындағы иықтас шың басына жетіп, дәл бүгінгі таң алдындағыдай ұзақ ұлуына басқан-ды. Көкте күн қорғалап, төменде ай сорғалап, қызыл бөрімен бірге бөрі атаулыны жоқтады-й! Аң да болса, арлан бөрі азалы күй кешін, өз қандастарын жоқтай-жоқтай шың басында тас боп қатқан...» [2, 2006].

Жазушы бөрі символы арқылы бүкіл бір халықтың басындағы ауыр жағдайды баяндағандай. «Бағзы бөрінің бұла зары бүгінде үзілген емес» дей келе, Қызыл Қасқырдың - бабаларымыздың бөрі тотеміне табынған заманнан бері келе жатқан алтай өңіріндегі шың атауы болғандығын, алайда 30-жылдары қызыл белсенділердің ұр да жық саясатының арқасында «Қызыл Соран» аталғандығын, алпысыншы жылдары С.Мұқановтың құрметіне «Сәбит шыңы» болып өзгертілгендігін айтады. Б.Қанарбаева өз зерттеуінде бөрі атауының «географиялық ландшафтыға байланысты Алтай өлкесіне кеңінен таралғандығын», «бөрі бейнесінің көшпенді түркі тайпаларының басын біріктірудің саяси идеологиялық сипаты болғандығын» айтады [3, 546]. Осындай өршілдік рух А.Алтай әңгімесінде айқын байқалады. А.Алтай қазақ халқының бөрідей біртұтас болуын, бірінің мұңын бірі түсініп, бірінің зарын бірі ұғып, бірінің қуанышымен бірі бөлісіп, бірлік пен берекеде өмір сүруін тілегендей.

Алтайдың әңгімелерінде адамзат баласының табиғатпен үндестігі аттың мифологиялық бейнесі арқылы да беріледі. «Кентавр» әңгімесінде құлын-сәби Басарыс бейнесі арқылы адам мен табиғаттың рухани байланысын керемет суреттеген. Жазушының бұл әңгімесі туралы Г.Балтабаева өз зерттеуінде былай деп ой қорытады: «...біздер үшін кентавр - Еуропаның көзіндегі номад, көшпенділер символы. Қазақтың архитипі. Тарпаң - жабайы жылқы, бағзыда Тұран жолбарысымен қоса жоғалған. Тарпаңдар - Солтүстік Американың кең далаларында болған мұстангертер. Автордың лирикалық кейіпкері ол таңғажайып болмыстағы кентаврға айналды. Асқар Алтайдың «Кентавр» атты әңгімесіндегі көркем антропологиялық ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, атап айтарымыз құлын сәбидің дүниеге келуін шығармасына арқау еткен. Фантастикалық антропологияға жататын шағын әңгіменің ауқымына автор экологиялық, ата-аналық жауапкершілік, өмірге құштарлық т.б. бірнеше проблеманы сыйдыра білген [4]. А.Алтайдың әңгімесі құлын-сәбидің дүниеге келуімен басталады. «...Ол жылдам қимылдап, Мөншақ іш көйлегінің қан мен шырышқа былғанған етегін түрді. Көкірегі мен белі кәдімгі жылқы тұрқылы құлынның кеудесімен тұтаса біткен нәрестеге қол салды. Сәби тәні түкті құлын мүшемен тұтасып кеткен жылбысқының алдыңғы сирақтарынан

Следует отметить, что каждая наука рассматривает то или иное явление со своих позиций и описывает своим языком. В связи с этим в психологии, лингвистике, социологии и смежных с ними областях существуют свои описания коммуникативной компетенции и её состава как объекта исследования. Однако сфера языкового образования имеет дело не с объектами, которые нужно описывать, а с человеком, которому средствами существующей культуры помогают развивать свои способности и освоить умения, позволяющие ему жить в данном обществе. В связи с этим, методические подходы обучения в языковом образовании приобрели ярко выраженный коммуникативный характер. Это обусловило радикальный поворот к естественной коммуникации в процессе обучения языку, нацеленность данного процесса на формирование коммуникативной компетенции и способности к общению на изучаемом языке, осуществляемому с учетом ситуативных и личностных факторов, детерминирующих специфику иноязычного речевого поведения.

Необходимо подчеркнуть, что успех обучения зависит не только от перечисленных принципов коммуникативного подхода, а, безусловно, от выбранной стратегии обучения, реализации методов и приемов, которые в конечном итоге способствуют развитию коммуникативной компетенции учащихся и воспитанию самостоятельной творческой личности. В этой связи можно говорить о проведении не только традиционных, но и нетрадиционных занятий: это уроки в форме конференции, занятий-конкурсов, занятий с элементами исследования и т.п., использовании игровой организации учебного процесса, создании всевозможных речевых ситуаций, дискуссий, применении современных технологий, благодаря которому процесс обучения становится интересным, эффективным и познавательным. Например, на уроках русского языка мы предлагаем такие исследовательские задания: выпишите термины по теме "Именные части речи", распределите по категориям. Кроме того, иногда часть урока отводим на занятие-конкурс, предлагаем фрагмент урока: 1. Урок – конкурс начинается с девиза. Наш девиз: «Знания зовут, а дела не ждут!» Ребята начинают читать хором девиз на интерактивной доске. Учитель объявляет условия конкурса с заданиями. Конкурс – урок состоит из 3 туров и игры «Кот в мешке» (слайды). 1. тур «В мире слов» 2. тур «Волшебный ларец» 3 тур «Фразеологический зверинец».

Представление жюри конкурсантам. Учителя – словесники. Жюри оценивает за каждое задание по 5- бальной системе. Участники открывают тетради записывают в тетрадях все задания и названия туров. 3. Словарная работа: ларец, зверинец, волшебный (слайды с изображением). Несколько учеников объясняют правописание слов и значение их.

#### 1 тур. В мире слов

Команда «Шацырак» 1 задание. Записать пословицы в тетрадях. Прочитать, объяснить их значения. Нарисовать на ватмане цветными карандашами.

1. Ум – золотая корона, не у всякого она есть.
2. В одно ухо влетает, из другого вылетает.
3. В одной руке двух арбузов не удержишь.
4. Не имей сто рублей, а имей сто друзей.

Команда «Жасыл ел» 1 задание. Записать пословицы в тетрадях. Прочитать, объяснить их значения. Нарисовать на ватмане цветными карандашами.

1. Двумя ложками кашу не едят.
2. Одним ударом дуба не свалишь.
3. Семь раз отмерь, один раз отрежь.
4. Грамота – второй язык.

Защита рисунков. Участник команды выступает. (его выбирают сами участники).

#### 2 тур Волшебный ларец

Команда « Шацырак» 1 задание. Какие числительные на казахском языке соответствуют русским простым числительным.

1. Он бір, он екі, он тоғыз.
2. Жетінші, үшеу, алтау.
3. Жиырма бір, жиырмауш.

Команда «Жасыл ел» 1 задание. Найти количественные числительные.

1. Семеро козлят, четыре дочери, три толстяка.
2. Двенадцать месяцев, девяносто шесть, два письма.

3. Двое неизвестных, четыре суток, девятый ряд.

Команда «Шацырақ» 2 задание. Прочитать пословицы. Найти пословицу, в которой употребляется простое и составное числительное.

1. На одного плохого сто хороших приходится.
2. Правда и через сорок лет всплывает.
3. Джигиту и семидесяти двух ремесел мало.
4. Рот один, уха два, раз скажи, услышишь сорок два.

Команда «Жасыл ел» 2 задание. Прочитать пословицы. Найти пословицу, в которой употребляется простое и составное числительное.

1. Из трех минут четыре не сделаешь.
2. Двое пашут, а семь руками машут.
3. Возмешь девять – отдашь тридцать девять.
4. В одной берлоге двум медведям не быть.

Команда «Шацырақ» 3 задание. Списать загадки. Отгадать их.

1. Два кольца, два конца – посередине гвоздик.
2. Семьдесят одежек и все без застежек.
3. Четыре братца под одной крышей живут.
4. Четыре ушко, одно брюшко.

Команда «Жасыл ел» 3 задание. Списать загадки. Отгадать их.

1. Пять мальчиков, пять чуланчиков, каждый мальчик – в свой чуланчик.
2. Стоит дуб, на дубу двенадцать гнезд, в каждом гнезде по четыре синицы.
3. Четыре брата одним кушаком подпоясаны, под одной шапкой стоят.
4. Пять братьев годами равные, да ростом разные.

Такие уроки всегда вызывают живой интерес к урокам русского языка и желание запоминать афоризмы, пословицы и поговорки.

Исходя из сказанного выше, приходим к выводу, что современная концепция преподавания русского языка в аудитории с государственным языком обучения должна строиться на идеях и методах коммуникативного обучения, приводящего к развитию коммуникативной компетенции, и заключаться в вооружении учащихся умениями и навыками свободного пользования устной и письменной речью на коммуникативной основе. Приобретение коммуникативной компетенции, т.е. знания, что сказать, и умения это сказать конкретному человеку в конкретной речевой ситуации, является необходимым для полного, совершенного овладения языком, а также конечной целью обучения русскому языку.

Полиязычие – основа формирования поликультурной личности. В новой технологии обучения необходимо обеспечить идентичность содержания обучения второму и третьему языкам, начиная с универсальных языковых явлений переходить к специфическим для нового, изучаемого, языка.

1. Государственная программа функционирования и развития языков 2011-2020. – Астана, 2010. – 41 с.

2. Концепция развития образования Республики Казахстан до 2015 г.

3. Закон Республики Казахстан «Об образовании»

4. Кондубаева М.Р. Научно-методические основы формирования культуры речи двуязычного учителя-словесника: дис. докт. пед. наук: 13.00.02 Алматы, 1995. – 339 с.

5. Карасик В.И. Язык социального статуса. – М., 1992.

6. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987.

## ОРЫС ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫНЫҢ КӨПТІЛДІ ТҮЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж.С. Тоғумбетова – Абай ат. ҚазҰПУ магистранты

Түйіндеме

Осы мақалада біз Қазақстан Республикасында жалпы білім беретін мектептердің 5-6 сынып оқушыларының коммуникативті құзырлы көптілді, көпмәдени тұлға ретінде қалыптасуының мәселелеріне тоқтаймыз.

Қазақстанда стратегиялық мақсат және тілдік құрылыстың міндеттері ұзақ мерзімді болашақта мәдениетті жобада Қазақстан халқының үш тілді бірлігін сақтау болып анықталған [1].

Мемлекетпен елімізде тұрақты қоныстанған халықтарына жақын әрі түсінікті тілдердің даму мәдениетіне бағыт алынған. Тіл мәдениеттіліктің белгісі ретінде шынайлықты түсіну және фундаментальды жан-жақты түрде түсінуін сипаттайды. Қоғам бірлігінің әрі тілдер саясатының негізі болып әр-түрлі тілдердің дамуы мен сақталуын, мемлекеттік тілдің қатысуымен екі тілдің дамуынан кезекпен үш тілділікке өтуін қамтамасыз ету айқындалған. Қазақстанның коммуникативті-тілдік кеңістігінде алдыңғы кезеңде екі тіл: қазақ және орыс тілдері іс-әрекет етеді.

**Түйін сөздер:** трилингвизм, когнитивті-коммуникативті, әлеуметтік мәдени тұрғы, көптілді тұлға, коммуникативті құзыр.

## PROBLEMS OF FORMATION POLYLINGUAL INDIVIDUAL STUDENT IN RUSSIAN LANGUAGE LESSONS

Zh.S. Togumbetova – *undergraduate KazNPU Abay*

### Summary

In this article, we will focus on the problems of formation of communicative competence of multilingual, multicultural student's personality 5-6 grade of secondary school the Republic of Kazakhstan. Strategic goals and objectives of language development in Kazakhstan identified the long-term cultural project of the trinity of languages of the peoples of Kazakhstan [1]. The state embarked on the development of the cultures in the language most familiar and comprehensible to each of the peoples of our country. Language as a cultural phenomenon is a universal form of thinking and reality is fundamental. Development and preservation of all languages, the development of bilingualism, with a gradual transition to trilinguism involving the state language is the basis of language policies and the consolidation of society. In communicative language space of Kazakhstan to the fore and to operate two languages: Kazakh and Russian.

**Keywords:** trilinguism, cognitive and communicative, sociocultural approach, polylingual personality, communicative competence.

УДК 821.512.122

## ШӘКӘРІМТАНУ МЕН МӘШҰРТАНУДЫҢ ТУУ, ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІНЕ ТӘН БАСТЫ ҰҚСАСТЫҚ

А.О.Токсамбаева – *ф.ғ.к., Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің профессор м.а.*

**Түйіндеме:** Шәкәрімтану мен мәшұртанудың басты ұқсастығы – олардың исламдық дүние танымдарының ресми мойындалған қызыл отаршылдық жүйенің ғылыми тұжырымдамасы мен үйлеспейі. Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мәшұр Жүсін Көпеевтің артында қалған әдеби мұрасы турасындағы пікір ХХ ғ. бастау алып, түрлі түсініктегі әдебиеттанушы ғалымдарымыздың бірі – жақтаған, бірі – даттаған сан алуан көзқарастағы ғылыми ойлар мен топшалауларына негіз боғандығы рас. Мақалада осы жайында әр қаламгерді жеке-жеке алып, зерделенуі мен зерттеулі төңірегінде ой қозғалады. Белгілі ғалымдардың Сталиндік тоталитарлық әміршіл-әкімшіл жүйе қысымына түскен қазақ зиялыларының мұрасы мен шығармашылығы турасында көпке ой салған алғашқы әдеби мақалалары туралы айтылады. Зерделі ғалымдардың барша әдебиеттанушыларға тәлім болар салықалы пікірлеріне тоқталады. М.Көпейұлын арнайы зерттеу объектісі етіп алмаса да, Х.Сүйіншәлиевтің 1962 жылы Қазақстаннан шыққан «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» еңбегі қызыл табыт қойылған діни тақырыпқа тереңдеп бойлаушылыққа барғаны үшін қызыл цензура тарапынан шырғалаңға қалайша тап болғандығын ғалымның «Өткенге салауат» естелік эссесінен оқып біле аламыз. Түйіндеу жасау бар да оны жан-жақты қолға алу бар екенін есте ұстар болсақ, ХІХғ. соңы мен ХХғ. басындағы әдеби үдерістегі ақындар шығармашылығындағы әдеби байланыстың өзіндік қарастырыла бастауына қатысты С.Жұмағұловтың: Міне, көне дәуірден тамыр тарта отырып сан ғасырлар бедерінде қалыптасу жолдарын өткерген қазақ әдебиетін VIII ғасырдан бастауды ғылыми жүйелеудегі соны ізденістердің бастапқы қадамы болған Х.Сүйіншәлиев зерттеуі М.Жолдасбековтың «Көне түркі ескерткіштері және олардың қазақ әдебиетіне қатысы», М.Мағауиннің «Қобыз сарыны. XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары» еңбектері

арқылы заңды жалғасын тауып, нақты тақырып өзегінде барынша терең дәлелдене түсті деген пікірі келтірілген.

**Кілт сөздер:** Шәкәрімтану, мәшһүртану, ислам, тұжырымдама, Сталиндік, тоталитарлық, әміршіл, «Өткенге салауат», естелік эссе, «Қобыз сарыны», «ескішіл», «феодалшыл», «байшыл», «ұлтшыл», «діншіл», «жылымық кезеңі», «дін уағызын жырлаған», «сопылық әдебиет».

Шәкәрімтану мен мәшһүртанудың туу, қалыптасу кезеңдеріне тән басты ұқсастық – олардың исламдық дүние танымдарының ресми мойындалған қызыл отаршылдық жүйенің ғылыми доктринасы (тұжырымдамасы) мен үйлеспейді. Сондықтан, тарихымыздың сызып тастай алмайтын бір кісінің ғұмырындай кезеңде шәкәрімтану мен мәшһүртанудағы олардың шығармашылығын қарастырудағы іркіліс пен ебін тауып айтылған жүйелі пікірлерді де бір арнаға тоғыстырып жан-жақты саралауымыз керек.

Ол үшін Т.Кәкішұлының «Тәуелсіздік келді, кешегі тежелген ойға, тұсаулы пікірге теңдік тиді, еркін сілтеуге еркіміз бар. Бұрынғыны даттамай, ушықтырмай, аруақтармен алыспай, жаңа заман ұсынып отырған жолмен тарихымызды таразылап алатын уақыт келді» [1,136] деген пікірін темірқазық етіп ала отыра, екі ақынның өз шығармашылық үдерісінде идеялық негіз етіп алған діни тақырыптарының бұрын жөнді барланбаған тұстарын қарастырмақпыз. Әрине, шәкәрімтану мен мәшһүртанудың өзекті арналарына қатысты әлі де болса, нақтылай түсуді керек ететін проблемалық мәселелер мол. Біз осы бағыттағы сан салалы ізденіске үлес болып қосыла алатын исламдық дүниетанымның көркемдік айшықталуын зерттеуіміздің өзегі етіп алдық.

Екі ақынның артында қалған әдеби мұрасы турасындағы пікір ХХ ғ. бастау алып, ХХІғ. арасында түрлі түсініктегі әдебиеттанушы ғалымдарымыздың бірі – жақтаған, бірі – даттаған сан алуан көзқарастағы ғылыми ойлар мен топшалауларына негіз болды. Енді осы жайында әр қаламгерді жеке-жеке алып, зерделенуі мен зерттеулі төңірегінде ой өрбіте кетейік.

Сталиндік тоталитарлық әміршіл-әкімшіл жүйе қысымындағы түркі халықтарының әдебиеттану ғылымы, оның ішінде қазақ әдебиеттану ғылымының ғылыми-зерттеушілік дініне маркстік-лениндік әдіснама күшпен танылды. Солай бола тұрса да, «жылымық кезеңі» деп аталатын 1956-1967 жылдар әдебиеттанушы қазақ ғалымдарының соны ғылыми серпілістеріне көп мүмкіндік берді. Бұл турасында Р.Бердібаев: «Бұрын халық тәңіріндей табынып келген Сталиннің орасан заңсыздықтарға жол бергендіктері, соның нәтижесінде сан мыңдаған жазықсыз жандар жәбір шегін, мезгілсіз құрбан болғандықтары айтылды. Бұл қатып қалған мұздың шет жағасы ерігендей, сең бұзылғандай құбылыс еді. Жеке адамға табынушылықты сынау социализмнің ел құрандай сеніп келген беделіне жарықшақ түсірді» [2,124] десе, өз кезегінде Ш.Елеуенов: «1956 жылғы КОКП ХХ съезінің Сталин культін әшекерелегеннен бергі жерде қоғамның әлеуметтік-саяси бағыт-бағдары күрт өзгеріске ұшырады» [3,5] деген толымды ой айтады. Әдебиеттанудағы осындай жаңашыл көзқарастардың орын алуы бұрынғы орнаған қасаң қағидалардан арылып, М. Көпеев турасында астарлап болса да, оңды пікірлер айтуға мүмкіндік берді. Ал оған барғысы келмегендерді сол кездегі ҚК ОК бірінші хатшысы, қазіргі орыс тарихында Сталиннің өз орнына мұрагері етпекші болған жан деп аталып жүрген, П.К.Пономаренко 1954 ж. қарашаның 3-8-і арасында Алматыда өткен Қазақстан жазушыларының ІІІ съезінде сөйлеген сөзінде: «Социализм таланттарға аса зәру, сіздер талантты адамдарды іздеп тауып, оларды қолдауға міндетті едіңіздер, оларды Кеңес өкіметіне қызмет етуге баулуларыңыз керек еді. Ал сіздер болсаңыздар, алақандарыңыздағы аз таланттың өзін кірге тоғытып, масқарасын шығардыңыздар, оларға жұдырық сілтеу арқылы, сіздер халықтың болашағын, социализмді соққыға жықтыңыздар» [4, 7] деп орынды сынға алды.

Белгілі ғалым М.Қаратаев өзінің «Қайта қарауды қажет ететін мәселелер» атты мақаласындағы «Әдебиет тарихындағы ақын, жазушыларды «ескішіл», «феодалшыл» деп тізімге Бұқарды, Дулатты, Шортанбайды, сонынан «байшыл», «ұлтшыл», «діншіл» деп Мәшһүр Жүсіп Көпеевті, Нұржан Наушабаевты қосты. Бұлардың қатарына талай дарынды, талантты ақындар «саяси сенімсіздікке» ұшырап, тіпті, аттары атаудан қалды. Ол ол ма? «Қара тақтаға» қазақтың бай ауыз әдебиетінің үлгілері де ілінді. Сөйтіп қазақ әдебиетінің тарихы құс түткендей жұлмаланды. Неге бұлай? Шынында біздің әдебиетіміз соншалықты кедей ме?» [4] деген өрелі ойлары Мәшһүр-Жүсіп мұрасы мен шығармашылығы турасында көпке ой салған алғашқы әдеби қадамдардың бірі болды. Зерделі ғалым өзінің барша әдебиеттанушы ғалымдарға тәлім болар салиқалы пікірін одан әрі: «Дұрысында әдебиет тарихын бұрмалау, жүдету, халықтың қоғамдық ой-пікірінің дамуына әсер еткен, көркем сөз

өнеріне үлес қосқан елеулі ақын, жазушыларды атамай қою, сызып тастау барып тұрған ұстамсыздық, қиянат», -деп сабақтайды. Иә, біз сол бір қысталаң кезеңде рухани баға жетпес құндылықтарымызды, XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында саналы ғұмыр кешкен М. Көпейұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы сияқты сөз зергерлерінің артында қалдырған шалқар мұрасын қызыл саясат таңған таза таптық қалып-өлшемдегі тұрпайы социологизмнің сүрлеуіне салып, ғасырлардан-ғасырларға ұласып келе жатқан ұлттық асыл арналарымыздан тұқыл таза қол үзіп қалмағанымызбен, оның толыққанды әлеуетті тегеуірінін алаштық тәлім-тәрибенің бұлағына айналдыра алмадық. Сондықтан осы бір солақай ойлаушылықтың себеп-салдарынан Ә.Дербісалин айтқандай: «Өткен дәуірдегі ақын-жазушыларды түп-тура арифметикалық дәлдікпен екі топқа бөлін, оның бірін «аластап», екіншісін жалаң мадақтау тенденциясы орын алғандықтан» («Қ.Ә» 1956 4. V.) «Жамбыл – халық ақыны», «Мағжан – буржуазияның жыршысы» тұрпатындағы ой түйіндеулер кең орын алды. Осындай шолақ ойлы топтастырудан М. Көпейұлы шығармашылығы да қашып құтыла алмады. 1961 ж. өткен ғылыми конференцияда: «Жаңа жағдайда феодалдық діни идеяларды уағыздаған Әубәкір Кердері, Нұржан Наушабаев тағы сол сияқты бір топ ақынның творчествосы сын көзімен қаралып, ағартушы демократтарға қарсы қою тұрғысынан баяндалу шарт. Олардың шығармалары жоғары мектепте өтіліп, ал орта мектепте оқытылуы қажетсіз деп саналысын» [5, 373] деуде М.Көпейұлын өзі әдеби ғұмырын арнаған халқынан алыстатып, тек санаулы филологиялық білімі бар топтың білуіне бергеннің өзінде оны ұлтымызға жат сипатта ұғындыру доктринасы ресми құжатпен бекітілгенін байқаймыз. Коммунистік кеудемсоқтықпен таңылған мына бір идеологиялық сипаттағы «...бұл кезеңдегі Мақыш Қалтаев, Шәкәрім Құдайбердин, Омар Қарашев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларының идеялық мазмұны мен бағытын айқындау қажеттігі» [5, 373] деген сынды тұжырымдармен М.Көпейұлын т.б. қасақана әдеби үдерістен орынсыз шеттету сияқты келеңсіздік кезінде бүкіл ұлтқа коммунистер тарапынан жасалған рухани қастық әрекетті академик

С.Қасқабасов «Ең өкініштісі – осы ұсыныстардың зардабы оның аумағынан әлдеқайда асып кетуі еді. Тек Шортанбай, Дулат, Мұраттарға ғана қатысты емес, күллі әдебиет тарихы мен фольклорға байланысты жәдігерлер мен шығармалар, олар жайындағы зерттеулер қатал цензураға ұшырады» [6] деп түйінді ой айтады. Белгілі ғалымның бұл ұшқырлы ойын М.Көпейұлының 1940 жылы басылған «Қазақ әдебиеті хрестоматиясында» және Мәскеуде шыққан «Дала әні», қазақ ақындары антологиясына бір өлеңі «Шайтанның саудасы» ессе, араға 43 жылдай уақыт салып, 1983 жылы Т.Әбдірахманов пен Қ.Жармағамбетов құрастырған «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» жинағына «Шайтанның саудасы» тағы енді. М.Мағауин құрастырған «Поэты Казахстана» тәржіма жинағына Мәшһүрді орыс тілді ортаға танытқан «Шайтанның саудасы» аударылып беріліп, ақынның біраз өлеңі емес, бір ғана өлеңі үнемі орыс және қазақ тілінде шыққан түрлі жинақтар кіргізіліп отыруы растайды.

М.Көпейұлын арнайы зерттеу объектісі етіп алмаса да, Х.Сүйіншәлиевтің 1962 жылы Қазақстан шыққан «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» еңбегі қызыл табыт қойылған діни тақырыпқа тереңдеп бойлаушылыққа барғаны үшін қызыл цензура тарапынан шырғалаңға қалайша тап болғандығын ғалымның «Өткенге салауат» естелік эссесінен [7] оқып біле аламыз. Мәшһүр сияқты ақындардың шығыстық және түркілік дәстүршілдігінің шет жағасы бұған дейін М.Бөжеев пен З.Ахметов бірлесіп жазған қазақ әдебиетінің Шығыс әдебиетінің байланыстығы туралы жеке тарауда сөз етілген болатын, енді оған Х.Сүйіншәлиев қай ақын, жазушыны алсақ та олардың шығармашылығын зерттеген тұста оларды жеке дара бүкіл ғасырдан-ғасырға ұласқан әдеби үдерістен бөліп алмай тиісті әлеуметтік ортаға, тарихи жағдайға, өзімен тұстас ақын-жазушылармен салыстыра зерттелуге тиістілігін «Ахмет – дін уағызын жырлаған сопылық әдебиеттің өкілі. Ол озбырлық пен зұлымдыққа қарсы, дүниеқор дүмше молдаларды сынап пікірлер айта тұрса да, тағдырға бас июге шақырып, мистикаға бой ұрды» [8, 51] дей келе: «Ахмет «Хикметтерінің» XIX ғасырдағы кейбір қазақ жыраулары мен ақындарына да әсері тиді. (Мәселен, Майлы-Хожа, Мәделі-Хожа, Майкөт, Шортанбай т.б.). Бірсыпыра ақындар Ахметке еліктеп софылық жолға түсті, фани дүниені көкседі» [8, 51] деп әдеби дамудағы дәстүр жалғастығын ауызға ала отыра, зерттелінуіне жартылай тыйым салынған М. Көпейұлы сияқты ақындарға қатысты болашақ зерттеушілерге өзіндік ой айтуға ғылыми алғышарт жасайды.

Ғалым XIX ғ. соңында әдеби аренаға шыққан сөз зергерлерінің шығармашылығын, оның ішінде М. Көпейұлы мен Ш.Құдайбердіұлы, Н.Наушабайұлы т.б. сияқты сыдыртып аттап өтуге болмайтын

тұлғалардың есімдерін ауызға алмаса да, ағартушылық идеяны көтергендерді сол кездегі ресми ғылыми таным-түсінікке орай бұқарашыл бағыттағы және ескішіл бағыттағы деп екіге топтастырып, олардың әдебиеттің даму тарихында алар орнын «Өзіне дейінгі дәстүрлі әдебиетті, Асан, Бұқар, Дулат бастаған ескі әдебиет үлгісіндегі ақындар дәстүрін жалғастырған ақындар. Олар өзіне дейінгі әдепкі қарапайым реализмді де өрістетті. Өз кезіндегі шындыққа сын көзімен қарап, оған түгел қарсы шықты. Бұл ретте олардың кейбір шығармалары өмірді, қоғам шындықтарын таныта алады. Адамгершілік идеяны, әділетті өмірді аңсап, ғибратты сөздер айтты»[8, 294] деген пікірі сол кездегі ғылыми қоғамдық санаға ой салды. Біз аттарын келтірген жоғарыдағы үш ақын шығармашылығында исламды ұлықтау орын алғандығы зерттеуші ғалым тарапынан орынды аңғарылып Яссауидің сопылық сарынымен үндестігі туралы[8, 295] дұрыс қорытынды жасатады.

Түйіндеу жасау бар да оны жан-жақты қолға алу бар екенін есте ұстар болсақ, ХІХғ. соңы мен ХХғ. басындағы әдеби үдерістегі ақындар шығармашылығындағы әдеби байланыстың өзіндік қарастырыла бастауына қатысты С. Жұмағұловтың: «Міне, көне дәуірден тамыр тарта отырып сан ғасырлар бедерінде қалыптасу жолдарын өткерген қазақ әдебиетін VIII ғасырдан бастауды ғылыми жүйелеудегі соны ізденістердің бастапқы қадамы болған Х.Сүйіншәлиев зерттеуі М.Жолдасбековтың «Көне түркі ескерткіштері және олардың қазақ әдебиетіне қатысы», М. Мағауиннің «Қобыз сарыны. XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары» еңбектері арқылы заңды жалғасын тауып, нақты тақырып өзегінде барынша терең дәлелдене түсті. Алайда әдеби мұраны игеру мәселесіне арналған конференцияда ұлт әдебиетінің тарихын айқындаудан туындаған ғылыми айтыс ғалымдарды жікке, топқа бөліп жібергенін жасыра алмаймыз. Сол себепті де «Қазақ әдебиетінің тарихы – кім-кімге де ортақ. Оны зерттеу ортақ мүдде тұрғысынан жүзеге асырылуы керек. Ортақ мүдде тұрғысынан табылу – ынтымақты тілейді. Сонда баба – тарихтың алдындағы міндет-парызымызды абыроймен атқарар едік» [9,52] деп парасатқа шақырған

Б.Кенжебаевтың принципті ұстанымын қолдаудан барша қазақ әдебиетшілері табыла бермеді» [10, 39] деген ойы көп нәрсені білдіреді. Осының кесірі М. Көпейұлының әдеби мұрасын толыққанды қарастыруға да тиіп, егемендік дәуіріндегі шынайы әдеби зерттеулер жасағанға дейін оны тежегендігі - тарихи шындық.

Орыс оқымыстыларын біржақты қазақ ұлтының жанашыры етіп көрсету үрдісіне жарықшақ түсірген зерттеулерде біз сөз етіп отырған әдеби зерттеушілік кезеңде бой көрсете бастады. Қазақты мұсылман дінін шала-шарпы ұстаған ел етіп көрсету қағидаты ХІХ-XX ғғ. ақындарының мұрасын кеңестік идеологияға жағатын жақтан қарастырылып, тек діншіл-фанатик ақындар ғана исламды құптады, ал бұқара халық діннен тыс тұрды деген сынаржақ зерттеулерге жол берілген кездегі М.И.Фетисовтің «Повсеместно проводилась насильственная русификаторская политика. Однако когда казахи стали усиленно изучать русский язык, помогавший им обращаться русскими, развивать дружеские отношения между народами, русификаторы даже испугались этого процесса и стали его ограничивать. Показательно сопоставить Ибрая Алтынсарина и Н.И. Ильминского (1822-1891), консервативного педагога-миссионера, который видел цель своей деятельности в области просвещения казахов, татар, чувашей, мордвы, удмурдов в их русификации и обращении в православие»[11, 59-60] деген сияқты пікірлері ашық күнгі найзағайдай әсер қалдырып, қазақ әдебиетінің осы бір жанашырының қоғамдық ойға қозғау салғандығы көңілді көншітеді. Діни және рухани отарлауға тосқауыл қойған қазақ исламшыл ақындарының аттары аталмаса да, кейбір зерттеулерде орыс-қазақ мәдени байланыстарының келеңсіз тұстары да ауызға алынған еңбектер шыға бастады. Оларда бұл пікір тұмшаланып, тұспалданып берілгендіктен осы дәуірдегі әдебиет тарихын зерттеушілер сол дұрысты пікірлердің әлі де өз құндылығы жоймаған тұстарын Шәкәрім мен Мәшһүрге қатысты зерттеу еңбектерінде келтіріп отырғанымыз орынды болар еді. Кең етек жайған ұлтсыздандыру саясатының патша билігі тұсында басталып, кеңестік кезеңде кең көлемде өрістегені - бүгін дау тудырмайтыны анық. Осы әрекетке ашық та, жасырын күрескен Абайдың, Ыбырайдың, Шәкәрім мен Мәшһүрдің т.б. азаматтық тұлғалары туралы жоғарыда біз сөз еткен ғалымдарымыздың тұспалды пікірлер шоғыры ара-кідік болса да айтыла бастады. Тап осындай батыл ой біз «қазақ халқының досы» деп дәріптеген Н.И. Ильминскийге қатысты: «Но вопреки этим здравм рассуждениям в своей повседневной деятельности Н.И. Ильминский был приверженцем христианизации и обрусения окраин России» [12, 246] деген пікір К.Керева-Канафиеваның зерттеу кітабында алғаш бой көрсетті.

Осы пікірдің айтылуына 1959 жылы өткен әдеби мұра мәселесіне байланысты конференция қозғау салды деп берік негізде айта аламыз. Осы конференцияда тұңғыш рет алаш қайраткерлерінің тағылымын бойына сіңірген ХІХғ. соңы мен ХХғ. басындағы ұлт әдебиетінің ірі тұлғаларының шығармашылығын әдеби айналысқа түсіруге күш салынды. Осы орайда Е.Ысмайылов: «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде идеялық қайшылығы күшті бірталай ақындар осы күнге дейін зерттелмей жүр. Олар: Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Омар Қарашев, Нарманбет Орманбетов, Нұржан Наушабаев т.б.» [5, 27] деген ойды алға тартса, Б.Кенжебаев: «Дұрысында тарихта болған, заманында өзінің шамасы келгенше қоғамдық, прогресшіл қызмет атқарып, әлеуметтік, мәдени, әдеби мәні бар азды-көпті шығармалар қалдырған ақын, жазушылардың бәрінің де аттары аталуға, қызметтері мен шығармалары көрсетілуіне, зерттелуіне тиіс; саяси және басқа үлкен қылмысы барлары болмаса, аттары аталмайтын, қызметтері мен шығармалары көрсетілмейтін ақын, жазушылар болмауға тиіс» [5, 244], - деп уәжді пікірді өрістетсе, өз кезегінде Ә. Қоңыратбаев: «1905-1917 жылдар арасындағы Нұржан Наушабаев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Омар Қарашев, Әубәкір Кердері, Балқы Базар, Шәңғерей Бөкеев сияқты ақындардың көзқарас қайшылықтарын айта отырып, олардың шығармашылығын дұрыс бағалауға тиістіміз» [5, 246б.], - деп, ғылыми зерттеу жүргізуде аталған қаламгерлердің шығармашылығының лайықты зерделенуіне қатысты өз ойын ортаға салды. Осы конференцияның арқасында кейінгі хрестоматиялық жинақтарға енуіне Нұржан Наушабаев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Омар Қарашев, Әубәкір Кердері, Балқы Базар, Шәңғерей Бөкеев сияқты ақындардың шығармалары мүмкіндік ала алғанымен, тоталитарлық жүйенің өзі ақтап шыққан Шәкәрім мен Мағжан мұралары кеңестік идеологияның кертартпалығынан мүлдем зерделенбесе, алаш әдебиетінде ойып тұрып орын алатын М. Көпейұлы мұрасы да әдебиет тарихына енгізу де түбегейлі өз шешімін таппады.

1966-1969 жылдар аралығында ҚазКСР Ғылым академиясы Әдебиет және өнер институты көптен қарастырып келе жатқан Ш.Құдайбердіұлының мұрасы турасында 1969 жылдың 3 желтоқсанында Ілімі үйлестіру кеңесі өзінің оң шешімін қабылдады. Бұл ретте біздің қадап айтарымыз ұлтшыл-діншіл бағыт ұстанғандар деген тұрғыдан Мәшһүрдің бүкіл шығармашылығы сол кездегі саясаттың шылауына орай жартыкеш зерделеніп, ал Шәкәрімнің өзі ақталса да, әдеби мұрасы зерттеу объектісіне айналмауынан сол дәуірдегі қызылдар жүргізген ұлтсыздану саясатының салқынынан олар турасындағы толыққанды пайымдаулардың қалайша кейінгіге ысырғандығын Мағжан шығармашылығы жөніндегі дау-дамайдан да аңғара аламыз. 1965 жылы 15 қазан күні Мағжанның жары З. Жұмабаева сол кездегі орыс тілді қазақстандық әдеби журнал «Простордың» бас редакторы И.Шуховқа хат жазып, Мағжан өлеңдерін орысшаға аудару үшін жағдай жасауын өтінеді. Біз атақты ақынның 1960 жылы Түркістан әскери округінің әскери трибуналының алқасының шешімімен толықтай ақталғанын білеміз. Осыны басшылыққа алған ақынның жарының әрекетінен түк шықпағаны, одақ жазушыларының жетекші газеті «Литературная газетадағы» Д.Стариков мақаласы аударылып, «Қазақ әдебиетіне» жарияланғандығы әдебиет тарихынан белгілі [13]. Осы әрекеттердің барлығын академик Р.Нұрғали: «Кеңес үкіметі, компартия тап тартысы, саяси шаруашылық саласында ғана емес, ғылым, білім, идеологияның да тізгінін қатал тарта ұстап отырды. Дәлірек айтқанда, марксизм-ленинизм ілімін темір заңға айналдырды» [14,7], - деп орынды атап өтеді. Бұның орны толғысыз кесірі Шәкәрім мен Мәшһүр-Жүсіптің толыққанды филологиялық зерттеу нысанына айналуы мен ұлтына толық танылуына еліміз егемендік алғанша бөгесін болып келгені еш жасырын емес.

Тура осындай солақай саясатқа басқа кітаби ақындармен қатар М. Көпейұлы шығармашылығы да ұшырады. Сол кездегі әдеби мұраға қатысты 1950 жылдардағы «Бастауыш және орта мектептерге арналған қазақ әдебиеті мен тілі бойынша оқулықтардағы қателіктер мен кемшіліктер туралы», «Социалистік Қазақстандағы»: «Көпеев-ұлтшыл, діндар ақын», «Қазақ әдебиеті антологиясының жаңа басылымы туралы» және «Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының жұмысы туралы» мақалалар, қауылы-қарарлар ұлттық руханиятымыздан біржола көз жаздыру мақсатын қасақана көздеді демеске шараң жоқ. Осы кезеңдегі әдебиет саласында орын алған жөнсіздік турасында белгілі ғалым М. Мырзахметұлы: «өткендегі әдеби мұрамыздың терең тарихи тамырларын ғылыми тұрғыдан танып білуден көз жаздыруға арналған саяси идеологиялық мақсатты көздеді. Әдебиетші ғалымдар қауылының саяси ызғарынан бет бұрып, әдебиет тарихының бастау көздерін ХVІІІ ғасырдағы Бұқар жырау мұрасынан бастауға дейін төменшектеуге алып келді. КПСС ОК мен Қазақстан КП ОК, яғни екі Орталық Комитетте біздің осы шеңберден шықпау, шығармау

әрекеттерімен айналысты» [15, 25], - деп өмір шындығын алдымызға тартса, оған дейін М. Көбейұлын т.б. сол кездегі бағалауда: «Бұл сол кезеңдегі әдебиет жайында, оның жекелеген өкілдерінің творчествосы, идеялық нысаны мен бағдары жайында дұрыс мағлмат алуға мүмкіндік бермек» [16, 11] деген пікір орын алған еді. Осылайша сол кезде шығарылған көп томдықтарда ХХ ғ. басындағы ақын, жазушылардың арасына жік түсіріліп, оларды халықтық, демократиялық және буржуазияшыл-ұлтшылдық, кертартпа бағыт деп саралау ел егемендігіне дейін созылып келді. Осы бағыт Шәкәрім мен Мағжан т.б. сияқты әдебиет тарихынан сызылып тасталмаған М. Көпеев, Н. Наушабаев, Ғ. Қарашев, М. Қалтаев сияқты «ұлтшылдық» таңбасы басылған ақындарды тек бірсыдыртып шолу мақсатында ғана зерттетті.

Қазақ ғалымдары шеттетілгендердің орнын толтыру мақсатында аттары әдебиет тарихында қалуы үшін М. Көпеев, Н. Наушабаев, Ғ. Қарашев, М. Қалтаев т.б. марксизм-ленинизм әдіснамасы аясында қарастыру үшін «кітаби», «қиссашыл» ақындар терминдерін қолданысқа енгізуге мәжбүр болғандығы анық. Сол себепті сол кездегі әдебиет тарихында әрбір аттары аталған ақындардың шығармашылығының мәйегі болатын әдеби ағымдар мен бағыттардың табиғатты ашылмай, шығыс әдебиетімен дәстүрлі байланыс пен діни сарындарды бағалау қасаң біржақты көзқарас тұрғысында қарастырылып, ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басындағы үлкен мәнге ие болған оладың ағартушылық ойларымен ұштасып жататын діни сарындағы өлеңдерін айтапағанда «өздерінің стилі жағынан бұлар қазақ арасында кеңінен тараған Шығыс әдебиетінің соңғы бір көрінісі» [17, 202], - болып табылатындығы мүлдем ескерусіз қалды.

- 1 Кәкішұлы Т. Толғам.-А.: Қазақ университеті, 2004.-527 б.
- 2 Бердібаев Р. Сол жылдарда // Жұлдыз. 1995. №5-6. Б.-118-140.
- 3 Елеукенов Ш. Ғасырлармен сырласу. – Астана.: Елорда, 2004.-482 б.
- 4 Сүлейменов Ө. Мұхтар Әуезов туралы сөз // Жұлдыз 1997. №1. б.-3-10
- 5 Әдеби мұра және оны зерттеу. Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары.- А.: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1961.-376 б.
- 6 Қасқабасов С. Түпнұсқамыз түгел ме? Қолда бар мұра ала құла // «Егемен Қазақстан» 1999. 8 қараша қарау керек
- 7 Сүйіншіәлиев Х. Өткенге салауат. Естелік-эссе.-А.: Қазақ университеті, 2002.-207 б.
- 8 Сүйіншіәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері (Ерте дәуірден ХІХ ғасырдың аяғына дейін). –А.: Қазақстан, 1967.-388 б.
- 9 Жұмағұлов С. Б. ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы (1956-1991 ж.ж.): Монография.-Қарағанды: ЖШС «Гласир», 2008.-552 б.
- 10 Бердібаев Р. Ұстаз, ғалым, азамат. Кітапта: Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. –А.: Жазушы, 1986.-400 б.
- 11 Фетисов М. И. Зарождение казахской публицистики. А.: КГИХЛ, 1961.-439 с.
- 12 Кереева-Канафиева К. Дореволюционная русская печать о Казахстане. Казгосиздат, 1963.-303 с. Табу керек
- 13 Стариков Д. Бұрыс бағдар. «Простор» журналындағы сын жайында // Қазақ әдебиеті. 1969.29.ІІІ.
- 14 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2002.-528 б.
- 15 Мырзахметұлы М. Қазақ рухани әлемінің таньылу жолдарынан// Шәкәрім әлемі. 2006. №1 Б.-25-28.
- 16 Қазақ әдебиетінің тарихы ІІ т. ІІ кітап.- А. Ғылым, 1965.-525 б.
- 17 Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – А.: Санат, 1994.-312 б.

## ПОЗНАНИЕ ШАКАРИМА И МАШХУРА И ИХ ГЛАВНЫЕ СХОДСТВА

Токсамбаева А.О. - к.ф.н., и.о. профессора Семипалатинского государственного университета им. Шакарим

### Резюме

Главные сходства познания Шакарима и Машхура –не совпадение ислама с официально признанным красным колониализмом научной концепций. Литературное наследие, которое осталось за Шакаримом Кудайбердиевым и Машхура Копеевым, берет свое начало в ХХ в., у исследователей

литературы развивались разные мнения, кто-то хвалил, одни выражали недовольство, такие разные взгляды и научные мысли были основой начала. В этой статье есть определенный подход к каждому писателю индивидуально, продвигается мысль в области исследования и развития.

Известные ученые поднимают тему казахской интеллигенции, быт и традиций казахского народа, которые подверглись давлению со стороны тоталитарной системы Сталина, говорится о первых литературных статьях написанных для поднятия национального духа казахского народа. Останавливаются на уважаемых примерах, мнениях разумных ученых, которые относятся всем познавателям литературы.

В 1962 году в Казахстане вышла работа Х.Суйншалиева «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері», несмотря на то, что автор не взял М.Копеева главным объектом специального исследования основная тема этой работы была в области религий, и из-за глубокого раскрытия религиозной темы этот труд был подвержен влиянию красной цензуры, как все это происходило можно прочитать в памятке эссе ученого «Өткенге салауат».

Если мы будем помнить, что есть подведение итогов и подробно будем подходить к исследованию его со всех сторон, то мы рассмотрим литературную связь, творчество акынов в конце XIX в. и в начале XX в.

С.Жумагулова: «Казахскую литературу существующих из покоя времен прошедшую нелегкий путь в своем развитии начиналось с VIII века в исследованиях Х.Суйншалиева и М.Жолдасбекова в «Көне түркі ескерткіштері және олардың қазақ әдебиетіне қатысы», а также М.Магауин «Қобыз сарыны», «XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары» благодаря этим трудам казахская литература нашло свое законное продолжение, и нашло свое глубокое подтверждение в определенной сфере.

**Ключевые слова:** Познание Шакарима, познание Машхура, ислам, заключение, Сталинская, тоталитарная, повелительный (склонный) «Өткенге салауат», эссе памятка, «Қобыз сарыны», «старинный», «феодальный», «богач», «националист», «религиозный», «оттепельная пора», «воспевал религиозную проповедь», «софийская литература».

## BIRTH OF COGNITION OF SHAKARIM AND MASHHUR

S.A. Toksambaeva – Acting Professor State University of Semipalatinsk Shakarim

### Summary

Main likenesses of cognition of Shakarim and Mashhur – don't coincidence of islam with officially confessed red kolonism scientific conceptions.

Literary heritage that remained after Shakarim Kudaiberdiev and Mashhur Kopeev takes beginning in XX of century, different opinions developed for the researchers of literature, someone praised, one had expressed dissatisfaction, such different looks and scientific thoughts were basis beginning.

In this article there is the certain going near every writer individually, an idea moves up in area of research and development.

Well-known scientists lift the theme of Kazakh intelligence, way of life and traditions of the Kazakh people, that was exposed to pressure from the side of the totalitarian system of Stalin, talked about the first literary articles written for raising of national spirit of the Kazakh people. Decide on respectable examples, opinions of reasonable scientists that belong to all researchers of literatures.

In 1962 in Kazakhstan work of H.Suinshaliev «The formations of Kazakh literature», went out in spite of the fact that an author did not take M.Kopeev the main object of the special research a basic theme of this work was in area of religions, and from the deep opening of religious theme this labor was subject to influence of red censorship, as all of it took place it is possible to read the essay of scientist of «Өткенге салауат» in a commemorative booklet.

If we will remember that is working out the totals and in detail we will fit for researchers him from every quarter, then we will to examine of literary connection, work of akyn's in the end of XIXc. and at the beginning XX of century of C. of Zhumagulov: Kazakh literature of existing from time to times of lasts heavy way in the development began with VIII century in researches of H.Suinshaliev and M.Zholdasbekov of «Monuments of ancient turks and their attitude toward to Kazakh literature », M. Magauin «Қобыз сарыны», «XV- XVIII century written by Kazakh akyn's». Due to these labors Kazakh literature found the legal continuation, and found the deep confirmation in a certain, exact theme.

**Keywords:** Cognition of Shakarim, cognition of Mashhur, Islam, conclusion, Stalin, totalitarian, imperative (inclined) «Өткенге салауат», of essay commemorative booklet, «Қобыз сарыны», «ancient», «feudal», a «rich», «nationalist», «religious», «thaw pore», «glorified religious sermon», «soffiish literature».

**УДК 378.016:811.111:004**

## **ФОРМИРОВАНИЕ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ С ПОМОЩЬЮ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСОВ**

**Т.Б. Турлыбеков** - *Магистрант 2 к. КазНПУ им.Абая*  
**Г.Х. Абдрахманова** – *научный руководитель: к.ф.н., доцент*

**Аннотация.** В статье рассматривается высокий уровень компьютеризации общества и рост значения Интернет как средства хранения и передачи информации требуют от современного преподавателя иностранного языка внедрения в свою образовательную практику информационно-коммуникационных технологий. Их использование способствует совершенствованию лингвистической и лингвокультурологической компетенций учащихся, формированию культуры общения в электронной среде, повышению информационной культуры в целом, а также развитию навыков работы на компьютере: поиск, обработка, передача, систематизация информации и презентация результатов научно-исследовательской деятельности учащимися.

Использование современных информационных технологий в образовании имеет относительно небольшую историю. А также формирование лингвокультурологической компетенции средствами современных информационных технологий может привести к успеху лишь при соблюдении ряда педагогических условий.

**Ключевые слова:** поиск, обработка, передача, систематизация информации, презентация результатов, Интернет-ресурсы, лингвокультурологическая компетенция, культура общения, электронная среда.

Интернет-ресурсы - необъятный источник информации, который может быть использован как преподавателем, так и учащимися. При правильной организации учебного процесса, помимо коммуникативной компетенции во всем многообразии ее компонентов учащиеся приобретают информационную компетенцию, которая включает в себя овладение новыми информационными технологиями, понимание диапазона их применения, а также критическое отношение к распространяемой информации [3; 8].

Используя поисковые системы (Google, Yahoo, Yandex, и др.), можно найти огромное количество информации, в том числе и касающейся особенностей культуры страны изучаемого языка. Задача преподавателя состоит в том, что бы помимо использования предлагаемых вузом учебных пособий и аудиовизуальных материалов, активно пользоваться Интернет ресурсами, расширяя свой кругозор и постоянно привнося что-то новое в свои занятия: это могут быть интересные и необычные факты о чужой культуре, аутентичные аудио и видео материалы, интересные фотографии, иллюстрации, планы уроков, рабочие тетради в общем, всё то, что может повысить интерес учащихся к культуре страны изучаемого языка, поможет им по-новому взглянуть на культуру своей страны, а значит повысить их уровень лингвокультурологической компетенции. Студенты, заинтересованные в дальнейшем изучении иностранного языка и знакомстве с культурой страны, могут с успехом пользоваться Интернет-ресурсами самостоятельно.

Высокий уровень компьютеризации общества и рост значения Интернет как средства хранения и передачи информации требуют от современного преподавателя иностранного языка внедрения в свою образовательную практику информационно-коммуникационных технологий. Их использование способствует совершенствованию лингвистической и лингвокультурологической компетенций учащихся, формированию культуры общения в электронной среде, повышению информационной культуры в целом, а также развитию навыков работы на компьютере: поиск, обработка, передача, систематизация информации и презентация результатов научно-исследовательской деятельности учащимися [4; 132].

Использование современных информационных технологий в образовании имеет относительно небольшую историю. Однако накопленный опыт свидетельствует о том, что формирование лингвокультурологической компетенции средствами современных информационных технологий может привести к успеху лишь при соблюдении ряда педагогических условий. К таким условиям можно отнести следующие: наличие технологии (пошагового алгоритма) формирования лингвокультурологической компетенции; наличие заданий на анализ, обсуждение, интерпретацию получаемой информации; наличие заданий на культурную рефлексию; наличие заданий, в которых обучающиеся выступают в качестве представителей родной культуры; аутентичность материалов для обсуждения [2; 6].

Как и большинство других гениальных изобретений человека, Интернет, открывая невиданные возможности для человечества, несёт и определённые опасности. Следует лишний раз напомнить, что прежде чем использовать информацию с какого-либо сайта в образовательных целях следует проверить, можно ли ей доверять. Преподаватель должен прививать учащимся склонность критически относиться к тому, что они могут прочитать на страницах Интернет. Нужно учиться находить информацию о владельце ресурса, учиться сравнивать информацию из разных источников и делать правильные выводы. Очень часто бывает так, что информация, полученная из доверительного источника, может оказаться недостоверной просто потому, что она уже устарела, поэтому не помешает узнать, когда сайт в последний раз обновлялся.

При отборе Интернет-ресурсов для учебных целей преподавателям необходимо отбирать такой учебный материал, который бы способствовал воспитанию личности студента, выработке активной жизненной позиции. Следует помнить о том, что по окончании высшего учебного заведения на протяжении всей жизни они будут использовать ресурсы сети Интернет для реализации своих познавательных интересов и потребностей. Задача преподавателя - научить работать с Интернет-ресурсами, уметь правильно производить поиск, классификацию и анализ информации, а также оценивать ее новизну, информационную и культурологическую ценность [3; 9].

Доказано, что применение компьютеров приводит к активизации умственной деятельности, формирует положительные мотивации у большинства учащихся к занятиям, позволяет увеличить объем получаемой информации, систематизирует мышление. Наряду с этим использование компьютера сопровождается воздействием на организм целого ряда факторов, которые могут оказать неблагоприятное влияние на функциональное состояние и работоспособность студентов.

Все вышесказанное требует специального регламентирования работы студентов. Контролируемое и регламентированное компьютерное обучение не оказывает отрицательного влияния на рост, развитие и состояние здоровья школьников и способствует развитию работоспособности, пространственной ориентации, мышления [1; 334].

Результаты физиолого-гигиенических исследований позволили разработать основные требования к организации работы на компьютерах студентов различных возрастных групп, к рабочему месту пользователя, к гигиеническим условиям в помещениях.

В качестве примера использования Интернета на уроке английского можно привести данную разработку «веб-квеста», нацеленного как на пополнение словарного запаса, так и на знакомство с культурой англоговорящего мира:

San Francisco

Всю необходимую информацию учащиеся найдут по прямым ссылкам на веб-сайтах.

Activity 1: Reading

Для того чтобы найти ответы на вопросы нет необходимости читать весь текст и переводить каждое слово, достаточно понять из названия статей (Geography, Climate, Economy) где можно найти ответы [5].

Find answers to the following questions about San Francisco using the website:

[http://en.wikipedia.org/wiki/San\\_francisco](http://en.wikipedia.org/wiki/San_francisco)

1) San Francisco is a city in...

- a) western California
- b) northern California
- c) eastern California

2) San Francisco and the surrounding area are made up of...

- a) 3,200 sq km
- b) 1,200 sq km
- c) 121 sq km
- 3) San Francisco is an important city for ...
  - a) fishing
  - b) scuba diving
  - c) tourism
- 4) San Francisco is bordered on the west by ...
  - a) the Atlantic Ocean
  - b) the English Channel
  - c) the Pacific Ocean
- 5) San Francisco's average daily temperature in January is ...
  - a) 6° to 12°C
  - b) 8° to 14.5°C
  - c) 7° to 15°C

Ответы: 1) a; 2)c; 3)c; 4)c; 5)b.

Activity 2: Reading, writing & speaking

One of the most famous attractions in San Francisco is Alcatraz, a prison island off the coast of San Francisco.

a) Use the website: <http://www.alcatrazhistory.com/escapes1.htm> to answer the following questions.

- 1. How many prisoners attempted to escape from Alcatraz? (paragraph 1)
- 2. How many prisoners were caught? (paragraph 1)
- 3. How many prisoners were shot? (paragraph 1)
- 4. How many prisoners drowned? (paragraph 2)
- 5. How many prisoners were never found? (paragraph 2)

Tricky vocabulary:

to attempt to escape = to try to escape

Extension activity:

a) Write five to ten questions for a partner using 'How many...?'

Examples How many people live with you? How many CDs have you got?

b) Work with a partner. Ask each other your questions.

Это задание побуждает студентов к креативности, помогает узнать друг о друге. Для выполнения этого задания студентам нужно повторить порядок слов в вопросительных предложениях.

Activity 3: Speaking

Студенты должны знать конструкцию предложений с использованием «going to». Предложения можно начинать со слов first, then, after that and finally. За выделенное время студенты должны выбрать 5 - 10 мест которые они хотели бы посетить и подсчитать необходимую для этого сумму. Далее они должны составить и записать предложения с использованием «going to» и представить их вниманию класса.

This activity involves planning a holiday!

Imagine you have just arrived at San Francisco airport, and you have 24 hours to spend in the city. Look at the tourist information on the website: <http://www.timeout.com/san-francisco/>

Plan your time carefully. You have \$400 to spend, which includes money for meals.

Work in pairs to describe what you are going to do on your holiday.

Use the structure going to.

Example: We're going to visit the Golden Gate Bridge [6].

Подводя итог работе можно отметить, что в будущем проблема формирования лингвокультурологической компетенции учащихся не уйдёт на второй план. С каждым днём растёт потребность в специалистах не просто владеющих иностранными языками, но и готовых успешно взаимодействовать с представителями других культур. Пользуясь ресурсами Интернет, учитель может разнообразить занятия, включив в них песни и мультфильмы на иностранном языке, аутентичные учебные пособия. Таким образом дать учащимся весь спектр знаний о культуре, обычаях и традициях иноязычной страны.

1. Кучма В.Р. Гигиена детей и подростков. / В.Р. Кучма - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2008. - 473 с.
2. Сысоев, П.В., Анальков В.Г. Формирование межкультурной компетенции учащихся средствами электронно-почтовой группы. [Электронный ресурс] - [www.lib.tsu.ru/mminfo/000349304/.../05-102.pdf](http://www.lib.tsu.ru/mminfo/000349304/.../05-102.pdf)
3. Сысоев П.В. Современные учебные Интернет-ресурсы в обучении иностранному языку / П.В. Сысоев, М.Н. Евстигнеев - // Иностранные языки в школе. 2008. № 6. С. 2-10
4. Fischer G. E-mail in foreign language teaching. Towards the creation of virtual classrooms. / G. Fischer - Tübingen, Germany: Stauffenburg Medien, 1998.
5. J. Lehtonen Globalization, National Cultures, and the Paradox of Intercultural Competence. [электронный ресурс] - <http://viesti.jyu.fi/laitos/lehtonen/globalization.html>
6. Мьллер-Хартманн А. The role of tasks in promoting intercultural learning in electronic networks/ А. Мьллер-Хартманн // Language Learning & Technology. 2000. № 4 (2). P. 129-147.

## ГАЛАМТОР-ҚОРЫН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП СТУДЕНТТЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Т.Б. Тұрлыбеков - Абай ат. ҚазҰПУ, 2 к. магистранты

Г.Х. Абдрахманова - ғылыми жетекшісі, ф.ғ.к., доцент

### Түйіндеме

Мақалада қоғамды толықтай компьютерлендіру және ақпаратты сақтау және беру құралы ретінде Интернетті қолдану, жүзеге асыру және қазіргі заманғы шет тілі пәнінің мұғалімі ғылыми тәжірибесінде қажетті ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану жоғары деңгейдегі маңыздылығын ашып көрсетуге болады. Қазіргі заманғы коммуникациялық технологияларды қолдану тұтастай алғанда ақпараттық мәдениетін жетілдіру, студенттердің тілдік құзыреттіліктерін және лингвомәдени құзыреттілігін жетілдіру электрондық ортадағы қарым-қатынас мәдениетіне септігін тигізеді, сондай-ақ компьютерлік дағдыларын дамыту: іздеу, өңдеу, беру, студенттердің ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері туралы ақпараттау және жүйелі ұсыну болып табылады.

Білім беру саласындағы қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдаланудың салыстырмалы қысқа тарихы бар. Сондай-ақ, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың көмегімен лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру тек белгілі педагогикалық жағдайларды қарастыру арқылы жетістікке қол жеткізуге болады.

**Түйін сөздер:** іздеу, өңдеу, табыстау, ақпаратты жүйелеу, қорытынды ұсыным, Галамтор-қоры, лингвомәдени компетенция, қарым-қатынас мәдениеті, электрондық орта.

## FORMATION OF LINGUOCULTURAL COMPETENCE OF THE STUDENTS WITH USING INTERNET-RESOURCES

T.B. Turlybekov – KazNPU named Abai, 2<sup>nd</sup> course student of Master's degree

G.H. Abdrahmanova – Scientific adviser: Candidate of Philology, Associate Professor

### Summary

The article considered a high level of computerization of society and the growing importance of the Internet as a means of storing and transmitting information required from a modern foreign language teacher in the implementation of its educational practices of information and communication technologies. Their use contributes to the improvement of linguistic and linguocultural competences of the students, formation of culture communication in the electronic environment, improve information culture as a whole, as well as the development of computer skills: search, processing, transmission, systematization of information and presentation of the results in research activities by students.

The use of modern information technology in education has a relatively short history. As well as the formation of linguocultural competence by means of modern information technologies can lead to success only under certain pedagogical conditions.

**Key words:** search, processing, transmission, systematization of information, the presentation of results, Internet-resources, linguocultural competence, culture of communication, electronic environment.

УДК 378.016:811.111'37

## ФЕНОМЕН АНГЛИЙСКИХ ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИХ «БИНОМОВ» И ИХ УПОТРЕБЛЕНИЕ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

М.Р. Уразова - магистрант 2 к. КазНПУ им.Абая

З. Баданбекқызы – научный руководитель: к.ф.н., доцент

**Аннотация.** В статье рассматриваются фразеологические «биномы», их структура, способы образования, употребление. Структура фразеологических «бином», подчиняется определенным правилам формирования: чаще всего она включает два полнозначных слова (преимущественно относящихся к одной части речи), образующие смысловое целое и часто объединенные союзом или иной связкой: *back to back, loud and clear*. Под фразеологическими «биномами» британские ученые подразумевают общность слов. Термин «сиамские близнецы» был впервые применен к данному лингвистическому явлению британским лексикографом Генри Уотсоном Фаулером.

Такие единицы языка, вероятнее всего, имеют историческое или диалектное происхождение, но в языке есть и некоторая доля сравнительно новых «сиамских близнецов», к примеру, *rock and roll*.

В преподавании английского языка широко употребляются английские фразеологические «биномы», которые образуются различными способами и делают язык красочным.

**Ключевые слова:** фразеологические «биномы», историческое происхождение, диалектное происхождение, лингвистическое явление, сленг, сленговые фразеологизмы, лексические единицы, структурообразующий.

Фразеология – это сокровищница языка. Во фразеологизмах находит отражение история народа, своеобразие его культуры и быта. Фразеологизмы часто носят ярко национальный характер. Наряду с чисто национальными фразеологизмами в английской фразеологии имеется много интернациональных фразеологизмов. В число не до конца исследованных единиц попадают так называемые фразеологические «биномы».

Под фразеологическими «биномами» британские ученые подразумевают общность слов, «образованных под влиянием ограничительных семантических, метрических и частотных факторов» [5, с.2], делающих их употребление в языке идиоматичным: *odds and ends, alive and kicking*. Они также в трудах разных ученых именуется «сиамскими близнецами» [6].

Термин «сиамские близнецы» был впервые применен к данному лингвистическому явлению британским лексикографом Генри Уотсоном Фаулером, жившим на рубеже XIX и XX веков. В США проблемой «лингвистических биномов» занимались такие лингвисты, как Дуайт Болинджер, Гертрод Фенк-Окзлон.

Структура фразеологических «бином» подчиняется определенным правилам формирования: чаще всего она включает два полнозначных слова (преимущественно относящихся к одной части речи), образующие смысловое целое и часто объединенные союзом или иной связкой: *back to back, loud and clear*.

Такие единицы языка, вероятнее всего, имеют историческое или диалектное происхождение, но в языке есть и некоторая доля сравнительно новых «сиамских близнецов», к примеру, *rock and roll*.

В преподавании английского языка широко употребляются английские «биномы», которые образуются различными способами и делают язык красочным. Самыми распространёнными способами их образования являются следующие:

- сочетание рифмующихся элементов, например *wine and dine, gloom and doom*;
- аллитерация: *safe and sound, black and blue*;
- сочетание понятий, входящих в одну тематическую группу (близких семантических полей): *apples and pears, needles and pins*;
- редупликация: *bag and baggage*;
- сочетание синонимов: *first and foremost, null and void*;
- переразложение других сочетаний. Например, бытует мнение, что «бином» *odds and ends* образовался от словосочетания *odd ends*.

В западной лингвистике, например, в работе Сары Банин Бенор «Курица или яйцо? Вероятностный анализ биномов» [5] рассматриваются не только сочетания, обладающие всеми признаками идиоматичности:

- 1) «институционализацией» (institutionalisation – закреплённость, «узаконивание» в языке),
- 2) устойчивостью лексического состава и грамматической структуры (lexicogrammatical fixedness),
- 3) невозможностью выведения их значения из значений компонентов (non-compositionality) [5, с. 6].

Автор классифицирует их как «застывшие» ('frozen') и «не застывшие» ('non-frozen'), при этом учитывая, что граница между первыми и вторыми нечёткая. Так, в «биноме» 'odds and ends' невозможно изменить порядок слов, это привело бы к утрате им своего идиоматического значения.

Такие «биномы», построенные по принципу частого употребления также можно использовать на уроках английского языка. Сочетания, вместе тоже обладают некоторой идиоматичностью: north and south, mother and dad, day and night, salt and pepper. При перемене мест составляющих эти «сиамские близнецы» сохранили бы свой смысл. Тем не менее, Сара Банин Бенор объясняет их употребление в этой фиксированной форме традиционным восприятием:

north and south (слово «север» предшествует слову «юг», так как север является главным ориентиром на компасе);

mother and dad (в воспитании детей матери традиционно отводится главная роль);

day and night (обычно люди проводят без сна больше часов в светлое время суток) [5, с. 8].

Эти «биномы» можно, по мнению автора, считать не застывшими. Сара Банин Бенор ставит под сомнение принадлежность сочетаний с произвольным порядком слов к «биномам», нащупывая в этом критерий определения фразеологических «сиамских близнецов», опровергая более ранние гипотезы, основанные на предположении о превалировании фонетического принципа в качестве структурообразующего для фразеологических «биномов».

Благодаря предположению Сары Банин Бенор «биномов» можно высказать предположение, что именно обилие фразеологических «биномов», наряду с существованием других устойчивых сочетаний слов, в английском языке по своей природе породили явление уникального рифмующегося сленга «кокни». В нём биномы использовались как рифма к обычным словам, при этом вторая, рифмующаяся часть убиралась, что делало систему сленга «кокни» подобием шифра, известного до определенного времени только небольшому кругу людей.

Например, слово stairs («лестница») рифмуется с «биномом» apples and pears, поэтому в сленге «кокни» лестница называется apples.

Аналогично: north: north and south = mouth; dog: dog and bone = telephone.

Фразеологические «биномы» относятся к разряду лексических единиц, представляющих трудности при передаче на другие языки. Основная причина этих трудностей – отсутствие прямых эквивалентов в языке перевода. Только небольшая часть «сиамских близнецов» может быть переведена аналогичными сочетаниями русского языка. С помощью этих фразеологических «биномов», которые являются следствием исторического заимствования, можно четко и ясно объяснить суть обучающимся на уроках английского языка:

divide et impera (Lat.) - divide and rule, разделяй и властвуй,

vis-à-vis – face to face – лицом к лицу.

Самые простые «биномы», особенно неидиоматичные, существуют в том или ином виде во многих языках по экстралингвистическим причинам:

to and fro = туда-сюда,

back and forth = вперед-назад;

first and only = первый и единственный,

husband and wife = муж и жена.

Происхождение этого типа «биномов» является вполне очевидным, так как они представляют собой распространенные жизненные реалии:

life and death – жизнь и смерть,

black and white – черное и белое, черно-белый;

start to finish – от начала до конца,

top to bottom – с верху до низу.

Довольно легко поддаются переводу «сиамские близнецы», основанные на повторении одного и того же слова:

again and again = снова и снова,  
back to back = спина к спине,  
cheek to cheek = щека к щеке,  
hand in hand = рука об руку,  
little by little = мало по малу,  
time after time = время от времени.

«Бином» chicken and egg в силу своей метафоричности используется на уроках английского языка целым оборотом «имеющий отношение к спору о том, что было раньше: курица или яйцо» (толкование) или описательно: chicken-and-egg problem - проблема, где трудно отделить причину от следствия.

Ещё один вид «биномов», которые тоже можно широко употреблять в преподавании английского языка, – это так называемые «ложные друзья переводчика» (или «мнимые друзья переводчика» [4, с.4], как их назвал Александр Пахотин, собравший лексику этого типа в свой словарь). Например, «бином» long and short в выражении to tell the long and the short of it означает «изложить саму суть, основные факты, только важное».

Наконец, бывают случаи элементарного отсутствия в тексте структуры «сиамских близнецов» или употребления похожей конструкции без идиоматичности значения. Например, «бином» dead or alive традиционно переводится как «живой или мертвый»: Find them, I need this gang dead or alive. Найдите их. Эта банда мне нужна живой или мертвой [1].

Однако, предложение 'I was desperate to find out whether he was dead or alive' может дать значение как «Я отчаянно пытался выяснить, жив ли он», так как здесь нет дополнительного подтекста.

Часто в преподавании фразеологизмов приходится прибегать к элиминации национально-культурной специфики. В случае с «биномами» это может выразиться в некоторых стилистических потерях.

Так, например, сочетание flotsam and jetsam, буквальное значение как «остатки кораблекрушения» и восходящее к старинным словам, ныне ставшими архаизмами и отдельно не употребляющимся, теряет свою стилистическую окраску.

Подбор непрямого эквивалента осуществляется в том случае, когда в данном контексте необходимо сохранить стилистику высказывания:

Here he comes, the lucky rascal, alive and kicking! А вот и наш счастливчик – жив-живёхонек! [3].

Проблемными в таких случаях могут стать фразеологические единицы с использованием эвфонических средств, то есть, например, адвербиальные «биномы» с аллитерацией:

«hide and hair – целиком, без остатка (со всеми потрохами),

bag and baggage – со всеми пожитками (идиофразеоматизм),

а примером рифмованного созвучия является оборот by hook or by crook – во что бы то ни стало»[2, с.364].

Порой при подобных обстоятельствах разговорные и сленговые фразеологизмы легче в преподавании английского языка. Отчасти этот феномен обусловлен большим правом преподавателя на вольность при передаче разговорных и просторечных метафор.

В контексте молодежного сленга или приятельской беседы 'It's chalk and cheese' может интерпретироваться русским разговорным аналогом «Эти вещи похожи, как вилка с бутылкой», чтобы передать значение совершенного отсутствия сходства.

Таким образом, можно сделать вывод о том, фразеологические «биномы» представляют собой ценнейший материал в методике преподавания английского языка. Изучение фразеологических «бином» в процессе обучения английского языка – это не только эффективный способ обогащения словарного запаса студентов, но и один из путей знакомства с национальной культурой, национальным характером и мировоззрением народа-носителя изучаемого иностранного языка.

1. Алимов, В.В. Теория перевода: Перевод в сфере профессиональной коммуникации: Уч.пос. Изд.5-е [Текст] – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009 – 160 с.

2. Кунин, А.В. Курс фразеологии современного английского языка: Уч. Пос. для ин-тов и фак. Иностран. Яз. [Текст] – 3-е изд., стереотип. /А.В. Кунин. – Дубна: Феникс+, 2005, – 488с.

3. Латышев, Л.К. Технология перевода: Учеб. Пособие для студентов лингв. вузов и

факультетов / Л.К. Латышев [Текст] – 4-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 320 с.

4. Пахотин, А. Большой англо-русский, русско-английский словарь мнимых друзей переводчика: Справочное пособие [Текст] – М.: Издатель Карева, 2006 – 304 с.

5. Bunin Benor, Sarah, *The Chicken or the Egg? A Probabilistic Analysis of English Binomials*, [Text] – Edinburgh: University of Edinburgh, – 2000 – 57p.

6. Woodham, Roger *Idiomatic pairs* [Электронный ресурс] / Режим доступа: <http://www.bbc.co.uk/worldservice/learningenglish/grammar/learnit/learnitv326.shtml>.

## АҒЫЛШЫН ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ «БИНОМДАР» ҚҰБЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ

М.Р. Уразова - Абай ат. ҚазПУ, 2 к. магистранты

З. Баданбекқызы - ғылыми жетекшісі, ф.ғ.к., доцент

### Түйіндеме

Мақалада фразеологиялық "биномалар", олардың құрылымы, құрылуы, қолданыстары қарастырылады. Фразеологиялық "биномалардың" құрылымы белгілі бір ережеге бағынады: көбіне ол екі толық мағыналы болып келеді (әдетте бір сөз табына жататын), мағынасы бүтін және жиі жалғаулық немесе өзге жолмен бірлескен толық мағыналы сөз: *back to back*, *loud and clear*. Фразеологиялық "биномдардың" астарында британдық ғалымдар сөздің тұтастығын түсінеді. "Сиам егіздері" терминін бұл лингвистикалық көріністе тұңғыш рет британ лексикографы Генрин Уотсон Фаулер қолданды.

Тілдің бұл бірліктерінің шығу тегі көбіне тарихи немесе диалектілік болып келеді, бірақ арасында салыстырмалы жаңа "сиам егіздері" бар, мәселен, *rock and roll*.

Ағылшын тілінің оқытуда түрлі әдіс-айлалармен жасалынатын және тілді көркем ететін "биномдарды" жиі қолданылады.

**Түйін сөздер:** фразеологиялық «биномдар», тарихи түп-тегі, диалекті түп-тегі, лингвистикалық құбылыс, сленг, сленгтік фразеологизмдер, лексикалық бірліктер, құрылым құрастырушы.

## PHENOMENON OF ENGLISH PHRASEOLOGICAL «BINOMIALS» AND THEIR USING AT THE ENGLISH LESSONS

M.R. Urazova – KazNPU named Abai, 2<sup>nd</sup> course student of Master's degree

Z. Badanbekkyzy – Scientific adviser: Candidate of Philology, Associate Professor

### Summary

The article considered phraseological "binomials" so called because their structure is subject to certain rules of formation, most often it includes two full-meaning words (mainly related to the same part of speech), forming a meaningful whole and often combined a bunch Union: *back to back*, *loud and clear*. British scientists imply common words to the phraseological "binomials". British lexicographer Henry Watson Fowler was first applied the term "Siamese twins" for this linguistic phenomenon.

Such a unit of language is likely to have historical or dialectal origin, but in the language and have a certain amount of relatively new "Siamese twins", for example, *rock and roll*.

English phraseological "binomials" are widely used in teaching English which are formed in different ways and make colorful language.

**Key words:** phraseological "binomials", historical origin, dialectal origin, linguistic phenomenon, slang, phraseological slang, lexical units, structure-forming.

## ЖУРНАЛИСТИКА

ӘОЖ 81'276:33

### МЕДИАМӘТІНДЕРДІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ


Б.К. Сердәлі – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

**Андатпа.** Мақалада бұқаралық ақпарат құралдары мәтінінің «базалық мәтіні» туралы сөз болады. Базалық мәтін ұғымы көптеген факторлардың негізінде қалыптасып, сөйлемнің белгілі бір түрлерін құруда басты мәтін сипатында көрініс табатыны талданады. Бір есептен «базалық мәтін» тіл қызметінің әртүрлі аумағында негізгі қызмет сипатын атқаратын мәтіндер тобына да жатады. Тілтаным саласында жаңалық мәтіндері тұрақты лингвистикалық белгілермен сипатталатын болса, синтагматикалық жақтан қарастырғанда, ол – белгілі бір сөз тіркесі құрылымының басым болуы, лексикалық даралығы, бір-біріне байланысқан сөз тіркестерінің жиі кездесуі, мәтін түзетін элементтердің молынан қолданылуы, байланыстырушы тұрақты тіркестердің жиі кезігуі, тарихи ақпараттарға сілтемелердің берілуі сияқты сөз тіркестерінің артықшылығын да сипаттайды. Мақалада айтылғандай, мәтін түрлерінің ішкі жүйе белгілері кейбір ақпараттық мәтіндерге де тән болып келеді.

**Түйін сөздер:** медиамәтін, базалық мәтін, медиа-талдау, ақпарат, жаңалық.

Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тарайтын мәтіндердің кейбір функциональды-жанрлық түрлерінің бар екенін біз жақсы білеміз. Олардың, сөз жоқ, белгілі бір деңгейде тұрақты әрі нақты белгілері болады. Бұл ерекшеліктер форматтық, мазмұндық, тілдік деңгейлер арқылы көрініс табады. Аталған белгілер жаңалықтарға да, ақпараттық сараптамаларға да, жарнама және көркем-публицистикалық жанрларға да тән. Ағылшын тілді журналистикада бұлар features (көсемсөз) деген ортақ атаумен таныс.

Осы сияқты бұқаралық ақпарат құралдары мәтінінің төрт түрі қазіргі медиасөздің негізін құрап отыр. Егер осы мәтіндердің түрлеріне функциональдық тұрғыдан қарасақ, яғни, хабарлау, әсер ету қызметтері бойынша байыппен мән берсек, хабарлау мен әсер ету аумағының шартты түрде төмендегідей шкалада орналасатынын көреміз:



Медиамәтіннің осы құрылымдарының ішінен жаңалықтарды (ақпарат, заметка, хабар т.б.), сөз жоқ, бұқаралық ақпарат құралдары мәтінінің базалық негізі деп атауға болады. «Базалық мәтін» ұғымы көптеген факторлардың аясында қалыптасады. Мәтіннің белгілі бір түрлерін құруда бұлар басты мәтін сипатында көрініс табады. Бір есептен оның тіл қызметінің әртүрлі аумағында базалық қызмет сипатын атқаратынын да байқаймыз. Бұл үлгідегі мәтіндерде сөз қолданудың негізгі белгілері мен қырлары толық «екшелген түрде» көрініс табады.

Зерттеушілер бұқаралық ақпарат құралдары мәтіндерінің ішінен *жаңалық мәтіндерін* базалық мәтін ретінде таңдай отырып, төмендегі маңызды факторларды назарға алады. Жаңалық мәтіндері бұқаралық коммуникацияның басты функциялары болып табылатын ақпараттық қызметті де, тілдің хабарлау қызметін де толық іске асырады. Мейлі, баспасөз болсын, мейлі, ол радио мен теледидар болсын, БАҚ-тың әрбір жеке форматында жаңалық мәтінінің мүлдем басқа үлгіде болатыны ақиқат. Бұл форматтар бұқаралық ақпарат мәтінінің басқа түрлерінен ерекшеленеді. Сондықтан бұл жағдайда біз жоғарыда мысал ретінде келтірген форматтар мәтін белгілері мен олардың мазмұндық компоненттерінің тұрақты бір формальдық қарым-қатынасын құрайды.

Жаңалық мәтіндері мағыналық жағынан тұрақты макро және микроқұрылымдарға ие. Бұл ақпараттық ағымның тақырыптық топтасуына ықпал етеді. Басқаша айтқанда, жаңалық мәтіндері

эртүрлі топиктердің берік тізіміне қарай құрылымдық жағынан қалыптасады. Олар БАҚ-та үнемі көрініс тауып тұрады және бұқаралық ақпарат құралдарының когнитивтік базасы болып табылады.

Тұрақты тақырыптық компоненттерге саясат, экономика, бизнес, білім, спорт, мәдениет салалары жатады. Мағыналық макроқұрылым «елдегі оқиғалар» немесе «ел жаңалықтары», «шетел жаңалықтары» сияқты дәстүрлі мәтіндерді құрайды. Өртүрлі ұлттардың БАҚ ерекшеліктері мәдени ықпалға игі әсер етеді.

Тіл саласында жаңалық мәтіндері тұрақты лингвистикалық белгілермен сипатталады. Синтагматикалық жақтан қарастырғанда – белгілі бір сөз тіркесі құрылымының басым болуы, лексикалық даралығы, бір-біріне байланысқан сөз тіркестерінің жиі кездесуі, мәтін түзетін элементтердің молынан қолданылуы, байланыстырушы тұрақты тіркестердің болуы, тарихи ақпараттарға сілтемелердің берілуі – сөз тіркестерінің артықшылығы болып табылады. Жоғарыда атап өтілген ішкі жүйе белгілері кейбір жаңалық мәтіндеріне де тән болып келеді. Жаңалық мәтіндері әрбір ұлттың мәдени идеологиялық ерекшелігінің нәтижесі болып табылады. Біріншіден, жаңалық мәтіндері сөз, сөз тіркестеріне толы болады. Олар эртүрлі шынайы ақиқат пен артефактілерді білдіреді, нақты оқиғалар мен эртүрлі тұлғалар туралы ашық баяндайды. Сондықтан home news (ел жаңалықтары), foreign news-ке (әлем жаңалықтарына) қарағанда мәдениетке біршама жақын болады; екіншіден, жаңалық мәтіндері белгілі бір идеологиялық «жұмсақтықпен» бұркемеленіп айтылады. Өйткені ол ақпараттың легі ретінде ұғынылады да, эртүрлі бағалау мен шамалардың жүйесін ғана бейнелейді. Ол идеологияның белгілі бір астарлы түрі ретінде бағалау мен шолуды тек ресми ақпараттар арқылы береді. Бұлар дәлелдерді таңдап алу деңгейі мен оқиғаны баяндайтын жаңалықтың құндылығы арқылы да беріледі.

Ағымдағы жаңалық мәтіннің мағынасы оның жоғарғы дәрежеде қайталанып отыруына байланысты күшейе түседі. Бұқаралық коммуникация процесін ұйымдастырудың ерекше бір тетігі болып табылатын ақпараттық агенттіктер, қоғамдық институттар мен кейбір БАҚ-тар мазмұны бірдей оқиғаны хабарлағанда бір мезгілде эртүрлі нұсқада әрқилы арнадан тарата алады. Осындай жолдармен тараған негізгі хабарлар мен жаңалықтар инвариант үлгісін қалыптастырады. Яғни, нақты жаңалық нұсқалары ақпарат көздері арқылы кең ауқымда іске асырылады. Жаңалық мәтіндерінің қайталануы синхронды үлгілерге бөлінеді. Бір тақырыпқа арналған хабарлар бір мезгілде эртүрлі БАҚ-тардан көрініс табады, сондай-ақ, аталған жаңалық мәтіндері бір күннің ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында бірнеше рет қайталанып беріледі. Осылайша ол диахронды жаңалыққа айналады.

Жоғарыда санамаланған барлық факторлардың жиынтығын бұқаралық ақпарат құралдарының жаңалық мәтіннің «базалық мәтіні» ретінде қарастырған жөн.

Енді шетел бұқаралық ақпарат құралдарының жаңалықтар мәтіндерінің қандай болатындығын қарастырып көрейік.

Шетелде мерзімді баспасөзде жаңалық мәтіндері айтарлықтай кең форматта болады. Газет версткалары мен журнал беттерінде жаңалық мәтіндері «news» (жаңалық) деген жалпы айдар арқылы беріледі. Бұған жаңалық бюллетендері (news bulletin), ақпараттық агенттіктердің жеке хабарлары (news in brief) және әлем мен елдегі оқиғалар туралы меншікті тілшілердің хабарлары кіреді. Ондағы материалдар белгілі бір тақырыптық топтамамен ұйымдастырылып отырылады: home news, international news, business news.

Теледидардағы басты жаңалық әр жарты сағат сайын беріліп тұратын жаңалық бағдарламалары арқылы тарайды. Бұлар күніне 6-8 сағатты құрап, 5-10 минуттан 30-40 минутқа дейін ұзарады. Британ телеарналарының негізгі көздері болып табылатын BBC 1, BBC 2, Carlton, Channel 4 және Channel 5 телеарналары күн сайын жаңалық бағдарламаларының кең ауқымды жиынтығын ұсынады. Оларда күнделікті қысқа жаңалықтардан бастап жоғарғы сұранымды ақпараттық бағдарламаларға дейінгі хабарлар беріліп отырады. Оны прайм-тайм деп атайды. Жаңалықтардың басты көрсетілімдері 13, 18 және 21 сағатқа дейін созылады.

Радиодағы жаңалық мәтіндері, негізінен, бағдарламаның екі көзі арқылы тарайды, бұлар: әр сағаттың басында беріліп отыратын «World News» пен BBC арнасы арқылы тарайтын World Service сияқты жаңалықтар топтамасы. «Outlook», «Newsdesk», «The World Today», (BBC World Service) немесе «News Headlines» және «Six O'clock News» (Radio 4) сияқты 30 минуттық шолу ретінде беріліп тұратын жаңалықтар қызметі де бар. Радио хабарды жаңалықты елден бұрын есту арқылы

кабылдауға мүмкіндік беретін бұқаралық ақпарат құралдарының дыбысқа негізделген бір құралы. Сондықтан онда жаңалық мәтіндерінің ерекше мән берілетін өзіндік екі факторы болады: біріншісі – жүргізушінің просодикалық безендіру шеберлігі, екіншісі – диктордың интонациялық-тембрлік дауыс ырғағы.

Интернет жаңалықтары – бұқаралық ақпарат құралдарының жылдам дамып келе жатқан жаңа бір саласы. Сондықтан медиасарапшылар осынау «ақпараттық жаңа технологиясын» [1] бұқаралық коммуникацияның барлық саласын қамтитын ақпарат таратудың ең бір кең тараған түрі деп есептейді. Өйткені, барлық БАҚ-тың да жаңалық тарататын сайттары болады. Мысалы: ақпарат агенттіктерінің, теле-радиокорпорациялардың, ғазет-журналдардың интернетте өз сайттары бар. Мысалы, Қазақстанда соңғы жаңалықтар «Today.kz», «Gazeta.kz», «Zakon.kz», «News.nur.kz», «Tengrinews.kz», «Baq.kz» т.б. ақпарат агенттіктері арқылы тарайды. Өлем жаңалықтарын BBC, CNN, Reuter және Financial Times сияқты сайттардан қараған тиімді. Интернеттегі жаңалық мәтіндерін беру тәсілі негізінен компьютерлік технологияның ерекшеліктеріне негізделген. Ол өте мәтінаралық байланысқа құрылып, материалдардың қысқа әрі нақты берілуімен ерекшеленеді. Хабарлардың берілуі «жалпыдан - жалқыға» принципін дедуктивтік схемаға құрылады. Ақпараттық ізденістің мұндай компьютерлік технологиясы басқа бағытқа ұмтылуға да мүмкіндік береді: мәселен, қызығушы адамның «іздеу» нүктесі арқылы берген тапсырысы қажетті оқиғаны жылдам тауып бере алады.

Интернеттегі жаңалықтың бағдарлы аңдатпасынан соң «толығырақ» деп аталатын хабардың шартты шкаласы пайда болады, онда ақпараттық-талдау мәтіндері орналасады. Жаңалық мәтіндерінің кеңейтілген нұсқаларын, шолушылардың сараптамаларын тап осы жерден оңай табуға болады. Сондықтан мұнда сараптау компоненттерінің, шолудың, пікір айту мен бағалаудың мәні зор. Мерзімді баспасөзде ақпарат пен шолуды, ақпарат пен пікірді, ақпарат пен бағалауды қысқартып беру дәстүрі қалыптасқан. Ал ағылшын тілді ғазеттерде жаңалық пен ақпараттық-сараптау мәтіндері әртүрлі жолдарға орналастырылады: жаңалықтар «news» қатарына, ақпараттық-сараптау «analysis», «opinion, comment» қатарына тізбеленеді. Бір оқиғаның әртүрлі нұсқаларын кейде «news», кейде «opinion», «comment», «analysis» қатарларынан табуға болады. Тіл саласында ақпараттық-сараптау мәтіндері баға берудің лингвистикалық тәсілімен беріледі: экспрессивті-бағалау, метафора, салыстырмалы қолданыс т.б.

«Хабар-әрекет» шартты шкаласы публицистикалық мәтіндермен беріледі, ол ағылшын журналистикасында «features» деген терминмен белгілі. «Feature articles» мерзімді баспасөзде проблемалық сипаттағы мақалаларда жиі кездеседі. Ол оқиғаларға қатысты жаңалық беруге құмар кез келген басылымның үнемі жарияланып тұратын құрамдас бір бөлігі. Өсіресе ол «Жұлдыз-жорамал» немесе «Жұлдыздар отбасы» сияқты тақырыптық-бағыттық журналдарда молынан беріледі.

Feature-материалдардың бұқаралық ақпарат құралдары мәтінінің басқа түрлерінен айырмашылығы – арнайы бетке басылуында. Feature-материалының маңызды ерекшелігі тұрақты топиктердің бірінде тақырыптық сәйкестігінен көрінеді. Ол бұқаралық ақпарат құралдарында үздіксіз шығып тұратын топиктер болуы да мүмкін: саяхат, спорт, білім, мәдениет, әлеуметтік мәселелер, театр, кино, сән т.б.

Мерзімді баспасөздегі feature-материалдар айтарлықтай еркін құрылымдарға – «the inverted pyramid» (төңкерілген пирамида) принципіне құрылған жаңалық мәтінінің белгіленген үлгісіне негізделеді. Сондықтан маңызды мәселелер мәтіннің басында «лид» түрінде хабарланады.

Ал публицистикалық материалдар қарапайым, дағдылы пирамиданы еске түсіреді, сондықтан алдыңғы материалға қарағанда бұлардың соңында маңызды мәселелер баяндалады.

Тілдік деңгейде feature articles мәтіндерінде бейнелік құралдардың барлық синтаксистік-стилистикалық түрлері қолданылады. Feature-материалдарының тілі, кейбір стильдік ауытқуларға қарамастан, қарапайым эмоциональды бағалау компоненттеріне толы болып келеді, сондықтан ақпараттық-талдау және жаңалық мәтіндеріне қарағанда, мұның тілі әсерлі де көркем әрі бейнелі, баяндау мен әсер ету ықпалы жоғары болады.

Барлық деңгейде дәл бағытталған нышандарды иелене отыра, оның ішінде тілдік деңгей, формат пен мазмұндық деңгей де бар, бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық мәтіндік көріністері жарнамалық мәтіндерден оңай ерекшеленіп тұрады. Жарнамалық мәтіннің өзіндік ерекшелігі – оның айқын бағыты мен әсер ету ерекшелігіне негізделген. Өйткені, ол медиалық технологияның барлық

мүмкіндіктері мен тілдің түрлі деңгейлері арқылы іске асырылады. Мерзімді баспасөздегі жарнама қалың бұқараға әсер ету мақсатында графикалық, визуальдық тәсілдерді, яғни лингвистикалық амалдардың тіркесін көп қолданады. Бұлар бұқаралық ақпарат құралдарына тән амалдар болып келеді.

Газет версткалары мен журнал беттерінде жарнамалардың орналасуының өзіндік ерекшеліктері бар: ерекше әсер ететін қаріптердің үлгілері түрлі-түсті дизайнермен қолданылады. Ал осының бәрі әсер ету нәтижесін әлденеше есе күшейтеді де, сәтті шыққан жарнамалық мәтінге үйлесім береді.

Ал радио арқылы берілетін жарнаманың ықпалы мерзімді баспасөзге қарағанда екі есе артық, ол ауызша мәтін мен дыбыстық (саздық) құралдар арқылы үйлесім табады.

Теледидардағы жарнама қымбат болуымен қатар, әсер ету жағынан да ең нәтижелі жарнамалар құрамына жатады. Өйткені ол мәтінге, дыбысқа, саздық сүйемелдеуге, қажетті бейнесюжетке – барлық үш компоненттің көркем үйлесуіне негізделеді. Тұтас тіл деңгейіндегі жарнамалық мәтіндердің жалпы сипаты бейнелеуіш құралының синтаксистік-стилистикалық санқырлылығына сүйенеді, олар: қайталау, парцелляция, анафора, эпифора, метафора, салыстыру, аллюзия сияқты көркемдік құралдар. Көптеген жарнамалық мәтіндерге сөз тіркестерінің аса мол болуы және олардың экспрессивті-эмоциялық-бағалау коннотацияларына құрылатындығы негіз болады. Бірақ, жарнамалық мәтіннің нақты синтагматикалық бейнесі, көп жағдайда, оның белгілі бір мақсатты аудиторияға бағытталуына және жарнамаланатын өнімнің сапасына байланысты болып келеді.

1. Қараңыз: *Dominick J. Dynamics of Mass Communication. N.-Y., 1993; Землянова Л. М. Зарубежная коммуникативистика в преддверии информационного общества. М., 1999.*

## ОСНОВНЫЕ ТИПЫ МЕДИАТЕКСТОВ

**Б.К. Сердалы** – *Международный казахско-турецкий университет имени Ходжы Ахмеда Ясави, кандидат филологических наук, доцент*

### Резюме

В статье анализируется понятие «базовый текст» в СМИ, которые позволяют рассматривать определенный тип текстов в качестве основного, или базового для той или иной области функционирования языка. На уровне языка новостные тексты характеризуются устойчивыми лингвостилистическими признаками. В плане синтагматики в этом качестве выступают преобладание определенных структурных типов словосочетаний, заметная роль лексического способа соединения, наличие значительного числа клишированных и тематически связанных словосочетаний, использование постоянных текстообразующих элементов: фраз-связок, ссылок на источники информации, фраз для введение «лид».

**Ключевые слова:** медиатекст, базовый текст, медиа-анализ, информация, новости.

## THE MAIN TYPES OF MEDIA TEXTS

**B.K. Serdaly** – *The international Kazakh-Turkish University of a name H.A. Yasavi The candidate of philological sciences, senior lecturer*

### Summary

The article examines the concept of "basic text" in the media, which allow us to consider a particular type of text as the main or base for a particular area of language functioning. At the level of language news texts are characterized by stable Lingvostilistichesky signs. In terms syntagmatics act in this capacity prevail certain structural types of phrases, a prominent role lexical connection method, the presence of a significant number of thematically related and clichéd phrases, use of permanent text-elements: phrases, ligaments, links to sources of information for the introduction of the phrases "lead".

**Keywords:** media texts, the basic text, media analysis, information, news.

## АУДАРМАТАНУ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ

ӘОЖ 81'255.2

«АБАЙ ЖОЛЫН» АУДАРТУ БАРЫСЫНДАҒЫ АВТОРЛЫҚ ӘДІСТЕР

А.Н. Ақыш – *Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, магистрант*

**Андатпа.** Адамдар арасындағы осындай байланыстырушы жүйенің ең қарапайым формасы – аударма. Бұл тұрғыдан қарағанда аударма адамзатты біріктіріп тұрған факторлардың бірі деуге де болады. Мақалада көркем әдебиет өзінің оқырмандарға беретін эстетикалық әсерімен ғана емес, тағлымдық-танымдық жағымен де бағалы екендігі М.Әуезовтің «Абай жолы» романы аудармасының негізінде талданады. Шығармадағы негізгі тұлғаның адамгершілік-көркемдік өресі, оның өмірде ұстанған азаматтық позициясы қаламгер үшін маңыздылығы айтылады. М. Әуезов аудармашылардың алдына аударма жұмысының қаншалықты қиын екендігін, оған үлкен жауапкершілікпен қарау керектігі атап көрсетілгені сөз болады. «Абай жолы» романының басқа тілдерге аударыла бастауы қазақ көркем аударма өнеріндегі жаңа бір үлкен кезең болғаны жан-жақты талданады. Қазақ сөз өнеріндегі алғашқы күрделі де көлемді, тілі құнарлы шығарма басқа жұрттардың оқырмандарына алғаш рет қалай жол тартқаны айтылған.

**Тірек сөздер:** көркем аударма, аударматану, лингвопоэтикалық, философиялық, эстетикалық, поэтикалық, рухани игілік, азаматтық позиция

Дүниежүзі халықтарының ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан ұлттық дүниетанымы, өзіндік философиясы, фольклорлық мұралары, бір сөзбен айтқанда, өзіне тән рухани әлемі болатыны ежелден белгілі. Осындай ұлттық руханият қазынасына мейілінше бай жұрттардың бірі – қазақ халқы. Бүгінгі таңда тарихы терең, философиялық-эстетикалық тұғыры нық, ой мен мазмұнға қашанда бай болып келетін құнарлы қазақ әдебиеті рухани игілік сан жағынан да, эстетикалық тұрғыдан да одан әрі жетіліп, толыға түсті.

Түрлі ұлттар мен ұлыстар ең алдымен аударма арқылы араласып – құраласады. Адам тіршілігінің кез келген құбылысы негізінен жүйелі түрде жүргізілетіні қоғамдық заңдылық. Әлем халықтары тілдерінің арасында да қарым-қатынастың өз жүйесі, яғни трансляторы болуы керек. Адамдар арасындағы осындай байланыстырушы жүйенің ең қарапайым формалы – аударма. Бұл тұрғыдан қарағанда аударма адамзатты біріктіріп тұрған факторлардың бірі деуге де болады.

Көркем әдебиет өзінің оқырманға беретін эстетикалық әсерімен ғана емес, тағылымдық-танымдық жағымен де бағалы. Шығармадағы негізгі тұлғаның адамгершілік-көркемдік өресі, оның өмірде ұстанған азаматтық позициясы қаламгер үшін маңызды. Қазақ прозашылары шығарманы туындату барысында кейіпкерлерге биік адамгершілік мұраттарды жүктейді. Бұндай мақсат халқымыздың имандылық, адамгершілік туралы ұлттық көзқарасынан, рухани ділінен туындайды.

Алдымен жолма жол аудару, одан кейін барып сол арқылы көркем аударма жасау процестері өз арналарымен кезекпе-кезек жалғасын табуда болатын. Аудармашыға үлкен міндет жүктелетін себебі бір халық екінші халықтың қандай екендігін аударма өнері арқылы таниды.

Аударматану ғылымындағы ең бір күрделі сала көркем аударма. Зерттеушілердің біразы аударма теориясы тұрғысынан көркем аударманы «Жалпы аударма» курсының дебес пәні ретінде қарастырады. Қоршаған ортаның шындығы осы аударма арқылы көрінеді. Көркем аударманың теориясы мен практикасы күрделі және көп қырлы. Оның құрылым жүйесі, образдылығы, мазмұны, стилі, тілі секілді поэтикалық құбылыстармен бірге оның лингвопоэтикалық, сондай-ақ психологиялық табиғатын таразылаудағы басты міндеттер қатарына жатады.

Аудармашының өзі сол аударылатын тілдің әдеби нормасын жетік меңгеру керек екендігі. Бұлай болмаған жағдайда мәтіннің тәржімасы өз деңгейінде көріне алмайды немесе бұзылып кетуі де әбден ықтимал. Қазақтың ұлттық рухын, көркем шығармадағы ұлттық менталитетін басқа ұлт өкілдеріне әдемілеп, дөңгелетіп жеткізу де онай шаруа емес. Бұл мәселенің ескеруге тиісті өзіндік ерекшеліктерінің өзі бір төбе.

«Абай жолының» басқа тілдерге аударыла бастауы қазақ көркем аударма өнеріндегі жаңа бір үлкен кезең болды десек, артық айтқандық емес. Өйткені қазақ сөз өнеріндегі алғашқы күрделі де көлемді, тілі құнарлы шығарма басқа жұрттардың оқырмандарына алғаш рет жол тартты ғой. Сөйтіп ұлы шығармамен бірге қазақ деген халықтың да қандай екендігін басқа елдердің адамдары біле бастады. Сонымен бірге көзіқарақты жұртшылық өкілдері аудармашы деген кәсіп иесіне де үлкен міндет жүктелетінін жанжақты толық сезіне алатындай дәрежеде шығармашылық үдерістер жүрін жатты.

«Біз көне замандағы Индия елінің өмірін «Рамайна», «Махабхарата» эпостарының, «Кәл иләмен Димнә» әңгімелерінің аудармалары арқылы білеміз. Греция халқының тіршілігімен «Илиада» мен «Одиссея» жырларының аудармасы таныстырады» [1,103] дейді белгілі қазақ аудармашысы әрі әдебиеттанушы ғалым Сәйділ Талжанов.

Сондай-ақ басқа жұрттар да қазақ елінің өмірінде орыс тіліне аударылған, содан кейін сол нұсқасы арқылы басқа тілдерге аударылған туындыларымыз арқылы біледі. Мысалы, «Мен бұрын қазақ деген халықты естіп көрмеген едім. Жақында ағылшын тілінде Мұхтар Әуезовтің ғажайып кітабын оқып, енді қазақтың кім екенін білдім, тіпті жақсы біліп алдым. Мен қазақ халқының тамаша ақыны, ардагер адамы Абаймен таныстым, оның адал әжесі Зеремен, ақылды анасы Ұлжанмен, сүйікті ғашықтары Тоғжанмен, Әйгеріммен, ізгі ержүрек достарымен туысқандай болдым. Бұл ғаройларды мен мүлде жақсы көріп кеттім, олармен бір түрлі көп жылдар бойы бірге жасасып, қайғысы мен қуанышына ортақ болған тәріздімін. Мен қазір де солардың ортасында жүрген сияқты, сіздің қазақ сахарасының самал желін қазір де жұтқан сияқты сезінем өзімді. Шынында, қазақ халқы дегеніңіз нендей керемет халық еді. Ол туралы «Абай» романында қандай керемет жазылған! Мен сіздің бақытты халқыңызға мықтап сүйсініп, сіздің өзіңізді мен шын жүректен өмірі өлмес шығармаңызбен құттықтаймын», - депті Африка жеріндегі Камерун елінің жазушысы Бенджамен Мадип (1958 жылы Ташкентте өткен Азия мен Африка елдері жазушыларының конференциясында) [1,104].

Сөйтіп Африкалық жазушыны тебіренген не жағдай? Ол кісі қазақтың ұлы шығармасы «Абай жолын» оқып, тебіренген, эстетикалық әсерге бөленген. Бұл алдымен түпнұсқаның құдіреті болса, екіншіден, сол құдіретті жеткізе білген аударманың қуаты демекпіз.

«Абай жолының» аудармасының мысалынан аңғаратынымыз аударма жалпы екі түрлі салаға бөлінеді. «Соның біріншісі, бір халықтан екінші халыққа ауысқанда, мезгіліне, сол елдің ұғымына сәйкес аударылады. Бір халықта айтылған ой өңделіп, өз елінің ұғымына бейімделіп, түпнұсқаның ұзын-ырғасы ғана беріледі. Ауыс-түйістің алғашқы сатысы осылай басталады, бұл - аударманың ауызекі тарау түрі.

Екіншісі, бір елде айтылған иікір сол қалпында дәл жетеді, ой ырғағы жоғалмайды. Алдыңғы әдіс ауызша таралады, ал кейінгі әдіс кешеуілдеп туған әдіс, бұл жазба әдебиетте орын тепкен». [1,104]

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын, оның бірінші, екінші томын аударған да - сол Соболев. Қазақ эпосын орыс жұртшылығына таныстырып, таратқан да – Соболев. Ең соңында Соболев М.О. Әуезовпен қосылып, бүкіл қазақ әдебиетіне, жалпы совет еліне әйгілі «Абай» атты драманы жазды.

«Именно в ней (в драме) впервые осуществляется сотворчество Ауезова с русским писателем, которое переросло в многолетнюю личную и творческую дружбу...»

«В творческой дружбе М.О.Ауезова с Л.Соболевым осуществлялось взаимодействие двух национальных культур, двух в равной степени зрелых художественных индивидуальностей, несущих две различные традиции. Главное, чем обмениваются, что дают они друг-другу - это большой эпический образ героя, учителя, с каким приходит в эту драму М. Ауезов и методика психологической разработки подобного образа, какую приносит Л. Соболев», - деп жазды З.С.Кедрина [2, 248].

Леонид Соболевтің Мұхтар Әуезовпен бірлесіп еңбек жазуы, оның үстіне өз бастарының жеке достығы нәтижесінде орыс жазушысы - өзекті жазушы Л. Соболев, мына біздің Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Сәкен Сейфуллиндердің орыс достарының дәрежесіне көтерілді, басқаша айтқанда ол, Соболев, өзінен бұрынғы өмір сүрін қалыптасқан достық дәстүрді одан әрі жалғастырды.[3,171]

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын қазақтың тұңғыш эпопеясы десек, ол үшін негіз толық. Әңгіме оның төрт томдық көлемінде ғана емес, әрине. Әңгіме сол көлемнің өзіне сай мазмұн мен мағынаға ие болуында, көтерген тақырыбы мен идеясының, көрсеткен өмір материалының, көркемдік

шешім тапқан мәселелерінің, күрес, тартыстарының, ашылған адам характерлерінің бәр-бәрінің аумағы, дәрежесі, сапасы романның зор көлемін көркемөнер заңымен ақтап тұруында.

«Ну, конечно наряду со всем этим нужно признать и другую часто встречающуюся особенность прозы, когда и служебный текст, и простые ремарки тоже занимают много места на отдельных страницах. В таких случаях не нужно искать нарочитых «красивостей». Упомянув обо всем этом, я подчеркиваю для вас обоих и еще об одном моменте - исходите, пожалуйста, все время из законных природных особенностей русского языка. Не надо, ни в коем случае, слепо следовать букве текста оригинала - тогда получится не творческий перевод, а улучшенный подстрочник» [4,116].

Ұлы қаламгердің аудармашылардың алдына қойып отырған осы талаптарынан аударма жұмысының қаншалықты қиын екендігін аңғаруға болады. Бүгінгі таңда баз бір адамдар тіл білетін адамдардың қай-қайсысын да аудармашы ретінде санайды, орыс тілін білсе, орысша, ал қазақ тілін білсе, қазақша аударма жасай беруі керек деп санайды. Сөйтсек, бұл мүлде оңай шаруа емес екен.

М.Әуезовтің 1956 жылдың 27 қыркүйегінде Николай Иванович Анов пен Зеин Шашкинге жазған хатындағы: «...слепо следовать букве текста оригинала - тогда получится не творческий перевод, а улучшенный подстрочник» [4,117] деген сөзі көп нәрсені аңғартпай ма? Ұлы жазушы аударма мәселесіндегі өзінің шығармашылық, тіпті ғылыми ойларын одан ары сабақтай түсіп, былай дейді:

«Где это необходимо, делайте внутреннее ужатие фразы, тем более это необходимо потому, что всякий подстрочник получается (даже и перевод) длиннее оригинала, – дей келін, аударманың кез келген қалам иесі аңғара бермейтін тұстарын аша көрсетіп, одан ары қарай бұл кәсіптің кез келген қаламгер аңғара бермейтін нюанстарын тереңдеп аша түседі. – Поэтому переводите, максимально используя сжатую выразительность, именно такую красоту русского языка, и в этом отношении по поводу перевода Соболева еще В. Шкловский высказал одно верное определение: «у него казахи говорят, как казахи, однако правильно выражаясь по-русски, и стиль романа все время дает представление, ощущение нового на русском языке! Самое главное, Соболев автор со своим стилем ярким, а роман на русском языке сделан не в его стиле, не навязал своей манеры стиля... Это тоже большое достоинство». Вот эти-то вещи я и захотел высказать вам обоим в напутствие перед началом всего нашего общего дела. Прошу учесть эти замечания по поводу и Зеину, и Вам самому, Николай Иванович. Пусть Зеин будет старательным, внимательным консультантом в этом деле. Я очень и очень прошу его об этом. По получении настоящего письма я прошу скорее сообщить мне, заключили ли договор с Вами и с Зеином. Если не заключили, я пошлю телеграмму в изд-во.

Ну, желаю вам крепкого здоровья и успехов.

С приветом,

Мұхтар Ауэзов. 1956.27.09.» [4,117]

Хаттың соңындағы жазылған уақыты, жылы, айы мен күні айқын. Кез келген жазбаның соңына уақытты көрсетін отыру зиялы жандарға тән мәдениеттіліктің, сыпайыгершіліктің гана емес, тиянақтылықтың да белгісі болып саналса, жазушы ол жағынан да мүлт кетпеген.

Ал хаттың өзінің мазмұнына келетін болсақ, ұлы қаламгер Мұхтар Әуезовтің өзінің басты шығармасы «Абай жолы» романын басқа тілге, атап айтқанда орыс тіліне аударуға соншалықты ыждаһаттылықпен, соншалықты ықылас білдіріп отырғанын аңғаруға болады. Аударудың қажетті тәсілдерін екі аудармашыға да қолмен қойғандай етіп, түсіндіріп берген.

Қорытындылай келгенде аудармашы таланты – айрықша талант. Ол өз тілінің айшығы мен ажарын, көркемдік бейнелеу мүмкіншілігін, бейнелілігін еркін меңгерген дарынды болумен бірге, түпнұсқаның мазмұны мен мәнін, тіл байлығын, ұлттық бояуын жете білетін шебер маман дәрежесіне көтерілуі шарт.

1 Талжанов С. 2 том. 3 томдық шығармалар жинағы. - Астана: ЕрДәулет, 2008. - 400 б.

2 Кедрин З.С. Творческий подвиг. / Дружба народов, № 4, 1964.

3 Талжанов С. 3 том. 3 томдық шығармалар жинағы. - Астана: ЕрДәулет, 2007. -368 б.

4 Неизвестное в наследии Мухтара Ауэзова. – Алматы: Издательский дом «Библиотека Олжаса». 2013. – 400 с.

## АВТОРСКИЕ ПРИЕМЫ В ПРОЦЕССЕ ПЕРЕВОДА РОМАНА-ЭПОПЕИ «ПУТЬ АБАЯ»

А.Н. Акыш – *Казахский Национальный Университет имени Абая, магистрант*

### Резюме

Самая обычная форма системы, устанавливающая связь между людьми - перевод. Исходя из этой точки зрения, можно сказать, что перевод один из объединяющих человечество факторов.

Статья рассматривает не только эстетическое воздействие художественной литературы на своего читателя, а также, на основе перевода романа «Путь Абая», выделяет ценность поучительно-познавательной стороны. Также рассматриваются нравственно - художественный кругозор главного героя, гражданской позиция, которой он придерживался, а также ее важность для писателя. М.Ауэзов ставил перед переводчиками сложную задачу, требующую с особой ответственностью подходить к делу. Перевод романа «Путь Абая» на другие языки стал значимым периодом в искусстве казахского художественного перевода. Рассказывается о первых появлениях сложного, содержательного и объемного казахского произведения в искусстве слова для читателей других народов.

Ключевые слова: художественный перевод, переводоведение, лингвопоэтический, философский, эстетический, поэтический, духовность, гражданская позиция.

## AUTHOR'S TECHNIQUES IN THE TRANSLATION OF EPOPEE 'ABAY ZHOLY'

A.N. Akysh – *Abay Kazakh National University, master's student*

### Summary

Translation is the basic form of the connection between people. From this angle translation is one of the factors which integrates citizen. In the article the artistic literature has the value by its esthetic influence and cognitive sides basically analysed in translation of M.Auezov's "The way of Abay" novel. It is about main heroes' human-art character, the importance of his civil position for the writer. M.Auezov said about the hard work of translation and its responsibility. It analyzes from all over the sides Kazakh art translation's new era related to the novel "The way of Abay" is translating to other languages. It says about the complicated and volumetric, informative product of Kazakh word art's way to other nation's readers.

**Keywords:** literary translation, translation studies, lingo-poetic, philosophical, aesthetic, poetic, spiritual, civic position.

УДК 811.111+821.512.111+81'25

## АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «КӨК» ТҮР-ТҮС АТАУЫНЫҢ МАҒЫНАСЫ ЖӘНЕ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жұмабекова А.Қ. – *Абай атындағы ҚазҰПУ, ф.ғ.д., профессор*

Ақбердіқызы У. – *Абай атындағы ҚазҰПУ, Аударма ісі мамандығы, II курс магистранты*

**Андатпа.** Мақалада құрылымы әр түрлі қазақ және ағылшын тілдерінің сөздік қорындағы көптеген атаулардың ішінде өте жиі қолданылатын, қолданыс ауқымы кең, мағынаға бай, тілдік бірліктердің бірі, ағылшын және қазақ тіліндегі «көк» түр-түс атауының мағынасы, аударылу мәселесі және түр-түс атауларына қатысты айтылған лингвист ғалымдардың пікірлері қарастырылады. Мәдениетаралық қарым-қатынастың бір тармағы болып табылатын «түр – түстің» ұлттық – мәдени әлемдік бейнесіне талдау жасалынады. Түр-түс атаулары – әрбір халықтың өзіндік феноменін танытатын күрделі құбылыс. Осыған байланысты қазіргі кезде жедел даму үстіндегі тілдердің қолданылуының когнитивті және прагматикалық аспектілерінің зерттелуінің аясындағы ағылшын және қазақ тіліндегі «көк» түр-түс атауына қатысты идиоматикалық тіркестерге салғастырмалы талдау жасалынады. Бұл аталмыш категорияның әлі де болса зерттелуді қажет екендігін көрсетеді. Бұл мақалада түр-түс атауының аударылуына байланысты ғалымдардың түрлі көзқарастар қарастырылып, аудармашылық сәйкестік және аудармашылық трансформация арқылы аударылу заңдылықтары тұрғысынан түсіндіріледі.

**Түйін сөздер:** түр-түс, мәдениет, трансформация, семантика, типология.

Түр-түс компонентіндегі сын есімдер соңғы кездері үлкен өзекті мәселеге айналып отыр. «Адам – тіл – мәдениет» түр-түс түсінігімен тығыз байланыста. Түр-түс атаулары адамның әлеуметтік, рухани әлемі мен мәдени салттар және дәстүрлерді бейнелейтін, жеке және ұлттық тілдік тұлға

ерекшеліктерін анықтайтын фактор болып табылады. Әрбір тілдік тұлға қоғамдық сана факторының тілдік және тұжырымдамалық әлем бейнесі кеңістігінде қолданылады. Тұжырымдамалық және әлемнің тілдік бейнесі өзара байналысты және адамның әлемге деген қатынасын қалыптастырады, коммуникативтік тәртіп ережесі мен нормаларын анықтайды. Тіл өзінің мағынасын жүйе арқылы және «түр-түстің» ұлттық – мәдени әлемдік бейнесін ассоциативті байланыстары арқылы ұрпақтан ұрпаққа сақтайды және жеткізеді. Түр-түс ғылымының дүниеге келін, жан-жақты зерттелу нысанына айналғанына екі ғасырға жуық уақыт болды. Алғашқыда түс табиғаты олардың тәжірибелік қажеттілігіне орай көбірек зерттелінді. Бұл тұрғыдан есімдері белгілі болғандар – Ньютон, Ломоносов, Вернер, Саккарде, Рунге, Освальд, Гете, Мерц, Поля, Рехтер, Раткин, Люшер т.б.

Түр-түсті қабылдау барлық тілдерде әртүрлі болып келеді. Халық болу, оның тарихи дамуы, мәдениеті ассоциативті түр-түс атауларының қатарына және олардың ауыспалы мағынасына әсер етеді. М.Шағал «белгілі бір мемлекет пен елдерге қатысты түстер бар» деп пайымдайды [1, б.134-135]. Түр-түс атауларын қабылдау мәселесі әртүрлі лингвистикалық бағыттарда қарастырылады, алайда біздің көзқарасымыз бойынша берілген тақырып аударма саласында жеткілікті зерттелмеді. Ұсынылып отырған мақала аудармадағы түр-түс атауларының көк түске қатысты сөз тіркестерінің ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылу ерекшеліктерін зерттеуге арналған.

Түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқы үшін «көк» сөзі киелі мәнге ие, сондай-ақ көк түс киелі түс болып саналады. «Көк» сөзі түркі халықтарында парсы тілінен кіргенге дейін «аспан» деген ұғымды білдірген. Сондай-ақ көк түс әртүрлі тұрақты тіркестер құрамында басқа да көптеген мағыналарды білдіреді: 'жасыл' - көк шөп; 'ауқатты, бай' - көк етікті; 'арық' - көк ет; 'ақылсыз, топас' - көк ми; 'ұрысқақ, ашушан' - көк долы; 'мылжың' - көк езу; 'қайсар, өжет' - көк бөрі; 'кездейсоқ' - көлденең көк атты; 'еріншек' - көк жалқау; 'піспеген' - көк алма т.б.

Аудармадағы түр-түс атауларының аспектісі әрбір халықтың игілігі болып табылады, сол себептен ол оқырманға эмоционалды ықпал береді. С.М.Беляков түр-түс атауларын лейтмотивті түрге жиі ие болады, бейнелер арқылы құрылады, ұлттың «әлем бейнесін», сонымен қатар жеке авторлы әлемдік көзқарасты мағыналы құрылымдайды деп атап өткен [2, б.146].

Америкалық лингвистер Б. Берлин мен П. Кей пікірі бойынша 98 тілдегі түр-түс атауларын зерттеп, жинақтаған материалдың негізінде 11 негізгі түсті көрсетеді: (*basic colour terms*) – black (қара), white (ақ), red (қызыл), yellow (сары), green (жасыл), blue (көк), brown (қоңыр), purple (алқызыл), pink (қызғылт сары), orange (қызылсары), gray (сұры).

Яғни, қайсыбір тілде бар болғаны үш қана түс атауы болатын болса, онда олар – ақ, қара, қызыл. Орыс тілші ғалымдарының көпшілігі осы жіктемені мойындайды және орыс тілінде 11 негізгі түс бар деп санайды, олар – ағылшын тіліндегі *blue* дегеннің орыс тілінде екі баламасы бар деп есептейді: *blue* – көк (*синий*) және көгілдір (*голубой*)[3, б.174].

1969 жылы американдық ғалымдар Б.Берлин мен П.Кейдің “Түр-түс атауларының негізгі терминдері: олардың жан-жақтылығы және эволюциясы» атты еңбектері жарыққа шықты, мұнда авторлар тілдегі түр-түс терминдерінің өлшемін анықтап, өңдеді. Түр-түс терминдерінің дамуы келесі ретке байланысты:

[white, black] - [red] - [green, yellow] - [yellow, green] - [blue] - [brown] - [purple, pink, orange, grey].

Яғни, барлық тілде аққа және қараға қатысты терминдер бар, содан кейін қызылға терминдер пайда болған, содан соң сарыға немесе жасылға, содан соң көкке, қызыл-қоңырға және дәйекті түрде күлгін, қызғылт-сары және сұр түстердің кезеңі болып бөлінген.

Аударма барысында тілдік сәйкестік берілген тіл мен аударылатын тілде орын алады, ол тек тілдік формаларда ғана сәйкестенбейді, сонымен қатар әлемдік тіл көрінісі мен қарым-қатынас жағдайында, сонымен қатар тілдік емес факторлардың кеңейтілген шеңберінде, жалпы айқындалған мәдениет түсінігінде болады. С.Г.Тер-Минасова өзінің «Язык и межкультурная коммуникация» деген еңбегінде аударма барысы тек екі түрлі тілдердің арасында емес, сонымен бірге екі түрлі мәдениеттің арасында да байланыс болатынын атап өтті [3, б.149].

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі негізгі түстер қатары сәйкес келеді. Мұндай дерек бола тұра, бұл тілдерді қолданушылар кеңістігінің түстерді қабылдауында өзіндік ерекшеліктері бар. Бұған қоса түр-түс атауларын аудару барысында «кейбір сөздердің мағынасы бұлдыр болып келеді, түр-түс атаулары ешбір түс кеңістігіне нақты сәйкес келмейді, есесіне оның түгел аумағына сәйкес келетініне» назар аударуды қажет ететін жағдай [4, б.66]. Берілген деректер көркем әдебиеттегі түр-

түс атауларын талдауға (интерпретация) қиындық туғызады. Көркем мәтіндерді аудару барысында оңды және түпнұсқаға жақын болмасада, түпнұсқа мәтіннен шарасыз айырмашылық болады: алмастырулар, қосымшалар, қалдырып кету, мұндай факторлармен жасау аудармашының жеке шаруасы және түпнұсқаны қабылдаудың өзіндік үлгісі, тілдердің әртүрлі жүйелілігі, әлеуметтік мәдени ортаның өзгешелігі болып табылады.

Берілген сұрақтарды тәжірибе жүзінде зерттейтін болсақ және негізгі түр-түс атауларының аудармадағы заңдылықтарын қолданудың кейбір ерекшеліктерін табу барысында бірнеше мысалдарға және олардың аудармашылық сәйкестік және аудармашылық трансформация арқылы аударылу заңдылықтарына назар аударайық.

1. Аудармашылық сәйкестік – бастапқы тілдің нақты бірлігін аудару үшін тұрақты пайдаланылатын аударма тілінің бірлігі [5, б.71].

2. Аудармашылық трансформациялар - (ұғымды жалпылау, нақтылау, модуляция) [5, б.47].

*A blue stocking* идиомалық тіркесі көк шұлық деген мағынаны береді. Мысалы, оқымысты әйел. Этимологиясы: XVIII ғасырдың ортасында Лондонда леди Монтегюдтің үйінде өтетін әдеби салонды ғолланд адмиралы Боскавен «көк шұлықтардың жиналысы» деп атапты. Бұл салонға атақты ғалым Бенджамен Стелинфлит көк шұлық киіп келеді екен. Ағылшын ақындары Ханна Мор – “*Bas-Bleu*”, Джордж Байрон - “*The blues*” шығармаларында «көк шұлық» образын жасаған.

1. *Women who dared to believe in education were either mocked or patronized, or both. The original ‘Bluestockings’ may have enjoyed the company of men such as Dr Johnson or Edmund Burke, but Sidney Smith advised them they should not flaunt their learning (‘if the stocking be blue, the petticoat must be long’)*. Jeremy Paxman. *The Portrait of a People English. Meet the Wife*.

(Білім-ғылыммен айналысуға дәті барған әйелдер не күлкі болатын, не қорғашталатын, кейде екеуін де бастан кешетін. Бастапқыда көк шұлықтар доктор Жонсон немесе Едмунд Бурк сынды ер-азаматтармен араласып тұруы мүмкін, алайда Сидней Смит оларға білімді көрсетуге болмайды деп кеңес береді (*шұлығы көк түстінің, іш көйлегі ұзын болу керек*)) [7, б.70]

Көгілдір түс жалпы қазақ және ағылшын тіліндеде жалғыздықты, қамығушылықты, депрессияны, білгірлікті, сенімділікті және берілгендікті білдіреді. Ең алғаш іс көрісулеріне барғанда көк киім киіп барған дұрыс дейді мамандар. Көк киім сіздің шешім қабылдауда батыл, жанкешті, тәуекелшіл екендігіңізді айғақтайтын көрінеді. Көгілдір рең көп қолданылатын, кең таралған реңдердің бірі. Алайда солай екен деп оны кез-келген жерге жапсыра бермеген жөн дейді. Әсіресе ас бөлмесіне жолатпау керек. Өйткені көгілдір түс тамаққа деген тәбетті жоғалтады екен. Торт, түрлі тәттілердің де ішіне көгілдір түс араластыруға болмайды. Өйткені көгілдір түсті көрген кезде адам санасында көгерген, бұзылған тағамдар елес береді де, ол дереу әлгі тағамға деген тәбетті жояды.

Түр-түс атаулары көпшілік жағдайда түпнұсқа мен аудармада сәйкестіктер көп болатынын зерттеу жұмысының материалдары көрсетті. Біздің көзқарасымыз бойынша, мұндай құбылысты екі тілдегі түр-түс атаулардың негізгі қатары сәйкес келетіндігімен түсіндірсе болады; әртүрлі мәдениетке жататынына қарамастан, түстерді қабылдау кеңістігінде ағылшын және қазақ тілдерінің ортақ түстері жетерлік.

Мысалдарға назар аударайық:

«*Out of the blue*» идиомалық тіркестің аудармасы: ойда-жоқта, ескертусіз, аяқ астынан пайда болу, сап ете түсу. Егер қандай да бір жағдай (нақты бір уақыт аралығында болмауға тиіс) ойда-жоқта болса, сіз «*out of the blue*» идиомалық тіркесін тайсалмай қолдана аласыз. Бұл идиомалық тіркестің ағылшын тіліндегі түсіндірмесі мынадай: *Action that happens without any warning, unexpectedly or suddenly, is action that happens out of the blue.*

«*Out of the blue*» идиомалық тіркесі қолданылған мысалдар:

1. *Michael hadn't imagined that he would win a new car in the lottery; it was out of the blue for him* [8] (*Майкл лотореядан жаңа көлік ұтып алатынын көз алдына елестете алмады; бұл ол үшін аяқ астынан болды*) [Аударған біз – А.Ж, У.А]

2. *Mrs. Williamson asked Nick about homework out of the blue* [8] (*Миссис Уильямсон ойда-жоқта Никтан үй тапсырмасын сұрады*) [Аударған біз – А.Ж, У.А]

3. *Mrs Bixby picked up the envelope that was still lying in the box. She opened it and pulled out the Colonel's letter: 'I once heard you saying you were fond of mink so I got you this. I'm told it's a good one.*

*Please accept it with my sincere good wishes as a parting gift. For my own personal reasons I shall not be able to see you any more. Good-bye and good luck.*

*'Well! Imagine that! Right out of the blue, Just when she was feeling so happy.'* Roald Dahl. Mrs Bixby and the Colonel's Coat. (Миссис Биксби қоратишаның ішінде жатқан конвертті алды. Ашып, полковниктің жазған хатын оқыды:

«Бірде сіздің бұлғын терісінен тігілген ішікті ұнатам дегеніңізді құлағым шалған еді. Сатушылар мына ішікті ішіктердің ішіндегі ең жақсысы деп кеңес берді.

Осыны айрылысар сәт келгенде шын жүректен қалдырған ескерткіш сыйлық ретінде қабылдаңыз. Өзіме ғана аян себептерге байланысты енді сізбен кездесе алмаймын. Қош болыңыз.»

Бұл қалай?! Мұнысы несі?! **Ойда жоқта!...** енді ғана бақыт құшағына еніп келе жатқанда!)[7, б.70]

Жоғарыдағы ағылшын мысалдарының қазақша аудармасына зер салсақ, мұнда аудармашылық трансформация әдісі қолданылып тұр. Яғни ағылшын тіліндегі *Out of the blue/out of the blue sky/a bolt from the blue* тіркестері қазақ тілінде *төбеден түскендей / аяқ астынан / ойламаған жерден / ойда жоқта / күтпеген жерден / сайтанның сапалағындай сап ете қалу* деген мағыналарды білдіреді. Егер біз аудармашылық трансформация әдісін қолданбай тікелей аударсақ *көктен сыртқа* немесе *көк аспаннан сыртқа* деген жалған аудармаларға тап болар едік.

*Black and blue all over* идиомалық тіркесі қазақ тілінде көк-ала қойдай, көк тырнадай деген мағынаны білдіреді. Мысалы, біреу ұрғаннан немесе бір нәрсеге ұрынғаннан денесі көгерін қалған.

1. *'My first husband, Captain Johnson, used to thrash me regularly. He was a man. He was handsome, six foot three, and when he was drunk there was no holding him. I would be black and blue all over for days at a time.'* Somerset Maugham. The Moon and Sixpence. Ch.51. (Бірінші күйеуім, капитан Джонсон, мені үнемі сабайтын. Нағыз еркек деп соны айт. Сымбатты, бойы теректей, арақ ішіп алса ешкімге бой бермейді. Ол кездері мен үнемі **көк-ала қойдай, көк тырнадай** болып жүретінмін) [7, б.63]

*Blue* сын есімінің мағынасы ағылшын тілінде кең көлемдегі спектрге ие. Қазақ тіліндегі көк түс үш түрлі жолмен жеткізіледі, олар «көк», «көгілдір» және «көкпеңбек», ал ағылшын тілінің айырмашылығы, мұнда жалпылама бір атау «*blue*» сын есімі ғана. Қазақ, орыс тілдерінде «көк» пен «көгілдірдің» айырмашылығы жер мен көктей. Сол себепті ағылшын тілінен аударып жатқан аудармашыларға біршама қиындықтар туып жатады. Мысалы Оскар Уайльданың ертегілерінен алынған *blue spectacles* тіркесін П.В. Сергеев пен Г. Нуждин *көгілдір көзілдірік* деп аударса В. Кагарминский *көк көзілдірік* деп алған [7]. Біздің пікірімізше ағылшын тіліндегі *Blue* сын есімінің мағынасы тікелей «көк» болып аударылғандықтан В. Кагарминскийдің *көк көзілдірік* деген пікірімен келісеміз.

Осы сын есіммен қолданылатын тұрақты сөз тіркестері: «*once in a blue moon*» «қайсы бір заманда, өте сирек» деген мағынаны білдіреді; «*do something till one is blue in the face*» үнемі бір нәрсені ынтығушылықпен, іждаһаттылықпен жасап, бірақ сәтсіздікке ұшыраған уақытта айтылады.

Көптеген қазақ тілінен ағылшын тіліне аударылған шығармалар бойынша түпнұсқа мен аударманы өзара салыстырып қарастырғанымызда түр-түс атаулары шартты түрде болса да, үш түрлі балама қалыптасқандығын көрсетуге болады. Олар:

- 1) Тіркес мағынасы мен құрамы дәлме-дәл баламалар;
- 2) Түпнұсқадағы түр-түс тіркесінің мағынасы мен бейнелі өрнегі жағынан аудармадан бірде кем, бірде артық түсіп жататын «шамалас аудармалар»;
- 3) Түпнұсқадағы түр-түс атаулары мен тіркестерінің ағылшын тіліндегі аудармада мүлдем жойылып кетуі. Мысалы:

*Көк кірпіштен соғылған Университет / The blue-brick university* [М: Кембридж бен Оксфорд Университеттері туралы айтылады].

*Blue blood* = қырықтың қылауынан / асыл сүйек/ақсүйек/бекзат. *'Anyway they've dubbed me a witch for so long I feel there must be something in it'*

*'Never! You've got as much of the witch in you, Tilly, as I have blue blood.'*

Catherine Cookson. Tilly Trotter Widowed. Part One. Ch.12.

- *Жұрт мені көп уақыттан бері дуагер санайды, соңғы кезде өзім де дуашы болсам дуашы шығармын деп сене бастадым.*

- Мүмкін емес! Сен дуагер болсаң, мен онда ақсүйек тұқымынан болдым. [7, 69]

А.Алдашеваның айтуынша көк сөзі – заттың түрін – түсін білдіруі жағынан ұлттық ойлау стереотипіне тән белгілері бар лексема. Түркі тілдерінің бірқатарында, оның ішінде қазақ тілінде де айнала қоршаған ортадағы сан алуан объектінің түсі, бояуы **көк** сөзі арқылы беріледі: *көк аспан (blue sky), көк мұнар, көкжиек, Көкшетау, көгал, көк тұман, көк шөп (green grass), көк шай (green tea(тікелей аудармасы жасыл шай)), көкөніс (vegetables), көк алма (green apple), көкбазар, жер көгерді, көк шықты*. Бұл айтылғандардан «көк» сөзінің өз семантикасын нақтылайтын түр-түс те, табиғаттың, шөптің ағаштың, жапырақтың түсі де (жасыл түс) бір ғана **көк** сөзінің семантикалық ауқымына енетіні байқалады. Бірақ бұл жасыл сөзі қазақ әдеби тілінің қолданымында жоқ деген түсінікті тудырмайды. Жасыл **көк** сөзімен тіркесіп, күрделі сын есім жасай отырып, бояудың қанықтығын көрсетеді.

*Көк жасыл (ағаш, орман);*

*Жасыл көк (қанатты көбелек)[6, б.215].*

*Жасыл шырақ; (Сыбайлас жемқорлықтың жолына жасыл шырақ жағылып қойылды);*

*Жасыл шелек;*

*Жасыл көше; [6, б.145]*

*Аралас түстер: Көк-қара – тыныштық.*

*Сұр-көк – сабырлық, немқұрайлылық.*

*Көк-қызыл қоңыр – өз жағдайын өзі жасау.*

*Көк-күлгін – нәзіктікке талпыныс.*

*Көгілдір - түсінуге деген құлшыныс, айналасын махаббатқа бөлеу деген мағыналарды білдіреді.*

Түр-түсте шындық болмыс халықтың ғалам туралы түсініктеріне, ой-тұжырымына сай өңделіп, өзгеше өңмен өріліп, асқан шеберлікпен бейнеленеді. Сол себепті де түр-түс ұлттың рухани құндылықтарын түйіндеп беруде айрықша мазмұнға ие.

Сонымен түр-түс – алдымен адамды қоршаған ғаламның өзі, объективті шындық, сонымен қатар адамның ішкі дүниесінің, дүниені қабылдауы мен түсінуінің фрагменті. Бүгінгі таңда тіларалық қатынастың ұлғаюына байланысты қазақ тіл білімінде тілдер деректерін салыстыра зерттеу барысында салыстырмалы типологиялық әдісті қолдану генетикалық алыс тілдерді бір-бірімен салыстыру аса маңызға ие болады. Адам сыртқы әсерлерді өзінше түйсініп, бағалайды, сондықтан да бәріне визуалды ақпарат ретінде берілуінде бірдей болатын түс субъективті танымда түрлі мазмұнды білдіреді. Бұл түр-түстерге қатысты таным. Адам санасының шындықты жоғары деңгейде жалпылап, дерексіздендіретіні тіл табиғатын күрделендіре түседі. Бұл мағына құбылудың шексіздігінің кепілі.

1. Давидян З.О. Способы перевода цветообозначений с французского языка на испанский // Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 2. – Вып. 7. – Волгоград, 2008. – 134-135 б.

2. Беляков С.М. Цветовая картина мира И.Л.Бунина (на материале романа «Жизнь Арсеньева» и цикла рассказов «Темные аллеи»). - Воронеж: Полиграф, 1999. – 146-151 б.

3. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М., 2001. – 149 б.

4. Васильевич Л. П. Цветообозначения как проблема терминологии и перевода. – М.: Наука, 1987. – 66 б.

5. Жұмабекова А.Қ. Аударма теориясын оқытудың әдістемелік мәселелері: Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, Абай ат. ҚазҰПУ, 2010. – 145 б.

6. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1998. – 215 б.

7. Кеңесбаева Ү. Ағылшынша-қазақша фразеологиялық сөздік. Астана: Парасат-KZ, 2010. – 63-70 б.

8. Wilde O. The Happy Prince and other Tales [электрондық ресурс: [http://knowledge.allbest.ru/literature/2c0b65635b3ad78b5d43b88521216d36\\_0.html](http://knowledge.allbest.ru/literature/2c0b65635b3ad78b5d43b88521216d36_0.html)]

## ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА И ЗНАЧЕНИЕ НАИМЕНОВАНИЯ ЦВЕТА «СИНИЙ» В АНГЛИЙСКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ

Жумабекова А.К. – доктор филологических наук, профессор КазНПУ имени Абая  
Акбердыкызы У. – магистрант 2 к. КазНПУ имени Абая

### Резюме

В данной статье рассматриваются наименования многозначного, часто используемого цветообозначения «синий» в таких разноструктурных языках, как английский и казахский. Затрагиваются проблемы перевода, анализируются суждения лингвистов о наименованиях цветообозначений. В аспекте межкультурных отношений анализируется национальная картина мира, связанная с цветообозначением. Наименования цветообозначений – сложное явление в самопознании каждого народа. Сопоставительный анализ цветообозначения «синий» в составе идиом английского и казахского языков проводится в когнитивном и прагматическом аспектах. Перспективы дальнейших исследований данного языкового явления весьма широки. В статье рассматриваются также различные точки зрения, связанные с переводом наименования цветообозначений.

**Ключевые слова:** Цветообозначение, культура, трансформация, семантика, типология.

## PECULIARITIES OF THE TRANSLATION AND MEANING OF THE NAME COLOR "BLUE" IN ENGLISH AND KAZAKH LANGUAGES

Zhumabekova A. K. – Professor, doctor of philological Sciences, KazNPU named after Abai  
Akberdykizi U. – 2 course master student, KazNPU named after Abai

### Summary

This article deals with the names of many meanings, often used color "blue" in such different side languages, as English and Kazakh. Affected the problems of translation, and analyses the opinions of linguists about the names of color. In the aspect of intercultural relations is analyzed national picture of the world, associated with color. Name of color words is a complex phenomenon in self-knowledge of each people. Comparative analysis of color "blue" in the idioms of English and Kazakh languages is carried out in the cognitive and pragmatic aspects. Prospects for further research of this linguistic phenomenon is very wide. The article also discusses different points of view associated with the translation of the names of color words.

**Key words:** Color names, culture, transformation, semantics, typology, genetics.

ӘОЖ 82.03;82:81'255.2

## ПОЭТИКАЛЫҚ АУДАРМАНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Қасымова Ж.П. – ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушысы

**Андатпа.** Мақалада поэзия туралы, поэзиялық шығармалардың аударылуы мәселесі, оның өзіндік ерекшеліктері талданады. Көркем аударма – шығармашылық өнер. Өнер болғанда, ол – сөз, әдебиет, публицистика ғылымдарының ажырамас бір саласы. Аударма адамдардың көп уақытқа созылған ұзақ тарихында тілі өзге адамдар қауымын түсінудің құралы, олармен қарым-қатынас жасаудың дәнекері болған. Аударма – әрқашанда адамдар, тайпалар, халықтар, ұлттар арасындағы әлеуметтік, экономикалық, рухани, ғылыми қарым-қатынастың айырбастау құралы, елтанудың, достықтың, ынтымақтастық тәжірибенің, тағылым алмасудың құралы. Ал аудармашылық – нағыз шығармашылық өнер. Аудармашы – өз халқының, өз ортасының, өзі өмір кешкен заманының перзенті. Яғни ол екі тілді де жетік білумен қатар, әрі жазушы, әрі ақын, әрі ғалым болуға тиіс. Аударма сапасы оның талантына, біліміне, жалпы, мәдени дәрежесіне және тәжірибесіне байланысты.

**Түйін сөздер:** Поэзия, көркем аударма, шығармашылық, әдебиет, сөз өнері, поэтика, тәржімашы, прозалық шығарма.

Көркем аударма – шығармашылық өнер. Өнер болғанда, ол – сөз, әдебиет, публицистика ғылымдарының ажырамас бір саласы. Аударма адамдардың көп уақытқа созылған ұзақ тарихында тілі өзге адамдар қауымын түсінудің құралы, олармен қарым-қатынас жасаудың дәнекері болған.

Аударма – әрқашанда адамдар, тайпалар, халықтар, ұлттар арасындағы әлеуметтік, экономикалық, рухани, ғылыми қарым-қатынастың айырбастау құралы, елтанудың, достықтың, ынтымақтастық тәжірибенің, тағылым алмасудың құралы. Ал аудармашылық – нағыз шығармашылық өнер. Аудармашы – өз халқының, өз ортасының, өзі өмір кешкен заманының перзенті. Яғни ол екі тілді де жетік білумен қатар, әрі жазушы, әрі ақын, әрі ғалым болуға тиіс. Аударма сапасы оның талантына, біліміне, жалпы, мәдени дәрежесіне және тәжірибесіне байланысты.

Жалпы, поэзия туралы, поэзиялық шығармалардың аударылуына тоқтала кетер болсақ, оның өзіндік ерекшеліктері аз емес.

"Поэзия – сөз өнері, көркемдік шеберліктің теңдесі жоқ озық үлгісі. Оның үстіне поэзияның аса маңызды әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсете алатын зор мүмкіншілігі бар. Ол – айналамыздағы дүниені, өмірді танып-білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой-санамыздың, көркемдік, эстетикалық сезіміміздің үлкен, өнімді саласы. Сондықтан поэзиядағы сөз суреттілігі, бейнелілігі өмір шындығынан нәр алып, соған тікелей жалғас туады. Сөз қолдану шеберлігі, көркемдік шеберлік дегеніміз өмір құбылыстарын танып-білу, ұғып-түсіну қабілетімен, көркем ой-сезім қуаттылығымен терең тамырласып, қабысып жатады" [1, 7].

В.Г. Белинский "Поэзия – өнердің жоғары тегі... Поэзия өзіне басқа өнердің элементтерін тоғыстырады" деген тұжырым айтса, "поэзия қоғамға қызмет етуі тиіс, адамның адамгершілік сипатта дамуын қамтамасыз етуі керек. Ондағы шындық пен қайырымдылықты терең сезініп, одан өмір сұлулығын таба білу, оны керемет және айқын образдарда көрсету көзделсе, мұны тек қана ақын ғана жасауы мүмкін", - деп Н. Добролюбов тереңдете түседі. С. Мәуленов: "Поэзия – халқымыздың жан-күйінің жарқылы, сезімнің сырлы шектерінің пернесі, оның эстетикалық арманының айнасы" деген.

Поэзия аз ғана сөздің аясына кең мағына сыйғызып, қысқа да шағын шығармада бір елдің тіршілік-тынысы, мәдениеті, тарихы, әдет-ғұрпымен терең таныстырады. Бірнеше шумақта адамның жан-дүниесін, сезімін баурайтын ойлар тұнады. Поэзия – ұлттық тіл болмысының жоғарғы түрі. Поэтикалық шығармашылықта халықтың рухы, өзіндік тарихи ерекшелігі, мәдени дамуы, тілінің байлығы сезіледі. Басқа халықтың поэзиясын түсіну – халықтың мінез-қылығын басқа мәдениеттің сезімдік әлемін түсіну деген сөз. Өлең тілі лексиканың өзіндік үлгісі ретінде сипатталады. Өлеңдегі сөз саптау тәсілі түрдің (форманың) талап етуіне байланысты өлең сөздері шағын да қысқа, сұлу да сыршыл, бейнелі, екпінді ырғақты болып келсе, поэтикалық мәтіндегі ой тұжырымды да тиянақты, көркем де мазмұнды түрде оны ажарлайды.

Поэзия прозаға қарағанда сыртқы дүниені басқаша бейнелейді. Шағын шығарма ауқымды жинақтаудан өткен образдарды айшықтайды. Көлемі кішігірім лирикалық өлеңде махаббат пен зұлымдық, өмір мен өлім, достық пен дұшпандық, арман мен мұң т.б. алуан-алуан адам өмірінің сипаттары жырланады. Олар детальдық жағынан толық сипатталып, барлық сыртқы қасиеттері, характерлері ішкі тартыстарымен, бар болмыс-бітімімен бейнеленеді. Мәселен, табиғаттың бір көрінісін немесе мезгілдің бір сәтін суреттеу үшін прозада бірнеше бет жазылады. Ал поэзияда ол бірнеше шумақпен сезім әлемін баурайды. Прозада кейде табиғат бір-екі сөйлеммен, әдемі де әрлі детальмен кескінделуі мүмкін. Бірақ бұл – сирек жағдай. Оны нағыз талант, сөз өнерінде шындалған шебер ғана жасай алады.

Сонымен бірге поэзияны басқа жанрлардан даралайтын бір ерекшелігі – ұйқасқа құрылатындығы. Өлеңдегі ұйқастың өзіндік мән-мағынасы бар. Ұйқас өлең шумақтарындағы ойды өзара мағыналық жағынан байланыстыра келе, ойды түйіндеп, қорытындылайды. Жыр жолдарындағы ақын ойын тұжырымды жеткізуде өзара дыбыстық жағынан жақын, үйлесімді үлгідегі сөздер ертіңде ұйқас – поэзияның құрылымдық негізгі бөлігі. Өлең сөзді ой-мағына жағынан құрау, қиыстыру бар да, оларды шебер ұйқастыру бар. Өлеңдегі ұйқас сөз мағыналарын үйлестіру, топтастыру, жинақтау қызметін атқарады. Аудармада ұйқас дәл түпнұсқадағыдай қайталанбайды. Бұлай болуы мүмкін емес. Алайда ұйқасқа құрылған өлең өз қасиетін сақтауы тиіс. Аудармада ұйқас басқаша жасалғанмен, ішкі өлең ырғағы, әуезі, интонациясы мағыналық әсерімен, қуатымен мүмкіндігінше толық айшықталуы тиіс.

Ал енді поэзиялық шығармаларды тәржімалау мәселесіне тоқталсақ, әлем тіліндегі поэзиялық шығармаларды ана тілімізге, ана тіліміздегі шығармаларды әлем тілдеріне аудару қашан да өз маңызын жойған емес. Қай халықтың болмасын шоқтығы биік, терең мазмұнды шығармаларын аудару – қазіргі таңдағы игілікті істердің бірі екендігі даусыз мәселе. Түпнұсқа белгілі бір халықтың ұлттық ақынының шығармасы болса, ұлттық сипаты барынша анық, түсінікті болса, ондай жағдайда оны өзге тілге аудару аудармашыдан үлкен жауапкершілікті ғана емес, сонымен қатар үлкен талантты да талап етеді. Яғни тәржімашының таланты ерекше талант болуы керек. Және оны дұрыс бағалай білу қажет. Прозалық шығармалар аудармасымен поэзиялық шығармалар аудармаларының арасында біраз айырмашылық бар. Көркем шығармаларды аударушы түпнұсқаның жолынан шықпай, оның жүйесінен ауытқымай еңбектенеді. Ал өлең сөзді аударғанда аудармашы өз ойын автордың ойымен астастыра, жарыстыра отырып, өзінің лирикалық сезіміне жол береді. Дегенмен аудармашы түпнұсқадан алшақтап, мазмұн мен нішіні жағынан ауытқымайды. "Ақынға, ақынның белгілі өлеңінің тууына негіз болған өмір құбылыстарының тобын танып, таразылай отырып, ақынның ойлау, сезіну даралығын, оның шығармашылық тұрғысы мен нысанасын түсінген кезде ғана аудармашының еңбегі шығармашылық дәрежеге көтеріліп, поэтикалық қасиетке ие болады" [2].

Асылы, көркем аудармаға қойылатын ең басты талап немесе шарт – көркемдік-идеялық күй мен эстетикалық ләззатын жеткізу. Әрбір сөзге жармаса бермей, автордың ойын жеткізуге шұғылданған жөн. Поэзиялық шығармаларда аудармашы қолданатын тәсілдер: интонация, ырғақ, ұйқас, образдылық элементтер қандай дәрежеде берілгеніне де байланысты. Поэзиялық шығармалардың аудармасы, туған әдебиетіміздің эстетикалық мүмкіндіктерінің молаюына, әдеби тіліміздің байи түсуіне айрықша әсер етеді.

Біздің аударматану ғылымында қазақ әдебиетін шетел тілдеріне аударуға қатысты көптеген мәселелер толып жатыр. Аударылған шығармаларды сарапқа салып көрсек, аударманың өз дәрежесінде емес екендігін байқауымызға болады. Оның себептері көп. Негізгі себептерінің бірі – жалпы қай тілде болса да аударма өнеріне айтарлықтай мән берілмегендік. Аударылған шығармаларды жүйелеу, жоспарлау, жарыққа шығару ісінде де қиындықтар жетін жатыр. Өйткені көркем аударма принциптері туралы тағылым аларлық теориялық тұжырымдар да аз. Қай шығарманың болсын түпнұсқадан аударылғаны жөн. Бұл аударма өнерінің негізгі қағидасы, аударма саласы сыншыларының айтуынша, аудармашы шығарманы түпнұсқадан аударғанның өзінде көркемдік қасиетінің 80 пайызын ғана сақтай алады екен. Ал енді екінші тілге аударылған шығарманы алып, үшінші тілге тілге аударсақ оның не қасиеті қалады.

Орыс тілінен қазақ тіліне аудару мәселесі бүгінге дейін жан-жақты зерттелген жоқ. Ал қазақ тіліндегі шығармалардың орыс тіліне аударылуы туралы бірен-саран ғана ғылыми еңбектер жарияланды. Атап айтқанда, ғалым Н. Сағандықова өзінің кандидаттық және докторлық диссертацияларында аталған проблеманы жан-жақты зерттеуге талпынған. Оның өзі поэзиялық шығармалардың аудармасы туралы. Ол көбінесе поэзиялық шығармалардың орыс тіліне аударылу тарихына, көркемдік әдіс-тәсілдеріне барлау жасаған [3, 4]. Ғалым: "О принципах, методах и качестве переводов казахских произведений на русский язык серьезных исследований было мало. Гораздо больше изучался и обсуждался перевод русской классики на казахский язык", – дейді.

Қазақ әдебиетінің классиктерін танып болдық па, оларды басқа жұртқа таныстыра алдық па дегенде, ойға алдымен оралатын сауал – жазушы шығармаларының орыс тіліне аударылу деңгейі қалай, сол аудармалардың сапасы көңіл толарлық па деген сауалдар. Өйткені қырғыз, өзбек сияқты жақын тілдер болмаса, басқа тілдерге және шет тілдерге қазақ жазушылары орыс тілі арқылы аударылып келе жатқаны белгілі. Ал оларды оқытындар орыстар ғана емес, орыс тілін білетін басқа халықтардың да өкілдері десек, мұндай оқырмандар аса көп екені түсінікті ғой. Олай болса мәселенің маңызды екенін арнайы дәлелдеп жату қажет те емес.

Көптеген ақындарымыздың шығармаларының әлі күнге дейін орыс тілінде бар мазмұн-мағынасымен, толық көркемдік қуатымен жеткізілмей келе жатқаны, әрине, үлкен олқылық. Осы олқылықтың орын алу себептері аз емес, және олар айтылып та келеді. Мысалы, қазақ тілін білмейтін аудармашылардың тәржімалап келгені және солардың өздері де көбінесе атүсті, асығыс аударатыны, шығарманы өз қалауынша бөліп, не тиғенін алып, өзінше аударып келгені – осының өзі-ақ біраз жайды анғартса керек.

Қазақ әдебиеті үлгілерін орыс тіліне аударудағы ең басты кемістік – түпнұсқаның жайдақталып кетуінде. Жайдақтап аударушы қашан да өз ісіне жауапсыз қарайды, түпнұсқаның бар көркін сақтауға тырыспайды. Қиналып жатпай жекелеген үзінділердің жалпы мағынасын ғана сақтап, өз қалауынша төтелеп тарта береді. Бұл әдіс – ең алдымен тілі нәрлі, өзіндік қолтаңбасы бар көрнекті жазушылардың шығармаларының жұты.

Көрнекті аудармашы Г. Бельгердің: "...қазақ әдебиеті үлгілерін орыс тіліне аударудағы ең басты кемістік – түпнұсқаның жайдақталып кетуінде. Аудармашы шығарма авторының ойын түсінбеуі мүмкін, сол шығарма жазылып отырған тілді білмеуі, не шалағай білуі мүмкін, тіпті болмаса өз ісіне салдыр-салақ қарауы мүмкін. Осының нәтижесінде мақтаулы, тәуір деп жүрген шығармаларымыздың өзі сұрғылт, ортақол туынды болып шыға келеді" [4, 45], – деуінде үлкен мән бар. Г. Бельгер "жайдақтап аударушы" деп аудармаға селқос қарайтындарды сөз етін отыр. Әсіресе қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын орыс тіліне аударуда абай болу керектігін ескертеді.

Орыс аудармашыларының қазақ шығармаларын аудару барысында түсінбеген жерлерін ойланбастан-ақ тастап кету, өзінше өңдеу, тіпті абзаңтарын алып тастау жиі кездесетінін орыс тіліне аударылған классиктеріміздің шығармаларын талдау барысында көз жеткіземіз. Қазақ халқының тарихын, тұрмыс-салтын, мінез-құлық ерекшеліктерін жақсы білмеген адамның өзінің тіл өнерін жете меңгерген сөз зергерлерінің шығармаларын орыс тіліне бар бояу, бар нақыш, көркін сақтай отыра аударып шығуы екіталай. Бұл туралы белгілі ғалым-аудармашы С. Талжанов былай дейді: "Орыс достарымыз қазақшадан орысшаға аударғанда өзінің стиліне жақын, өмірін, творчестволық еңбегін жете ұғатын авторларды таңдап алса екен" [5,121] деп, орыс тіліне аударылған шығармаларға назар аудартады. Орыс тілі ұлт тілдері арасында дәнекер тіл болғандықтан. Сол арқылы шығармалар өзге тілдерге аударылатыны белгілі.

Шындығында, күні бүгінге дейін Абай мен Сұлтанмахмұт поэзиясы, Әуезов пен Мүсірепов прозасы орыс тілінде өзінің бар бедер бейнелерімен көріне алмай отыр. Бұл сөзді өз шығармаларымен туған әдебиетінің өркендеуіне атсалысып жүрген жазушылардың бірталайы жөнінде айтуға болады.

Төл шығарма мен аударма шығарманың тілін салыстырып қарай бастасақ, біраз нәрсені аңғарамыз. Сонда аударма тілі мен төл шығарманың тілінде көп жағдайларда айырмашылық бар екенін көреміз. Төл шығарманың тілі неғұрлым жатық, қазақ тілінің заңдарына сәйкес, ұғымды келсе, аударманың сөйлемдері іркес-тіркес, сөздері бір-біріне қабыспай, оқуға ауыр болып келеді де, аударма екені бесенеден белгілі болып тұрады.

Әрбір аудармашының тілге ұсталығын былай қойғанда, біздің ойымызша, мұның екі түрлі себебі бар сияқты. Біріншіден, қазақ тілінен аударғанда, орыс тілі мен қазақ тілінің өздеріне тән ерекшеліктерін, заңдарын кейбір сөз тіркестерінің әр ұлттың өзіне сәйкес қалыптасу түрлерін ескермей, біріне-біріне ықтиярсыз бағындыруға тырысамыз, яғни дәл аударуға тырысамыз. Әрине, мүмкін болғанша дәл аудару керек. Бірақ та дәл аудару дегенді мағына жағынан дәл аудару деп ұғынып, осы тұрғыда қолдануымыз керек. Аудару барысында мұндай жерлерде қазақ тілінде осындай ұғымдарды қандай сөздермен береді, сол жағына назар салып аударуымыз керек. Орыстың ағылшын, француз неміс тілдерінен аударған кітаптарының тілінде төл шығармаларынан айырма жоқ, тіпті орыстың өз ұлтына тән идиомалар мен мақал-мәтелдер толып жүреді. Басқа тілден қазақшаға аударылған кітаптың тілі төл шығарманың тілінен өзгеше болмауға тиіс.

Туысқан халықтар әдебиетінің орыс тіліндегі аудармаларында орыстың көркем сөздің байырғы өз сапасы өте-мөте жадау болып көрінеді. Ілуде ғана болмаса, поэзия, проза шығармаларының аудармашылары орыстың өте мол сөз байлығын, әсерлі көріністерін онша мол пайдалана қоймайды. Жолма-жол аудармадан көшіре аударған бұлар түпнұсқаның өзіндік қасиетін жүдетіп, тіпті кейде қораш етін те жібереді. Сондықтан аудармалы прозаның орыс сынында әдебиет тілінің арзанқол, шалағай пішіндері болып мысалға алынуы бекер емес. Мұны мойындау ауыр тисе де, бұл бізді күйіндіретін жағдай. Түпнұсқаның орыс тіліне аударылғанда сытылып түсіп қалатын өзіндік көркемдік өзгешеліктерін, образдылық-стильдік қасиеттерін немесе ұлттық ерекшелік сипаттарын атай кетуге де болады. Мысалы, аудармаларда заман алшақтығы, кейіпкерлердің сөз әлпетіндегі немесе авторлық ремаркадағы тарихи үндестілік секілді әуендер сезілмей қалады, түрліше әлеуметтік топтарынан алынған бейнелердің сөз ерекшеліктеріне де айырым берілмейді.

Ұлттық көркем проза мен поэзияның аудармаларында орыс тілінің соншалықты кедей, әсерсіз, сұрқай пішіндеріне қайран қаласың. Орыстың сөз сұлулықтарының, сөйлем өрнектерінің, алуан қырлы, әсерлі екпіндіктерінің орасан мол қазынасынан аудармаларда, түпнұсқаның сорына қарай, тінті дерлік сыбаға алынбайды, пайдаланбайды. Бұл өкініштің бастысы, сол – аударма орыс тіліне түпнұсқадан емес, дарынсыз, олақ қолдан шыққан жолма-жол аударма (подстрочник) дегеннен аударылады. Бұл өзі өзге тіл оқушысы мен түпнұсқа арасындағы бір берекесіз дәнекер. Бұлардың еңбектерінің басты қасиеті – олар Добролюбов айтқан "шығарманың ішкі өмірін жақсы бере білді. Түпнұсқаның негізгі қасиетін осылай көрсету арқылы олар – үздік шығармалардың ұлттық үнін шығарып, аудармадағы басты мақсатқа жетеді. Творчестволық жолмен шешу арқылы олар бір кезде Турғенев, Гоғоль, Белинский талап еткен аударманың жақсы қасиеттеріне ие болады. "Аударма бізге неғұрлым аударма болып көрінбей, өзінше төлтума шығарма болып көрінсе, онда оның соғұрлым тамаша болғандығы" – деген Турғенев. Белинский аударма "автордың өзі орысша жазған секілді болып көрінсін, көркем аударманы ондай етін аудару үшін художник болып туу керек" – деп талап еткен.

"Бұл секілді аудармалар кейбіреулері қазақ, өзбек, латыш, татар, армян бола тұра, олар шын орысша сөйлейді. Бұдан біз аудармашы автордың жақсы орыс жазушысы екенін, сөз шебер екенін білеміз. Солай бола тұрса да ол аударылатын шығарма авторының стиліне өз стилін байланыстырмайды. Сонымен бірге бұл аудармашы негізгі шығарма авторының тіл ойлау дүниесіне айрықша ықтияр болып, мұқият зер салады. Ол аудармаға сол шығарманың бар материалын біліп алып кіріседі. Шығармада суреттелетін халық тарихын зерттейді, кейіпкерлердің дәуірімен, ортасымен терең танысып алады. Әрі үлкен жазушы, әрі талантты аудармашы болып өнеге көрсететін бұл секілді игіліктер, бір өкініші, өте сирек кездеседі" [6, 85].

Орыс тіліне аударылатын шығармалардың көбінесе әсерсіз, жүдеу, жолма-жолдықтан аударылатынын жоғарыда айтып өттік. Солай болғандықтан, ұлт тілдерін білетін немесе оқып үйрететін аударманың маман кадрларын әзірлеудің қажеттілігін дәлелдеп жатпаса да болады. Ал аударма теориясын орыс тілінен ұлт тілдеріне, ұлт тілдерінен орыс тіліне аудару мәселесіне тығыз жақындастыру керек.

Сондықтан да таңдаулы шығармаларымызды аударуымызға жауапты қарауымыз керек. Аударманы көрінген адамға тапсыра бермей, асылдарымызды халтурадан қорғамаймыз ба?! Айтылған кемшіліктерді жою үшін аудармаға жоғары талап қоюмен қатар, баспа орындарының, редакциялардың шығармашылық жұмыстарын күшейтіп, жұмыс үстінде туған мәселелерді, кездескен қиыншылықтарды редакция кеңесіне салып, бұл кеңестерге тіл мамандарын қатыстыра, қолма-қол ақылдасып шешін отыру керек.

Көркем шығарма дегеніміз – мазмұны мен формасы біртұтас бүтін жатқан дүние. Оның идеясын, мазмұны мен ой тереңдігін немесе идея мен формасын бір-бірінен бөлін қарауға болмайды. Демек, әрқайсысын әр түрлі әдіспен бөлек-бөлек аударуға да болмайды. Көркем шығарма дегеніміздің өзі болмыстың образды түрде бейнеленген нақты көрінісі. Әрбір көркем шығармадан өмірді реалистік тұрғыда ұғынып, шынайы түрде дәл бейнелеу талап етіледі. Көркем аударманы да біз ең алдымен көркем шығарма деп білеміз. Демек, аударма – шығармада суреттелген объективтік болмысты түпнұсқаның тілі арқылы реалистік тұрғыда ұға отырып, екінші тілдің образдық жүйесі арқылы шынайы бейнеленген нұсқасы. Олай болса, объективтік болмысты суреттеуде түпнұсқаға қандай талап қойылса, оның аудармасына да дәл сондай талап қойылады. Демек өмірдің белгілі бір құбылысына реалистік көзбен қарап, оны шынайы суреттеу үшін автор қандай құрал, нендей тәсіл қолданған болса, соның бәрі аудармашы үшін де заң. Реалистік тұрғыдағы дәл аударма дегеніміздің мәнісін жалпы көркем шығармаға қойылатын талаптарға байланысты іздеуіміз керек.

Көркем аударма дәл болуы керек, сонымен қатар оның белгілі дәрежеде еркіндікке де правосы да бар. Бірақ, сол еркіндіктің өзі түпнұсқада бейнеленген мазмұн мен түрді, яғни нақтылы өмір көріністерін дәл суреттеу мақсатынан туып жатуға тиіс. Сонда ол еркіндік дегеніміздің өзі тек дәлдікке жетудің жолы ғана болып қалады. Жай сөзбен айтқанда, аудармашы түпнұсқаны тастап еш уақытта да ауа жайлып еркін кете алмайды. Олай ету деген сөз – түпнұсқаны ғана емес, сол түпнұсқада бейнеленген өмір шындығының өзін өрескел бұрмалауға апарып соқтырады.

Демек, көркем аударманың алдына қойылатын ең басты талап – өмір шындығынан дәл шығып отыру.

Аудармашы өмір шындығын көргенде оған түпнұсқа арқылы қарайды. Және автордың көзімен қарайды. Сондықтан автордың өзі үшін нақтылы өмір көрінісі қандай роль атқаратын болса, аудармашы үшін түпнұсқа дәл сондай рөл атқарады. " Осыдан келіп аудармашының алдына қойылатын үш түрлі шарт бар, біріншіден, ол шығармада бейнеленін отырған өмір шындығын дәл беруі керек. Екіншіден, түпнұсқаның өзін айнытпай жеткізуге тиіс. Үшіншіден, ана тілінің заңды жүйесіне ешқандай нұқсан келтірмеуі керек. Басқа мәселелердің бәрі осы үш мақсаттың төңірегінде шешіледі" [7, 4].

Әрине, осылардың бәрін істегенде, шығармадағы аудармашының өзінен ешқандай із қалмауы, яғни оның тек өзіне тән шығармашылық даралығы сезілмеуі мүмкін емес.

1 Ахметов З. *Өлең сөздің теориясы*. – Алматы: Мектеп, 1973.

2 Қаратаев М. *Поэзия мұраты*. // *Қазақ әдебиеті*. 1971. 23 қыркүйек.

3 Сагандықова Н. *Основы художественного перевода*. – Алматы: Санат, 1996. – с. 207.

4 Бельгер Г. *Ода переводу*. – Алматы: Дайк пресс, 2006. – с. 400.

5 Талжанов С. *Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері*. – Алматы: Ғылым, 1975.- 286 б.

6 Әуезов М. *Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері* // *Уақыт және әдебиет*. – Алматы, 1962.

7 Сатыбалдиев Ә. *Рухани қазына*. – Алматы: Жазушы, 1987. - 232 б.

### ОСОБЕННОСТИ ПОЭТИЧЕСКОГО ПЕРЕВОДА

**Ж.П. Касымова** – преподаватель КазНУ и. Аль-Фараби

#### Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы о поэзии, переводы поэтических произведений, а также их особенности. Художественный перевод – это творческое искусство. Но не только искусство, но и слово, литература, и область науки публицистики. Перевод на протяжении долгого времени в истории народа является путеводителем для иноязычных групп. Перевод – всегда является инструментом общения в социальной, экономической, духовной и научной жизни, а также в целях сотрудничества. Переводчик – дитя своего народа, своего окружения и своей эпохи. То есть он не только знаток языков, но и поэт, писатель и ученый. Качество перевода зависит от его таланта, от уровня знаний и культурного, воспитательного уровня.

**Ключевые слова:** поэзия, художественный перевод, творчество, литература, искусство слово, поэтика, переводчик, проза.

### ESPECIALLY POETIC TRANSLATION

**Zh.P. Kasymova** – senior teacher KazNU al-Farabi

#### Summary

The article on poetry, poetic translation problem, its specificity is analyzed. Literary translation is a creative art. When the art, it is a word, literature, journalism, science an integral sphere. Translation lasted a lot of people to understand the long-language congregation of other people in the history of the tool palette to create a relationship with them. Translation - always people, tribes, peoples, nations between social, economic, cultural, scientific tool to convert relations, cross-cultural, friendship, cooperation, exchange of experience teaching tool. And the translation is a creative art. Translator - its people, its environment, he lived a life time son. That is, it is the ability to know two languages, and writer, and poet, and scientist should be. Translation quality of his talent, in education, in general, depending on the degree of cultural and experience.

**Key words:** poetry, literary translation, art, literature, art, poetics, interpreter, they work.